

ЕКІ ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТІ





ЕКІ ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТИ

(ой-толғамдар, естеліктер)

“Ақарман“ баспа үйі
Астана - 2007

**Кітапты құрастырып, баспаға дайындаған
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Қайырбай
ТӘРЕФОЖА.**

Бұл кітап тектінің ұрпагы, белгілі ұстаз Мираш Мұсіповтің өмірде қалдырган жан жылтуы, ізгілік іздері туралы. Шын жүрекten шыққан сүйіспеншілік, сағыныш сөздері бірін бірі толықтырып, көзі тірісінде айналасына жақсылық шуағын сеуіп өткен абзал жанның өзіндік тұлғасы мен шоқтығын биіктете түседі. Омбы топырағында кіндік қаны тамып, Көкше өнірінде ат жалын тар-тып мінген айтуды азаматтың туғанына 75 жыл толуына арналып отырған кітаптың тілі жатық, мазмұны тартымды.

АЛҒЫСӨЗ ОРНЫНА

Қолдарыңызға тиіп отырған бұл кітап еліміздің білім беру ісінің үздік қызметкері болған ұлағатты ұстаз, марқұм Мираш Мұсіповтің өнегелі өмір және еңбек жолына арналып отыр. Кеңбайтақ Отанымыздың тұқпір-тұқпірінде өз кәсібіне шын берілген, бала жанын тереннен түсінетін мұндай мәртебелі мамандық иелері көптеп саналғанымен, бар саналы ғұмырын жас ұрпақ тәрбиесіне арнаған осы бір абзат азамат жайлы бірге қызмет істеген замандас әріптестері, алдынан оқыған шәкірттері мен ат жалын тартып мінген ұрпақтары ортаға салған толғамды ой-пікірлер Ұстаз ұлағатын әр қырынан ұлықтай түседі.

Кезінде бүкіл Қекше өніріндегі аз-мұзғана орденді ұстаздардың бірі саналған мұндай жанға осындай естеліктер кітабының арнаулын өз басымыз құптаі түсеміз. Әйткені, ұстаз еңбегі соған тұрса, оны ел есінде қалдырарлық осындай шаралардан тартынып қалудың да еш реті жоқ.

Соның сәті түсіп, бүтін орталарыңызға жол тартқан кітаптан екі ел, екі ауылдың тел перзенті Мираш аға тағдырының әу бастағы қурделілігі де байқалмай қоймайды. Сондықтан, әкесі Хамзахметтің 1937-інің ойранында жазықсыз опат болуы, өмір соқпағы баланы анасы мен бауырларынан айырып, Омбы жерінен Қызылтуға нағашы жұртына алғып кетуі, кейін бакытына қарай, онда Социалистік Еңбек Ері Қажым Мұсіповтей тұлғаның тәрбиесін көруі бізді кітаптың мазмұнын біраз кенейтіп, осы жайларды да жете қамти түсуге міндеттеді.

Соған орай, қолымызға тиіген естеліктер мен өзіміз ел, жер тура-лы қалам тербелеген дуниелер арқылы ұлағатты ұстаздың шыққан, омір сүріп, еңбек еткен орталарын, ондағы белгілі азаматтарды да әнгіме арқауы етуге тырысқан бұл кітап үш бөлімнен тұрады.

«Тағзым» деп аталатын бірінші бөлімде Мираш Мұсіповтің өз болмыс-бітімі, кескін-келбетін ашатын дүниелер топтастырылса, «Ұялы ұлағаты» атты екінші бөлім, аты да айтып тұрғаныңдай, негізінен, осы бір асылдың тұяғы өз өмірін өткізіп, еңбек өрнегін қалдырыған Ұялы ауылшының қадір-қасиеті туралы сыр шертеді. Ал, «Омбы жері, Жанан елі» деген атауға ие болған үшінші бөлім тұтастай ардақты азаматтың әуелгі шыққан тегіне арналып отыр. Олай болса, осы арада Омбы өніріндегі өзіміз көп біле бермейтін іргелі қазақ ауылдарының бірі жайында кеңінен сөз қозғалған осы үшінші бөлімнің оқырман қауым үшін біраз тарихи құндылығы барын да айта кетсек дейміз.

Жалпы, кітап білім саласындағы нақты бір адамға арналды дегенімізben, алдымызға тек осыны ғана мұрат етіп қоймадық. Естеліктер мен жазбаларда мүмкіндігінше сол кезең мен бүгінгі күннің тыныс-тіршілігі, ел жағдайы, шоқтығы биік өзге азаматтар да қамтыла түсті. Рас, уақыттың тығыздығынан тез арада дайындауға тұра келген кітапта әуелде ойымызда болған барлық жайлардың бірдей көрініс таба бермеуі де мүмкін.

Дегенмен, кітап осы қүйінде де оқырман көңілінен біршама шығып, «елім» деп өткен ағалар аруағы риза болса, алдымызға қойған мақсатымыздың орындалғаны деп білеріміз анық.

Бірінші бөлім

ТАҒЗЫМ



МИРАШ АҒА ТУРАЛЫ ОЙ

Аға, сізді көрген жоқпын өмірде,
Нұр құясыз сонда дағы көңілге.
Әкелердің актап асыл үмітін,
Қайраттардың ас беруі тегін бе?!

Көрмек түгіл, білген жоқпын мен сізді,
Елдің сөзі, елдің өзі білгізді.
«Мираш аға кім?» дед едім, талайдан,
Ақ ниеттер актарылды ең ізгі.

Солар сізді мактап жатты, әз аға,
Солар сізді жақтап жатты, әз аға.
Не жетеді мына қысқа тірлікте,
Осылай бір халқың берген бағага!

Ұстаз деген ардақ тұтып зор атты,
Бір шұғыла сізден аға, тарапты.
Алдыңыздан жүздел өтсе шәкіртін,
Оны да кім есепке алып, санапты?!

Қатар ұстап кісілік пен білікті,
Жақсы ісің ерте ауызға ілікті.
Омырауға орден таққан мұғалім,
Қала бердің бір жан болып сүйікті!

Ұстаз жайлы таусылмайды сыр әлі,
Шерте берсөң жүз өлеңге ол сыйды.
Тұған елдің биқтеткен тұғырын,
Ұмытпайды аға сізді, ұрпақтар,
Ұмытпайды аға сізді, Ұялы!!!

ТУСІНІСП ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ЖЫЛДАР

Алпыстың бесеуіне келіп сөнген бір саналы ғұмыр! Мұны ұзақ деп айтпайсың. Өйткені, бұл жасқа келген адамды ешкім де қазір көп жасады дей алmas еді. Мираш қайтыс болғанда да оның қазасына жиналған ағайын-туыс, құдандалы-жеюқат, тамыр-тансыс, көрші-қолаң, жалпы, қалың көпшіліктің аузынан «алпыс бес ер адамға жас па, ерте кетті-ау» деген өкініштер естіліп қалып жатты.

Иә, кім-кім де сөз басы, тілек басын осы күні деннің саулығынан, ұзак ғұмырдан бастайды ғой. Ал, оның бәрі калай болары, жұмыр басты пеңденің өмір соклағы, жасының ұзактығы қайтіп қалыптасары бір Алланың ғана қолында. Бүтінгі осы естелігіме себеп болып отырған құдай қосқан қосағым Мирашым да бұл жарық дүниеден өзінін бар татар дәмін түтесіп, сызық келген күні аттанып кете барды. Қимас адамыннан айрылу онай ма. Жыладық, қайғырдық, қапаландық та. Бірақ, тағдырдың жазуы солай болса, не шара?!

Содан бері Мираш екеуміздің бірге өткен өмір жолымыз туралы неше ойға берілмеді дейсіз. Жайшылықта жанында өзінді жарты сезден түсінетін серігің, арқа сүйейтін тірегің барда, анаған-мынаған да көп мән беріп, жай-жапсарына жете үніле қоймайды екенсің. Ал, қазір... Мирашпен өткен күндер өмірімнің ең бір бақытты шақтары, ең бір бақытты кезеңі ретінде жан-жүрегімді баурай түскенде, ұбак-шұбақ ойдан арыла алмай, түпсіз тұнғиыққа беріліп кететінім бар. Екеуміз Алла тағаланың жазуымен 41 жыл ерлі-зайыпты болып, жұбымыз жазылмай бірге тұрып, бірге журіппіз. Осы уақыт ішінде бірде бар, бірде жоқ заманың алға тосқан қыншылықтары, өзіміз

омірге әкелген үрпақ тәрбиесі мен үрпақ қамы, біреуден ілтері, біреуден кейін дегендей, үй-күй болудың ұмтылышы, адал енбек етіп, елмен, ағайын-туыспен бірге жасасып, бірге журудің жөн-жобасы, бәрі өмірдің сынағындай біздің де жолымызда кезек-кезегімен жатты ғой. Шүкір, сол сындардан сүрінбей өтіп, хал-қадерімізше ақар-шақар бір шаңыраққа айналдық, әр нәрсениң қадірін білген соң ба, қайда тұрып, қайда бармайық, сый-құрметсіз, абырай-беделсіз болған жоқпыш. Осының барлығы ең алдымен, пайым-түйсігі мол, ашың қойған мақсаты, мұраты да асқақ, бар саналы ғұмырын тек жақсылыққа, ізгілікке сарп еткен бай мінездің адамы Мирашымның арқасы еди.

Мұны «еркек – бас, әйел – мойын» демекші, бұрын да өзім биғасына жетуге тырыссам, қазір де жиі қаперіме алдың қоямын. Жұрт әдетте «бақыт» деп жатады. Бәлкім, шын бақыттың өзі маңдайына сені сүйіспеншілік сезімімен сыйлап, түсінісп отыратын бір адамның тұрақты бұйыруы шыгар. Бұл өзі мен ашқан жаңалық емес қой. Өз өміріне риза көвшілігінің-ақ бақытты осылай сезінетіні айқын. Демек, солай болса, ол қатарда мендей қарапайым қазақ әйелінің де бары шындық. Өйткені, Мираш екеуміздің бір-бірімізге сүйеу болып, тату-тәтті бірге өткізген осы жылдарымыз өз ойымша, сондай бір шын бақытқа татиды.

Жер басып жүрген әрбір тірі пенденің өмірінде үқсас жайлар да молынан кездесіп жатады. Мәселен, тағдыр-талайы әу бастап пешенесіне жазбай қоймаған ана жағдай, мына жағдай. Өмір жолдарында ұшырасатын бұдан басқа да бұлтарыс-бұраландар. Таң осы секілді, Мираш екеуміздің де сонау кішкентай кезімізден бастап тәлім-тәрбиеміздің бір арнада өрбүі, яғни, екеуміз бірдей туған нағашыларымыздың колында өсуіміз тіпті, таңқаларлық. Мен үшін бұл әрине, алдымен, мәжбүрлік еди. Аナン қайтыс болғаннан кейін амалсыздың күнінен болатын. Ал, Мирашты сол нағашылары өздерінше бала қылып, қалап алған. Шіркіл, туыстыққа келгенде нағашының орны бөлек қой. Одан асқан саған жанашыр, тілеуқор жан бар ма. Ер жігіттің де үш жұртының бірі нағашы жұрты деп тегін айтты дейсіз бе. Сондыктан да, Мираш екеуміздің нағашыларымыздан көрген жақсылығымыз – ол скі дүниеде де ұмытылмайтын жақсылық.

Жалпы, қосағым, балаларымның әкесі туралы жазылып отырган осы естеліктер кітабын өз басым жақсы адам, оның өмірі мен еңбек

жолы, өнегелі ісі жайында ең алдымен, кейінгілерге сез қалдыру деп үғамын. Жүрек түкпірінен сараланып, қағазға басылған ол сез ешқашан өшпейді, ертең ұрпақтарға жетеді. Ал, өмір болса, бір орында тұрар емес. Ай артынан ай, жыл артынан жыл женкіліп, көшіп жатыр. Кешегі өзіміз өшпестей көрген бір ғасыр да аяқталып, келесісі басталған. Басталмақ түгілі, алты жылын да артқа тастанап үлгердік. Осы бір тоқтаусыз уақыт көшімен бірге, қаншама өмірлер де өшіп, қаншама оқиғалар да көмескіленіп барады. Кешеғана осы пәнні тіршіліктің уақытша қонағы болған ет жақындарымыз қайда?! Мына зулаган күн ендігі аяулы есімдерін де естіртпей, аяусыз жұтып қойған. Сондықтан, осы арада маган бір ой келіп отыр.

Мираш екеуміздің отбасылық өміріміз туралы естелігімді нede болса, әу басынан, туып-әнген топырағымыз, шыққан ортамыздан бастайын. Ертең біреу-міреу білгісі келсе, ол да керек болар. Ұлқызы, немере, жиендер де біз жайында осылай да осылай екен деп айтып отырса, артында қалдырган дерегін, жазып кеткен хатын емес пе. Кейде басқа бір сездердің артықтығы болғанымен, ұрпак, тарих үшін мұның артықтығы бола қоймас.

Сонымен, менің өзімнің шыр етіп дүниеге келген жерім Кіші Қараой, қазіргі Ақжар ауданы екен. Бұл – 1938 жылдың 15 ақпаны, қыстын аяғы болса керек. Осы күнгі аудан орталығы Талшықтың орнында Құмкөл деген ауыл болды. Біздің үйіміз сонда сайдың шетіне таман тұрды. Экем Әшім Мұстафин әуелде өзіне жар етіп, менің анамның апасы Құлсараны алған. Ол кісіден туған Қабеп деген ағамыз Қызылтуда бір жыл оқып, одан Петропавлдан оку бітіріп келгенде, Ұлы Отан соғысы басталады. Бұл кезде анасынан бір жасында айрылған, нағашысы Шәмра Уәйісовтің қолында тұратын жас жігіт өзі сұранып майданға аттанады. Енді экеміз бір осы бауырым туралы сезімді біржола аяқтай кетсем, «соғыста қаза тапты» деп екі рет қара қағаз келеді. Ондай жаманат хабар күр текке есік қаға ма?!

Сол қара қағаздың бірі болмаса да бірі ақыры, расқа айналып, аристай азamat қан майданнан оралмады.

Ал, бұл екі аралықтағы жағдай былай. Апасы Құлсара қайтыс болғаннан кейін ағайын-туыстың ұлкендері менің анам Назымды жездесі Әшімге қосады. Ол кезде анам небары 13 жаста, ойнап жүрген жерінен арбага мінгізіп алып кетеді. Сейтіп, кәмелетке

толғанша сол құдалар жағында жүре тұрады да, он жеті-он сегізге келгенде екеуі тұтін тұтетіп, үй болады. Содан анам жыл сайын құрсақ көтергенімен, сол 14 баладан тірі қалғанымыз інім Амангелді екеуміз ғана. Қалғанының бәрі кішкентайынан өзі берген құдай өзі алып, ерте шетіней беріпті. Бауыр еті – балаларының тұрмауынан эбден запы болып қалған қайран, анамыз осылай бестегі мені мен үштегі ініме де шүкіршілік етіп жүргенде, күндердің күні небары 35 жаста ойда-жоқта өзі қайтыс болып кетеді. Бұрынғының адамдары әрнені тез аңғарғыш, ықылас-пейілі кең еді гой, шіркін. Елдің үлкендер жағы «шайы еттен артық болатын» деп шаруаға ұсынықтылығын, ас-суга бап екендігін ауыздағынан тастамай айтып отыратын. Біздің Мираш екеуміздің де босагамызды көріп жүргендері «анаң Назымға тартқан екенсін» десе, кәдімгідей көңілім көтеріліп қалатын. Соңдай ананың да құшагынан қatal тағдыр ерте айырган соң, не істейсін.

Енді аздал әкем Әшімге тоқталсам, бұл жарық дүниеде ол да соңашалықты көп емес, 63 жыл ғана ғұмыр кешті. Өзіне жетерлік лаулеті бар, ешкімге зияны жок, біртоға кісі еді. Мәшрап, Рахметтolla атты екі інісі мен Жұпіш есімді апасы болды. Өздері бұл омірдес ертерек өтіп кеткендерімен, шүкір, осы күні сондарында үрпактары еттеп өсіп-жетіліп, тамырын жайып жатыр. Сонымен, анамыз қайтты, ол кезде әлі шиеттей екі бала, біз болсақ, жер ортасына келіп қалған әкемізге оңай сога қоймаған болуымыз керек. Оның үстінсә жогарыда сөзімнің басында айта кеткен шешемнің ағасы Шәмра нағашымда өз кіндігінен бала жоқ еді. Осы жағы да сабен болды ма, әрі бар ауыртпалықты әкейге сала бермей, бірге көтерісейік деді ме, әйтеуір, ол кісі нағашы апамыз Үміт екеуі жәзделерінің алдынан өтіп, бізді өз қолдарына алды.

Содан бастап жетімдіктің не екенин білген емеспіз. Обалы нешік, әкеміздің өзі де он төрт баладан әзер тұрақтаған екеумізге жаны қалмай, қанаттыға қактырғысы, тұмсықтыға шоқтырғысы жоқ-ты. Һірақ, нағашымның тәрбиесі, бұл үйдегі алансыз күндеріміздің орны бір бөлек еді. Тіпті, тұған баласындағы болып кеткеніміз сондай, ешкім бізді басқаның үл-қызы-ау, демейтін. Әсіресе, ертең бір үйдің отын жағар қызы бала екенімді ескеріп, шаруаның бар қыр-сырына жалықпай үйрете берген нағашы апамды айтсайшы. Айналайын, екінші анам, сол үшін де аруағына мың да бір бас ишем. Нағашым елде өмір бойы агроном болып өтті. Сонына ерген

Амангелдіні өз ұлындай көріп, тек қана жақсылыққа, адалдыққа баулыды. Өз әкеміз бен анамыздан алуға жазбаған бар тәлім-тәрбиені сөйтіп, осы асыл жандардан алдық. Соның бәрін өзіміз де қаптысыз түсініп, «әке-шеше» деп кеттік. Сол кездің өзінде-ак жас балаға осынша күш-куат қайдан келеді екен?! Әлде осы бір қымбат жандардың көңілінен, ойынан шыққың келіп тұратын ішкі бір түйсіктің күдіреті ме. Эйтеуір, 4-5 сиыр, 2 биенің бәрін елең қылмай, бір өзім сауып жүре беремін. Мектепте де сегізінші сыныпқа дейін окууды жақсы оқыдым. Тек кішкентай кезімдері қызылшашың зардабынан екі көзіме бір кінарат жабысып, әрі қарай оқып кете алмадым.

Сөйтіп жүргенде... Иә, сөйтіп жүргенде бой жете келе менің бағыма Алла тағала Мираштай жігітті жолықтырды. Екеуміздің алғаш бір-бірімізben танысып-табысуымыздың да өз себебі, өз тарихы бар. Жоғарыда айтқанымдай, әкем агроном. Жұмыс бабымен анда-мында бас сұқпай, жолы түспей тұрмайды. Бір күні үйге:

— Қызылтуда районың бастығы Қажым Мұсіповпен таныстым. Өзі бір орныкты, жақсы адам екен, — деп келді. Райзо дегеніміз ол тұста аудандық дайындау бөлімі. Содан екеуі жақындастып, Қажым ага Ұялыға келе қалса, біздің үйді аттап кетпейтін. Ол кезде қазіргідей тақа «сүйдім-күйдім» деген жоқ, көбіне бұл жағын улкендер өздері шешеді. Не керек, содан осы кісілердің де көніл жаразтығы шығар, мұның соны ол үй мен біздің үйден Мираш екеуміздің де өзара таныстығымызға ұласып, бір-бірімізben хат жазысып, хат алыса бастадық. Неге десеніз, бұл кезде Мираш Алматыда С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде оқитын. Алдында үйге бірер рет келіп-кеткені бар, өз байқауымща, жаман жігіт емес сияқты. Осы бір сезім акыры, екеумізге уәде байластырып, 1956 жылы қыркүйектің 5-і күні сол Қажым атамның шаңырағына оң аяғыммен келін болып түстім.

Құдайдың дес берісі, Қажым атамыз да ол кезде Қызылтудағы қызметінен өзіміздің Ұялыға ауысып, колхоз басқармасының төрағасы болып тұрған тұс. Тың және тыңайған жерлерді игеру жаппай еріс алып, ел көктемде еккен егіннің ырыздығын тосулы. «Келін түсті» деп үй іші, көрші-қолан мәз-майрам. Басыма үлкен кісілер орамал салып, бетімнен шөп-шөп сүйіп жатыр. Сонымен, бір қойдың етімен тойымыз да етіп, ертеңінде күздің ерте басталған қалың жаңбыры құйып кетті. Не керек, осы жауын-шашыннан жи-

нап алуты оңай соқпаганымен, сол мен келін болып түскен 1956 жылы Ұялыда астық өте-мөте бітік шығып, шаруашылық үш жылдың жоспарын орындағы. Қайны атам үй қарасын көрмейді, күні-түні далада. Қанша техника мен адам күші үлгере алмай, бидайды жал-жал қылып аныздың ортасына дейін үйіп жатқан бір қарбалас. Қазақ мұндайда «келиңнің аяғынан» дейді ғой. Сол жылы тап осылай болғанына өзімді әлі күнге дейін бақытты саңайтыным бар кейде. Атам да кейін «бұл Қайыркешімнің қадамы құтты болды» дегенді жүрт көзінше жиі ауызга алып, келіні маған шаң жуытпай отыратын.

Оның да тағы бір үлкен себебі бар. Құзгі жиын-терін ойдағыдай аяқталып, Отанға Ұялы бір миллион пүттан астам астық беріп, ұмытпасам, сол жылы қыста Қажым атам Қорлан анамды жаңына бірге алып, Алматыдан Социалистік Еңбек Ерінің Алтын Жұлдызын тақты да келді. Ел іші осы қуаныштан у-шу. Тұғантуыс, тамыр-таныс, үйіміз кісіден бір босамауға айналған. Осы күні ойлап кетсем, ол да бір менің бақыттыма бұйырған қайталанбас күндер екен-ау.

Әрине, Қажым Мұсіповтей ел ардағы, үлкен тұлғаның келіні болу, ол кісінің бойындағы еңбексүйгіштік, адамгершілік, кіші-пейілділік сияқты жақсы қасиеттерге қарал, ойың мен бойынды түзеудің жауапкершілігі өз алдына бір бөлек әңгіме. Алла күш-куат, түйсік беріп, кезінде оның бәрінен сүрінбей өткен сияқтымыз. Жалпы, ол кісі терісі кең, «мен сондай екенмін» деп асып-таспайтын, ақыл сөздерін қазакы әңгімеге құрап отыратын сондай бір ерекшे жан еді. Көптеген басшы қызметтерде істеді. Ту-ту қияндағы «Чапаев» кеңшарында да директор болып, шаруашылықты көтерді. Ол кездегілердің бір қасиеті мейлі бастық, мейлі жай адам бол, бала дегендеге іштарлық танытпайтын. Осы қайын атам мен қайын енем де 9 бірдей ұл-қыз тәрбиелеп, өсірді. Кейін рас, олардың екеуі үі жастай қайтыс болып кетті. Қыздары Фалияш қазір Қекшетауда тұрады, қалған балалары да бірі қалада, бірі ел жақта. Шешеміз де оқыған-тоқыған, өмір бойы мұғалім болған жан. Қонақжай, үйге біреу-міреу келсе ашық қабакпен қарсы алып, келіндерін баппен жұмсал отыратын.

Шіркін, берген өмір сабагы ұшан-теніз, даралығы да, дархандығы да бір бөлек осы кісілер де күндердің күні бұл дүниеден өте барды-ау. Қажым атам, Шэмра нағашым, Әшім әкем, бәрінің де бейіттері

казір Қызылтуда. Зиратқа бастарына құран оқуға бара қалғанда, еспеген тұқым Шәмра нағашым үшін де налимын. Нұрлан деген інісі ол соғыста кетті. Бұғін сол Қызылту, Талшықтың өзінде біреу біліп, біреу білмейтін асылдар-ай, десейші. Өзіме әке орнына әке болған сол Шәмра Уәйісов бүкіл тәнірекке белгілі иті жақсылардың санатынан еді. Кезінде заманның қаталдығынан бір уыс бидай үшін сотталып кеткендерге де қанша көмегі тиіді. Ақ қөніл, адал, әділдік үшін жаңын беруге бар, қолы ашық, үйге келген адамын төрге оздырып бейек. Міне, нағашым содан бері қанша жылдар өтсе де, менің есімде мәнгі-бақи осы қалпында қалып қойыпты. Өмір бойы агроном болып, жер ырыздығын төрғен, жермен бірге күй кешкен жандардың бірі болатын. Соңынан қанша ізбасарлары ерді. Тіпті, кейін Қызылтуда шаруашылық директоры, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Г.А.Пивоваровтың өзі институттан соң агрономдық жұмысын жаңа бастап жүрген кезінде егіншіліктің біраз қыр-сырын үйге дейін келіп жүріп, менің нағашымнан үйренгені әлі есімде.

Осы арада, өзім көп тәлім-тәрбиесін алған осы үйдегі нағашы апам Үміт Елмаганқызының да көзім көріп, қөніліме түйген кей қасиеттерін тағы бір таратып айта кетсем деймін. Соның бірі – тазалығы, айналасына кіршік қондырмай отыратын қылалтығы еді. Сұрапыл соғыс жылдары елде еркек орнына еркек болып, үнемі ауыр жұмыстарда жүріп, пима басып, қолдан милицияның кіміне шейін тіккен анамыздың осы бір іскерлігі мен ісмерлігін бүкіл Қызылту билетін. Біз де ізгі өнегесін шама келгенше бойымызға біраз сіңіріп қалуға тырыстық. Кейін, одан жақсылық көрмесек, жамандық көре қоймаганымыз тағы аян.

Откен-кеткениң мен өзіңе қымбат жандарды еске алу деген сол, кейде бірді айтып бірге кетесің. Бірақ, онсыз тағы болмайды. Сені заманның ауыртпалықтарына бермей, қас-қабағынды бағып, адам қылған асылдардың тұр-тұлғасы, сейлеген сөзі, мінез-құлқы, кейбір қызықтары көз алдыңа келеді де тұрады. Бірін жазсаң, бірі қалып қоятындей. Осыны мен де дәл қазір өз басымнан кешіп отырған жайым бар. Осы арада манадан бері Мираш екеуміздің де нағашы жұрттымызда өскенімізді айтып, жатқан жерлері жайлы болғыр, сол кісілер туралы қайта-қайта кеңірек тоқталып жатқанымның өзі, нақты өз әке-шешелерімізben бірге, осы қамқоршыларымыздың алдында да перzenttіk парызымыздың

бір үшігын өтейін деген ниетімнен шығар, бәлкім. «Тас түскен жеріне ауыр» демей ме атам қазақ. Соған қарағанда, біздің біраз ауыртпалығымызды осы кісілер қайыспай көтерді ғой.

Бұл сөз рас, ойлай келгенде біздің Мирашқа тақа жүрмейтіндей. Өйткені, ол нағашыларына мен сиякты басына күн туып барған емес. Оның бәрі былай болған. Жалпы, Қажым атамның туған жері – аудан орталығы Қызылтудың нақ өзі. Бұл кісілер төрт ағайынды, яғни, уш ұл, бір қыз. Үлкені Мираштың анасы Нәзиқа да, одан кейін Ешкен, Қажымұрат, сосын біздің атамыз Қажым. Қазакта туыстың жолы бөлек емес пе. Содан ел басына күн туып, осы уш нағашысы бірдей соғысқа кеткенде аналары Бәтима Омбының Шарбаққөл ауданында тұратын қызы Нәзиқадан кенжесі Мирашты қолғанат болсын деп қалап алады. Бүгінде халқымызда жиңі кездесетіндей, сол күннен бастап Мираш осы үйдің баласы болып кете барған.

Бұл екі ортада уақыт зымырап өте берді. Мираш сол бетпен нағашыларының қолында, ал анасы, ағалары болса, сол Жанан ауылында. Қазір орыс жері демесең, бұл да кәдімгі өз еліміздегідей, заты қазақ, киелі ауылдардың бірі. Жүрт бұрыннан қалған ата-үймен Ескі Жанан ауылы дейді. Осы Жанан мектебіне де тұра бір гасыр толды. Кезінде оны осы елдегі өзіміздің көкірек көзі ашық Ұбырай атамыз салдырган еken. Мираштың әкесі Хамзахмет, оның әкесі осы Ұбырай, ал, арғы атасы ел ішінде аты шыққан Жанан би. Ауылдың әлі күнге сол кісінің атымен атальп келе жатқаны сол себептен. Мектеп ашса осал адам болмағаны ғой. Ұрпақтарының сауатты, білімді болуын қалаған атасының ізін кейін құдай ондап, біздің үйдегі отағасы жалғастырады. Міне, ойласаның жайшылықта біз анғара бермейтін ұрпақтар сабактастығы дегенің өзі қайда жатыр! Әрине, жақын туысы бауырына салған баланың жағдайы әдетте, белгілі. Өз ата-анасына иліклей, көбіне сол жақтың ыклалымен кетеді. Нағашыларының қолына барғанда жас та емес, 10-11-лерге келіп қалған Мираш та бұл жағынан ол кісілерге адал болғанына жұбайлық өмірімде талай көзім жетті. Дегенмен, ақыл-парасаты, сүбесіне құйған өз ой-өресінің арқасында екі жақты да тен үстай біліп, өз ойымша, ет жақын ағайын-туыстың ешқайсының да әлденеден көңілін қалдырган кезі болған жок.

Жалпы, әкесі, анасы жағынан болсын, бұл әулеттің бойына біткен бір қасиет – жөн білер, қалың көпті соңына ертер тектілік пен

еңбеккорлық десем, еш қателеспесін. Мираштың өз туған әкесі Хамзахмет елде Кенес өкіметін құруға белсene араласқан. Қолы қызыметке жетіп, ат үстінде жүрсе де, көпке зияны тимепті. Ол кісіні мен өзім әрине, көрген жокпын. 1937 жылы жалған жала-мен «халық жауы» деп ұстап әкетіп, сол бетпен оралмаса, қалай көрмекпін?! Бақталастықтың, асыра сілтеушіліктің құрбаны болған қайын атам жайлы біздерге тек Мираштың өз туған анасы, қайын енем Назиқа апамыз ғана айтып отыратын. Бұл кісі де құдай қосқан қосағының отын өшірмеймін деп қайтіп түрмиска шықпаған жүзі жылы, қолы ашық, елге қадірлі жандардың бірі еді. Өтіп бара жатқан уақыт-ай. 73 жасында көз жұмып, «оған да осы күні міне, отыз жыл болыпты» деп басымызды шайқап қоямыз.

Иә, адамды адам қылатын күш-кайрат, көкірек көзіндегі жарық сәулө. Хамзахмет атам мен Қажым атамының аруақтары да осы күні сондарында қалған өз ұлдары мен немере-жиендерінің ет тірлігі, іс-қарекетіне риза болмаса, іренжімес. Балалардың үлкені Есләм ағатайым еңбек десе ерінбей, 14 жасынан тракторда істеді. Үш ұлдың органишысы Сапар қайын аға әкесіндегі бойындағы ұйымдастырушылық қабілетімен белімше басқарушылығына дейін кетеріліп, туған ауылы Ескі Жананның көркеюіне біраз үлесін қости. Ал, кенжелері Мираш болса, ұстаздық жолды таңдап, өмір бойы бала оқытудан жалықкан емес. Әттен, әрі тартпаса, бері тартпайтын уақыт өз дегенін істеп, бүтінде үшеуі де о дүниелік. Бірақ, сондарында балалар есіп, өркен жайған үрпақ барда, бұған да шүкіршілік деу керек. Көздері кеткенімен, өмірлері, үлгі-өнегелері, жақсы істері өшпей сол үрпактарымен жалғасып келеді, жалғаса да бермек.

Енді тікелей Мираш екеуміздің отбасылық өмірімізге келсек, сонау өзім Қажым атамыздың шаңырағына келін болып түскен 1956 жылдың күзінен бастап балалар әкесі, мен жарымнан айырылған 1997 жылдың желтоқсанына дейін жоғарыда айтқанымдай, тұлтұра 41 жыл бірге тату-тэтті, бақытты өмір сүріппіз. Қай үйде болсын, окта-текте шыны-аяқ сыйдырламай қоймаса да, әрқашан бір-бірімізben түсінісіп, бір-біріміздің көнілімізді тауып, сыйласып, құдай өзі берген ырыздықпен мағыналы ғұмыр кешкеніміз бір Аллаға аян. Алғаш екеуміз қосылып, отау құрғанымызда мен 18-ден 19-ға жаңа шыққан жап-жас кыз да, ол жиырма бестегі жас жігіт. Университетте оқытынын жоғарыда айттым.

Осылай басталған біздің жұбайлық өміріміз ел қатарлы өрбіп жатты. 1957 жылы жарық дүниеге тұнғышымыз Манарабек келді. Бірақ, ол өкінішке орай, бір жастан асып, аятын алып-тұптыл басуға айналғанда шетінеп кетті. Алла тағала кейін есесін беріп, өмірге үлкен қызымыз Розаны әкелді. Осыдан кейін қалған балалар да бірінен соң бірі дүние есігін аша берді. Осылай үйімізде бала саны көбейгеніне Мираш екеуміз куанбасақ, іренжімедік. Өйткені, Мираштың өзі табиғатынан балажан еді. Солар деп елпілдеп тұратын. «Бар бақытым осы құлындарым» деп біліп, біреуі үйде беймезгіл болмай қалса, тағат таптай, аландарап іздел отыратын. Сөйтеп тұра, оларды енбексүйгіштікке, үлкенді құрметтеуге, адалдыққа баулуда да әкелік парызын жете орындаған жан. Бұл жағынан қоятын талабын қойып, өзін сыйлата да, тыңдата да білетін. Еншалла, қазір осы ұл-қыздарымыздың біреуге жаманатты атанбай, өмірдің түзу жолымен келе жатқаны да сол отағасының ұстаз ретінде алдымен тәрбиені өз балаларынан бастауының жемісі ме деймін. Ойын балалары ғой, жас кездерінде шектен шығып бара жатса да, ақылын ұрысып-жекімей, жұмсартып айттын бір өзіне тән мінезі болушы еді. Тек бергін ауырып жүрген сырқатының әсерімен ғана кейде ашуға басып, бәрін бір «жинап» алатын.

Тағы бір қасиеті, жүрегі мейірбандылыққа толы болған соң ба, осы құлынтайларын айналып-толғанып, оларға, керек десеніз, тіпті, менін өзіме де бір-бір ат қоюға шебер-ақ еді. Мәселен, өзі жақсы көретін ең кенже қызы Гулжанатын «Ақ қозым» деп еркелетсе, мені де керек бола қалсам, мектепте «пәтшагарым, қайдасың?» деп әзілмен іздел жүретін. Даладан келсе де, алдымен сұрайтыны мен. Осыны білетін балалар да кейде әкесімен ойнап, мені ол келерде үй ішіне тығып қойып, «мамамыз жоқ» деп жатушы еді.

Мираш кеткелі осындай қызық сәттер де көзден бұл-бұл үшты. Екеуміз де осы он баланы жеткізу үшін ештеңеден аянып қалмадық. Өзі мектепте негізгі сабағына қоса, басқа да жұмыстардан бас тартпаса, мен де қасында жүріп, еден жуушы, от жағушы, тіпті, кейінгі кезде балабақшада бала күтүші болудан да арланбадым. Сөйтіп, зейнет демалысына 32 жыл жұмыс істеп барып бір-ақ шықтым. Осы жылдар айналыптың ішінде бала-бала деп жүріп, өз денсаулығымызды да ойламаппыз. Екеуміз бар болғаны бір-ақ рет, сонау сексенінші жылдары кеңес өкіметінің тұсында Бурабайдагы «Зеленый Бор» шипажайында дем алғанымыз бар. «Қандай жақсы!» деп көңіліміз

көтеріліп келгенімен, сол күнделікті күйбенмен қайта ол жаққа дәм жазбапты.

Бірақ, соның өзінде тек осы балалардың камын ойлаган, басқаға қызықтаган біздей қаралайым жандар үшін сол құлындарымызды аман-есен өсіріп-өндіріп, адам қылудан аскан бақыт жоқ еді. Солай демекші, Мираптың өзі көзі тірісінде алты ұл-қызының, атап айтқанда, тұнғышы Розасының, ұлдың алды Қайратының, одан кейінгі Қанат, Магжан, Гүлмира, Даулеттінің отау тігіп, үй болған қызықтарын көріп кетті, немере-жиендер сүйіп, құда-жекжатымен де туыстай араласты. Ендеше, сүм ажал біреуге ерте, біреуге кеш келіп жатқан мына жарық дүниеде осыған да шүкіршілік етуге болатындей. Одан кейін басқа балалар да үйлі-күйлі болып, өрісіміз кеңеңе түсті, бірақ, ол қызықтарды Мирапен бірге көру бақыты бізге бұйырмалты.

КСРО Жогарғы Кеңесі Президиумының 1986 жылғы 20 тамыздағы Жарлығымен Мирап жас үрпаққа білім мен тәрбие берудегі кол жеткізген жогары жетістіктері үшін «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталып, адал енбекпен аты шықса, өзім 10 бала туып, тәрбиелегенім үшін осында Жарлықпен 1982 жылы «Батыр - Ана» атағына ие болдым. Осы енбегім кейін өз елімізде де бағаланып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 наурыздағы Жарлығымен «Алтын Алқа» алқасы да берілді. Мұның бәрі әрине, біздей көп балалы аналарға мемлекет тара-пынан көрсетілген үлкен құрмет. Тек кейде осының бұдан да мол қайтарымы болып, анага, әсіресе, біздей көп баласы бар аналарға қамқорлық күштейтілсе деп ойлайсың.

Иә, өткен уақыт, зымырап аққан жылдар... Ол қуанышын да, қайғысын да қатар ұсынып жатыр. Осыдан турған жылдай бұрын Мирапшынан айрылсам, биыл қектемде жетімдік көрсек те, жетіліп кеткен жалғыз бауырым Амангелдім де о дүниелік болып кете барды. 14 күрсақтан аман қалған екеуміз Алла жар болып, Шәмра нағашымыздың қолынан қанат қағып едік. Мирап та осы балдызын өз бауырындей жақсы көріп, қатты сыйлаушы еді. Сөйткен жалғызым да көзден ғайып болып, көніл қаяу қазір.

Өмір де сонысымен өмір ғой. Өткен күнге бүтіннің бійгінен қараганда, Құдай қосқан қосағым Мирапен қас пен көздің арасында ете шыққандай болған осы ғұмырыма ризамын. Сол бір ардақты Қажым атам мен Қорлан енем, Есләм, Сапарғали қайын

агамдар бастаған Мұсіповтер мен Ыбыраевтар әuletіне келін болып түсіп, көп нәрсені үйренген тағылымды жылдар әрдайым да есімде. Қашан көз жұмғанша оның бәрі ұмытылмайды да. Елжүрт, әғайын-туыс пен бала-шаға аман болсын деген ақ тілекпен осы жан сырымды тәмамдай отырып, өзіме деген барлық жан жылулары үшін сол көз көрген асылдар мен аяулы Мирашымның аруағының алдында басымды иемін!

*Қайыркеш Мұсінова,
көп балалы Батыр-Ана.*

Көкшетау қаласы.

ҚӨҢІЛІМДЕ СОЛ ҚИМАСТЫҚ

Сонау 1920 жылы туып, тоқсанға таяған мендей кәрі-құрттан адамға осы күні өткеннің бәрін есте ұсташа оңай болмай барады. Бірақ, бұрын болсын, кеше болсын, жақсы жандарды ұмытпайсын. Сананды олардың үлкен әріппен қалып қоятындығы тегі, жан-жүргегінді жаулаған адамшылығынан, көнілінді баураған ададығынан шығар. Мен үшін сондай бір орны бөлек абзал іні деп көзі тірісінде өзінің кіслік үлкен қасиеттері, сыйлы мінезімен бауырымдай болып кеткен Мираш Мұсіповті айттар едім.

Жалпы, менің де кіндік қаным тамып, туып-өсken жерім осы Мираш сияқты Омбы облысының Шарбаққөл ауданы. Демек, бұл жағынан екеуміз жерлеспіз. Бірақ, дәмнің жазуына орай, онымен 1956 жылы Қазақстанға қоныс аударғаннан кейін ата жүртта танысып, табыстым. Ол кезде мен өзім көшіп келген Қызылту ауданының орталығы Кішкенекқөл ауылында аудандық мәдениет бөлімінде қызмет істейтінмін. Сонда жүргенімде бір күні ойда жокта түбі өзіміздің Ескі Жананнан, алайда, туган нағашысы, Социалистік Еңбек Ері Қажым Мұсіповтің колында тәрбиеленгендіктен, Мұсіпов атанип кеткен Мирашпен кездесе кеткенім. Нағашы апайы Қорланың орнына Ұялы ауылында кітапханаға уақытша жұмысқа тұрып, осы іске кіріспін жатқан беті екен.

Содан жақсы адамның жаттығы біліне ме, жасымыздың әжептәуір алшактығына қарамастан, мен аға, ол іні болып, көрген жерімізде сыйласып жүретін болдық. Осыдан бастап байқағаным, қызметіне

берілген, енбеккор, аюкарқын жігіт еді. Жолдастыққа да сондай адал екені көрініп тұратын. Ішімдікке әуестігі жоқ, өтірік пен өсекті білмейтін, өзі қолынан тәрбие алған Қажым нағашысына болса-болмасын, кір келтірмейтін. Өмірдің бұйырған соқлағында талай кездесіп, сыр алысқан, сейтіп бір-біріміздің көнілімізді жарты сөзден ұғысқан Мираш сияқты жігіттің серкесін өз басым өлімге қимас едім. Амал не, ажал бізден сұрай ма. Табиғаттың заны сол. Дүниеге келген адам ерте-кеш пе, сол дүниеден бір өтуі керек. Өтерін өтесін ғой. Бірақ, артында қандай із, кейінгілер айтып жүрер қандай сез қалдырасын?! Міне, гәп сонда емес пе. Өз басым сыйлас агасы ретінде Мираш туралы жақсы сөзімді тосылмай айта беруте бармын. Өйткені, ол соған лайық жігіт болатын.

Аяулы жары Қайыркеш екеуі қандай тамаша отбасын құрды. Алтын асықтай балаларды өсіріп, жеткізді. Мираш жайында сез қозғағанда, тіл ұшына еріксіз қайын атасы Шәмра мен қайын шешесі Үміттің де орала берері бар. Қездерімен көріп, байыптаған жанға олар да бір керемет адамдар еді.

Өзім таныс-біліс болған осы жылдарда мейлі қайда, қайызметте жүрсін, Мираштың өзіне тән биік адамгершілігі мен ақыл-парасаттылығынан бір ауытқыған кезін байқаған жоқтын. Кейін Ұялы орта мектебінде ұстаздық еткенде де мұғалімдер мен шәкірттер арасында беделі зор болды. Шаруашылықтағы қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып жүрді. Білім беру саласындағы ұзақ жылғы адаптацияның үкімет тараҧынан лайықты бағаланып, омырауына «Құрмет Белгісі» орденін таққанында, басқа шаруашылықта тұрсам да сыйлас агасы ретінде телефонмен қуанып, алғашқылардың бірі болып құттықтадым. Ол да солай, біздің қуанышымызға бүкіл отбасымен тілекtes болып жүретін. Ардақты да аяулы ініммен сол риясіз сыйластық әлі де мениң кеудеме ізгілік нұрын себездеп, жан-дүниемді жақсы бір елестермен жылтытып қояды. Қашан тірі жүргенімше жылыта да береді...

*Хакім АХМЕТОВ,
бұрынғы «Тельман» кеңешарының
партиком хатшысы, согыс ардагері.*

Талшық кенті,
Ақжар ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

ӨРТЕҢНЕҢ ӨНГЕҢ ӨНДІРМІЗ немесе Мираш інімнің кейбір асыл қырлары

Тұп-тегімізден алғанда біз Мираш бәріміз Омбы жерінің тұма-
сымыз. Сондықтан, ол маған жерлес іні болып келеді. Өзім 1928
жылы ел бетін Кеңес өкіметіне бұрып, ұжымдастыру басталған
тұста сол Омбы өнірі Шарбаққөл ауданының бірінші ауылдық
кеңесіне қарасты Дүйсенбай ауылында дүниеге келіппін. Ол ауыл
қазір жоқ, бағыда-ақ жойылып кеткен. 1943 жылы күні бүтінгеге
дейін тұрып келе жатқан осы Ұялыға келдім. Бұл – көпті көрген
қазақтың қасиетті де киелі ауылдарының бірі. Олай дейтінім,
осында талай тағдырлар бастау алыш, талай өмір-толқын тоғысқан.
Кешегі Смағұл Сәдуақасов арысымыз соның ең алдыңғы легінде
тұрса, біз Мираш екеуміз де бір-бір жылжып аққан арнасымыз.

Менің де Мираш інім сияқты бұл ауылга табан тіреу мәнісім
мынау. 1942 жылы әкемнің інісі Шәпен майданға кетіп, үйде сол
ағайдын 8 жасар ұlyмен әжем екеуі ғана қалады. Содан мені сол
кісіге қолғанат болсын, әжемнің көnlін ауласын деп осы ауылға,
осы үйге әкеліп тастайды. Міне, солай Мираш Қызылтуда, мен
Ұялыда ез әжелеріміздің жыртығын жамап, жоғын бүтіндеген ба-
лалармыз. Ол қаншалықты қолымыздан келді, бір құдай білер.
Алайда, тағдырымыздагы осы тосын бетбұрыстың өмірімізге,
ескен ортамызға ез өзгерісін әкеліп, ерте есекеюімізге, он-солымызды
тануымызға көп септігін тигізгені анық. Кейде бір жұмыстан соң
арка-жарқа басымыз қосылып, көңіл сергіп, емен-жарқын отырған
тұстарымызда тасыр тағдырдың он-терісі ойға оралып:

– Екеуміздің өткенімізде ұқастық көп-ау, байқайсың ба? – де-
генімде, жарықтық, сұңғыла көnlімен:

– Иә, из, өзім де Раха, кейде соны ойлап қоямын, – деуші еді
бір түрлі құрсінгендей болып. Қанша жерден атақты Қажым
Мұсіпов ағамыздың қолында өсіп, тақа жоқшылық көре қоймаса
да, сондагы жадау көnlін мен түсінбегендे кім түсінер?!

Екеуміздің де тегіміз Атығай. Соның ішінде Бағыспызы. Мираш
Жайықтан, ал, біз Байназардан тараймыз. 1937 жылы тырнак ас-
тынан кір іздел, бәрін жау көргенде атам Хамзе, әкем Зәйнұшті
намаз үстінде ұстап әкетіп, молда деп жойып жіберді. Атамды
жазықсыздан-жазықсыз ату жазасына кесті де, 10 жылға кете барған
әкем Магаданда бес жылдан кейін қайтыс болды. Сол зұлматта
біздің Омбы облысының 5 ауданынан 82 қазақты ұстап әкетіп,

біздің атайды Омбыда алаштың аяулы ұлы Қошке Кеменгеровпен бірге атылды. Сондай 82 адамның 18-ін он жылға Колымаға айдан, қалғанын осылай қырып салған. Бір кеткеннен із-түзсіз кеткен сол арыстардың арасында біздің Шарбаққөл ауданынан Мираптың өз тұған әкесі, кеңес өкіметіне жан-тәнімен беріліп қызмет істеген Хамзахмет ағамызы да бар.

Бұл туралы көкшелік журналист Нұрмұханбет Ылсақаев редакторы болған «Оқжетпес» газетінің «Омбы үні» қосымшасында («Степные заговорщики», Вениамин Самосудов, №2 (12), наурыз, 1994 жыл) егжей-тегжейлі жазылған. Міне, осыдан кейін Мирап екеуміздің күрсінісіміз қалай бір жерден шықпасын, қалай ішімізде басқага жақсы көрінгенімен, өзімізге осындай ашы запыранын төккен сол өкіметке бір түткіл жатпасын. Оны шынын айту керек, кешегі Мираптың да, менің де рас, барлық адамды тең санаң, бірдей жағдай жасауға тырысқан ҚСРО-ға адал қызмет етуін еткенімізben, коммунист деген атқа бәлкім, саналы түрде жоламауымыздан да анық байқауға болатында.

Әйтпесе, 1957 жылы Орталық Комитеттің осы жөнінде «Әкенін кателігі үшін (?) бала жауап бермейді» деген атышулы қаулысы шықты. Соның да септігі тиғен шығар, қарындастым кейін партия мүшелігіне етті. Ал, өз басым қанша мүмкіндік болса да, соған көңілім жата қойған жок. Өйткені, әкесі мен атасы, екеуі де бірдей «халық жауы» атанған адамда бәрібір сыртқа көп шыға бермесе де, іште қатал тағдырың үшін бір қыжыл қалады екен, соның «қара көлеңкесі» ылғи қуалағандай болып, бір дудамалдық бәрібір бойынды билейді екен. Міне, соның бәрінен әйтеуір, аман өткен Мирап екеуміз, біз сияқты тағы да жүздеген жандар кейінгі өзіміздің дұрыс қалыптасқан тағдырымызға бір есептен, риза болуымыз да керек пе деймін.

Сонымен, өз басым «ақжолтай бала» атанип, ағам Шәпен согыстан аман келді. Бұл кісі қазіргі Аюкар ауданы «Жанауыл» жаупкершілігі шектеулі серіктестігін көп жылдардан бері абырайлы басқарып келе жатқан Мираптың да, менің де шәкіртім Қайырбек Шәпеновтың әкесі болады. Экем Зәйнуш екеуі бірге тұған. Келген соң әрине, маған бас-көз болып оқытты, бұғанам қатып, ер жетуіме қолдан келген бар көмегін аянып қалмады. Осылай Омбы қазақ педагогикалық училищесін бітіріп, Марьянов ауданының Нариманов атындағы жетіжылдық мектебінде еңбек жолымды баста-

дым. Содан 1953 жылы орыс тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша Алматының Абай атындағы қазақ педагогикалық институтына оқуға түстім. Ол кезде қазақтың кең даласының қай бұрышында болсын, атағы да, беделі де ете-мөтө зор, сонысына қарамастан, ете кішігейіл, қаралайым Мәлік Ғабдуллин ағамыз сол оку орнының директоры. Шәкірт біткенге, оның ішінде өз жерлестері, біздерге, үлкен жүрекпен қарайды. Сол зор қамқорлықпен қанаттанып, 1957 жылы Көкшетау облыстық оқу белімінің жолдамасымен осы Ұялыға келіппін. Бұл – Мираштың да Қарағандыда, одан Алматыда мұғалімдікке оқып, оның үстіне елде үйленіп, осынау қын да құрметті мамандыққа бет алған кезі.

Содан бері санап отырсам, аттай 50 жыл өтіпті. Соның тұра 40 жылдын Мираш інім екеуміз өзімізге құтты қоныс, қара шаңырақ болған Ұялы орта мектебінде бірге өткізіппіз. Осы уақыт ішінде бәрін де бастан кешірдік, жақсыны да, жаманды да бірдей көрдік. Мен орыс тілі мен әдебиетінен сабак бердім демедім, сонау сыңаржақ саясаттың үстемдік құрып тұрған кезінде қазақ сыйыптары жабылып, қазақ ата-аналары өз балаларын орысшаға бере бастиғанда да, сонын бәріне бірге көңіліміз құлазыды, бірге іштен тындық.

Марқұм ете көңілді адам еді, отырған жері той-думан, кулықшылдығына басқанда бір сөзі бір сөзінен асып түсіп жататын. Ол әрі біреудің қытығына тиіп, қажытатын сөз емес, күнделікті карбаластан кейде шаршап жүрген кісінің көнілін сергітетін, жанына шуақ сыйлайтын әдемі әзіл, қулкі болатын. Неге десеніз, мұндай күнделікті өмірде қак-соқлен ешбір жұмысы жоқ, тұмысынан адал да анғал адамның басқаша мінезге қыры да, ойы да жоқ болатын.

Міне, бүгінгі жылдар биғінен қарағанда, өзім осылай деп бағалайтын бұл інімнің кейінгігө ой салар, өнеге болар басқа асыл қырлары да жетерлік еді. Біріншіден, талай дәуір, талай тақырыпты сонау жогары оку орнының қабырғасында қаузаган тарихшы ғой, адамзат жаратылысынан бергі көп оқиға, көп кезенді жақсы билетін. Оның үстіне өз білімін өмір бойы шындалп, арамыздығы көрнекі оку құралдарымен жете жұмыс істейтін жанашыл ұстаздардың бірі болды. Соған орай, ашық сабактарда, облыс, ауданнан келетін комиссиялар тексерісінде шәкірттері үнемі жақсы білім көрсетіп, кейін «Құрмет Белгісі» орденін алуды да соның занды бір жалғасы болғаны айдан анық.

Жалпы, Қызылту, төнірегін орынды түрде балуандар елі деп жатады ғой. Бұл – ешкімнің таласы жоқ шын сез. Міне, сол мектептің негізін алысқа барып күреспесе де, ауыл-үйдің арасында осыған қәдімгідей ансары ауып, белдесер жерде «шешінген судан тайынбас» деп кіммен болса да белдесе кетер осы Мираш сиякты жігіттер қалаған. Өзімнің әлі есімде, ертеде Ұялыдан жиырма шақырымдай жерде, Шарбаккөлге қарай шығатын қалың ағаш ішінде жастар күні тойланды. Сонда казақша қрестен сайысқа осы Мираш та қатысып, өзінен ірі Шәйкен деген кісіге дейін жығып кеткен.

Ал, оның шындаса неше түрлі бұйымдарды жасайтын қолының шеберлігі, соқса жіліктен жілік қоймайтын білегінің мықтылығы, қастерлеп ұстайтын бәкісін алып ет тураса, осы шаруаны да аса бір білгірлікпен әдемілеп соңына дейін жайғастырып шығатын өзіне тән сырбаздығы ше?!. Жақсының жақсы ісі көзге шалынбай қоя ма, мұның бәрін де көріп, көзі тірісінде бағалап, бірер сөзben болсын, ықылас-ниетімізді білдіріп жүретінбіз. Сонда марқұм осының өзіне қаншама ризашылық танытып, жымиятын да тұратын.

Шіркін, жалғыз Мираш емес, іздесең сол кездегі өзіміз қатарлас мұғалімдердің көбінен осындай қадір-қасиеттерді молынан табар едің. Тек бәрін де өткен шақпен сөйлетіп, етіп бара жатқан уақыт. Өкінішке орай, Мирашпен де солай. Отырган жерде көп күттірмей, Ақан серінің «Балқадиша» не «Қараторғайын», кейінгі кезде Ахмет Байтұрсынов ағамыздың әні деп айтылып жүрген «Аққұмды» не болмаса Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» әнін қоңыр даусымен бастай жөнелуші еді.

Ертістін әр жағында бір терең сай,
Сүйреткен жібек арқан тел қоңыр тай.
Ағаштың бұтағына қонып алып,
Сайрайды таң алдында қараторғай...

Сол арада білгіндеріміз Ақан атамыздың жүректен кіріп, бойды алар осы бір әніне қосыла кетіп, көніл ақшабұлтын біраз аунатып алатынбыз. Өтіп кеткен сол дәурен-ай. Енді жетпістің тогызындамын. Бәйбішем Бағдатпен шүкір, бір ғұмырға тұратындағы өмір сүрдік. Табаны күректей 47 жылымды мектепте жас үрпакқа ұстаздық етумен өткізсем, бүгінде ұлым Куанышбек, қызым Анаргұл де Шоқан Үәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін бітіріп,

осы жолымды жалғастырумен келеді. Мен сиякты өртөнген өнген Мираштың кей балалары да солай.

Сонау 1926 жылы «қоғамға жат» деп бүгінде қарасы қалмаған кенес өкіметі токтатып тастаған ұлыстың ұлы құні – Наурыз мейрамының тұтастай еліміздегі сиякты, біздің Ұялыда да жаңа тойланып жатқан алғашкы беті. Сонда «атадан ұл тумас па, ата жолын құмас па» деген ата-бабамыздың есті сезін тағы да бір есімізге салып, осы Мираштың ұлы Қайрат бірнеше айналса да, талайға дес бермеген жылқының жілігін тізеге ұрып сындырды. Баяғы экесінің жіліктен жілік қоймайтыны есіме түсіп, қасына келдім. Шын риза болып, толқыдым. Ол кезде көзі тірі, экесінің өзі де баласының бұл қадамын жақсы ырымға балап, көпке дейін бір түрлі көnlі марқайып журді. Сол Қайраты бүгінде белгілі азамат, елге біраз шарапатын тигізіп жатыр. Көпке қадірлі Қайыркеш келін де орнында, он баланы ақыл-парасатыменabyroilys ұстап отыр. Ендеше, ол жақта осының бәрін аруағы біліп жатқаң менің кимас інім, аяулы әріптесім Мираштың да көnlі жайлыш деп ойлаймын.

*Рахым АУҒАНТЕГІ,
Қазақстан Республикасының білім беру
ісінің үздігі, карт ұстаз.*

Ұялы ауылы,
Ақжар ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

ТУЫС БОЛДЫҚ, ДҰРЫС БОЛДЫҚ

Иә, мен үшін екі дүниеде де орны бөлек Мирашпен ара катынасымызды, тірлікте бір-бірімізben тек қана сыйласып өткен кіршіксіз таза көnlімізді бір ауыз сезбен қысқаша осылай түйінделсем, осының өзі-ак барлық мән-жайды оқырман қауымға толық жеткізіп тұрган сықылды. Осы арада барлығы түсінікті болуы үшін әңгімені әріден бастасам, Мираштың да, менің де екеуміздің өсіп-жетілген жеріміз негізінен, Қызылтудың өзі. Мираш сонда нагашысы Қажым Мұсіповтың қолында тәрбиеленіп, Ұялыға кейін ол кісіні қызмет бабымен ауыстырған соң барып

қана табан тірегені белгілі. Мен болсам, төрт сыныптық бастауыш мектепті Жарқыннан бітіріп, одан әрі қалған оқуымды аудан оргалығындағы Кішкенекөл қазақ орга мектебінде ағам Шәмра Уәйісовтің қолында тұрып оқыдым. Бұл кісі де өз кезіндеге Қызылту өнірінің біраз жеріне танымал, мамандығы агроном, оқығантоқыган, еті тірі адам еді. Егіншілік саласында ерінбей-жалықпай, ұзак жылдар абырайлы еңбек еткенін көзі тірі қатарластары жақсы біледі. Сол Шәмра ағам менің әкем Шахметтің немере інісі болатын. Бүтінгі Қайыркештің анасы Назым олардың бауырлары.

Сонымен, тағдыр қазақтың кешегі марқұм болып кеткен дүлдүл жазушысы Сәкен сері Жұнісовпен Кішкенекөл орга мектебінде бір сыныпта бірге окуга жазып, одан әрі арман қуып, Орал педагогикалық институтына кеттік. Осы күні тосын көрінетін сонау шалғайдағы бұл оқу орнына баруымыздың да өзіндік себебі жоқ емес еді. Ол кезде қанша айтқанмен, Қазақстанда мұғалімдер даярлайтын мұндағы институттар көп бола бермейтін. Ал, мұғалім мамандығының өзі қалада да, ауылдық жерде де бүтінгідей емес, қадірі артып тұрған беделді де құрметті мамандықтардың бірінен саналатын-ды. Сондықтан, реті келсе, Оралға барып оку да ешкімді үркіте қойматын.

Жә, мұның бәрі кейінгі жағдай. Ал, оған дейін Мираш екеуміз Қызылтуда бір мектептің табалдырығын аттап, қатарлас оқып жүрдік. Тек бір айырмашылығы, мен үш-төрт жас үлкен болдым да, жоғарғы сыныпта, ол тәмегінде сыныпта білім алдық. Көп хабарым болмағандықтан бүтінгісін қайдам, ал ол кезде Кішкенекөл мектебінің де дүрілдеп, аты алысқа жайылып тұрған кезі. Бір жағынан, Ленин орденінің иегері, бүкіл елге атағы шыққан Сабыр Мәліков басқарған соң да, олай болмағанда қайтеді?

Әрине, уақыт еткен сайын білім беру жүйесінің де озық, иті жаңалықтармен толығып, толысып отыратыны, соның нәтижесінде кешегі қол жеткен жетістіктің өзі бүтінгігө өлшем болмай қалатыны анық жай. Қазір де өз алдымызға тәуелсіздігімізді алып, ел болуға талпынып жатқанымызда мектептерімізде білім берудің озық технологияларын енгізіп, Интернетке шығуға, мультимедиялық каби-неттер ашуға күш салуымыз соның бір айғағы болса керек. Дегенмен, менің өз ойымша, осы күні замана ағымымен біздің оку орындарымыз техникалық жағынан қанша ілгері кетеміз десін, ондағы басты тұлға бәрібір жас ұрпақты ілім-білімге жетелейтін

ұстаз болып қалатыны басы ашық мәселе. Ел үміт артып отырған кейінгілердің ертең кім болатыны, ұлтын, жұртын қалай сүйіп, халқына қандай пайдасын тигізетіндігі осы ұстаздардың қабілет-карымы, ой-өрісі, білім деңгейіне көп байланысты.

Міне, осы тұрғыдан алғы қарағанда, мен білетін Мираш біздің Қызылту, Ұялы тәңірегіндегі өз ісін ете-мете сүйетін, мамандығын мактандыш тұтып, соның қадіріне жете білген ұлағатты, еңбеккор ұстаздың бірі еді. Бұл тіршілікте ер-азамат үшін көп жас деуге келмейтін 65 жыл ғана ғұмыр кешіп, арамыздан ерте кетіп қалған азбал жанның қысы-жазы көп уақыты мектепте өтетін. Оған талай рет Ұялыға келіп жүріп, өзімнің де анық көзім жеткені бар. Ауылдың адамдары мал-жан, құндегі кат-қабат шаруа деп үйден ұзап шыға алған ба. Сондайда амандығын білейін деп ара-ара-сында бәйбішем Мәкен екеуміз салып ұрып осылай қарай келіп қаламыз. Туыс болған соң, әрі аудан орталығында тұрган бізге мұның бәрі женілдеу түскеннен кейін жол осылай тартады. Келеміз, бірақ, үйде Мираш жок.

—Кайыркеш-ау, жиен күйеу қайда?—деймін сонда нағашылығыма басып аздал мықтылау көрінейін деп.

— Мектепке кеткен. Шеберханада бір жұмысым бар деп еді. Қазір бала жіберіп, шақырта қояйын...

Міне, менің тынымсыз Мирашыммен осылай табысатынбыз. Қанша рет осы жаққа құлақ түріп жүріп, біреуден бір ауыз оғаш қылышын естімептін. Кімнен сұрасам да, «О, Мирағаң жақсы адам той. Ондай кісілер қайда?! — деген көңіл марқайтар жылы пікір. Жай адамдардың да, шәкірттерінің де аузында осы сөз. Бір адам туралы мұндаидар біркелкі пікірлер ылғи алдынан шыға бермесі кәміл. Әдетте, кім болсын, біреуіміз олай, біреуіміз былай дейміз. Ал, Мирашқа келгенде, бәрі оның кісілігін де, ұстаздығын да жоғары бағалайтын.

Осы отырғанда ойлаймын, мұның өзі кез-келген пенденің басына жаза бермес әжелтәуір бақыт кой деп. Ал, менің туысым соны бәрінің де ыңғайын биік адамгершілігімен, өз кәсібіне адалдығымен таба білгені анық. Адалдық демекші, институт бітіргеннен кейін өзім жолдамамен әуелі сол кездегі Қызылту ауданындағы Комсомолдың 50 жылдығы атындағы кеңшардың орталығы Мортықта, одан Карл Маркс атындағы кеңшардың орталық қонысы Актуйесайда мұғалім болдым да, артынан Сага

бастауыш мектебінде сабак бердім. Осы мектепте жүргенімде бүтінде бүкіл Кекшетау, Қызылжар өніріне есімі кеңінен мәлім жерлес балуан, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Мәлгаждар Омаров, тағы басқа да белгілі азаматтар менің қолымнан оқыды. Содан бір күні ойламаған жерден XXII партсъезд атындағы кеншардың орталық қонысы Ұялыға байланыс бөлімшесінің бастығы боласыз ба деген ұсыныс түссін. Мұнда төрт сыныпқа бір мугалім ғана. Екі сыныпты қосып түске дейін біреуін, түстен кейін екіншісін оқытасың. Ауыры ауыр. Олай болса, бөлімшеден орталыққа кештуді, әрі мынадай құдай беріп тұрган тыныштау қызметке табан тіреуді кім жек көрсін. Жастайымнан газет-журналға құмарлығым бар, не де болса осы жұмысқа барайын деп, сол күндері бір кездескенімде ол ойымды Мирашқа айтып қалайын. Сондагы оның:

— Қайреке-ау, өзініз жоғары білімді педагогсыз. Оның үстінен бір мектепке ие болып отырсыз. Сейте тұра, байланыс бөлімшесінің бастығы болып барам дейсіз. Поштаға адам табылады, ал мектепке сіздей оқыған, тәжірибелі кадр табыла бере ме? Әрі қазіргі жұмысыныңда абыройының да жаман емес. Әуелде осы мамандықты қалап алған екенсіз, ендеше, әрі қарай да соның ыстық-суығына көніл, осылай жүре бермейсіз бе? – деуі шынын айту керек, сондагы солай қарай бұрылып қойған көnlімді қайта бір астан-кестен етіп, бұзып жібергені.

Ол күндері көп мән бермесем де, қазір ойлаймын, соның бәрі абзal азаматтың өз кәсібіне деген адалдығы, басқадан да соны қалап, жақсы біткенге тілеуқор болған көnlі екен ғой деп. Кейін рас, ақыры, өзіме білдірілген сол ұсыныстан бас тарта алмаған мен пошта, одан жинақ кассасы саласына кеттім де, 1997 жылы Кекшетау облысы жабылғанда Ленин аудандық байланыс торабының бастығы қызметінен зейнет демалысына шықтым. Ал, тап сол жылды өмір бойы қырық жыл бір ғана Ұялы орта мектебінде ұстаздық етіп, өзі сүйген ісіне барынша адал болған Мирап Хамзахметұлы бауырымыз бәрімізді қайғыртыш, о дүниелік болды. Оның бұл өмір, тіршілік туралы түсінігі қашшалықты кең болса, өзі де сондай қаралайым, ақыл-парасаты мол жанының бірі еді. Неге болсын жүрегінің кеңдігі, жанының жомарттығымен қарайтын. Қашан бұл дүниеден өткенші құдайдың бойына берген бір қасиеті, ойын-құлқі, әзілдің, ешкімге зілі жоқ жаражты қызық-думаның адамы болатын.

Атам қазақ «сөз тапқанға қолқа жоқ» дейді ғой. Міне, осы нақыл ұтымды уәжі, тапқыр сөзімен небір отырыстардың ғуліне айналып, бәрімізді бір желпінтіп тастайтын Мирашқа арналып айтылған ба дерсің. Кейбір мұндай алды-арты жоқ, құдайы адамдар анқау да келеді ғой. Ондай жағдайлар Мираштың да басында болып тұратын. Бірде қыстықұні ат шанаға отырғызып алған адамының, атқа қамшыны баса беріп, сол шанадан қалай сырғып түсіп қалғанын білмей қалғаны да бар. Өзінің көзінше анда-санда сондайын есімізге алып, күліл қоятынбыз.

Әмір болған соң, кейде ағайын-туыстың да бір-біріне деген жаңашыр сөзі, ыстық көңілінің өзара септесіп, жемісін беріп жататыны зандылық. Кейін Мирашқа адал жар болып, он бала туып, «Ардақты ана» атанған Қайыркеш те жоғарыда айтқанымдай, экем Шахмет пен оның інісі Шәмраның туган бауырлары Назымнан туғаннан кейін, маған бөтен болсын ба. Екеуміз де сол Шәмра ағамның қолында оқып, ер жеттік. Оның үстіне менен әжептәүір кіші Қайыркешті ол кісі өзі тәрбиелеп, адам қатарына қосты. Осы жиеніміз 1956 жылы Мирашқа тұрмысқа шығарда, оның қандай жігіт екенін білетін жұбайым Мәкен екеуміз «барсаң бар, ол сені жылатпайды» деп ақ тілегімізді қосып едік. Артыған сол айтқанымыз келіп, Мираш шынында, біздің Қайыркешті ренжітпеді, қашан бұл дүниеден өткенше өзімізді де сыйлап, қадірлеумен болды. Сол үшін де оның аруағына ризамыз. Міне, сөзімнің басындағы «Тұыс болдық, дұрыс болдық» деуімнің мәнісі осы еді. Енді Мираштай алтын адамның жақсы ісін балалары жалғастырысын.

*Қайыргелді ШАХМЕТОВ,
еңбек ардагері.*

Талшық кенті,
Ақжар ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

ЖАРҚЫН ҒҰМЫР ЖАРҚЫЛЫ

Көкшенің жақсы бір аптал азаматы Мираш екеуміз бір-бірімізді бір мектепте қатар оқыған сыныптастар ретінде білетінбіз. Сонау ғылүү және тыңайған жерлердің игеру басталып жатқан 1954 жылы

бұрынғы Қызылту ауданындағы Кішкенекөл орта мектебін бірге бітірген 15 шакты бала жоғары оку орнына түсү үшін Қарағанды қайдасың деп жолға шықтық. Тың игеру сияқты бүкілхалықтық үлкен іспен тұстас келген сол бір албырт арманымыз, одан әрі білім алып, еліміздің бір керегіне жарайық деген жастық құлшынысымыз бізді осылай талаптын тұлпарына мінгізіп, көмірлі қалаға жетеледі. Сонымызда өзімізге жатпай-турмай он жыл білім берген аяулы ұстаздарымыз, әке-шешелеріміз қалды. Ол кезде әке-шешелеріміз дегеннің өзі де бәріміздің бірдей маңдайымызға жаза бермен ғажап бақыт еди. Өйткені, отызыншы жылдардың кісінің көлеңкесінен жау ізденген ауыр қыспағы, төрт жылға созылып, талай тектіні жалмаган қанды соғыс сол аяулыларымыздың да қатарын сиретіп, бір керуді арман қылыш қойған шак. Ондай қамкөңіл құрбы-құрдастарымыздың арасында әкесі Хамзахмет жазықсыздан-жазықсыз 1937-інің күғін-сүргініне легіп кеткен Мираш та бар болатын.

Содан бірге оқыған достар, бәріміз жұбымызды жазбай бейтаныс қалаға келдік. Әрқайсымыз өзіміз қалаған мамандығымыздың жалынан жармасуға асықпыз. Сейтіп, өзге сыныптарымыздай, ойланып-толғана келе мен құжаттарымды медициналық институтқа, ал, Мираш пединституттың тарих факультетіне тапсырық. Кейін жолымыз болып, қалған біраз балалармен бірге екеуміз де қалаған окуымызға құдай жарылқап түсіп кеттік.

Сейтіп, көзіміз үйреніп, көnlіміз сүйе бастаған Қарағанды сияқты үлкен қалада қызығы мен шыжығы мол студенттік өміріміз басталды. Әрине, ол туралы айта берсе, әңгіме көп. Оның арасында Мираштың белгілі бір жағдаймен Алматыға ауысып, ҚазГУ-де де оқыған кезі болды. Мен де медициналық институтты ауыл шаруашылығы институтына өзгертіп, өмір бойы осы салада бас бухгалтер қызметінде болдым. Сонымен ток етеріне көшкенде, Мираш окуын бітірген сонъ жолдамамен Қызылту ауданының Ұялы мектебіне (бұрынғы XXII партсьезд атындағы кеңшар) жіберілді де, сонда бір орында тапжылмастан зейнет демалысына шыққанша шәкірттерге сапалы білім, саналы тәрбие берді. Мұның өзі айтуға онай болғанымен, бір адамның ұзак та мағыналы ғұмыры ғой. Шәкірт, қоғамның белді мүшесін тәрбиелеу деген инемен құдық қазғандай жанкешті еңбек. Өйткені, алдынан түлеп ұшқан сол шәкірттерінің бірі бол-

маса бірі теріс жолға түсіп, өмірде өз орнын таба алмай жатса, оған ата-ана, өзге жанашырларымен бірге тап бір жазықты адамдай дәріс берген ұстазының да қатты қиналары бар.

Ендеше, өз басым міне, осындай жауапты жолда ұстазға әрдайым ақыл-парасат, ізденіс керек деп есептеймін. Ал, біздін Мираш болса, өзінің өмір бойғы мұғалімдік қызметінде сол үрдістен шыға білген жан. Неге десеніз, өзі енбек етіп, өмір сүрген осы Ұялы ауылы, басқа ортада болсын, ол туралы айтылатын жылы сөздер көп-ақ. Мұндай оң баға әдетте, шәкірттерінің де, әріптестері мен оны білетін былайғы жүртттың аузынан да жиі шығып жатады. Ол ендеше, адамның сонында қалдырған жақсылығы, Алла тағаланың берген сыйбағалы ғұмырын текке сүрмей, артына жарқын із тастап кетуі.

Осы жақсылық дегеннен шығады. Мен өз басым, Мираштың осы жарық дуниеге сыйлап кеткен жақсылығы, байлығы да алдымен, ұрлагы, бірінен бірі өткен балалары дер едім. Өзі де тек ті атаның баласы ол Социалистік Еңбек Ері Қажым Мұсіповтей нағашысының қолында тәрбиеленіп, жақсы жанның жан жылуы мен қамқорлық шарапатын көп көрді. Кейін Қайыркеш Әшімқызы сияқты жен-жобаны жақсы білетін қазактың бір ару қызына үйленіп, бақытты тұрмыс кешті. Екеуі ұзақ өмір жолында 10 бала тәрбиелеп өсіріп, сол Қайыркеш лайықты түрде Батыр Ана атағын алды. Осы күні Мираш марқұмның сол балалары эр салада абыройлы қызмет істейді. Үлкен Қайрат Астанада. Кейінгі үлдары да полиция, тағы басқа орындарда ездерін тек жақсы жағынан корсетуде. Қыздары да орнын тапқан. Қай-қайсысы болсын, өте тәртіпті, дұрыс тәрбие алғаны көрініп тұр. Әке-шешеліріне кір келтіретін балалар емес. Ата-аналары бәрін де шамасы келгенше оқытып, жоғары білім берген.

Өкінішке орай, Мираш бұл фәни дүниеден ерте кетті. Шарифатта айтады ғой, Аллаға жақсы адам керек деп. Сол рас екен. Осы күні сол балалардың қызығын Мираш көрмесе де, жан жары Қайыркеш көріп отыр. Әке-шешесінен ерте айырылып, еңбекпен жетілген, бақытын өз отбасынан, үлкендерді, өмірлік қосағын сийлаудан тапқан Қайыркешке мен осы қызық-қуанышының үшагынан сүйіндіруін тілеймін.

Осы бір шағын естелігіме өзек болып отырған Мираштың тағы бір адамгершілігі Қайыркештің өзімен бірге туган жалғыз ба-

уыры Амангелдіні де өзінің туган інісіндей көріп, тәрбиелеп, үйлендіруінде, әрі қарай да үй-күй болып кетуіне бар көмек қолын созуында жатса керек. Жақсы азаматтар көп өмір сүре бермейді. Жуырда сол Амангелді де дүние салды. Оның да жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын деймін.

Сөз соңында балаларының баршамызға да қадірлі, әрі қымбат Мираш Мұсіпов туралы осы бір естеліктер кітабын құрастырып жатқанын өз басым ете-мөте құттайтынымды айтар едім. Ұстаз еңбегі құні бүгінге дейін біздің қогамда өзінің лайықты бағасын ала қойған жок. Оны құні кеше ел ырыздығы алтын астық өсіріп, осы жолда ірі еңбек жетістіктеріне жеткен талай ауыл еңбеккерлері Социалистік Еңбек Ері атағы мен орден-медальдарға ие болып жатқанда, сондай мықтыларды оқытып, тәрбиелеген ұстаздар арасынан мұндай күрмет кім-кімге болсын, өте сирек көрсетілгенінен де байқауға болар еді. Ал – бұл осы қызын да күрделі саладағы адамдардың мандай тери мен қажыр-қайратының кемшін соғып жатқанынан емес, біздің материалдық игілікті рухани игіліктен жоғары қойып алушмыздың бір салдары десе де болады. Менің ойымша, ұстаз қашанда ұстаз. Онсыз біз айтып жатқан майталман егінші, білікті дәрігер, алғыр ұшкыш та шықпайды. Енде-ше, сол санаулы орденді ұстаздар қатарындағы менің Мираш сыныптастымын өңбекі де кейінгілерді жақсы істерге жетелеп, үлгі-енеге бола берсін, үрпактарына ізгі қасиет болып дари түссін.

*Қалеп қажы АСҚАРОВ,
енбек ардагері.*

Көкшетау қаласы.

ҚАЙРАН, МЕНІҢ ӨЗ ЕЛІМ

Бұрынғы Көкшетау облысының ең шалғай аудандарының бірі кезінде Қызылту ауданы болатын. Қазір Солтүстік Қазақстан облысының құрамына кіретін осы ауданның құрылғанына 70 жыл толуы 2004 жылы салтанатты жағдайда аталып етті. Ал, сонау елуінші жылдары осы аудандағы шаруашылықтардың ең ірісі де белдісі «Ұялы» колхозы еді. Бұл колхоздың маңында Жарқын, Төрекелді, Бұланбай елді мекендерді орналасқан-ды.

Ірілендіру кезінде осы елді мекендерді біріктіріп, «Ұялы» колхозын құрды. Оған көп жылдар бойы Мәске Әлин басшылық етті. Түзу басқарудан, халқының еңбеккорлығынан да шыгар, шаруашылықтың өзі соғысқа дейін де, соғыстан кейін де осы төніректегі алдыңғы қатарлы колхоздардың бірі болды. Әсіресе, жоғарыда аталған елді мекендердің белсенді жұмысшылары мен ақсақалдары Аққа, Мәңке, Құсайын, Бәшар, Қойшыбай, Қалижан, Қайыржан секілді кісілер колхоз ісіне көп еңбегі сінген колхозшылар еді.

1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру басталғанда «Ұялы» колхозында басшы ауысып, оған жетекшілік ету тізгіні кейін еңбегі жаңып, елімізге кеңінен танымал болған Қажым Мұсіповке сеніп тапсырылды. Бұл орайда, әсіресе, үлкен астығымен есте қалған 1956 жыл бұл шаруашылық үшін өтемнөте берекелі жылға айналды. Ұялықтар өздері еккен егіннен мол өнім жинап, миллионер колхоз атанды. Ал, осы істің бәрін ұйымдастырып, елді ерен еңбекке жұмылдыра білген колхоз басқармасының төрағасы Қажым Мұсіпов ағамыздың да бағы жаңып, ол кісіге Отанымыздың ең жоғары наградасы – Социалистік Енбек Ері атағы берілді.

Ол кезде бертін Қызылту ауданынан енші алып, жаңадан ашылған Ленинград, Ленин, Уәлиханов аудандарының аумағында ірілерінен жалғыз Кішкенекөл қазақ орта мектебі ғана бар болатын.

Сол оку орнын осыдан 40-50 жыл бұрын бітірген түлектердің көпшілігі кейін де әр салада жемісті еңбек етіп, еліне елеулі, халқына қалаулы жандарға айналды. Олардың біразы бұл күндері зейнет демалысына шықкан соң, заман ағымына қарай Қекшетау қаласында тұрып жатқан да жайы бар. Солардың бірі менің өзім. Ауыртпалығы да, киыншылдығы да жетерлік бүкіл балалық шағымды сол Ұялы ауылында өткізген мен бұдан кейін де 45 жыл бойы үздіксіз осы ауылдың орта мектебінде жас үрпаққа білім бердім.

Осы күні ойлаймын, еліміздің елдігі, еріміздің ерлігі де, бәрі алдымен, осы біздің жусан исі аңқыған, ән-күйіміз шалқыған алтын бесігіміз – қарапайым ғана ауылдарымызда қалыптасып, шындалған жоқ па еді. Жатты жакын, бөтенді бауыр қылған жақсы салт, озық дәстүр, әркенді өнер талай азамат бойында осы ауыл арқылы дарығаны қайда?! «Ауыл» атты асыл ортаның аялы

алақанын, ауырғанды жазып, жүдегенді жұбатып, шалдыққанға шыр бітірген мейірбандылығын қайтіп ұмытарсың. Бәрін былай қойғанда, кешегі өзінің жастық шағыңың, жігіттік дәуреніннің күесі болған, тек тұрағын ғана емес, қымбатыңа айналған осы бір құтты мекенге оймен болсын, қайта-қайта қалайша бір айналып соқпайсын.

Шіркін, ауыл! Шіркін, бауыр! Сенің боз көдене, ыстық құшағыңа жолым түсken сайын бір құдіретті күш кері жібермей, сарытап сағыныштың өтеуіндегі өзіне тартып тұрып алары бар. Сондайда анау тұрган мектебіңе де, мынау жатқан құтты қотаныңа да басымды іп, еріксіз ойланып қаламын. Күні бүтінге дейін аудандағы алдыңғы қатарлы мектептердің бірінен саналатын осы білім ордасынан жарты ғасырға жуық уақыт ішінде бір мынға жедекабыл түлектер үлкен өмірге жолдама алыпты. Елімізде олар еңбек етпеген, олар өз қолтанбаларын қалдырмаған сала сірә, жок шығар. Экономика, техника, ғылым, құрылым, сауда, медицина, мәдениет, білім, мұнай, ауыл шаруашылығы салалары дейсіз бе, бәрінде де ұялылық азаматтар елімізге хал-қадерінше мандай терлерін сініріп-ақ жүр. Ал, соның барлығы сайып келгенде біріншіден, оларды оқытып-тоқытып, білім берген ұстаздарының, екіншіден, сол білім мен тәрбиені саналарына дұрыс сініре білген өздерінің арқасы.

Осы Ұялы орта мектебіне әр жылдары, әр кезеңде Солтан Әлжанов, Әбу Ілиясов, Құләш Жұнісова сияқты білікті басшылар жетекшілік етті. Соның арқасында мұнда білім сапасы да жоғары болып, жас үрпақ ол жағынан еш қағажу көрmedі. Осы жолда үнемі тынымсыз еңбек еткен Жексенбай Нәжімеденов, Сейфолла Қажкенов, Рақат Ауганов, Мираш Мұсіпов, Қекенай Рамазанов, Құлпән Қайыржанова, Майра Қалымова сияқты ұлагатты ұстаздар өз істерінің шын жанашыры, білгірлері еді. Өкінішке орай, бұл күнде осы жайсандардың бірі арамызда бар да, бірі жоқ.

Сондықтан, мен бүгін жоғарыда есімдері аталған аяулы әріппестерімнің ішінен әсіресе, о дүниелік болып қалғанына да оншакты жылдың жузі еткен Мираш ағамды ерекше еске алар едім. Себебі, екеуміз 40 жылдай бір мектепте тізе қосып, бірге еңбек еткен екенбіз. Оған қоса, үзенгілес аға-іні болғандықтан, бір-бірімізге деген сыйластығымыз, ак көніл, ак ниетіміз де өзінің мөлдір арнасын тауып, өмірдің бүйрекші жолында риясыз жақындастырып

жіберген. Шоқтығының биіктігінен шығар, бүкіл облыс, ауданға да орденді ұстаз ретінде танылды. Жалғыз мен емес, мұғалімдер ұжымы, ауыл аймақ та қатты сыйлап, «Мираға» деуші едік. Еркелікті де, ерендікті де жеткізетін сол бір ауыз өзімішлі сез кез-келгенге айтылуши ма еді. Шіркін, Мираға десе Мирагам-ай. Өте сабырлы, біреумен бет жыртсысып, қатты бір сезге келгенін немесе әлденеге қатты ашуланғанын көрмелеппін де естімеппін. Тіпті, басқалар шыдай алмай кететін бір жағдайдарлың өзінде сол баяғы «сабыр түбі – сары алтыннан» жаңылмаушы еді-ау. Сондайда жа-нында жүрген біздер «бұл не деген төзім?» деп таң қалатынбыз. Ал, енді ұстаздық жұмыстағы алғырылығы, бала зердесіне өз сабағының бар құлпия-сырын құйып беру шеберлігі өз алдына тағы бір бөлек қасиеті еді.

Сөйткен Мирагалар да бүгінде бұл пәниде жоқ. Кәрі бол, жас бол, бетің бар, жузің бар демейтін сүм ажалға не амал?! Әйтпесе, жасы жетіп, шау тартып отырған жоқ еді. Қайыркеш екеуі өмір бойы бір солар деп құлдық ұрып, мәпелеп өсіріп жеткізген бала-шағасының қызығын әрі қарай да алаңсыз, қамсыз бірге тамаша-лай алмады, эттең. Тірі жүрсе ғой, сол ата-аналық еңбектің өтеуі мен жемісі, нағыз бір тәтті тұсы енді келе жатқаны анық еді.

Жалпы, жер басып жүрген әрбір адам баласының бұл өмірдегі байлығы да, бары да ұрпағы ғой. Дүние, артық дәулет ешкімге де жолдас болған емес. Сейте тұра, осы біздің соған қызығып, ашқөздікке пайдакунемдікке салынатынымыз неліктен еken деп ойлайсың кейде. Өмір өмір болғалы осы мәселе де қалмай келеді, түпкі жауабы белгілі болғанымен, одан айылымызды жияр түріміз де көрінбейді. Қазір тіпті кең етек ала тускен бұл құбылыс рухани жан-дүниемізді одан сайын жұтаңдатуда. Ал, ол жұтаған жерде, оның орнына тоғышарлық, меммендік пиғылдың құдайы беретіні және шындық. Осындайда ойға сонау бір біздің кезіміз, ягни, ел үшін адал еңбек етіп, саналы ұрпақ тәрбиелеуді ғана білген қарапайым дәуіріміз оралады. Басқаны айтпай-ақ қояйық, әрбір қазақ өз баласын ұлтжанды, иманды, мейірбан-ды етіп тәрбиелеуге тиіс десек, біздің Ұялыда осы бір өлшемге барынша жауап беретін тағы да Мирагамның отбасы еді. Бұл шаңырақта он бала бір-бірімен іркес-тіркес жетіліп, кезіміз та-лай көргендей, ата-аналарынан бар кәделі тәрбиені бойларына сініріп өсті. Екеуі де жайдары, екеуі де адамгершілік қасиеттері

жоғары жандардан үрпағы нені үйренеді? Әрине, тап сондай із-гілікті, тап сондай кіслікті.

Елге осындаған жаңы кен, көкірегі терең азаматтар берген қайран, менің өз елім дейсің тебіренип. Заман ағымымен жырақтау кет-сек те, ел іші шіркін, қашанда алтын бесік қой. Тек соны біліп жүрейікші!..

*Теміргали БӘШАРҰЛЫ,
еңбек ардагері, зейнеткер ұстаз.*

Кекшетау қаласы.

АНАНЫ ОЙЛАУ – БАЛАНЫ ОЙЛАУ

Ана!.. Осы бір сезден асқан қасиетті сөз жоқ сияқты. «Жұмақ шешененің аяғының астында» дегенді кім қалай түсініп жүр?! Міне, жүрек түкпіріндегі Анаға деген асыл махаббатынды үстемелей түсетін осындағы ойлар жетегінде жеті ұл мен үш қызды өмірге әкеліп, өсіріп-әндірген бақытты да Батыр Ана Қайыркеш Мұсіпова апайдын үйіне қалай келіп қалғанымызды да аңғармаптыз. Қаланың қақ ортасындағы әсем, еңсөлі үйдің қақпасын жас жағынан бесінші ұлы, ішкі істер қызметінің лейтенанты Жанат ашып, ішке бастады. «Сырлы аяқтың сыны кетсе де сыры кетпеген» деп дәл осы Қайыркеш апайға арнап айтқандай-ақ екен. Жүзінен ізгілік нұры төгілген Батыр анаға амандық-саулықтан кейін алғашқы сауалымызды қойды.

– Сіздердің жастық шактарыңыз қыын-қыстау кезенде еткевін жас шамаңыздан да сезіш, біліп отырмыз. Сол жайында езіңіз не дер едіңіз? – дегенімізде ол кісі сөз райын бірден түсініп, баппен әңгімесін бастап кетті:

– Е, е, қарағым, ол заманды, Алла тағала енді кейінгілерге көрсетпесін. Сол жылдардың төлі болған соң, шет жағасын біз де таттық. Қайсы бірін айттарсың, ерте есейдік, ерте тұрып, кеш жаттық. Масак теріп, тұнімен диірмен тартқан қундеріміз де аз болмады. Одан да ауыр соғар ма еді, кім білсін. Алайда, әке-шешеден ерте айырылған мен бағыма орай, туған нағашым Шәмра Уәйісовтің қолында тәрбиленіп, ештеноңден кемдік көрмедім. Жаңағы айтып жатқаным, сол кездегі жүрттың бәріне ортақ

уақыт қыспағы еді ғой. Шешем марқұм он төрт күрсақ көтерген сен. Тек бәрі шетінегі беріпті. Жасым келе текті атаның ұрпағы, мұғалім Мираш Мұсіпов ағанмен қосылып, отау көтердік. Ол кісі Қызылту тәнірегінде танымал ұстаздардың бірі болды. Ұялы орта мектебінде 40 жылдан астам уақыт бала өқытып, бертін дүниеден өтті. Алла тағала желеп-жебеп, анам сияқты мен де он күрсақ көтердім, құдайға шүкір, бәрі де аман, осы күні түрлі қызметте.

Тұн үйкымды төрт бөліп өсірген, әкесі де үлкен үміт артқан күлындарым біреуден ілгері, біреуден кейін жүріп жатыр. Бәрі де ріл үйленген, тұрмыс құрған. Он екі немерем мен жиенім бар, олардың да алды студент. Әуелден Алладан адал несібенде бер деп отыратынбыз. Артық дәүлеттіміз болған емес. Ол қайdan болсын. Мираш та қарапайым мұғалім, мен де сол мектеп маңайында қатардағы еден жуушымын. Әрқашан барға қанағат деп, осы балалардың тілеуін тілеген жанбыз ғой. Шүкір, сол тәрбиенің жемісі шығар, құлындар жерге қаратқан жок...

– Дұрыс-ақ! Ал, енді қазіргі жастарға, тұрмыс құрған сіңлі, келіндерізізге не айттар едіңіз, жалпы, олардың жүріс-тұрысы, мінез-құлқына қоңлініз тола ма?

– Эй, қарағым-ай, қоңлің толатыны да, толмайтыны да бар. Жалпы, қазіргі кезде он бала тауып, тәрбиелеу келмеске кетті ғой. Он баланы қойып, үш-төртеуін айт. Себебі, бұл күнде адамның пейілі, өзін дүниеге ұрпақ әкелуші ана ретінде сезінуі, бәрі-бәрі өзгеріп, тарыла түсken. Мұны заманнан да көре беруғе болмайды. Біздің кезімізде немене, тұрмыс бұдан жақсы болып па?! Сонда да таршылық, жоқшылыққа қарамастан, әр үй голы бала болушы еді. Осы күні оның орнына байлық қуып кеттік. Ал, ол саған жолдас, ұрпақ бола ма. Бір жағы рас, әр үйде бала саны қебейіп, халқымыз өсіу үшін мемлекет тарапынан да гиісті жағдайлар қарастырылуы керек. Қанша айтқанмен, мына қымбатшылық заманда такұл-тұқыл отырып, бір өзің көп балалы өсіре алмайсың. Сол көмек үкімет тарапынан бар-ау, ұлғайып да келеді. Дегенмен, сонда да «ана мен баланың бақыты үшін не істеліп жатыр?» дегенге келсек, кеңіл тола бермейтіні анық. Ал, жастар туралы не дейін? Үріп ауызға салғандай қыздарымыздың шылым шеккенін, қолдарына сыралың үстап, бетімен жүргенін, ол-ол ма, ашық-шашық, жартылай жалаңаш, жүрт

көзінше жігіттермен сүйісіп тұрғанын көргенде, олар емес, қайта өзің ұялғаннан, тап бір жердің тесігі болса, кіріп кете жаздайсың. Шіркін-ай, осылар қандай анадан туып, кімнен тәрбие алды еken деп күйзелмеске шаран жоқ. Тіршіліктің бастауы ана болса, ертеңгі ошақ иесі – қызы баланың да тәлім-тәрбиесі сол анаға байланысты. «Қызға – қырық үйден тыйым» деп атамыз қазақ текке айтты дейсіз бе?! Соның бәрін ойлағанда, жоғарыдағыдай теріс қылықтың буымен жүргендеге ен алдымен, анасы, сосын мына теледидарға дейін жын-ойнаққа айналдырып қойған қоғам кінәлі дер едім. Сол теледидарда шет елдің соракы киноларын қаптатқанша, тәрбиелік мәні зор ұлттық хабарларымызды көбірек берсек, жастар тақа бұлай жеңіл-желпі кептес еді-ау. Тағы бір айттарым, әйелдердің, жалпы, ана атаулының еңбегін елегенді нағыз ер деу керек. Осы күні дүниенің буына ісіп-кепкен кей пысықайлар әкесінің атына көшे сұрап не өзін даңққа бөлеп қойғысы келеді, ал, солар мықты болса, бүкіл Аналар атына бір көше неге сұрамайды, бүкіл аналарға арнап бір ескерткіш неге қоймайды?!

– Мұныңыз өте орынды, ойланарлық-ақ мәселе еken. Ал, енді алдымызда бүкіл әйел затының, аналар қауымының айтулы мейрамы - 8 Наурыз да келе жатыр? Осы мерекеге орай, газет оқырмандарына не демексіз?

– Мен өзім Батыр Ана атағын сонау 1982 жылы алдым. Бұл – жақсы болсын, жаман болсын, Кеңес Одағының он және одан да көп бала тұған біздей аналарға лайықты құрметі еді. Енді осы таяу арада тәуелсіз еліміздің «Алтын Алқа» белгісі де бұйырып қалар. Бұлай деп отырғаным, тиісті орындар оның да керек қағаздарын сұратып, жинатып алған. Осы арада, менің өзімे салсан, мәселе алтында да емес, тағы бір қайталап айтсам, Ана мен Баланың алансыз өмір сүруінде ғой. Мәселен, Үкіметіміз қазағымыздың бала туу көрсеткішін көтерейік деп күр бекерге ұрандата бермей, мәселеге түп-тамырынан үңілсе, яғни, осыған нақты жағдай жасап, өз тараپынан қажетті шараларды аяңбаса. Ұрпақ қамы ұрандап жеңетін жау емес қой, айналайындарым! Осыған бір-ақ мысал. Әкесі де, шешесі де жұмыссыз сәбілер калайша қалыпты жағдайда өсіп, жетілмек?! Қазір екі жастың бірі басынан кешіп отырған баспана жайы тағы бар. Міне, осылардың бәрін қарастырғанда да, қатты қарастыру керек сияқты біздің Үкіметке. Сайып келгенде, ана-

ны ойлаудың өзі баланы ойлау емес пе. Меніңше, әуелі ата-аналарын жұмыспен қамтып, олардың жалақыларын көбейтіп, сосын барып халық есімі, ұрпақ қамы туралы сөз қозғау керек. Бұл орайда, бірді-екілі балалары бар аналардан бастап жәрдемакыны, түрлі жеңілдіктерді кеңінен ойластырса, құба-құп. Қазіргі біздің қоғамды жайлап кеткен ашқездік, қайтсем де «халық үстінен күн көрсем» деген тойымсыз тәбет жуық арада тыйылар түрі көрінбейді. Елім-жұрттың деген ер-азаматтар алдымен, осыны тоқтатып, бүгінгі қолда бар қаржыны оның орнына Ана мен Баланың мұн-мұқтажына, келешегіне жұмсаса, жөн емес пе.

Ал, енді ақ жаулықты аналарымыз бен қырмызы қыз-келіншектеріміздің көктемгі мерейлі мерекесі қарсанында бәріңізге Алла тағала барымыз да, байлығымыз да, бақыттымыз да – осы балаларымыз аман болсын, пәле-жала шабан болсын, жаңа ХХІ ғасырда ұрпақтарымызға жайлы заман болсын деген ақ батамды беріп, ең ізгі тілегімді арнаймын.

– **Мәнді де мазмұнды әнгіменізге көп рахмет. Жасай беріңіз, Батыр Ана!**

*Хафиз ХАЛЕЛЖУЛЫ.
«Бүкіла!», 4 наурыз, 2004 жыл.*

МЕН УШИН ОРНЫ БӨЛЕК ЕДІ

Менен үш жас үлкендігі бар Мираш ағамен Қызылту ауданының орталығы Кішкенекөл орта мектебінде бірге оқыдым. Біздермен сол жылдары Қазақстанның халық жазушысы Сәкен сері Жұнісов, қазактың атакты балуаны Ахметжан Қазымбетов, белгілі зангер, Қекшетау қаласының бұрынғы прокуроры Қазбек Құлышев, тағы басқа азаматтар да қатар білім алды. Осы жандардың бәрінің де мен ушін орны ерекше еді. Бір өкініштісі, жоғарыда есімдері аталған тәрт адам да казір арамызда жоқ. Біреулері ерте, біреулері бертін кете барды бұл дүниеден.

Ал, сол өзіміз оку бітірген 1952-1953 жылдары барлығымыз да албырт көніліміз асын-тасып, балауса арманның жетегінде едік. Бұйығы жатқан қазақ ауылдарының да тың келіп, бүр сіл-кінуіне аз-ақ уақыт қалған. Қазір кейбіреулер тек жаман жағын

көргөнімен, тыңның бізге көп жақсылықтар да әкелгені белгілі. Ол болмаса, бүтінгідей ел болып есу, жетілу қайда?!. Сондықтан да, кейде әр нәрсеге түзу көзқараспен қараған да жөн сияқты. Рас, оның керегар жақтары да болмады емес, болды. Оны осы біздің маңайымызыдағы «Толбухин» сияқты шаруашылықтарда орын алған кей оқиғалардан Сәкен сері де «Жапандарғы жалғыз үйде» тартымды етіп суреттей білді. Ал, енді бір сыныпта қатар оқыған біздердің сол тұста біреуіміз үлкен, біреуіміз кіші болып келетін жас ерекшеліктерімізге келсек, оның бәрі балалығымызды жалмап, жастығымызды жазым еткен сүм соғыстың зардабынан еді. «Бәрі майдан, бәрі Женіс үшін!» деп ауылда да үйқы-күлкі көрмеген сол қаһарлы жылдары балаға да уақытында мектепке бара қою қайда! Мираш та, өз құралпыларынан кештеу қалған, өзгелер де соны айтып отыратуғын.

— Ныға, сол күндердің бетін енді аулақ қылсын, — деуші еді бертін басымыз қосыла қалғанда. — Балада да өз тұғандарыңа, ет жақындарыңа деген сағыныштың өзі солай боларын кім білген. Осы органшы нағашым майданнан келе жатыр деп хабар тигендеге, ауданнан келетін сүрлеу жолдың бойымен екі өклемді қолыма алғып, құстай үшіп жүгіргенім-ай.

Бұл — Мираштың ақықат сөзі. Сол бір көnlілдің жадау күндері өзіміз де бастан кешкен жағдай, сарытап сағыныш. Өмірде неғізінен ақжарқындығы, жайдарлылығы басым азамат өткені жайлыш осылай толғанғанда, оның да есіне жоқшылық, таршылықпен ербіген балалық шағы, «халық жауы» атанип, келмеске кеткен әке, ен далада өзегі талып, өгіз жетелеген ауыр күндердің түсіп отырғанын сезетінмін.

Жақсы нағашының қолында есті дегенімізбен, бұл да Мирашты да қын тағдырдың көп еркелете қоймағандығының белгісі. Дегенмен, осылай ептеп жетілдік. Өзім елім сол жер болғандықтан, мектептен кейін осы Ұялыда еңбекке араластым. Қазақтың қара баласының бәріне бірдей окуды жазып қоймағаны анық. Ауылда да жұмыс қолы керек. Мираштар болса, бір топ жігіт арман куып, Қарғандыға аттанды деп естігем. Жағдайға қарай Алматы кеткендері де бар. Содан күндердің күні осы Ұялының қотанында бір-бірімізді бас салып құшақтап, ойламаған жерден Мираш екеміз қайта кездесіп қалдық.

Бұл —нағашысы Қажым Мұсіповтың тың игеруге байланысты

біздің «Ұялыш» колхозына басқарма төрағасы болып келіп, елдегі жұмыстың бәрін өз қолына алғып жатқан кезі. Содан кейін көп ұзамай Мирап та біржола осы ауылға тұрактап, үй-күй болды, мектепте ұстаздық қызметін бастады. Оның алдында бұл азаматтың бір жылдай кітапханашы болып істегенін де хабардармын. Ол бір қазіргідей емес, білім, мәдениет салаларында ер адамдардың қарасы басымдау түсіп жататын кез еді. Кітапханашымын деп сондықтан, Мирап та арланған жок. Қайта осы бірер жылды өзі үшін тиімді пайдаланып, халық ауыз әдебиетімен, сол кездегі белді қазақ, орыс жазушыларының шығармаларымен жете сузындағанын артынан талай аңгарып, талай тәнті болды.

Кешегі сыныптас дос, әрі жас жағынан алсақ, аз-мұз үлкендігі бар Мирекенмен де осылай бір ауыл, бір шаруашылықта қанша жылдарымыз өте шықты. Мен жабдықтаушы болсам, ол мектепте жақсы санаттағы ұстаз. Он баламның бәрі дерлік алдынан тәлімді тәрбие алды. Өзі де Қайыркеш екеуі осынша ұлқызды қатарға қосқандықтан, бұл жағынан да бір-бірімізді жақсы түсінетінбіз. Осыншама баланың бар ауыртпалығы бір өздерінің мойнында болғаннан кейін әсіресе, сол балалардың жас кезінде Мирап та, Қайыркеш те бір босансуды білмеді десем, артық емес. Өз басымыздағы да жағдай ғой, бірі – ұстаз, бірі – сонда еден жуушы, екеуі де таңтертеңнен кешке дейін мектепте жүрді. Соның бәрі қайткенде де сол балаларды ер жеткізіп, адам қылудың қамы еді.

Рас, табиғатынан жұмсақ, жайдары, терісі кен болғанымен, Мирекен де керек жерінде бала тәрбиесінде осы мейірімділік пен қаталдықты бірге үлтастырғаны анық. Өйткені, бетіне қарап күле берсөң, бала екеш бала да оны арқаланып алатыны белгілі жәй. Сондықтан, бұл үйдегі балалардың осы күні құдайға шүкір, біреудің ала жібін аттамайтын тәртілті де тәрбиелі, нағыз азамат болып ер жетуі сол кезде Қайыркеш екеуінің берген өнегелі тәлім-тәрбиесінің арқасы екендігі даусыз. Соңғы кездері көзі тірісінде өзі де:

– Осы балаларымның тек азамат болғанын көрсем, – деп айтып қалушы еді.

Онысы бүгінде жүзеге асты. Мирап туралы жазғанда, өзінің бір кездегі арманы – сол үшін де қуанамын. Адамның өмірі жасаған жасымен емес, артында қалдырган ісімен өлшенеді де-

ген де сөз бар. Бұл жағынан Мираш бақытты адам. Жер бетінде жарқын ізі де, жалғасты ұрпағы да қалды. Өзің осылай қымбат көретін жандардың жарқын бейнесі сенің де жадыннан сірә, өшер ме?!

*Негмет СЫЗДЫҚОВ,
енбек ардагері.*

Ұялы ауылы,
Ақжар ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

АСЫЛДЫҢ ТҰЯҒЫ

Мен өз басым шын көңілден Мираш Хамзахметұлы жөнінде осылай дер едім. Өйткені, өз ұғымымда 1937 жылы алғашқылардың бірі болып сталиндік репрессияға ұшыраган, сөйтіп, ешбір жазығы болмаса да атылып кеткен оның экесі Хамзахмет сондай асылдар қатарынан екені айдан анық. Төтеден келген ажалдан да қаймықтай, арманда кеткен есіл ердің тұяғы Мирашпен көп жыл бірге қызмет істегенімде байқағаным, оның бойындағы адалдық, еңбеккорлық, кішіпейілділік сияқты ізгі қасиеттер осы экесі мен анасының ақ сүтінен де дарыған болтуы керек.

Әрине, Мираштың ел таныған азамат болып қалыптасуында, өмірден қашан ақырғы демі таусылғанша сол биік парасатымен өтуінде би, болыс болған арғы аталарының да игі қасиеттері жатқандығы сөзсіз. Біз бәріміз оны өзі оқытатын тарих пәнін өте жетік білетіндігі үшін де қадірлей түсетінбіз. Осыған бойындағы адами жақсы мінез-құлқы да қосыла келе, Мираш Хамзахметұлы тұтастай педагогикалық ұжымымызға үлгі етер дәрежеге котерілген бір асыл замандастымыз болатын.

Ол менен бірер жас қана үлкен болғандықтан, екеуміз өзімізді құрдастардай сезініп, сөзіміз де, әзіліміз де жараса түскен кездеріміз аз емес. Туган елде “бір терінің пүшпағын илеп”, бірге еңбек еткен қаншама жылда ондай сэттердің қайсыбірін айтарсын. Тек бірде мен де көп жылғы ұстаздық үлгілі қызметім үшін “Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі” құрметті атағына ие болғанымда:

– Мұхамедияр, тарихшы болуды талай адамның мандайына жаза бергенмен, кез-келген жан математик бола бермейді. Бұл аса қыын, көп ойлау қабілетін талап ететін пән. Сондықтан, сенің осы атакқа қол жеткізгендіңде ете қуаныштымын, – деп шын көнілден сол жетістігінді бөліскенін айта кетсем деймін. Бұл оның жүргегінің кеңдігінің, басқаның табысына да өз табысындағы ортақтаса білетіндігінің белгісі еді.

Өмірден ерте кеткен эке арманың өзінің жақсы істерімен алға алара білген асылдың тұяғы Мираш туралы айта берсек, әлі де не-бір игі сөздер табуға болады. Бірақ, аз сөйлейік, көп сөйлейік, ол біздің жүргемізде әрқашанда сол жайдары, өмірге құштар, ізгілігі мол азсал азамат қалпында қала беретіні даусыз.

*Мұхамедияр ШӘПЕНОВ,
Қазақстан Республикасының білім беру
ісінің үздігі, қарт ұстаз.*

Астана қаласы.

ТЕК ЖАҚСЫ СӨЗ ЖАРАСАДЫ

1963 жыл. Жаңа оку жылышың қарсаны. Бұрын мектепте өзіме сабақ берген ұстазым, сол кезде Ұялы орта мектебінің директоры болып қызмет істеп жүрген марқұм Солтан Әлжанов ағай мені Қызылтудың көшесінде кездестіре кетті де:

- Өбу, окуынды бітірдің бе? – деді салған жерден.
- Иә, аға, бітірдім. Бірақ, жұмыс таба алмай жүргенім, – дедім мен күмілжік...

Ал, осыған дейін өмір жолымның өзі былай қалыптасқан еді. Озімнің кіндік қаным тамып, туған жерім Омбы облысы Москален қуданының Тұнба атты ауылы. Ауыл болғанда қандай! Жанындағы колдің аты Тұнба, сондықтан, ауыл да солай аталған. Табиғаты да коркем. Ол кезде әлі қанша дегенмен, коршаган органың өз қалшын сақтап, бүтінгідей сүйылып түрмаган кезі гой. Томар дегеніңіз сол томар, өзен-көлініз, ауылдың жанындағы ағашының сол ағаш. Қазір гой, бәрі өзгеріп, баяғы жағдайды қимас сезіммен еске алатынын.

Сонымен, сол Тұнба ауылында есіп-өніп, ер жеттік. Балалық әнде дәурен, жасөспірім шақ айта берсөн көп әңгіме. Жанымызда

Шарбакқөл, Есілкөл деген қазақ ауылдары. 1939 жылы әкем Мұрат әскерге алынып, содан 1941 жылы соғысқа кірген екен. Сол қайтпас сапарға менің шыр етіп, жана туып жатқан кезімде кетіп, 1943 жылы қара қағаз келгенде, 4-5 жасар баланың да есінде сол қаралы күннің еміс-еміс сақталып қалғанына әлі таңмын. Соғысқа дейін әкеміз барында өзіміз салып кірген жатаған там. Жагалай отырған кісілердің жылап-сықтап, анам болса дауыс көтеріп, зар еніреп жатқаны кәдімгідей көз алдында әжептәуір қалып қойыпты.

Содан не керек, жетімдік бізді де айналып өтпей, жоқ-жітікпен ер жеттік. Бәрін айтып қайтем, Қызылтуда нағашымның қолында Кішкенекөл орта мектебін бітірдім. Нағашы деген құдайдың берген бір таяныши ғой, өмірден тарығатындей-ақ жағдайым болса да, тақа ештенеден тарықтырмады. Әрине, үлде мен бұлдеге бөлентен жоккызы, сонда да талпынып жүріп, келер күнге лектік.

1957 жылы білімге деген құштарлығым сол жетімдікті де, өзге қыныштылықтардың да бәрін женгізіп, Петропавл педагогикалық институтына окута түстім. Таңдағаным – физика-математика бөлімі. Қобі ат тонын ала қашатын қын бөлім, бірақ, жастайымнан есепке жакын болғандықтан, өзіме сондай ұнайтын еді.

Осы арада бір айта кететін жай, өзім бүгін аруагы, жарқын тұлғасы үшін қолыма қалам алып отырған Мираганның да тағдыры менімен ұксас-ау деп ойлаймын кейде. Өйткені, қараныз, екеуміз де тағдыр-талайымыз солай жазған соң, нағашыларымыздың қолында оқыдық, солар бізді өмірдің өріне жетеледі. Қанша айтқанмен, әйтеуір, тағдырымызда бір сабактастық бары анық. Ол да, мен де түптеп келгенде, мұғалім мамандығын таңдаппсыз. Содан кейін де құдай айдал өмір, еңбек жолымыздың бір түйіскені, бәрі де текten-тек емес сияқты...

1962 жылы жоғарыдағы институты ойдағыдай бітіріп, жолда мамен Алабота, казіргі Аққұдық орта мектебіне бардым. Бүгінде Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданына қарайтын ол ауыл да сол кезде Қызылту ауданының көп елді мекенінің бірі болатын. Осы арада, әр заманның өз теке-тіресі болады дегендей, мына бір жағдайларды да айта кетпей болмас. Себебі, бүгінде тәуелсіз ел дегенді масайрап ауызға көп алғанымызбен, оның шын қадірін біле бермейтініміз де бар. Ал, ол кезде нақтырак айтқанда, алпысыншы жылдардың өзінде мынадай сорақылықтарды да ба-

сымыздан кешіп, ләм деп ештеге дей алмайтынбыз. Сол егуінші жылдардың соңы, алпысыншы жылдардың басында мен оқыған Петропавл институтында Сарбаев деген бір-ақ қазак мұғалімі болды. Неге екенін, физматқа қазак балалары өте аз баратын. Біз окуга түскен жылы да табаны күректей 130 баланың бесеуі-ақ қазак еді. Оның ішінде қыз баланы ырымға атымен таптайтынсыз.

Жә, сонымен, Алаботада мұғалім болып бір жыл істедім де, жазда бәрібір Қызылтуға тарттым. Ойым – енді ел жақтан ыңғайлыш бір жұмыс қарастыру. Ұстазыма көшеде кездесіп қалғаным да сол түстағой.

– Әбу, шырағым, – деді әлгі жерде менің жағдайыма қанықкан Солтан ағай, – сен енді жұмыс іздел әуре болма. Қызылту не, Ұялы не?.. Одан да менімен жүріп, біздің мектепте мұғалім бол, айналайын. Бізге де білімді жас кадрлар керек, сөйтіе гой, ауылына да бір табан жақын емес пе...

Сейтіп, ұстаз меселін қайтара алмай, Ұялыдан бір-ақ шықтым. Һарсам, сол кездің өзінде көбі институт бітірген өңкей ығай мен сыйай аға-апайлар екен. Мектеп ұжымының негізін құрайтын Жексенбай Нәжімеденов, ерлі-зайыпты Сейфолла және Үміт Қажкеновтар, Мираш Мұсіпов, Рахым Ауганов, Галина Павловна Симонова, тағы басқа мұғалімдермен таныстырым солай басталды. Оған да міне, құдай қаласа, 44 жылдың жүзі болыпты. Есіл уақытта тоқтау бар ма. Кейін ағалы-інілі, бауырдай сыйласып, жұбымыз жазылмаған осы аяулы жандардың да көбі бүтін арамызда жок. Ал, ол кезде төнірекке аты дүрілдеп түрган Ұялы орта мектебінің бар жақсы атағын солар шығарып еді. Аға ұрпак екілдері! Олардың бала оқыту ісінде өз-өздеріне қойған талабы, мойнына алған жауапкершілік жүгі өте жоғары болатын. Кейін мектеп директоры бола жүріп, кейде сол Мираш Хамзахметұлының сабакқа даярлық жоспарына да көз салғанымда, бәрі рет-ретімен тізіліп жазылып тұрушы еді.

Осындағы білікті, тәжірибелі ұжыммен маган әуелі оку ісінің менгерушісі, артынан бірінші басшы ретінде көп жыл тізе косып, бірге жұмыс істеуіме тұра келді. Ол жылдардың қай-қайсысы да біз үшін жеміссіз болған жоқ. Ең алдымен, Ұялы мектебінің өзін кезінде қарамағынан Ленинград, Ленин, Уәлиханов сияқты үш бірлесіріп аудан енші алып, белініп шыққан бүкіл Қызылту өніріндегі байырғы оку орындарының бірі десе де болады. Сонау 1957 жылы

орта мектепке айналса, оған да биыл тұп-тура 50 жылдың жүзі болып қалған екен. Осыдан-ақ, бұл мектептің өз кезіндегі күшмүмкіндігін сараптай беріңіз. Кей жылдары бала саны 700-ге дейін барып, әр сынып қос-қостан, кейде тіпті, үшеу-төртеуден болған Ұялыға төніректегі қай ауылдың баласы келіп оқымағы дейсіз. Ауданның өзіндегі шағын елді мекендерден интернатта жатқандарын былай қойғанда, көршілес Омбы облысы Одесса ауданының да тұрғындары өз ұл-қыздарын бізде оқытқанды жөн көретін. Неге десеніз, оларға сол балаларды 18 шақырым жердегі өз мектептеріне апарғаннан да, 3 шақырымда жатқан бізге әкелген әлдекайда тиімді еді. Бір жылы тіпті, мектебімізді 83 бала бітіріп, қемелеттік аттестат алғаны да есімізде.

Әрі осы күні ойлап отырсам, сол түлектердің көбі Ресейдің Омбы, Новосібір қалаларындағы жоғары оқу орындарына дейін қиналмай оқуға түсе беретін.

Неге десеніз, жоғарыда айтқанымдай, мұғалімдеріміз білікті, де қабілетті болатын. Содан барып бұл мектептен дыбыстан да жылдам үшатын әскери үшакқа шейін бағындырған үшқыш та, басқа да әртүрлі жоғары білімді мамандық иелері өте көп шыққан. Осы арада олардың бәрінің аты-жөнін түстеп жатудың өзі біраз уақыт алары шындық. Соңда да өзіміздің көз алдымызда оқыған үш шәкіртімізді ерекше атая кетсем деймін. Олар Абай Мырзахметов атындағы Қекшетау мемлекеттік университетінің экология кафедрасының менгерушісі Саягүл Жапарова, Алматы аграрлық институтының аға оқытушысы Ермек Оқанов және Қарағандыдан Қазбек Нұралин. Бұлардың үшеуі де болашактары әлі алда техника ғылымдарының кандидаттары. Эрине, бір мектептен бір саладан үш бірдей ғылым кандидатының шыққанына оларға өзгелермен бірге математика пәнінен дәріс берген мен де неге қуанбаймын?! Сөз жок, қуанамын.

Міне, бұл күндері өтпелі кезеңдегі қызындықтармен ауыл анда-мында тарап, кешегіден бала саны эжептәуір сирексіп қалған мектебіміз кезінде осындағы еді. Айта берсөң, бәрі тарих қой. 1972 жылы екі қабатты өңсөлі жаңа мектеп үйі салынып, оқу-тәрбие жұмысының тиімділігі тіпті, арта түсті. Келіп, кетіп жатқан шәкірттер легімен біздің аға мұғалімдеріміз де арқаны кеңге салмай, сеніп тапсырылған іске әрдайым жауапкершілікпен қарумен болды. Солардың бірі – жатқан жерің жайлы болғыр біздің Мираган

еді. Сабағын үнемі ізденіспен мазмұнды өткіzetін. Оқушыларды қызықтырып, тарта білсе, тарих пәні әсерлі пәннің біреуі емес пе. Ана дәуір, мына дәуірдің қылыш-қылыш кезендері ойында жатқа жүретін бұл кісі соны ерінбей-жалақпай бала көкірегіне құюмен болатын-ды. Терісінің кендігі сондай, әртүрлі жағдайлардың өзінде бір қабақ шытпайды-ау. Тіпті болмаған соң:

— Мираға, кейде азырак қатуланып қоймайсыз ба? — деймін болага арасында қаталдық та керек дегенді мензеп.

— Жоға, — деп күледі сонда.

Содан да шығар, аяулы ұстаздың бір кездे алдын көрген шәкірттері әлі күнге есімін құрметпен ауызға алып, мактаумен жүреді. Осындайда ақжарқындығы, әзілшілдігі басым ағаның кей-бір тауып кететін сөздерінің де сап етіп ойға орала қалатыны бар. Жұмыс бабымен әртүрлі жағдайлар болған соң, бір көніл күйін бір көніл күйінмен дөп келе бермейді. Кей күні жасыратыны жоқ, өзінен үлкен басшылардан орынды-орынсыз сөз де естіп, қабағың түсіп ұжылды жинастын. Сондай бір жолы азырак ашуға да барып қалсам керек, кенет анадай отырған Мирағаң бәрімізді осы қолайсыздықтан алып шыққысы келіп:

— Жігіттер, қарандаршы, директорымыз күлейін деп отыр, — деуі мұн екен, мына құтпеген сезге не істерімді білмей, өз-өзімнен мырс етіп күліп жіберіппін. Мұныма қосыла күлген басқалар да әлгі жерде арқалары кеңіп, арқа-жарқа қауқылдасып, мен де өз сабама түсіп, түк болмағандай жайдары қалыппен отырысымызды әрі жалғастырып кете барып едік.

Айналасына жан шуағын осылай төтетін сол Мираш Хамзахметұлымен, өзі осылай жігіттің сарбазы болған соңекі үйдің біріндей араласып, дәм-тұзымыз жарасып кетті. Бір-біріміздің қызықтарымыздан қалмай, қашан болсын, тілектес, ниеттес көнілде жүретінбіз. Эрине, кейде ана іс, мына істің қиуы келмей жататын жұмыс бабы бір басқа. Онда да әрненің жөнін жақсы білетін, ар-ұяты мол аға буын өздеріне қамшы салдырмайтын. Тағы бір айта кететін жағдай, мектебімізде 10 коммунистен тұратын бастауыш партия үйымы болды. Бірақ, солардың ішінде Мираш ағамыз жоқ-ты. Кім білсін, әлде, сонау зұлмат жылдары әкесі Хамзахметтің күғын-сүргінге ұшыратып, ақыры, жоқ қылыштын қеңес інкіметіне іштей іреніші болды ма, эйтеуір, жұмысында жақсы жағынан аталып, әу бастан соган қанша мүмкіншілігі болса да,

партия мүшелігіне өтпей кетті. Бірак, соған қарамастан, бағы жаңыл, аудандығы қашшама білім қызметкерлерінің ішінен сол кездегі Отанымыздың ең жоғары үкімет наградаларының бірі – «Құрмет Белгісі» орденін алтын өз басым халық ағарту саласындағы көп жылғы адап еңбегінің жемісі деп білемін.

Ол тұста да мен Ұялыда мектеп директоры едім. Бір қуні кабинетімде отыр ем, аудандық оқу бөлімінен «сіздерден бір мұғалімді орденге ұсынуымыз керек, соған қандай ойыныз бар, бізге тез хабарласыныз» деп телефон шалды. Әлгі жерде әрі-бері ойланған келе, бұл наградага Мирап ағамызды лайық көріп, күжаттарын дайындаған, тез жіберіп едік, ақыры, онымыз құтты болды. Кейін орденді аудан орталығында өткен салтанатты жиында аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Дмитрий Пантелеевич Гиряның өзі тапсырып, жалғыз ұяльшықтар емес, бүкіл аудан педагогтарының мерейі өсіп қалғаны әлі күнге дейін көз алдыма.

Айта берсе, мұның да жөні бар еді. Ол жылдары жалпы, ауыл еңбеккерлеріне орден-медаль көп тигенімен, мәдениет, білім, денсаулық сактау салалары қызметкерлеріне соның ітуде бірен-саралыған бүйіратьын. Өз басым 1979 жылдан 1986 жылға дейін Ленин аудандық оқу бөлімінің менгерушісі болып қызмет істеп тұрғанымда аудан орталығы Талшық кентінен математика пәнінің оқытушысы, ұлағатты ұстаз Тенілік Құсайынқызы Құрмансалықованың ғана Еңбек Қызыл Ту орденін алғанын білемін. Ауданда атына заты саймықты мұғалімдер баршылық, соларды ұсынбайық дедік пе? Бірак, оған қашшама ойласақ та, мүмкіншілік туда бермейтін. Дегенмен, өзімнің мектеп, оқу бөліміне жетекшілік өткен жылдарымда тым болмаса, осы екі өнегелі ұстаздың өз омырауларына орден тағып, мәртебелерінің биіктен көрінүіне аз-мұз септігімнің тигеніне өзімді куанышты санайтыным анық.

Жалғыз мұғалімнің азын-аулақ жалақысымен он бірдей баланы есіру, оқытып, киіндіру Мираған мен Қайыркеш жеңгейге де онай сокпайтын. Соны біліп ара-арасында шама келгенше көмектесіп қоямын. Ол үшін бірде беретін сабағының сағаттарын көбейтсем, бірде қолы шебер болған соң, еңбек пәнін де осы ағамыз жүргізсін деймін. Бұған өзге мұғалімдер де ләм деп ештеңе айтпайды, бәрі түсінеді. Ал, Мирап Хамзахметұлының өзі болса, осының бәрінің жауапкершілігін терең сезініп, ешқашан жұмысына бір қылау түсірмейді.

Сейтіп жүріп өсіріп-өндірген балаларының алды бүгінде ел мақтанышы. Өзімнің көп жылғы педагогикалық тәжірибемде көнілге түйгенім, кез-келген баланың өртөн түзу ер жетіп, адам болуы жасынан берген тәрбиеге, сосын өз сүбесіне байланысты. Кейде осы Мирағаның үйінде бола қалғанда, он ұл-қыздың бір артық дыбысы да шықпайтын. Әр бала өз шаруасын ғана біліп, монтиып жүруші еді. Енді міне, кішкентайларынан бойларына сіңген сол жақсы ғадет азамат етіп шығарып, Қайраттар бір атаның смес, бүкіл елдің баласы болып жүр.

Соның бәріне кешегі әкелерін көзім көріп, талай жыл аралас-куралас бірге қызмет істеген осы өңірдің бір перзенті ретінде шын жүректен қуанамын. Ел алдында елеулі еңбегі, артында қалған алтын асықтай ұрпақтары мен жұздеген шәкірттері, біз еске алар асыл қасиеттері бар Мираш Хамзахметұлындај жандарға айта берсөң, тек жақсы сез жарасады. Ендеше, атадан балага жетіп, үрпақтан үрпаққа жалғасар сол жақсы, жылы сез осындај асыл ағамыздың аруағын мәнгі тербетіп тұрады деп ойлаймыз.

Әбу ИЛИЯСОВ,

Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі, еңбек ардағері.

Көкшетау қаласы.

ӨМІРДЕН КЕТСЕ ДЕ, КӨНІЛДЕН КЕТПЕЙДІ

Күні кеше бірге қызмет істеп, бірге ойнап-күліп жүрген әріптестеріңің де қатары сирей түсіп, жүйрік уақыт өз дегени-не көндірген сайын солар жайлы елегізу, жарқын бейнелерін, естен кетпес кей қызықтарын жиі ойға алу өмір зандылығы ма леймін. Жасы ұлғайған адам неге екені белгісіз, артына көп қарайлағыш келеді. Кешегі бүкіл өмірің әлі алда сияқты көрініп, жалындаған еңбекпен ете шыққан жастық шағын, одан бергі де сырғып өткен бұйрықты жылдарың бір нәрсеге шүкіршілік ет-кізірі тағы бар мұндайда. Ол – осынау пешенеңе жазған азды-көпті уақыт аралығында қызметте, одан тыс жерлерде болсын, талай жақсы адамдармен дәмдес, сыйлас болып, бірге еңбек етіп, бірге ойнап-күліп жүріп-тұруың, солардың мына жарық

дүниені шексіз сүйе білген жан шуағына, сенің де сырт қалмай, бірге бөленуін.

Кейде осылай деп бір қанағат, бір сағыныш сезімімен сол өткен күндерді ойлап кеткенде, менің есіме әрине, алдымен өзім өсіп-өнген Ұялымның шаңдақ көшесі түседі. Бұл арада мүмкін шаңдақ деу де артық болар. Өйткені, техниканың қазіргідей көл-кесір кезі емес, әлі аз заманында қара жол, қара сүрлеуден де ауылдың көк шалғын, көк майсасы басым еді гой. Сол көк шөптө әлі есімде, көбіне өрістен мал келер тұста айнала малдас құрып отырып алған үлкендер балаларды бір-бірімен құрестіріп қойып, қызығына батқанды ұнататын. Біз, малдың алдынан шықкан өзіміз құралпы қыздар да осының бәрін көріп тұрган соң, көзімізді ала алмай со-лай қарай жақындал, ақырынған әліптің артын бағушы едік. Со-лай ауылдың сан суретіне қанығып өскен албырт жас шағымыз барды да, жоқты да көріп, елдің көз алдында есейе бердік.

Кезінде үй ішін Омбыдан Ұялыға көшіріп әкелген Хамзे ата-мыз заман ынғайын сезіп, не болса да балаларының ел ішіне қарай жақындағанын жөн көрсе керек. Сол шапағатпен үлкендер жагы білсе де, біздер біле бермейтін осы бір құтты мекенімізben табыстық. Оның жеті жылдық мектебі өзімізге білім жолындағы алғашқы баспадақ болды. Ал, одан эрі оқымын деген балаға ол кезде төңіректегі мектеп біткеннің үлкені– Кішкенекөл қазақ орта мектебі де құшағын жайып, дайын тұратын. Сол мектептің 1955 жылғы түлегі біз де міне, енді ойлап отырсақ, жетпіске таяп қалыпты. Соның ішінде Қызылжар қазақ педагогикалық училищесінің мұғалім дипломын алып, Ұялыда басталған еңбек жолым, ара-арасында Мәскеу жоғары комсомол мектебінде оқып, аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болған аз уақытты қоспағанда, 40 жылдан асып түседі екен.

Соның бәрінде дерлік бір жағынан қадірменді әріптесім, бір жағынан ақылшы ағам Мираш Хамзахметұлымен осы Ұялы мектебінде бірге қызметтес болып, жас үрпакқа білім мен тәрбие берудің ауыр жүгін бірге көтерісуімді өзімі үлкен абырой санаймын. Неге десеніз, бұл кісі «ұстаз» деген ардакты атқа қай жағынан алып қарасаныз да әбден лайық, нағыз бала жаңын, адам жаңын түсіну үшін жаратылған кеңпейіл, ұғымы мол жан еді. Ал, мұндай адамдармен әсіресе, қызығы да, қындығы да жетерлік білім сала-сында бірге қызмет істеу кімге болсын женіл түсіл, мұның өзі сай-

ып келгенде, ұжымның моральдық-психологиялық ахуалына да он әсерін тигізіп жататынын талай көрдік. Бұған Мирағаның тұмысынан қайрымының молдығы, үнемі кісіге «болсын» деп тұратын ақ жүректілігі, жеке басының мәдениеті мен ойнап-құліп жүретін жайдарлылығы да көп көмектесетін. Бұл ретте, өзімді осы Ұялының қызымын деп білетін маган ол кісінің әсіресе, «қарындастырын» деп жақын тартатын бір ауыз жылы сезінің өзі қатты әсер етіл, көнілімді көтеріп тастаушы еді. Біздің қазак қыздары ол тұста көбіне ұяндығынан, шетке шығып көрмеген тартыншақтығынан ба, ауыл-үйдің арасынан алысқа ұзап кете қоймайтын. Алла берген қайсарлау мінезімнен шығар, ез басым елуінші жылдардың аяғы, алпысыншы жылдардың басында талайды таңырқатып, Мәскеуге бірақ шығандап кеттім. Алайда, сондағы екінің бірінің қолы жете бермейтін окуымды да ойдағыдай аяқтап, жауапты қызметте де істегеніммен, тұрмыс құруыма байланысты бәрін тастап, ауылға оралуыма тура келді. Онда да менің келешегіме алаңдап:

— Осы бетпен кете берсең Құлбағиса, ертең партия, кенес қызметіне де өсетініңе еш күмән жоқ еді. Бірақ, мектепке, өз ортамызға оралғаның да дұрыс болған. Сәнін өзі келтіретін мына тіршіліктे әйел адамның міндеті біле-білсөн қызмет емес, одан да өз ошағын тұзу ұстап, адал жар болу, бала тәрбиелеп, аналық парызын орындау. Байқаймын, Әбу жақсы жігіт. Сондыктан да, аған екеуіне бақыт тілейді, — деп игі тілекестігін білдіргеннің бірі осы Мираш ағай еді.

Ол кезде біздей жас мұгалімдерді осы мамандықтың қырсына бойлатқан, қолтығымыздан демеп, қамқор болған агалардың қай-қайсысы да білім, адамгершілігі жағынан шоқтықтары шын биік болатын. Өзімізден әрі кетсе бес-алты жас үлкен сол жандар қазіргі толып кеткен «сайда саны, құмда ізі жок» дипломы барлардай емес, өз кәсіпперіне ойланып-толғанып, саналы түрде келгендіктен, жұмыстарын да жан-тәнімен атқарып, жауапкершілікті терең сезінгендіктен бе еken, бізге әйттеуір, осында ертеден келе жатқан адамдардай көрінетін. Мұнын өзі ұжымда бір-бірімізге деген сыйластық, әркім өз орнын білу ахуалын туғызып, сол тұстағы Ұялы орта мектебі қашанда аудан оқу орындары арасында өзінің жаңашылдығымен, үйимшылдығымен дараланғанын да айта кетсек артық болмайды.

Мәселен, осы күні бұл мектепте бола қалған адам жалпы, Үлкен Қарой жерінде ағаш сирек кездескенімен, Ұялының өзбасы сияқты,

оның мектебінің де айналасы ішінде тал, терегі, алма ағашына дейін бар қалып бакқа тұнып тұрганын байқар еді. Міне, соның алғаш негізін қалаган сонау алпысыншы жылдары біздер едік. Оны қойып, ауданда алғашқылардың бірі болып мектеп жанынан стадион салған кез де есімізде. Кейін мектебіміздің оқушылар өндірістік бригадасының да айы оқынан туып, аудан, облыста жүлделі орындарды бермегені тағы бар. Эрі мысал ретінде мен айтып отырған бұл жетістіктер сол жылдары оку орнымыздың мәрейін асырган көп істердің тек бірен-сараны гана.

Мұның бәрі рас, мектептен тыс жұмыстар болса, білім сапасынан да ұялылық ұстаздардың үтқа қалып көрген кезі жок-ты. Тұлекторіміз еңбекке араласқысы келгендері еңбекке араласып, окуға тұскісі келгендері окуға тұсіп, үнемі шоктығымызды өсіріп жататын. Өсіреле, жетпісінші жылдардан бастап шәкірттеріміз орта арнаулы және жогары оку орындарына көтеп барып, үй іштерін, өздерін үлкен өмірге қанат қақтырған біздерді де қуантып келетін. Жастардың осы тұста білімге жаппай талпынуы да түсінікті еді. Өйткені, оку деген ол кезде тегін, ел тұрмысы да жақсара түскен шак.

Мектепте де, ойын-той, мерекелерде де әрдайым бір үйдің басындағы бірге жүріп, бірге тұрған қайран, ағалар-ай! Алтын ұя – мектебіміздің өзіміз білетін біраз жетістігін айтып, осы марқайып жатқанымыздың өзі де біле-білсек, сол кіслердің арқасы ғой. Өйткені, негіз болмаса, ол табыстар қайдан келеді?! Ал, орта мектеп атанғанының өзіне биыл аттай елу бір жылға аяқ басқан біздің білім ордасының сондай негізі, басты құші қазақ сыныптарында орыс тілі мен әдебиеті пәннінен сабак берген арамыздығы ең үлкеніміз Раҳым Ауганов ағамыздан бастап тарих пәннің оқытушысы Мираш Мұсіпов, қазақ тілі мен әдебиетінің маманы Жексенбай Нәжімеденов, тағы бір әдебиетшіміз Сейфолла Қажыкенов сияқты аға буын ұстаздар болатын. Осындаida жөпелдемеде кейбір әріптестеріміздің есімі ауызга түспей жатуы да мүмкін. Оған ғафу өтіне отырып, өзім үшін барлығы да бірдей, барлығы да ыстық осы аға-апаларымыздың шындаса қызық ағашты да тузердей сондагы сездерінің өтімділігіне, абырой-беделдерінің жоғарылығына тағы да бір риза болғандай боламын. Осы айтып жатқанымның шындығы сол, тіпті жоғары оку орындарынан мектебімізге жәнді бір ауыз қазақша білмей, орысша шүлдірлеп ке-

летін бүгінгінің кейбір ұл-қыздарының өзі мұндайда мысы басым осы агаларын көріп, тайсақтап, сыйлағаннан ана тіліміз бен салт-ғұрпымызға бетті тез бұра бастайтын. Өмірде өнегесі мол осындай жандарға сол жастарды былай қойғанда, агалық қамкорлықтары үшін қатар енбек еткен менің өзім қарыздармын десем, ешкім «неге?» дей қоймас. Өйткені, әрбір жанның бұл тірлікте тек осындай демеумен, сүйеумен ғана адам болып, жетіліп кетері, ел сенімін актары анық жай.

Сол жағы қолымыздан келсе, әрине, осыған ат салысқан айналамыздағы жақсы адамдардың бәріне де мын да бір рахмет. Мәселен, сондағы өзіме бақыт тілеген Мираш ағамның да бір ауыз жылы сөзі періштенің құлагына шалынып, жұбайым Әбу Мұратұлы екеуміз шынында да бақытты өмір сүрген екенбіз. Ол бақыттың білім беру саласында ұзақ жылдар бірге, жемісті еңбек еткеніміз, өміріміздің жалғасы – ұл-қызы есіріп, тәрбиелегеніміз. Тағдыр бірақ, саған ылғи күліл-ойнауды жазып қойған ба. Осы күні қанатымыз қайырылып, Әбекен екеуміз жылап-сықтап, Серігіміздің соңынан қалып отырғанда, кейде ойлаймын, кешегі көз көрген жаны шуақ, көңілі жаз Мираш агалар болса ғой, елмен бірге осы жағдайымызға қалай қамығар еді деп. Иә, өмірден кетсе де, көнілден кетпейтін асыл аға рухы енді шанырағында отырған Қайыркеш женгемізді, өзімнің мақтан тұтар шәкіртімнің бірі, ел ұланы Қайрат пен басқа балаларын да ойға алған істерінің бәрінде қолдап, желеп-жебеп жүрсін.

*Күлбагиса ЗЕЙНІШЕВА,
Қазақстан Республикасының білім беру
ісінің үздігі, қарт ұстаз.*

Көкшетау қаласы.

«МИРАФА» ДЕП ЕРКЕЛЕУШИ ЕДІМ

1961 жылы тамыз айының 17-сі күні Қызылту аудандық оқу бөлімінің жолдамасымен Ұялы орта мектебінде (ХХII партсъезд атындағы кеншар) мұғалім болып еңбек етуге бел буып, осы ауылға көшіп келдік. Бұл ауылда біздің білетініміз тек қана Мираш аға еді. Өйткені, ол кісі біздің елден болатын. Сондыктан, осы кісіні

жағалап, сол үйге тұсуге тұра келді. Ағаның өмірлік жан жары Қайыркеш жеңгейді бірінші рет көруіміз еді бұл. Әлгі жерде ағамыз берген женгеміз жылы жүзбен қарсы алғып, жағдайымызға қаныққан соң жік-жапар болып, «пәтер бергенше біздің үйде болындар» дегені бар ғой. Көніл деген осы да. Сонымен, ол үйде бір айдан астам уақыт бірге тұрып жаттық, алайда, ез алдымызға жеке баспана бола қоймады. Бұл үйде өздері де біраз жан. Қолдарында сол кезде екі жасар қызы Роза бар, Нұржан завуч (мектеп оку ісінің менгерушісі), Қайыркеш жеңгейдің бауыры Амантай да осында тұрады екен. Жағдай әлі киындау, ауылда пәтер жағы тапшы соғып тұрган кез. Бар болғаны бір жарым бөлме, өте тығыз. Солай бола тұра, жандары қалмаган аға-тәтеге рахметімізді айтЫП, қонысымызды уақытша Жәкуда деген ақсақалдың үйінің бір бөлмесіне ауыстырымызға тұра келді. Біз де үш жанбыз, ұлымыз Тельман 2 жаста. Бірақ, тап бір сол үйден енші алыш шыққандай, ағаның шаңырағынан қол үзіп кетпедік, жұмыс арасында, демалыс күндері сонда барып аунап-кунап, ойнап-күліп қатар жүретін болдық.

Міне, сол кезден бастап жандары жайсан, көнілдері кен, жарқын жүзді аға-женгемізben тіпті, бір туғандай болып кеттік. Біріміздің жоғымызды біріміз білдірмей, ауысып-түйісіп, өте жақын ниетте болдық. Бір мектепте бірге еңбек етеміз, оның үстіне алғаш осы ауылға көшіп келгенде сол үйге табан тірегеніміз тағы бар. Екі шаңырақта да нәрестелер дүниеге келе бастады. Ол үйде Қайрат, Қанат, Мағжан атты балалар туды. Мағжанның кіндік әке-шешесі біз болсақ, біздің Ғалымжан атты үшінші ұлымыздың кіндік әке-шешелері осы кіслер болды. Сейтіп, өзара мәз-майрам, тату-тәтті, аралас-құралас өмір сүрдік. Олар үлкен үй, біздер кіші үй болып, қыдырсақ бірге қыдырып, біріміздің қонағымызды біріміз шаңырысып, тонның ішкі бауындей өте жақын болып кеттік. Тіпті, оку жылы бітісімен жазғы демалыстарда тұған жұрттымыз Омбы облысы Шарбаққөл ауданының Жанан (Ескі Жанан деп те атайды), Айбас-Қопа ауылдарына балаларымызды ертіп, бірге барып-келіп жүрдік.

Осы күні ойлаймын, шіркін, соның бәрінде Мираш ағаның адамгершілігі, кісілігі, бауырмалдылығы мен өзін-өзі ұстауы қандай еді. Әсіресе, ел жаққа барғанда ерекше жайнап, жүзінен нұр төгіліп, бір түрлі қайраттанып кететін. Ондайда жақсы сөзі, эзіл-қалжыны да жанында, көнілінің әсем күйлері де шырқау биіктे. Тұған,

өскен топырағы ол кісіні осылай ерекше тебірентетін. 1966 жылы тамыздың 25-і күні бізді Ақтүйесай мектебіне ауыстырып, Хасен осында оқу ісінің менгерушісі болып келді. Әрине, «Карл Маркс» аталағын басқа кеңшар, енді аға-жөнгеден жырақ басқа жер. Бірақ, қарым-қатынасымыз сонда да үзілмей, жалғасып жатты.

Сол туыстық қалпының сақталып, кейін езімізге ыстық болып кеткен жаңа ортада ол кісілерді біз қарсы алсақ, езіміз қимай аттанған Ұялыда ол кісілер бізді қарсы алып жүрді. Қызылтудың кең жазира даласындағы төрг көзіміз түгел сол сыйлас, ниеттес күндер көкейден шығар ма. 1970 жылы Хасенді тағы да Озерный орта мектебіне директорлыққа жоғарылатып, осы кызметте үзбей 25 жыл істеп, зейнет демалысына шығысымен, 1995 жылдың 1 мамыр күні Қекшетау қаласына көшіп келдік. Заман қанша қын болды десек те, сол кезде де бір-бірімізді ұмытқан жоқпыш. Алайда, екі араның жер шалғайлығына байланысты бұрынғыдай емес, қатынасу сирек болғаны рас. Ал, көнілдің жақындығы, бір-бірімізге деген ықылас-пейілге келсек, ол сол қалпы өзгермеді. Өкінішке орай, Мирагам мен Хасен енді тек қызық көріп, бейнетінің зейнетін жақсы күндермен өткіземіз дегенде, бақиға аттанаңып кете барды.

Амал не, Алланың жазуы осылай болған шығар. Жыладық-сықтадық, бірақ, қолдан келер не шара. Үш жыл ағаның орнын жоқтатпай, елде отырған Қайыркеш женгей де кейін балаларының жанына Қекшетауға қоныс аударды. Енді осы әкелерінің жалғасы – артында қалған балаларымызға қайыр-жақсылығын тілеп, ұзак гүмір берсін, аспанымыз ашық, еліміз тыныш болсын дейміз. Осы жылдарда менің ойыма бір түйгенім, Мирагаға өзінің өмір жолында Қайыркештей адаптацияның жаңынан көздесуі қандай ғанибет болған. Бірін-бірі жарты сезден түсініп, 10 баланың ата-анасы атап, оларды мәпелеп, есіріп-өндіріп, қалаган білімдерін беріп, ер жеткізудің өзі үлкен ерлік, ерен жетістік қой деп ойлаймын. Әрі осы балалар қандай! Бәрі де тәртіпті, тәрбиелі, өмірден өз лайықты орындарын тапқан. Еңбек жанды деген осы да. Осының бәрі бір есептен ұстаз өнегесі, гүмір бойы жас үрпактың бойына білім нәрін себуден жалықпаған, осы жолда өзін тек жақсы қырынан көрсете білген Мираж ағаның тәлімі десек жарасып тұр. Қашанда бір-біріне мейірімділікпен, түсіністікпен қараган бұл кісілердің өзім білетін осы жылдардың ішінде бір-бірімен әлдебір нәрсеге

бет жыртысып, жұз шайысқандарын естімеппін де, көрмеппін де. Қазақта «үйлену оңай, үй болу қыын» деген ұлсы сөз бар ғой. Міне, кездескен сондай ауыртпалықтардың бәрін женіп, ұлken абырой, биікке көтерілген отбасында әсіреле, ағаның отырган жерін думанға бөлейтін түрлі әзіл сөздері мен қызық қылықтарын әлі күнгө ұмытпай еске алып, күліп отырамыз.

Осы арада Қайыркештің де ниеті сондай кең, үйлерінен осы күнге дейін келімді-кетімді кісілер үзілмейтінін, соларға барын тосып, қабақ шытпай күтіп алатынын айта кету керек. Сондықтан, қайырымды жандар дегендеге менің ойыма алдымен, осы отбасының түсетіні де текten-тек емес. Ал, жоғарыда аңғартқанымдай, мұндай ортада осының бәрін көріп, өскен балалар да жаман бола ма. Жоқ, әрине. Сол себепті мұндай жандарға тәнірім не берсе де көптігі жоқ деген ой түйіндеймін. Аллаға тәуба, қазір бір-бір шаңырақтың иесі болып отырган осы Мирагаң ұл-қыздарының өздері балалы-шагалы. Бәрі ұйымышыл. Ер баланың ұлкені Қайрат болса, анасының, барлық бауырларының гана емес, тұластай елдің тірегі, аяулы азаматы. Астанада ұлкен қызмет атқарып, өрелі істерімен көрінуде. Тек тіл-көзден, кездейсоқ жайлардан Аллам өзі сақтасын. Байқауымша, жан жары Қарлығаш та өзіне лайық, осындайда қазекем «қайын ененің топырағынан» дегендей, енесіне ұксас тұстары баршылық. Солай Мирагам ұрпағы жасай берсін, жақсы ағаның аруағы бәрімізді қолдай берсін. Тұystай болып кеткен бұл кісілерге менің ақ тілегім міне, осы!..

*Халима АЙТМОЛЛАҚЫЗЫ,
Қазақстан Республикасының білім беру
ісінің үздігі, қарт ұстаз.*

Кекшетау қаласы.

АЯУЛЫ ҰСТАЗ, СЫЙЛЫ ӘРППТЕС

1950 жылдардың соны. Мираш аға бізге тарих пәнінен сабак береді. Біз деп отырганым, Үялды мектебінің 9-10 сынып оқушылары. Солақай саясаттың салдарынан сол кездің өзінде қазақ мектептерінің алды жабыла бастаса да, біз әйтеуір, әлі өз ана тілімізде оқимыз. Мираш ағаның отызға да толмаған кезі. Үйленген, қасында

Қайыркеш женгеміз бар. Мектептегі өзіміз ірі қалалардың бірі деп білетін Қарағандыда, сосын астанамыз Алматыда оқыған білімді жас мұғалімдердің бірі. Үлкен қаланың әсері болар, үсті-басы талтаза, күнделікті сабағына ұқыпты киініп келеді. Ол кезде де тұрмыс әлі оналып кетпеген, халықтың құнқөрісі жұқалтан. Сонда да киген киімінен женгейдің аялы алақаны сезіліп тұрады.

Бір күні сынныптағы кей балалармен бірге мені де атымды атап, тақтаға шығарды. Алдында бұрынғы КСРО-ның дәу картасы. Ондағы тақырып бойынша өтілетін қалалар мен басқа да атауларды дұрыс көрсете алмасақ, баға кемітіле туседі. Сондықтан, әр окушы картаны білуге ынтығып, кейде үзілістің өзінде оның жаңынан шықпайтынбыз.

Сол жағы көмектесті ме, әйтеуір, ұстазымның сұрағына шамам келгенше, түп-түгел жауап беріп, не керектің бәрін картадан көрсетіп бердім. Ал, ага болса, риза кейіппен журналға тиісті бағамды койды да, ықыласпен жана тақырыпты түсіндіруге көшті. Осылай ұстаз сыннынан көбіне сүрінбей өтіп журдік.

Бәлкім, кейін мектеп бітірген менің де осы мұғалімдік мамандықты таңдал, институтқа оқуға түсуім, одан біраздан кейін өзім түлеп ұшқан білім ордасына қайтып оралып, математикадан сабак беруім де осынау бір жаны ізгі абзал ағалар мен апайлардың арқасы шығар. Жалпы, осы жылдарда менің білгенім, Мираш ағай өзі талжылмастан ұзак жылдар енбек еткен Ұялы орта мектебінде алдыңғы қатарлы тандаулы ұстаздардың бірі болды. Соған орай, әріптестері мен шәкірттері арасында да сыйлы еді. Өз сабағын бүге-шігесіне дейін білді десем артық айтқаным емес. Әсіресе, әр жолы ол кісінің сабак берудің әдістемесін жақсы менгергені көрініп тұратын.

Ұстаздық та кез-келгенге дари бермес, Алланың адам баласына берген бір сыйыы десек, сол сыйдың шапағаты Мираш ағамның бойынан молынан табылуши еді. Рас, менің осының алдыңдағы үш-төрт жылда ауданның Социализм және Саға бастауыш мектептерінде енбек етіп, педагог ретінде Ұялыға құр кол келменім өзіме аян-ды. Бірақ, мұнда түсінгенім, ол «білем» дегенім ағалардың мол тәжірибесі, өмірлік жиған-тергенінің жанында түк еместей екен. Сол керек тағылымдардың бәрін қатар жүріп, Мираш ағалардан бойға құйдық, ойға түйдік.

Бұл кісі өзі өмір бойы ұстаздық еткен Ұялы орта мектебінің қабырғасында жүріп жалғыз шәкірттерге сабак берумен ғана

шектеліп қалған жок. Ұялы ауылы тіпті, сонау алпысыншы жылдардың өлшемімен алғанның өзінде осы тәніректегі іргелі елді мекендердің бірі болғандықтан, көршілес Амангелді, Ко-минтерн, Жарқын, Төрегелді, Ақсары сияқты қазақ ауылдарының балалары осындағы интернатта жатып оқитын. Сол интернатта тәрбиешілік қызмет те атқарған Мираш аға әр ауылдан келген, мінез-құлықтары, тәлім-тәрбиелері де әртүрлі осы ұл-қыздарға түзу бас-көз болып, қамқор экесіндей ізгілік шуагын төгумен жүретін. Соның айғағы шыгар, осынау қашшама балалардың бірде-біреуінен кезінде осы ұстаздары туралы бір ауыз оғаш сөз естіл көрмеппіз. Қайта олардың қай-қайсысы болсын, ағаның биік адамгершілігін, өздеріне деген ықылас-пейілінің өзгешелігін жоғары бағалайтын. Мираш Хамзахметұлының жаймашуақ мінезі мен жомарт жанының жарқырай көрінетін бір тұсы – табан астында ұтымды сөз тауып кетіп, риясіз әзілге басатын кездері еді. Балалармен де солай ақжарқын қалыпта дұрыс тіл таба білетін ұстаз осы тәлімді тәрбиесімен қашшама шәкіртке өмірдің он жолын нұскады десенізші.

Бүгінде аға алдынан дәріс алған Олжабай Бейсекин Уәлиханов аудандық білім бөлімінің бастығы, Айша Жүсіпова Қараганды қаласындағы сімдеу мекемелерінің бірінде дәрігер, Шәймерден Қайыржанов өзі еңбек еткен Ұялы орта мектебінің директоры. Бұл ұзак-сонар тізімді жалғастыра берсе, ұстаздың берген ұлағатының жемісіндей, ері қарай одан бетер созыла түседі, созыла түседі.

Осындауда ойыма тағы бір оралатыны, аға үйі қашсан барсан, балалардың базарлы үніне толы. Осы бір өзіне тән жарасымдылығымен көніл қылын тербей түсер кездері аз болмайтын. Бесеу де емес, алтау да емес, он бірдей баланы өсіру ол уақытта да, бұл уақытта да оңай ма?! Сондықтан, кей жылдарды жазғы демалыста Мираш аға екеуміз «құр жүрмейік» деп шаруашылыққа шеп науқанына көмектесуге шығатынбыз. Мен жастау болған соң, жұмыс арасында ағаға кейде «дем алыңыз» деймін. Ойым – ол кісіні әуре қылмай, бір-екі айыр шөпті болсын, маяға артығырақ жайып таставу. Сонда «Сен немене Қекенай, мұғалімінді шаршап қалады деп аяп тұрсың ба? Кәне, екеуміз одан да қайсымыз күштіміз, жарысайықшы» деп жарқын-жарқын күліп, қайта еселі қимылға өзімді қайрап қоятын. Сол енбеккорлығы кейін бауыр еті – балаларына да дарыды.

Рас, заманның қыспағынан ол балалар мектепте орысша да оқығанымен, үйлерінде ылғи қазақша сөйлеуші еді. Өйткені, солақай саясат қанша өктемдігін жүргізіп тұрса да, Мираш ага мен Қайыркеш апайға осы ұл-қыздарымен бір ауыз орысша сез косып, тіл қатысу мүлдем жат-ты. Соны қанша байқап жүріп, бір күні осыған әрі ризашылығымды, әрі бір жагынан, таңданысымды білдіргенімде, бір түрлі жүзі кіrbіn шалғандай болып:

— Қекенай-ау, қалай ойлайсың, қазақ болған соң, біздің бала-лар өз тілінде сөйлеуге тиіс емес пе?! — дегені де бар. Сейтсем, қоғамды жайлап алған осы бір кері құбылыс ол кісінің де жанына аяздай батып, көбіне іштен тыңдырып жүрреді екен-ау. Ағаның сол өзі дұрыс тәрбиесін беріп кеткен балаларының бәрі де осы күні өмірден өз орындарын тапқан. Тұңғышы Қайрат мектеп қабырғасында оқып жүріп, математикадан өтетін олимпиадаларда жүлделі орындардан көрінетін. Соның да септігі тиген шығар, бүгінде құрылыш жагынан білікті маман. Тек еңбегі жемісті болып, әке аруағы риза болсын деп тілеймін.

*Кекенай РАМАЗАНОВ,
Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі*

Ұялы ауылы,
Ақжар ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

ЖАРҚЫЛЫ ЖОЛ

Ұстаз! Жер бетінде жүрген адамдардың бәрі осы бір сөздің ұздіретіне жете бойлап жүр деп кесіп айту бізге қызын соқса да, өзіміз сияқты екі аяқты пенденін көбі «ұстаз» деген ұлагатты ұғымға қадір-қасиетпен қарайтыны шубәсіз. Әркімнің де ертекеш пе, өмірде алғаш қолына қалам ұстатьып, жөн сілтеген, ақыл-кенесін аянбай, білімнің, жақсылық атаулының қия шыңына жетелеген аягулы ұстаздары болады. Соған орай, әрқайсымызға «Сол кісілер алдыннан кездеспесе, мейірім-шапағатын тәкпесе, мен расында, бұл тіршілікте кім болар едім» деп ойланып-толғанып қою да кейде артықтық етпейтін сияқты. Ол – ұстаздың қадірін білуге,

бүгінгі күнің өзін томп етеп түспегенінді түсінуге керек. Ал, мұны түсінген жерде адам баласы ата-анасын да, ұстазын да, өзге ортасын да сыйлап тұратынына құмән жоқ.

Мен әйтеуір, өзіме сонау алпысынышы жылдары Ұялы орта мектебінде сапалы білім, саналы тәрбие берген ага-апайларым туралы ойлағанда осылай деп тебірендім. Көз алдында өзім алдын көрген ұстаздарымның бәрінің жарқын бейнесі тізбектеліп өткендей болып, біртүрлі толғанысты күй кештім. Шіркін, сол балалық күндер, санамызға ізгілік нұрын құйып, бізді адам қылған абзал ағалар... Мінез-құлықтары, жүріс-тұрыстары, тіршілікте болып жататын кейбір жайларға көзқарастары да әртүрлі болғанымен, бізге шындалп жандары аштын, осы өмірде адаспай, өз жолымызды табуымызға қамқор қөнілдерін танытып бағатын.

Соның бәрін ол кезде діттегендей ұғасың ба. Баланың аты бала. Мен де Мираш ағамыз мектепте біздей қарадомалақтарға сабак бере бастағанда өзім құралпас балалармен 6-7 сыныптарда оқитынмын. Жетінші сыныпта Эбліхайыр Ахметов аға біздін сынып жетекшіміз болды да, кейін ол кісінің орнына 8-10 сыныптарда бұл міндетті Мираш мұғалім атқарды. Біз солай бұл кісімен өзімізге білім беретін тарих пәнінің оқытушысы ғана емес, сыныбымыздың жетекшісі ретінде де көп араластық. Көп араластық дегенім бәлкім, ұстаз беретін шекірттің ара қатынасы жайлар айтқанда, аса тауып қолданылған сез емес шығар. Бұл арада ауызға алайын дегенім, осы кісінің жетекшілік ететін сыныбыым жақсы болсын, ондағы оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын дұрыс жүргізейін деп мектептегі уақытының біразын бізben өткізетіндігі еді. Міне, сондықтан, алтын ұя – мектебімнен түлеп ұшқалы 40 жылдан артық уақыт өтсе де, сондағы жарқын бейнесі элі көз алдында. Сөйлеген сезі, дауысының мәнері де ұмытылмастай болып есімде қалды. Осындауда жалғыз Мираш Хамзахметұлы емес, өзге аяулы ұстаздарымның да өзіндік ерекшеліктерін, біз деп алаң болған жайдары қөнілдерін ұмыту мүмкін бе.

Әр кезең, әр уақыттың бір-бірінен өз өзгешелігі бар. 50-60 жылдардағы мұғалімдер біздерді жан-жакты етіп тәрбиелеуге күш салды, соны алдарына биік мақсат етіп қойды. Кейде бұл үшін қатты да кеткен кездері болғанын айтпауға болмас. Дегенмен, сені, сенің болашағынды ойлап тұрғанда, ұстаздың де-

генін екі етпен ол кездегі балалардың қанына сіңген қасиет сияқты еді. Яғни, біз де мұғалім ағайларымыз бер апайларынызды өте сыйлайтынбыз, өз кезегінде, ол кісілер де адами биік қасиеттері, ұстаздық зор тұлғаларымен өздерін бізге сыйлата билетін. Соның алдынғы қатарында сез жоқ, Мирап аға да бар еді. Сабакты жақсы окууды талап етумен бірге бойымызыдағы кейбір кемшіліктерге, келенсіз жағдайларға сын көзben қарап, содан сақтандыруды мақсат тұтқан осы бір аяулы жан сол үшін тыным таппай, әрқайсымызға тапсырма беріп, «Тікенек» қабырға газетіне дейін шыгаратын. Онда жоғарыда ангартып өткенімдей, сабак үлгерімі тәмен, тәртібі нашар окушыларды әшкерелейтінбіз. Осы қабырға газетін шыгару үшін өзімізше тұні бойы мақала жазып, суретін салып, үйкі көрмейтініміз де есімде. Ал, сол ісіміздің сынылтагы сын садағына іліккен кейбір балалардың окуына, жүріс-тұрысына он әсер еткенін көргенде, кәдімгідей марқайып қалатынсың. Яғни, ол кезде мұндай тәрбие шараларының ықпалы күшті еді.

Осы арада тағы бір айтатын жай, біз, сол кезеңнің балалары өз мұғалімдерімізді қатты сыйлайтынбыз. Онда мектепте көбіне ер адамдар қызмет істейтін. Бейне бір керек жерінде қatalдығы да бар, мейірімін төккен өз экендей сол жандар саған ыстық көрінетін, арқа сүйер асқар тауында болатын. Содан да шығар, ақылы бар есті бала шама келсе өзін-өзі бақылап, лайықсыз бір іс-әрекетімен ол кісілердің көзіне түсіп қалмауға тырысатын-ды. Осылайша ұстаз беделі жалғыз біздің көз алдымындаған асқақтамай, ауыл ішінде, кепшілік арасында да жоғары болатын. Көп жандар өзі біліп, ұстаз алдынан кесе-көлденен өтпеуші еді. Кейде ойлаймын, біз сол үлкендер жағы жастарға «мұғалім бол» деп бата беретін ұстазға деген ерекше құрметтің шет-жагасын көріп қалған сонғы ұрпақтардың біріміз бе деп. Өйткені, одан бергі уақытта жалпы, мұғалім беделінің бұрынғыдай емес, ептеп қионы кетіп қалғаны белгілі жай болса керек. Бірақ, соның өзінде біздің Мирап ағаларымыз осы екі аралықтағы алтын көпірдей, ғұмыр бойы «ұстаз» деген атқа кір шалдырмай, оны өмірде биік ұстап өткен жандардың бірі дер едім.

Біз өзіміздің қашан мектеп бітіргенше сынып жетекшіміз болған осы кісінің алдынан үлкен өмірге сонау 1965 жылы түлеп ұштық. Жай түлеп ұшқан жокпыз, жоғарыда айтқандай,

көп тәлім-тәрбиесін, жақсылық-шарапатын көрдік. Ол кезде қазір көбі арамызда жок бұл мұғалімдеріміздің өздері де жас болғанымен, бізге әжептәуір ересек көрінетін. Өзіміздің ақылшымыз болған соң да бәлкім, солай шығар. Енді бүгін сол түлектер – біз де алпыстың асуынан аттап, ағалар өкшесін баса түскенде, біргүрлі артыңа қарайлайсың. Өзіңе бұйырған өмір соқпағын қалай жүріп келемін деп елеңдейтінін бар. Шүкір, сол жылы алтын ұя – мектебімізден қанат қағып, өмірдің тарау-тарау жолдарымен кете барған сыныптастарымың бәрі де кейін өздері таңдаған мамандықтары бойынша ел жүктеген сенімді абыраймен актап, туған жердің бір-бір қаделі азаматтарына айналды. Осы күні біразы әлі де халқына хал-қадерінше қызмет етумен келеді. Ендеше, осылай болуының өзі Мираш аға мен өзге де қөптеген ұстаздарымыздың «біз» деп сарп еткен мандай терлерінің арқасы екендігіне сөз жок. Мұны өз басым, қайда жүрсем де ұмытқан емеспін. Басқа азаматтар да солай гой деп ойлаймын. Өйткені, өзінді өрге жетелеген осындай жандарды естен шығару мүмкін бе?!

Рас, Мираш мұғалім бізден кейін де талай бала оқытты, өзінің ұзак жылғы ұстаздық қызметінде талай сыныпқа сынып жетекшісі болды. Бірақ, қолынан түлеп үшкән түлектердің ең алғашқысы болғаннан кейін ол кісі үшін біздің жөніміз бір бөлек болғанын да айта кетсем деймін. Өйткені, туған ауылымыз Ұялыда, басқа да жерлерде болсын, бірде болмаса бірде әртүрлі жағдайлармен жолымыз түйісіп, кездесе қалғанда, «мұғалім» деп шын көңілден берген сәлемімізді алып тұрып, біргүрлі тебіреніп, толқып қалатынын да анғару қын емес еді.

– Есінде ме, сонда солай болып еді гой, сөйтіп едіндер гой,
– деген риясyz ақ адап сөздерінен, «жарайсындар» деген бір ауыз жылы қошаметінен сол күндердің көп суретін жадынан шығармай, кекейніне түйіп жүретінін, эр қадамымызды қадағалап, жақсылығымызға сүйсініп, жаманатымызға күйініп дегендей, бәрін елеп-екшей түсетінін андайтынсын. Осыдан кейін осы бір аяулы ұстаздарымызды бас әріптен «Мұғалім» деп атамасқа ар-ожданымыз жіберер мей?

Қадірлі де құрметті ұстазым туралы осылай ағымнан жарылып аздал сыр шеткенде, өзім де шәкірті ретінде оку бітіргелі бұл өмірде не тындырып, не қойдым деген сауалға да аздал жауап

бере кетсем деймін. Сол 1965 жылы мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан соң қатарластарыммен бірге туған ауылымда екі жылдай тракторшы болып еңбек еттім. Одан Омбы мал дәрігерлік институтына оқуға түсіп, оны ойдағыдай тәмамдалап шыққаннан кейін еңбек жолым осы сала бойынша одан эрі өз жалғасын тапты. Ал, Ленин аудандық партия комитетінде ауыл шаруашылығы бөлімінің ментерушісі болып қызмет істеп жүргенімде өзіме көрсетілген жоғары сенімнің арқасында осы аудандагы «Жаңауыл» кеңшарына директор болып келдім. Содан бері міне, жиырма жылдан асты, осы жұмыстың ыстық-сұрығына қоңдігіп, кешегі бәрі бір орталықтан басқарылған кеңес дәуірінде де, нарықтық экономиканың қағидалары алға шыққан бүтінгі күні де осы аталған шаруашылықтың жүгін ілгері сүйреп келемін. Қолымнан келгеніше, өзіме сеніп тапсырылған қай қызметті де беріле атқаруыма, жұмысыма адал болып, халықтың мұн-мұқтажымен санасуыма, бүтінгі күннің биігінен қарасам, бір кезде өзімді оқытып-тоқытқан аяулы ұстаздарымның, сонын ішінде шоқтығы биік, орденді Мираш мұғалімімнің де тигізген игі ықпалдары, берген білімдері мен тәлім-тәрбиелері өте мол екен. Сол үшін баршасына да басымды иіп, мың мәрте алғысымды айтамын.

Қайырбек ШӘПЕНОВ,
«Жаңауыл» жауапкершілігі шектеуі
серіктестігінің директоры.

Ақжар ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

ЖАНЫНЫҢ ЖЫЛУЫН ТӨККЕН

Мен Жарқын ауылында бастауыш мектепті бітірген 1957 жылдың жазында біздің үй іші Ұялыға көшіп келді. Сейтіп, осы ауылда Мираш ағалармен көрші тұрдык. Эрі бұл кісі кейін менің сынып жетекшім болып, өмірде өз жолымды дұрыс таңдалап, азамат болып қалыптасуыма да өз игі ықпалын тигізбей қоймады.

Эрине, қанша көрші тұрсақ та, өзіме тарих, еңбек пәндерінен сабак берген, әрі апта сайын сынып сағаттарын өткізуен бұл кісіден басында тайсақтаумен болатынмын. Алайда, бірте-бірте екі үй етене араласып-құраласып, бір-бірімізге үйреніп кеттік. Тіпті, кей-

де мені бала демей, әңгімені Мираш мұғалімнің өзі бастап, аナンы-мынаны сұрағанда, нық жауап беретін болып, әжептәуір ысылған дәрежеге жеттім. Ондайда ол кісінің менен білгісі, құлағыма құйғысы келетіні «Сабағынды оқыдың ба?», «Осы тоқсанда екпін-ділер қатарына қосыла аласың ба?» деген сияқты сауалдар мен «Байқа, биылғы оқу жылын жақсы бітіретін бол!», «Осының бәрі өзінің келешегіне керек» деп келетін ақыл-кеңестер еді.

Әлгі жерде үлкен адамның, әрі мұғаліміңің өзінмен осылай жаны ашып, тен сөйлескеніне тәбем көкке жеткендей болып, кейде үйдегі үлкендерге «көрші аға маган солай деді, былай деді» деп жасырмай айтып келетінмін. Сонда бұған көнілі ескен марқұм анам Қайнылқаят та осы сезімді құлақ қойып, асықпай тыңдал:

— Кердің бе, құлының, ол кісілердің сезін тыңда. Саган жамандық ойламайды, — деп әжептәуір мәз болып қалатын.

Кейін өзім де ақылға салсам, осының бәрі Мираш мұғалімнің қарапайымдылығынан, мектептен былайғы жерде де сенің келешегінді ойлай жүретіндігінен екен. Көрші тұргандықтан, кейін бұл үймен бізді көп нәрсе жақындастырып, екі үйдің біріндей болып кеттік. Қайраттың жаңа туған кезі. Ол менің тіземде өсті десе де болады. Басқа балалар да солай, кез алдымызда есейіп, жетіліп жатты. Өздері көпшілікке жайлы болғаннан кейін, нағыз туыстай араласып, өзім Мираған мен Қайыркеш тәтемнің тап бір бауырын-дай болып кеттім десем артық емес.

Мектептен кейін өзім де мұғалімдік мамандықты таңдал, екі жыл туған ауылым Жарқында осы қызметті атқарған соң Ұялы мектебіне аудырайын. Қысқасы, 1957 жылғы жағдай тағы да қайталанып, бұл жолы тек өз әріптесі болып келгеніме сондағы Мираш ұстазымның қуанғанын көрсөніз. Тап бір жұмысқа өз баласы келіп жатқандай, сол күні-ақ кешкісін тәтеме дастарханды жасатқызып жіберді. Ара-арасында:

— Міне, Ғалиасқар жарадың. Өз мектебің, өз орган. Саган мұнда жаман болуы мүмкін емес. Өзіміз де көмектесеміз, — деп арқамнан қағып қояды. Содан бастап мен осы мектепте 27 жыл бойы Мирағаның жанында жүрдім. Сол уақыттың ішінде көрсем тек жақсылығын, адамгершілігі мен қамкорлығын көрдім. Бір таңқаларлығым, ешқашан біреудің сыртынан гайбат сез айтқан емес. Үлкен ұжым, сан алуан адамдар болған соң, кейде әртүрлі жағдайлардың да туындал қалатыны ақиқат. Сондайда шіркін, бір

жаманаты естілмеуші еді-ау. Бойында ар тазалығы, жан тазалығы деген мол-ды.

Расында, кейін мұндағы еңбек жолым, тұра осы ұстазым айтқандай жақсы қалыптасып, жүрек жылуы мол ағаларым мен апайларым өз тәбелеріне кетергендей, барлық жағдайды жасай түсті. Өзім алдарын көрген Солтан Әлжанов, Жиенше Төлемісов, Әбу Ілиясов ағалардың мектепке басшы болған жылдарында өскелен үрпақ қамы үшін тек жарасып жұмыс істеуді ғана білдік. Бұдан әрі сексенінші жылдардың басында осы білім ордасын менің жұбайым Күләш Асхатқызы Әбілқасова басқарды.

Онда да мұғалімдер құрамы мықты болып, алда тұрган міндеттердің бәрін ойдағыдай шешіп отырдық. Бұған педагогикалық жұмыс 40-қатарта ұстаздың тенжартысының, яғни, 17-сінің ер-азаматтар болуы да көп көмегін тигізді десем ешбір артықтығы жок.

Әйткені, кез-келген отбасында да арқа сүйер бір ер адам болмаса, ауыр соғатыны белгілі ғой. Сол сияқты, мектепте де ер кісілердің көбірек жұмыс істеуі үрпақ тәрбиесі, сол ортанның үйлесімділігі дейсіз бе, әйтеуір, қай жағынан алып қарасақта, тек пайдалы болса керек. Қанша дегенмен, сол мектеп қабырғасында қызы балаларға қарағанда әртүрлі қылыштарға көбірек ұрынатын ұлдардың өзі осы бір ер мұғалімдерден ығып тұрмай ма.

Әрине, бұл арада ол ер адам да сол балаларға өзін сыйлатып, тындана алар дұрыс тұлға болуы тиіс. Міне, біздің мектепте өзіммен бірге істеген ағаларым білімі, адамгершілік қасиеттері болсын, сол өлшемге толық сай келетін бір-бір адам жаңының білгіре еді. Тылдағы сүм соғыстың қыспағына дейін тап болып, қаршадайларынан өмірдің ыстық-сұығын көп кешкен солардың әсіресе, өз қара басымды көнілдерінің кендігі мен түсініктерінің молдығы тәніті ететін. Мәселен, сол Мираш ағаға қатар жүріп бір бүйімтайынды айтсан да не соны іштей өзі білер деп дәмелене қалсан да, бәлсінбей, сезімталдығы, қалтқысыз көмегімен ойындан шыға қоятын. Соған байланысты мына бір жағдайды да айта кетейін.

Күләш екеуміздің қосылғанымызға бірер жыл ғана болып, тұла бойы тұңғышымыз Дәулетжанның аяғын апыл-тұпым жаңа ғана басайын деп жүрген кезі. Бір күні сабактан кейін үйге келсем, тал-

түйнектай етіп қолдан жасаған әдемі бір итарбаны сүйретіп жүр. Бұл жаңалыққа тан қалып:

— Күләш-ау, мына итарба біздің үйге қайдан келді? – десем жұбайым:

— Мираш аға әдейі Дәүлетжанға арнап, балалардан беріп жіберіп-ті, – деп қуаныштан жүзі бал-бұл жанып қүледі. Содан не керек, көп ұзамай көрші атасы жасап берген осы итарбаны сүйрете-сүйрете Дәүлетіміз жүріп те кетті. Бұл – Мираганың біздің ұлдың тәйт-тәй басқысы келіп жүргенін көріп, балаға жасаған бір жақсылығы болса, ол кісінің шебер қолынан шыққан қазақ үстелдері де ауыл-үйдің арасында жиі қадеге асатын. Осылайша сегіз қырлы, бір сырлы ұстазымыздан үйренеріміз көп болатын. Өз басым бұл ретте, соғым кезінде, одан басқа уақыттарда да жанында бірге көріп жүріп, жылқы союды қөбіне, осы кісіден үйреніп алғанымды ере-кіше айта кетер едім.

Міне, кешегі қатар жүрген кей адамдар ауызға түсе бермейді, ал, Мирагандар осылай жиі түседі. Бұл кісілердің құрақ ұпқан амандығы мен бір ауыз жылы сезі-ақ адамды бауырга тартып алып кететін-ді. Кейін қызмет бабымен Бурабай баурайына коныс аударғанымызда да, осы сыйластық пен туыстықтың белгісі шығар, Ұялыдан, аға шаңырағынан қол үзіл кетпедік. Қайыркештей асыл тәтеміздің есік алдындағы қазақы пешке әп сәтте сала қоятын, ұлпілдеп піскен таба нанын сағынып келіп, армансыз жеуіміз өз алдына, балаларға «ал, ал» деп болмаған соң, Күләш үйге де ала кететін.

Осы бала деген сөзден шығады, жалпы, маган Ұялыдағы ата-аналардың өздері қарапайым, артық ештеңелері болмаса да, елден қалмай, осы балаларын оқытсақ, лайыкты білім берсек деген ұмытылыстары ұнайтын. Соның да арқасында сол окушыларымыздың қебі бүгін өз қолдары өз ауыздарына жеткен бір-бір жоғары білімді мамандар. Елі үшін аянбай еңбек етіп, сенімізді актап жүр. Сол үшін өз басым жоғарыдағы ата-аналарға рахмет айту керек кой деймін.

Бұл тіршіліктे әркімнің өз шама-шарқынша шыққан биігі, асар асуы болады. Мен де өзіме сенім артқан ауылдастарымның, әріптестерімнің арқасында кейін алты жыл Ұялы ауылдық Кенесінің төрағасы болып қызмет істеппін. Аздал ел шаруасына да араласқан бұл жетістігім, сөз жоқ, қолыма қалам ұстаташп, біл-

мегенімді үйреткен Жарқындағы алғашқы ұстазым, марқұм Тастыбай Әзмагамбетов, мен дең алаңдаған Мирап Мұсіпов, тағы басқа да жақсы ағаларымның арқасы. Ендеше, өзім жан жылудың көрген осы ағалардың алдында мәңгі қарыздармын.

*Галиасқар ӘБІЛҚАСОВ,
Дорофеевка орта мектебінің мұгалімі.*

Ақылбай ауылы,
Шучье ауданы,
Ақмола облысы.

БІЛІМ БАСТАУЫНДА

1972 жылы Шучье ауданының қызы, мен де Шоқан Уәлиханов атындағы Кекшетау мемлекеттік университетін бітіріп, жолдама-мен шалғайдың Ленин ауданының Ұялы орта мектебіне жұмысқа келдім. Сабак екі тілде жүргізілеттің аралас мектепте негізінен, өзіміздің қазак мұгалімдері жұмыс істейді екен. Мен болсам, жәнді қазақша сөйлеу де білмеймін, ананы-мынаны сұраган орысшама сол кезде шамамен қырықтың ішіндегі ағайлар мен апайлардың дені қазақ тілінде жауап береді. Э дегенмен-ақ мынадай ортада онай болмасын түсініп, неде болса жұмысты өз тіліме бет бұрудан бастау керектігін берік ойга түйдім.

Бірақ, үйреніп кеткен ауыз бола ма?! Алдын ала айта кетейін, әйтеуір, орысша-қазақшаны араластыра жүріп, сол мектептегі аға әріптестерімнің, кейін осы ауылға тұрмысқа шыққан сон, ол үйдегі ата-анамның да қөмектерімен қазақшага әбден теселіп, үйреніп те кеттім. Қазір тілті, өз ана тілімде менен артық сөйлейтін адам жоқ сиякты көрінеді кейде. Бір сол үшінған Ұялыны, оның жайсан адамдарын үлкен ризашылықпен еске алып, мың-мың мәрте алғыс жаудыруға болатындей.

Кешегі Кеңес өкіметі кезіндегі жағдай белгілі гой. Басқасынан таршылық көрмесек те, осы дініміз бен тіліміз, діліміз жағынан біраз жұтап қалдық. Бір сыныпта екі-үш қана қазақ баласы оқып, орысша ортада тәрбиеленіп өскен біздерге жазық та жоқ. Кешегі күні үлкен тресті басқарып, бұрынғы Кекшетау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін көп жұмыстар істеген

Асқар Хасеновты бұл күнде кім білмейді?! Іскер азamat Кекшетау қаласының әкімі қызметінде де халқымен жақын болып, елі үшін аянбай еңбек еткенін естіп жатамыз. Сол Асқар да менің сыйнитасым. Намысы, жігері, қабілеті, еңбекқорлығы, бәрі жетіп артылып тұрса да, кейде осы тілден қындау тиетіні, сол өзіміз бастан кешкен белгілі жағдай.

Сонымен, институт бітірген өзге түлектер сияқты мен де бір толқып, бір қобалжып, Ұялы орта мектебінде ез еңбек жолымды бастадым. Өзімді жатсынбай қарсы алып, қолдан келген көмектерін аянбаған Ж.Нәжімеденов, М.Мусіпов, С.Қажженов, Ү.Қажженова, М.Шәпенов, тағы басқа ұстаздардың жас шамалары деңгейлес, бір-бірімен құрдас, замандас деп айтуға болатын дай кісілер екен. Арамыздагы ең үлкеніміз Вера Сапарғалиқызы Сапарғалиева апай, ал, ең жасы институттан жаңа гана келген меммін. Сырттан келген адам сыншыл дейді ғой. Оны мұныны көңілге түйе жүріп, сондағы көп өтпей-ақ менің де байқағаным, басында шалғай деп әрі-сәрі күй кешсем де, бағыма қарай аудандағы тәуір бір мектепке кезігіппін. Мұнда беретін білімнің негізі жақсы екеніне оқу-тәрбие жұмысына қойылатын жоғары талап та, педагогикалық ұжымның кәсіби даярлығының молдығы да анық көз жеткізгендей еді. Тіпті, бір анғарғаным, жоғарыда аттары аталған аға буын ұстаздардың өзі, кезінде көп жерде мұндағы кісілер заманның қындығына орай, орта арнаулы білім, яғни, педагогикалық училищелермен шектелсе де, мұнда тегіс институт бітірген екен. Оның үстіне көп жылдық жұмыс тәжірибелері бар өңкей сайдың тасындағы іріктелген ортага тал келдім десем де болады.

Содан осындай ұжымның сенімін актау үшін маған да қарап қалмауга тұра келді. «Жас келсе іске» дегендей, сабағыма, өзіме жүктелген өзге міндеттерге де мүкият қарап, бірте-бірте агаларымның жақсы ілтиппаттарына да ие бола бастадым. Осы ізденіс пен талпының осында мені әуелі мектеп оку ісінің менгерушілігі, одан мектеп директоры қызметтеріне дейін көтерді. Жандары жайсан, ақыл-парасаттары мол сол аға-апаларымның көмегімен сүйікті мектебімізде еліміздің болашағы – жас үрпактың қамы үшін бірталай игі істерді тыңдырған сол ұмытылmas жылдарды бүтінде үлкен сағыныш сезімімен, қимай еске аламын. Неге десеніз, ол көне көздердің айтуынша, тарихы сонау әріден келе

жатқан байырғы білім ордасының жазып, толтыруы бізге бұйырған тағы бір шежірлі беттері емес пе?! Кезінде осы тәніректегі тоғыз бірдей ауылда бір-ақ орта мектеп – осы Ұялы мектебі ғана болған деседі.

– Алпысыншы жылдардың ортасына таман Хрушевтің солақай саясатымен оқуды ана тілімізде бітірейін деп жүрген біздерді 11-інші орыс сыныбына экеліп тықты. Сондағы неткен мықтылық! Бір-ақ жыл орысша оқып, бүкіл емтиханнан орыс тілінде мұдірмей өтіп, институтқа түстім де кеттім, – деп жұбайым Ғалиасқар әлі қүнге осы ана тілінің құдіреті мен Ұялы орта мектебіндегі қазақша білімнің терендігін жыр қылып айттып отыратыны бар.

Кейін осы үрдісті, яғни, небір жоғары оқу орындарында білім алуды біздің тұсымыздагы шәкірттер де жалғастырды. Мектеп қабырғасында жас үрпақты тек білімге ғана емес, сонымен бірге, еңбексүйгіштікке де баулыдық. Картоп, қызылша өсірумен айналысқан оқушыларымыздың өндірістік бригадасы өзі тектес бригадалар арасында облыста бірінші орын алудымен қатар, осы бригаданың белсенді мүшесі А.Әбенов деген шәкіртіміздің Павлодардан өз есімі жазылған трактор алыш келуіне дейін қол жеткіздік.

Ол кезде ұжым мүшелері бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара енбек етүмен бірге, көнілді дем ала да білетінбіз. Агалар бізді, өзінен кейінгілерді сыйласа, біз агаларды сыйлап, бір-бірімізге деген осы ықылас-пейіл мен түсіністік риясыз әзіл-қалжынға, түрлі қызықтарға ұласып жататын. Әр адамның бір осал жері болады демекші, ондайда Мираш ағамыздың судан тайсақтайдының жақсы білеміз. Содан бәріміз жабылып ол кісіні суға қарай итермелейміз. Сонда қабақ шытып, бір іренжу жоқау. Өзім имандай шыным, 1972 жылдан 1984 жылға дейін осы Ұялы орта мектебінде мұғалім болып қызмет істегенімде, оның ішінде тоғыз жыл мектеп басқарғанымда бұл кісінің бірде-бір рет біреуге бір ауыз ауыр сөз айтқанын, не ашу шақырып, бөтен бір мінез көрсеткенін көрмеппін. Қашан болсын жайдары, емен-жарқын қалпы.

Оның үстінен тағдыр бізді қанша жыл көрші қылып, бұл жағынан да сонау қайын атам, қайын енемнен бастап Ғалиасқар екеуміз бұл кісілердің тек жақсылығын, туысқа бергісіз қамқорлығын көрдік. Бертін қызмет бабымен жаңа жерге, Бурабай баурайындағы До-

рофеевка орта мектебіне директор болып аудысар тұста да өзіміздің қимай, балаларға дейін мұнайып, қинала шығарып салғандардың бірі осы Мирагаң шаңырағы еді. Жол түсіп, сағынышпен жүздесе қалғанда:

– Элі күнге сендердің жоқтығына үйрене алмай жүрміз, – деп бәйек болатын сондағы ағамыз берін тәтеміздің аңқылдаған ақ көңілін қалай ілтипатпен еске алмасқа.

Міне, біз еңбек еткен Ұялы орта мектебінде осындаидай да абсолют ұстаздар болған. Сондағы білімнің бастауында тұрған бұл жандардың көбін енді өкінішке орай, өткен шақпен айтуга тұра келеді. Бірақ, өшпес рухтары, жарқын бейнелері мен өнегелі істері бізбен, тірілермен бірге екені анық.

*Күләш ӘБІЛҚАСОВА,
Ұялы, Дорофеевка орта мектептерінің
бұрынғы директоры.*

Ақылбай ауылы,
Щучье ауданы,
Ақмола облысы.

ДӘСТҮР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Менің бұрынғы Кекшетау облысы Ленин аудандық оку бөлімінің менгерушісі болып қызмет істеген кезім нағызы өтпелі кезеңнің қының тұсына тап келіпті. Сол ақыр аяғында облыс та, аудан да тарарап тынған 1994-1997 жылдары ірі елді мекендердегі іргелі мектептердің өзіне дейін жұмыстарында іркілістер көп болып, бірінің жылу жүйесі істен шығуы, бірінің басқа жағдайларды бастан кешуі себепті жергілікті жерлерге жи қатынауга тұра келетін. Ұялы орта мектебіндегі басқа карт ұстаздар сияқты, Мираш Хамзахметұлымен де алғаш солай таныс-біліс болғаным есімде.

Бұл кісінің жалпы, өз өмірімде үш-төрт рет қана көргендегі бір байқағаным, алды-артын пайымдай билетін орнықты, сабырлы адам екен. Кісіні қарсы алып, сәлемдесіп, сейлескенде жән-жоба-ны жаксы білетіндігі, адамгершілігінің молдығы көрініп тұратын. Мектептегі сол бір ауыр кезеңге тән кейбір күрделі мәселелерді

шешуде өмірлік тәжірибелері мол осы ардагерлеріміздің де ой-пікірлеріне құлақ түруіміз зал кетпеді гой деп ойлаймын. Әйттеуір, ол тығырықтардан да аман-есен шықтық.

Жалпы, аудан мұғалімдерінің ішінен ұялылық ұлағатты ұстаз, «Құрмет Белгісі» орденінің иегері Мираш Мұсіповтің есімі үнемі жақсы санатта аталғанын айта кету керек. Ол кісі 39 жыл осы білім ордасында үзбей мұғалім болып, Солтүстік Қазақстан облысы мәдениет басқармасының бүрынғы бастығы Амангелді Балмұханов, Уәлиханов ауданының әкімі Есенгелді Кәрібаев, өзі сияқты үлгілі ұстаз Кекенай Рамазанов, Уәлиханов аудандық білім белемінің бүрынғы бастығы, марқұм Олжабай Бейсекин, «Жаңауыл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Қайырбек Шәпенов, полиция полковнигі Сабыр Ешетов, Қазақстан Республикасының енбек сінірген жаттықтырушысы, самбодан КСРО спорт шебері Мәлгаждар Омаров, осы Ұялы орга мектебінің бүрынғы директоры Шәймерден Қайыржанов сияқты ондаган танымал шәкірттерді тәрбиелеп, соларға білім берген жан. Бір айта кететін жай, өз пәнін жақсы білетін, қашан болсын жұмысына тиянақты еді.

Қазір сол кездегі аға ұстаздардың бәрі дерлік зейнет демалысына шығуына байланысты Ұялы мектебінде де мұғалімдер құрамы жастар жағына біраз өзгерген. Бұғінгі таңда мұнда 23 ұстаз, 131 окушы бар. Биылғы жаңа оку жылынан бастап мектепке басшылық тізгіні бұған дейін осы білім ордасында оку ісінің менгерушісі болып істеген Куаныш Төлегенқызы Сағыноваға сеніп тапсырылып отыр. Жалпы, ауданда жас ұрпакты білім нәрімен сусындағы келе жатқан 27 мектеп бар болса, соның ішінде Ұялы орга мектебі дәстүрге бай, ежелден келе жатқан байырғы оку орындарының бірі.

Келесі 2008 жылдан бастап бұл мектепке күрделі жөндеу жүргізбек ниетіміз бар. Окушы саны көп болған тұста салынған қос қабатты қосымша құрылыш та бос тұра бермей, оның бір жағы мектепке, келесі жағы балабақшаға айналдырылмақшы. Сондай-ақ, оку орнында өскелен заман талабына сай білім сапасын жақсарту бағытында да тиісті жұмыстар қолға алынып жатыр. Сөз сонына қарай, тағы бір айтайын дегенім, біздер жас ұрпактың келешегі жолында көп енбек сінірген аға буын мұғалімдерімізді ұмытпай, әрдайым есімізде сактауымыз қерек. Бұл орайда, Ми-

раш Хамзахметұлы Мұсіпов туралы да осынау естеліктер кітабының жарық көргелі жатқаны қолдауға әбден тұрарлық. Елін, жерін сүйген сол жандардың білім берудегі ігі істері мен жақсы дәстүрлері одан әрі де өз жалғасын таба беруі тиіс.

*Болат ЗӘКЕНОВ,
Ақжар аудандық білім болімінің бастығы.*

Солтүстік Қазақстан облысы.

ЖАДЫМДА ТҰРАР ЖАНҒЫРЫП

Улken Қараойдың солтүстік шығысқа қарай ағатын бір сағасы «Сага» деп атаудың берген шағын ғана ауылда өмірге келтен біздер үшін кезіндегі осы ауылымыздан асқан дүниенің бұрышы жоктай көрінетін.

Тыныш, момын, қонақжай елөзінің 40 шақты үйімен ақырынғана мамыражай тірлігін кешіп, бір ауылдан ілгері, бір ауылдан кейін дегендегі, тұтінін тұтететін де жататын. Сол өзеннің жағасында тұрган елді мекенінің балалары да су десе ішкен асын жерге қоюшы еді. Өзен ақкан сайда күні бойы суға тұсуден бір жалықпай, қайтакайта шомылатын да жататынбыз. Қыс келсе мұзда сырғаның төүіп жүріп, Социализм бастауыш мектебінде алғашқы ұстазымыз Қайыргелді Шахметов ағайдан алған білімімізben имене көршилес Ұялы орта мектебінің табалдырығын аттаган кезіміз де есте.

Өзіміз ерекше көретін біздің кішкентай ауылдан кейін бұл колхоз орталығы тап бір шаһардай екен. Бұрын көзге ұшыратға қоймаган аурухана, моншасы мен дүкені, кеңсе үйі, орта және бастауыш екі бірдей мектеп, қазақ ауылы және МТС болыпекіге бөлінетін қотаны тым улкен елдің нобайын аңғартатын. Эйтеір, қалай болғанда да, өз ауылымыздан алғаш рет шетке шығып отырган бізге бұл Ұялының солай эжептәуір дәу көрінгені рас. Мұнда манайдағы Сага, Жалғызагаш, Әндижан, Қарқын, Төрекелді, Жанатұрмыс, Найзатомар, Аксары, Амангелді сиякты шағын ауылдардан бірсынаныра бала оқимызы.

Жаңа мектепте бізге сабак беретін Мираш Мұсіпов ағаның үйі интернаттың жанында. Әсіресе, кешкесе бұл манай у-шу болады да жатады. Ересек балалар кішкентай балаларды көк

шөпте қурестіріп, арасында бір-бірімен өздері де белдесе кетуден тайынбайды. Бір кезде осының бәрін анадайдан көріп, шыдай алмай, Мираш аға да бізге таяп келе жатады. Әлі есімде, көбінесе үстінде «бельвет» барқыттан тігілген қара кәстем-шалбары, Роза атты кішкене қызын мойнына отыргызып алған қалпы біздің құресімізге қызықтап қарайды да тұрады. Әлден уақытта интернаттың қыздары келіп, таласа-тармаса мұғалімімізден Розаны сұрап алып, ойнатуға алып кетеді. Сол кезде біздің осы қылықтарымызды тамашалаудан тіпті, өзінің мұғалім екенін де ұмытқандай болып, ұлдар бір-бірін ала алмай жатқан кей тұста «олай» деп, «бұлай» деп делебесі қозып қоятын ағаның жас шамасы әрі кетсе 30-дың маңайында-ау деймін. Сейтсек, кейін білдік қой, өзі де сол кезде ептеп құресіп жүріпті ғой.

Бұл кісі мектепте бізге бесінші сыныптан оныңшы сыныпқа дейін тарих пәнінен сабак берді. Осы ұстазымыздың жетекшілігімен бүкіл дүниежүзі тарихынан Қазақстан тарихына дейін бір қолдан օқып шықтық. Сабакты сұрау, түсіндіру әдісі ез алдына бір бөлеқ, өзгеше болатын. Сыныпқа келіп, амандық-саулықтан соң бәрімізді бір шолып өтіп, «ал, балалар дайынсындар ма?» десе, «дайынбыз» деп кейбіреуіміз қол көтере бастаймыз. «Ал, онда жарайды» дейді де, жана тақырыпты дерегу бастал кетеді. Жалан сөзден ғері нақты де-ректермен, цифrlармен сейлеп, ара-арасында қоғындағы таяқласы тақтадағы картаның бетінде бірге жүріп, енді сабак осымен аяқталды-ау дегенде қонырау соғылғанша 2-3 окушыдан үй тапсырмасын сұрап та үлгеретін. Одан сол балаларға жаңа тақырыптан қысқа-қысқа бір-екі сұрактан қойғанда, үйге келіп кітапты бір ашсак, еске түсे қалып, бәрі түсінікті, женіл болушы еді. Осылай сабактың қызығылықты ететіні сондай, 45 минуттың қалай зыр еткенін білмей қалатынбыз. Кей сабактардағыдай көңілсіздік орын алып, алып-ұшып тентектік жасап қоюға уақыт та жетпейтін.

Сабак беру әдісінен де байқалатыныңдай, ол кісінің өзі меніңше табиғатында шапшаң кісі-ді. Жүріс-тұрысы, қозғалыс-қимылы, сейлеген сөзі – тап бір әскери адамдай жітілікке толы болатын. Үстіндегі киімі бойына қонымды, жарасымды, үнемі жинақы да таза жүретіні барлық мұғалімдерде бірдей кездесе бермейтін ішкі мәдениетінің жогарылығын аңғартатын.

Менің есімде осылай онсыз да аяулы ұстаздарымның бірі болып қала береріне сөз жоқ, осы ағамен кейін құдайдың жазуы бойын-

ша Мәруаш атты қарындасына үйлендім де, күйеу бала болып, кеңінен араласып кеттім. Өзін сыйластықпен «этэй», женгейді «тәте» дей жүріп, отбасында да сондай қарапайым, кімге болсын, құшагы кең, кішіпейіл, ақкөніл екенін талай көрдік. Ал, еңбеккорлығы, тазалықты, ұқыптылықты сүйтіні ше?! Қызыжазы қашан барсан, үй маңайы, аула іші, қора-қопсыда көлденен бір нәрсе жатпайтын, бәрі таза, бәрі жинақы. Сабактан үйге келе ме, үнемі екі қолы шаруада, кимыл-қозғалыста жүретін. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші, бүгіндегі осыны балаларының да сүбесіне бергені, олардың да ата-аналарына ұқсап, еңбектен жерінбей тұратыны бір есептен, осынау жаста көрген тәрбиеден ғой деймін.

Ұлағатты ұстаз, өнегелі өмір иесі Мираш Мұсіпов биыл көзі тірі болса, 75 жасқа толар еді. Бұрын Көкше, Қызылжар өнірлерінде халық ағарту ісіне сіңірген зор еңбектері үшін Ленин орденіне дейін омырауларына таққан атакты мұғалімдер болған. Бертін бұл мамандықтың өзі бұрынғыдан емес, қадір-қасиеті кеміп, қатардагы елеусіз көп кәсіптің біріне айналғаны жасырын емес. Баяғыда мұғалімнен қорқып, жылағанын коя қоятын, оны сыйлап, анадай қашатын бала енді оны елең де қылмайтын мысалдар аз ба?! Осының бәрі заманның өзгеруі, жете көніл бөлмеуден мұғалім тұлғасының өзінің ертедегі толықканды бет-бейнесінен айрылуы дер едім. Ендеше, мұны қайта қолға алуға, ұстаз еңбегі мен беделін көтеруге күш салуымыз керек-ақ.

Бұл ретте, Мираш Хамзахметұлы Мұсіпов та берпінде мұғалімнің мандай тері мен қажыр-қайраты көп елене бермейтін тұста “Күрмет Белгісі” орденімен маралатталған санаулы білім қызметкерлерінің бірі. Сондықтан, биыл ол кісінің туғанына 75 жыл толуына арналып қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданының оргалығы Талшық кентінде алдымыздагы қазан айының 5-7 күндері аралығында қазақ куресі мен самбодан үлкен республикалық турнир еткізілмекші. Мұғалімдер күнімен түспа-түс келетін бұл жарыска бір шеті Астана, Қостанай, Петропавл, Қекшетау, Щучье, Тайынша қалалары мен Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының басқа да аудандарынан 200-ден астам спортшы келеді деп күтіліп отыр. Аудан басшылары да ат салысып жатқан бұл іс-шараны ұйымдастырудагы басты мақсатымыз – осы турнир арқылы, соның ішінде сонау бір қылшылдаған жас жігіт кезінде интернат маңына келіп өзі де қызыға

тамашалайтын күрес өнері арқылы жас ұрпак тәрбиесінде жарқын із калдырган аға рухына лайыкты құрметтімізді көрсету, жалғыз осы үстазғана емес, бұл кісі секілді өмірден ерте өткен барша ұстаздарымыздың өлшеусіз еңбегі мен асыл бейнесіне басымызды ию. Бүтінде ойлап отырсам, сол Ұялы мектебі, сол көгалдағы беллесулер гой кейін бізді боз кілемдегі алғашқы женістерімізге бастаған. Қадірлі Мираш аға, езге де аяулы ұстаздарым, биік тұлғаларыңыз беріліп болмыстарының жадымда әркез жаңғырып тұрады!..

*Мәлгаждар ОМАРОВ,
самбо және қазақ күрестінен еліміздің бірнеше дүркін
чемпионы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген
жаттықтырушысы, КСРО спорт шебері.*

Талшық кенті,
Ақжар ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

БІЗ САЯЛАҒАН САЯ БАҚ

Менің есімде Мираш этәйім (біз ол кісіні осылай атайдының) ердайым ақжарқын, байсалды да сабырлы, камкоршы аға ретінде қалып қойды. Бұл адамның халқына сіңірген еңбегі де зор. Себебі, ол бар өмірін балаларға білім беруге арнап, жас ұрпакты тәрбиелеуге ықјадағаттылықпен ат салысқан жан. Біз өз ішімізде осындай ұстаз ағамыздың барын өте-мөте мақтаныш етуші едік. Ол кісінің көзқарасынан, жүріс-тұрысынан, сейлеген сезінен өте сауатты, білімді әрі ақылға бай екендігі көрініп тұратын. Ақыл-кенес сұрап келген адамдарға үнемі өз қамқорлығын танытып, ағалық жылы сезін аяnbайтын. Басқалардан тағы бір айрықша ерекшелігі, мінезі жаздай жайдары еді.

Ағамызбен сұхбаттасқан сәтімізде, әсіресе, біреууге ірінжіп немесе ойга алған ісіміз алға баспай, налыған шактарымызда осы ақ жарқындығының көп көмегі тиетін. Оның сезін тыңдал, әңгімелескенде барлық сәтсіздіктерді ұмытып кететінбіз. Осы орайда, сонау балалық шағымнан өзімнің есімде қалған мына бір шағынға аға оқиғаны айта кеткім келеді. Жаздың бір жайдары күнінде жан-жақтан барлық тұған-туысқандар, әке-шешемнің

жолдастары, көрші-қолаң ағамның үйлену тойына жиналып, мәре-сәре болып жатқан кез еді. Үй іші, есік алды толы ығыжығы кісілер. У-шу, ешкімнің бір-біріне қарайтын уақыты жоқ, үйдегілердің бәрі той қамымен, келген қонақтарды қарсы алып, құтумен әлек. Ол кезде мен кішкентай қызыбын. Кешке таман сұықтии қатты ауырып, ешкімді мазалағым келмей, далада өзіммен-өзім бүрісіп отыр едім. Маган назар аударап ешбір жан жоқ.

Бір мезетте: «балам ауырып қалдың ба, той болып жатқанда неге бұлай көнілсіз отырысын?» – деген дауыс естілді. Басымды көтеріп жалт қарасам, Мираш этәйім тұр. Ол кісі сол арада мені жақын тұратын дәрігер алайдын үйіне ала тартқаны. Дене қызуын басатын дәрі-дәрмек ішкеннен кейін біз аяңдал үйге қайттық. Осы бір сәтті еске алғанда, Мираш этәйдің экелік қамқорлығына, бала-шага демей, той өтіп жатқаның өзінде бәріне көніл бөліп, көмек көрсетуге әзір тұратын кенпейіл мінезіне әлі күнгे дейін таң қаламын.

1983 жылы педагогикалық институтты бітіріп, Ұялыға келіп, орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұғалім болып қызмет істеп жүрген кезім еді. Тоқсандық бағаларды қорыта отырып, сыншыпта нашар оқытын бір окушыға екі қойған едім. Мен өзімше бұл бағаны әділ қойдым деп есептегенмін. Бірақ, көп ұзамай сол баланың анасы келіп, істің байыбына бармай айғай-шу көтеріп, үйіміздің тап алдында: «Сен бағаны дұрыс қойған жоқсың» – деп орынсыз кінә таққаны бар гой. Бұған мен біраз уақыт іренжіп, көнілсіз жүрдім. Бұл оқиғаның еріксіз күзегері болған Мираш этәйім да үн-тұнсіз менің осы қобалжыған күйімді бақылаумен болса керек. Көп ұзамай ол кісі менімен осы тақырыпқа сез қозгады.

Сондагы маган айтқан аңыз әңгімесі әлі есімде: «Ертеде бір данышпан адам ауыл маңынан өте бергенде, сол ауылдың адамдары оған іренішті сөздер айтады. Ал, жаңағы адам болса, сол сөздердің бәрін үн-тұнсіз тыңдал, жымышп тұра береді. Сонда бұған таң қалған ауыл тұрғындары: «Біз сені іренжітіп жатырмыз. Сен оған мән де бермей жымышп тұрсың. Бұл қалай?» – деп сұрайды.

Сонда әлгі данышпан айтқан екен: «Мені іренжіту эрине, сендердің еріктерің, бірақ, бұл іренішті сөздерді қабылдау не қабылдамау менің еркім. Олай болса, мен бұл іренішті сөздерді қабылдамай, қайтадан өздеріне қайтарамын» деп.

Әтәйімнің сондагы осы айтқанынан менің жасаған тұжырымым,

егер сені біреу ірекітсе, оны көніліңе алу-алмау адамның өз еркінде. Соңда да оны әлгі данышпандай көнілге алмаған дұрыс. Ал, дауыс көтеріп, саган орынсыз кінә таққан адам ерте, кеш пе, өз кателігін өзі түсінеді.

Сейткен Мираш этәйім тек жалғыз менің ғана емес, ол кісіні білетін, жақсылығын көрген барлығымыздың да есімізден ешбір кетпейді. Ол әрқашанда менің ойымда сол өзім талай рет көзім жеткен қамқор аға, өз ісін, өз пәнін жетік білетін сабырлы да білімді ұстаз, адал да жанашыр туыс ретінде қала береді.

Арқа сүйер марқұм әкеміздің ыстық құшагын сағынғанда, «бауыр» деп мауқымызды басар адамды іздеғенімізде біз саялаған саябак еді этәй.

Жан тәтеміз Қайыркеш апай, этәйімнің өзіндегі бауырмал бала-лар тұрғанда, бұл шаңырақ біз үшін әлі де солай. Тек аға жетіспейді. Мен ол кісіні өмірде өзімнің ең үлкен туған ағамдай сыйлап, өте-мөте қадір тұттым. Этәйім біздің аяулы әке-шешеміздің қолында тәрбиеленсе, ал, мен ол кіслердің тоғыз баласының ең сүт кеңіжесі болсам, басқаша болуы да мүмкін еместей. Сенімді ақтағанына жан әкем Қажым, анам Қорлан, екеуі де өле-өлгенше риза болып өткен осы бір қымбат жанды өзге бауырларым, өзім де бұл өмірдің қалтарыс-бұлтарысында ешқашан есімізден шығармасымыз айдан анық.

*Галияш МУСІПОВА.
орыс тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.*

Көкшетау қаласы.

НЕЗАБВЕННЫЙ МИРАШ АГА

Мираш аға был ярким представителем своего поколения. Как бы не критиковали советское время, в моей памяти навсегда остались самобытность, неподкупность, гуманность творческой интеллигенции этого периода. Сельский учитель был непререкаемым авторитетом, зачинщиком творческих мероприятий в селе. Мираш аға был учителем с большой буквы. Скромный в быту, мудрый и деликатный в общении, обходительный с пожилыми людьми он

притягивал людей к себе как магнит. Вот пишу и мне слышится его веселый раскатистый смех, непременно вызывающий ответную улыбку, его проникновенный голос, вспоминаются его добрые шутки. У Мираш ага было необыкновенное чувство юмора. Его шутки были безобидны, очень смешны.

Он был прекрасным семьянином: преданным мужом, заботливым отцом. Мне всегда импонировало его трепетное отношение к супруге тете Кайыркеш. От этой пары, воспитавших десятерых детей всегда исходила хорошая энергетика. Я никогда не слышала, чтобы они повышали друг на друга голос, говорили друг другу обидные слова.

Его любили многие: дети, соседи, ученики, друзья, родственники. Его сегодня нет с нами, но до сих пор как искры от большого костра следы его добрых дел сопровождают нас по жизни.

*Галияш МУСИПОВА,
учительница русского языка и литературы.*

г. Кокшетау.

ӘКЕ ҮМІТІН АҚТАУ – ПАРЫЗ

Бұл өмірде әкелері бар үл-қыздардың бақытты екені, өйткені, олардың қолтығынан демейтін асқар таудай таяныш, тірегінің бары сірә, мен ашып, мен айтып отырған жаңалық емес шығар. Сол атап-анадан түптің-түбі бір айрылып, аңсаумен, іздеумен келе жатқан жұмыр басты пенделер қашшама. Солардың бірі өзіммін. Осы күні сағынып, сарғайып әкемді ойлаймын, қол созып қауышқым, кей жақсы сөзіммен көңілін аулап, табысқым келеді. Кейде бір ақылы керек болып тұйыққа тірелген, экесі барларға қарап бір ауыз сөзіне аңсарын ауган шақтарда көргін келеді де тұрады. Бірақ, оған енді қайда?! Тек мына жақсыны да, жаманды да көп кешкен жер бетінде солай «әке» деген аяулы жанға зар боласын да жүресін.

Иә, менің әкем де шынымен өзім үшін аяулы, қымбат еді. Басқалардың да экесі, өздеріне солай ғой. Қайран, әке, әкелер!.. Шыншыл, адад адам болды. Жуастығы да көзге ұрып тұратын. Өзі адам жанының бағбаны – ұстаз болған соң ба, біздің келешегіміз-

ді көп болжал, өнүіміздің, өсуіміздің, дұрыс қоғам мүшесі болып қалыптасуымыздың кілті – білімде деп үккән сыйылды. Сол үшін де мектеп бітірген әрқайсымызды шама келсе, институт, техникумға қарай сүйрелейтін. Ол кезде ауылдан үзап шықпаған баламыз, содан болар, сегізінші сыныппты тәмамдаған мені де әкем мектептен кейін Бурабай ауыл шаруашылығы техникумына езі алып барды. Сондагысы «Қайрат құлымын», осы окууды да бір көр, келешегінді ойла» дейді. Эрине, мұның бәрі қоң еті – баласы ретінде маган жаны ашығаны, ертегіміе алғандаганы. Бірақ, сол алғашқы окууга неге екенін, өзімнің көңілшім жатпағы да, содан құжаттарымды тапсырмай, үйге қайтып келдік. Кім біледі, мұндаіда басқа бір әке болса, «тілімді алмадың» деп біраз кейіп сөйлер ме еді. Ал, менің әкем мұныма іреккіген жоқ, тек «өзіңе ұнамаса, тағы бір жөні болар» деді де қойды. Осы күні сондагы қылышын есіме түссе ойлаймын, әкемнің үндемегені тегі, шынында да, баланы зорлап оқытуға болмайтынын жақсы түсінген биік парасатынан-ау деп.

Ал, оның есесіне ауылда орта мектепті бітірдім де, сол жазда жолым болып, Целиноград инженерлік құрылым институтына окууга түсіп кеттім. Қарапайым ауыл мұғалімінің бейтаныс қалада қолынан келер еш кайраны болмаса да, тағы да алғашқы реттегідей, сол окууга өзі алып барып, құжаттарымды институтқа бірге тапсырысты. Солай мен аяулы жан әкемнің ак тілеуімен үлкен емірге ез сокпағымды салдым. Елде менің окууга түсіп кетуіме сүйікті анам тілекtes болып қалса, қасымда әкем бірге ере келді.

Сол сокпақ бүгінде қайырлы, күттү жолға айналып, әке үмітін шама келгенше, актап жүргендеймін. Эрине, «болдым, толдым» деген ойдан мулде аулакпын. Дегенмен, әке күткен сенімнен сәл-пәл шығып жатсан, ол да өзің үшін осы бір қымбат адамың мен ел-жүртінның алдында үлкен парызынның аз да болса, өтелгені екен. Бұл үшін эрине, кезінде бізді де жас демей, қолтығымыздан демеп, өмір мен еңбек сабагын молынан берген еліміздің үлкен азаматтарына раҳмет. Институт қабырғасында аяулы ұстаздарымыздың зердеге құйған білімі бір, осы агаларымыздың тәлім-тәрбиесі екі дегендей, әйтеуір, өткен жылдар Ұялының ел қатарлы мендей бір ұлы үшін баянсыз емесстей. Бұл бір жағынан, кезінде бүкіл Қекшे өнірі жақсы билетін Асқар Хасенов сынды талапты да еңбеккор басшының қол астына түсіп, үлкен құрылым мектебінде шындалып, шынығуымнан

да шығар деп түсінемін. Осында жүріп Талшықта учаске шебері, ендірістік-техникалық бөлімінің бастығы, одан Уәлиханов ауданында жылжымалы механикаландырылған колоннаның бас инженері болдым. Келесі кезекте Қызылту ауданында өзімдей башылар арасында ең жасы екеніме қарамастан, ПМК басқаруыма да тұра келіп, біраз тұрғын үй, басқа да нысандарға жан бітірдік. Одан әрі «Көкшетаусельстрой» тресі бастығының бірінші орынбасары ретінде бір шеті Астана қаласындағы №9 шағын ауданың құрылышы күтіп тұрды. Бұл – ендігі арада Елорда атанған осы қалаға бүгінгі жаппай өріс алған ғаламат құрылыштардың алғашкы қазығын біз қақтық деген сөз еді. Сол тұста, нақтырақ айтқанда, 1997 жылы мұнымен бір мезгілде біздің трест Ресейдегі Свердловск, Түмен қалалары мен өзіміздің Ақтөбе, Атырау, Жезқазган қалаларында да көп қабатты тұрғын үйлер мен коттедждер салып, құрылышшылардың қолы заманың киын кезеңінің өзінде істен бір босаған жок.

Осылай жан әкеміз адам болғанымызды қөргісі келген күндер өз жемісін беріп, тәтті енбектің азды-көпті рахатын таттық, үйлі-күйлі болдық. Жұбайым Қарлығаш медучилищені бітіргеннен кейін мұның соны екеуміздің қол ұстасып, отау құрган тойымызға ұласты. Құдайға шукір, атасы уш баламыздың да өмірге келгенін қөріп, біраз қызықтарын қызықтап кетті. Тек өзі қайтқаннан кейін бертін үлкен ұлымыз Дарханның үйленгенін, одан қалды Ерсұлтан атты шебересінің дүние есігін ашқан қуанышын көруге тағдыр жазбады.

Қазакта «әкенінің өзі өлсе де, көзі көргендер өлмесін» деген сөз бар ғой. Осы сездің ұлылығына әрдайым басымды иемін. Бүгінде әкем ортамызда жоқ болса да, оның ісін, өнегесін, жақсы мінезін айтып, көңілімізді демдел қоятын сол замандастары. «Жақсы адам қашанда жақсылығын жасайды» демекші, сениң әкенді бір ауыз жылы сөзімен болсын, есіне алатын осы жандарға қалайша риза болмассың. Бәріне де рахмет, қатарлары сиреп жатқанымен, енді Алладан «өмір» атты үлкен айдында солардың кемесінің жүзе тұруын, солардың бар бола беруін тілер едім.

Менің әкемнің тұстастары да білгенге осал жандар емес. Бала болса да ашаршылқты, тылдағы сүм соғыстың бар ауыртпалығын көріп, өгіз жетелеген, бір үзім нанға телмірген олардың өмірі қайдан жеңіл болсын. Солай бәрін көріп, бәріне төзіп, тірліктің

қадірін біліп өскендіктен бе, осы жандарда мейірім мол, кісілік, ірілік басым.

Әкеме де қуанатыным, артық мінезі жок, отырган жері думан болатын. Окушылары, бәрі жақсы көріп, «мұғалім, мұғалім» деп сыйлап тұрушу еді. Өмірде өзінді дұрыс алып жүре алмай, осындаі әкеге кір келтірсең, бала болғаның сол ма?! Арамыздагы аяулы анамыздың сын көзі, ауылдастардың, ел-жүрттың назары тағы бар. Сондыктан, шама келсе, өрге жүзгің, көп үмітін ақтағың келеді. Қазір сол құрылыс саласындағы жұмысымды одан әрі жалғастырып, Астанада «Стройинвест» құрылыс компаниясы басшыларының бірі болып жүріп жатырмын. Қазақтың бір іскер азаматы Әмір Үәлиев жетекшілік ететін бұл компания Елордамыздан бастап, Қазақстанның қоғатеген облыстарында сан қылыштармен айналысады. Оның ішінде әсем қала, бас қала Астананың да сәүлетін асыруға үлесімізді қосып жатқан құрылыс саласының алар орны ерекше. Көп тоқталмай, қысқаша айта кетсем, осы компанияда институттың бір мезгілде, бірге бітірген 17 жігіттің ой-мақсаты бірге түйісден.

Кейде өмір де өз-өзінен ойланпай қоймайды. Әке-шешемнен кейін Роза, одан мен, үйдегі 10 баланың екіншісі екенмін. Демек, сонынан ерген іні-карындастарым да маған бас көріп, ес көріп, осы тұрғыдан қарары анық. Бұл да өзінді қосымша қайрау. Мына қыын заманда сол бауырларыңа, ел-жүрттыңа бір шапағатың тие жүрмесе, несіне азаматсың. Олай болса, «әке үмітін актау – парыз» деп мен де жер бетінде жақсыға елеңдеп, сол жақсыдан бір сүйеніш тауып келе жатырмын. Ойланып - толғанып жүріп, құдайға шүкір, Мұсіповтер мен Ыбыраевтар бармыз гой, сенің де есімің елеусіз қалмасын деп әке, өз тегінді де алғанмын. Ол да маған ендеше, қосымша жауапкершілік жүктейтінін түсінемін...

*Қайрат МИРАШЕВ,
«Стройинвест» құрылыс компаниясының
бас директоры.*

Астана қаласы.

Өзіміз әдептеген ат басын тірекен осы
ауылдан біздің іздеңіміз әрине, алдымен,
Мират аза іздері еді.

Осыл елдің тұмасы Смағы Сәдуақасов
ағамыз да бүкіл қазақтың мактапшылы мен
рухани тірекіне айналғалы көшін.

Екі майданның ері Қажым Мусінов, күш
атасы Қажымшуканның ізбасары Ахмет-
жан Қазынбетов балшандар да күнде тұа
бермес.



Алаштың арысы Қошке Кеменгеровтің ағасы
Бекмағамбетке тұрмысқа шыққан Хамзахметтің апасы
Әлжан Ыбырайқызы (ортада) және оның ұлы Қожахмет
(солдан онға қарай үшінші тұр). Сурет шамамен 1906
жылы түсірілген.



Жан жары Хамзахмет отыз жетінің
ойранында атылғанда шаңырақты
шайқалтпаған асыл ана Нәзиқа үлкен
келіні Жәмішпен және немерелерімен.

Әрдайым ел қамын ойлап, бауырға
камкор болып жүретін Сапарғали аға-ай!
Кисловодск, 1972 жыл.





Тұған жиеніне әке орнына әке болған аяулы жан,
Социалистік Еңбек Ері Қажым Мұсіпов.



Сапарғали және Мираш ағалар
1953 жылы Қызылжар қаласына
келген бір сапарларында.

Мектептен кейін білім қуып
Қарағандыға келген студенттік
өмірдің ыстық бір сәті.



Ұялыдан канат қағып, талай елге танылған тамаша
балуан Ахметжан Қазымбетов та қазақ күрес
өнеріндегі бір жарық жұлдыз еді.





Саябакта да албырт көнілді жаксы
ойлар тербеуші еді. 1955 жыл.



Алғаш қол ұстасып үй болғанда Мираш аға
мен Қайыркеш апайдың екеуі де тап осылайша
жап-жас еді-ау! 1956 жылы түсірілген сурет.



Бір мектептегі үш ұстаз - Әбу
Ілиясов, Сейфолла Қажкенов және
Мираш Мұсірепов.



Күнде суретке түсे бермейтін ұмытылмас
кездер еді-ау! Солдан онға қарай бірінші Мираш
Мұсіпов, төртінші Қайыргелді Шахметов.



Ардакты ағалар, өмірдің тарау-тарау
жолымен кеткен арманшыл шәкірттер.



Мектептегі окушылардың
жазғы еңбек лагері алғаш
осылай қалыптасқан болатын.



Мираш аға кішкентай Розасы және
Қайратымен, жолдасы Тельман ұлымен.



Көңілге шуак сыйлаған ұстаздық
кызметтің бір сәті. Әріптес аға-інілер
М. Мұсіпов, Ф. Әбілқасов,
Ж. Нәжімеденов және С. Қажқенов.



Жұздеген шәкірттерді үлкен өмірге түлетіп
ұшырған Ұялы орта мектебінің бір кездегі
мұғалімдер ұжымы. Ортада М. Мұсіпов.



Шәкірттер арасындағы жаркын бір сэт.



Үміт артқан құлныны
Қайратпен де жеке бір суретке
түскен камкор әке-ай!



Ұялы орта мектебінің әрдайым жақсы
аталуында елеулі еңбегі бар карт ұстаз
Рахым Ауғантеңі мен зайдыбы Бағдат.

Осы күні аяулы Мираш інісін
қимастықпен еске алатын жерлесі,
соғыс ардагері Хакім Ахметов.





Кайыргелді Шахметов аға мен
Мәкен шешейдің әлі күнге туысы
Мираш пен оның адамгершілігі
дегенде жандары бөлек.



Мираш замандастары туралы айтары
мол Негмет және Нұрә Сыздықовтардың
өздері де 10 бала тәрбиелеп, өсіріп отырган
бақытты шаңырақ иелері.



Әлемнің жарығын сыйладың сен бізге!...



Қайыркеш апай құдағы
Алтыншаш пен құрбылары
Қазира, Балқияның ортасында.



Тұған күнің құтты болсын, асыл анашымыз!



Әкенің орнын жоқтатпаған ананың ыстық
құшағына жан-жактан ұлдарының – Қайрат,
Қанат, Мағжан, Дәulet, Бауыржандардың
жиналған сәті.


Кекше, Қызылжар өңірлерінде күрес өнерінің
дамуына зор үлес косып жүрген елімізге белгілі
бапкер Мәлгаждар Омаров өзінің зайыбы,
Социалистік Еңбек Ері Қажым Мұсіповтің қызы
Мәруашпен.





Мираш ағаның әр жолы көрген жерде
«Жанауыл» жауапкершілігі шектеулі
серіктестігін басқаратын Қайырбек
Шәпеновтай өзінің іскер де өнегелі
шәкірттеріне көнілі толатын.

Ресейден ата жұртына оралып, туған
еліне қызмет еткен подполковник
Қажжан Жакин.



Бұғінде әке үмітін актаң, атаның емес, елдің
баласына айналған, өз орталарына сыйлы Қайрат
және Қарлығаш Мирашевтар.

Асылдың сынығы Қайрат үшін жұмыр жер бетіндегі ең ыстық
екі ауыл – Ұялы мен Жанан! Мына суретте ол өзінің түп-тамыры
бастау алатын Омбының Жанан ауылындағы Есләм, Сапар
агаларының ұлдары Жұмабек, Қайыржан, Қайролла, Қайрат,
Манас, немере-жиендері Жанан, Арман, күйеу балалары
Сайлаубек, Нұркеш, ағасы Қажкен Қабдоллаұлы және өз туған
інісі Қадыржанмен бірге бейнеленген.









Астанаға Қайрат үйіне тойға келген туыстар.

Бауырлар бірін-бірі іздеу керек.
Қайрат Жанан ауылына барғанда.
Қасында ағасы Қайыржан.



Қайраттың тұнғышы, ата-әжесінің сүйікті
немересі Дархан да отау тігіп, Индирадай
бақыт құсын қолына қондырды.

Дархан мен Индираның қолдарындағы
мына кішкентай Ерсұлтан ата-әжесінің
алғашқы шебересі. Оны Мираш аға көре
алмағанымен, Қайыркеш апай көріп, Аллаға
шүкір дейді.





Жан әке үлдарына сеніп еді. Сол сенімді ақтап жүрген Қанат, Мағжан және Бауыржан.



Әке арманын орындап, кенже ұл да
шаңырақ көтерді. Бауыржан мен Айнүр.
Көкшетау, тамыз, 2007 жыл.



Астанаға Қайрат үйіне тойға келген туыстар.

Бауырлар бірін-бірі іздеу керек.
Қайрат Жанан ауылына барғанда.
Қасында ағасы Қайыржан.



Қайыркеш апа Сәкен, Айғаным немерелерімен.

Екінші бөлім
ҰЯЛЫ ҰЛАҒАТЫ



БІР САПАРДЫҢ АЙШЫҚТАРЫ

1. КӨЗ КӨРГЕН ЕЛ, ӨЗГЕРГЕН ЕЛ

Ойлар, ойлар! Онымен отырсаң, жетегінде кетіп, жолдың да қысқарапы бар. Әрине, өзінді-өзің жеп, еңсенді соған басқыза беру де жән емес. Бірақ, сәулелі ойлар, мына ел, жер туралы толғамдар бір басқа. Сонымен, бұл жақта, бұл аудан орталығында болмағалы қашан! Енді міне, танертен бір шыныаяқ шайымызды апыл-ғұпты ішесалып, алыс қой деп ерте атқа қонған асфальт жол кілт бүрылып, Талшықтың ішіне де кіре бергенбіз. Осы жүріп келе жатқанда тағы ойлап отырсам, мына менің де Үлкен, Кіші Қараойға жолым түспей кеткенине де аттай он шақты жылдың жүзі болып қалыпты. Бұрын ше? Жаңагы жолшыбай жүріп өткен Дәуіт, оның батысы мен шығысындағы Алқатерек, Айсары ауылдары, осы өзіміз келіп қалған Талшық, мынау Жаңауыл, анау Қызылту қызмет бабымен тым құрыса айына бір соғып тұратын, өз туган жерімдей болып кеткен көзтаныс елді мекендерім еді.

Енді дәм жазып, арада қашама жылдан кейін көлік әйнегінен жай отырмай, өзіміз енген кенттің бұрынғысы мен бүгінгісін салыстыра қарауым да адам жанының бір өзіне тән құмарлығы шығар. Керексе, сол үшін де тірі пендеміз гой!

Сонау алас-күлес заманда құдай беріп, аудан орталығы мәртебесін сақтап қалған, сейтіп, бұрынғы Ленинград пен Ленин аудандары қосылып, енді бүгінде басқа облыстағы Ақжар ауданының орталығы болып отырған Талшығыңыз міне, осы. Ағашы да жоқ, тек қана ұшы-қырысыз жазығымен ерекшелептің ен дала төсінде жайғасуы, алыстан «мен мұндалауы» сол баяғы болғанымен, қотанына кіргенде сезерің, өзгермей қоймаган.

Осы күні рас, өзгермеген дүние бар ма десек те, біздің ана тұста әуелі үйреніп қалғанымыз, кері өзгеріс, бар дүниенің езі астан-кестен қирап, сипатынан жаңылуы еді гой. Осы жағдай біраз тұрып-тұрып, одан кейін көзіміз тағы қөргені діңкелеген шаруаға етеп жан бітіп, сәл-пәл он нышанның біліне бастауы еді. Содан рас, ел еңсесі бері қарады.

Мираған аруагы қолдан, осы жуырда әне-міне осылай қарай шыққалы жүргенімде өзім үшін тосын қызық бір жағдайға тап болғаным. Бір есептен ол да өз ангалдығынан. Осы бертін жет-пісінші жылдары жаңадан ашылған аудан орталығының жаңа құрылыштары, өзіміз білетін әл-әсем, жып-жинақы келбеті қиою кетіп қалғандай қөрініп, сол жаққа барып келген таныс кіслерден:

— Талшық та бір кезде қандай еді. Енді ол күні жоқ шығар, — деп сұрап қалғаным. Сейтсем, әлгі жандардың көңілге түйгендері мұнымнан мұлдем басқа екен.

— Жоқ, одан да көп взгерген, жақсы болып кеткен, — дейді әлгі жерде. Өз ойлағанымнан тосындау шыққан осы жауапқа содан кейін шыны керек, қысылmasыма болмады. Айтты-айтпады, қайда барсан да қазір құрылыш деген етеп дөнгеленіп жатыр. Ендеши, Талшық та неге өзгермесін, сондай құрылыштар неге салынбасын. Қанша дегенмен, әлі өз-өзіне келе алмай жатқан ауыл емес, білдей бір аудан орталығы емес пе...

Міне, сондағы сол ойлардың бүтін алдынан шыққаны. Үлкен аурухана кешені. Көрініп түр, емханасы, басқа керек-жарагының бәрімен ендігі салынып та бітуге таяу. Көркіне көзің тоюы өз алдына, өзі де анау-мынау емес, ауданаralық аурухана көрінеді. Яғни, осы маңайдағы кешегі аудан, бүгінгі аудан бар, халықтың барлығына да дәрігерлік көмекке мүмкіншілігі жетеді. Үлкен жолдан орталыққа кірер көшеннің бойына жарасып тұра қалуы да тауып кеткен шешім дерсің. Өйткені, кім-кім де осындай құрылышқа мерейі өсіп, котанга көңіл-күймен енсе, жаман ба?!

Жолымыздағы айшықты құмбезі көтеріліп қалған жаңа мешіт, жана стадион, біз де осылай қөргенімізге көңіліміз марқайып, келген үйіміздің алдына құлышына токтадық. Бірақ, асығыс болған соң ба, жаңағы Алла үйін көрсек те, осы құрылышқа бас-көз болып жүрген аудан имамы Мұрат інімізді кере қоямыз деп кім ойлаған. Енді міне, «ұлық болсаң кішік бол» дегендей, көшеден өтіп бара

жатып, жанымыздығы өзі танып қалған Қанатқа сәлем бере ол да келіп тұр.

— Естіл жатырмыз, — дейді амандық-саулықтан соң. — Ниеттерінің қабыл болсын. Өнегелі кісі ғой. Бізден көмек керек болса, әзірміз.

Сөзине қарағанда, имам алдағы уақытта балаларының осы Талшықта Мираш ағаға арнал ас бергелі жатқанынан хабардар болса керек. Біздің ат үсті, асығыс екендігімізді түсініп, Мәруаш тәтеміз де шұғыл дайындаған қойған шайға ол кісі ақыры қарамады.

— Мәлгаждар аға, рахмет. Мен де асығыспын. Демеушілер іздеуге Қызылжар жүруім керек. Қайраттың қаражатымен мұнарасын да көтеріп қойдық. Қалғаның да сонына жеткізбей болмайды, — деп бізben жылы қоштасып, көлігіне мінді.

Расында, талшықтықтардың да өз қотанында дұрыс бір мешіт жөнінде ойланып жатқаны абырай болған екен. «Бірлік болса, тірлік болады» деген осы да. Жасанған, жаңаған аудан оргалығымен қайта бері шығып, бағытты келесі сапарымызға түзедік. Ол — ұлагатты ісін мұндағы ағайындар да біліп жатқан Мираш мұғалімнің өмір бойы жас үрпақ қамы үшін аянбай енбек етіп, жарқын ізін қалдырган Ұялы ауылы. Соны ойлап, алып-ұшкан көніл шіркін, тағы тебіренеді. Иә, тебіренсе тебіренгендей, алдан аға ауылы қол бұлғайды...

2. ЖОЛ БОЙЫНДА

Ұялы ауылында бұрын болмаптыз. Қазақтың жақсылары мен жайсандары шыққан осы бір құтты мекенге жолымыз элі түспеген екен. Енді міне, кейде грейдерге мініп, кейде жолдың нашар болуынан одан түсіп, төтелетіп «Ұялы, қайдасын?» деп тартып келеміз. Екі ара 90 шақырымдай. Қазекемнің даласының кеңдігі осындаida да көрініп қалады. Айнала кең жазық. Қарасаң көзін талар көюжиеккес дейін бірде бір пісуі кем егін, бірде ұйысып есken, кей жері шамамен тізеден келіп қалар бетегелі, жусанды қалың шөп. Дала шіркіннің, мезгіл күзге ойысып қалса да, элі өнін бермей, көп тұста жасыл реңінен ажырамауы бұл жакта да биылғы жауынның молдығынан хабар бергендей. Оны мана Көкшетаудан бері деңдеп, осы жаққа бойлап енген сайын да көзіміз көріп, көніліміз сезген. Оған да кәдімгідей жаның қалмай, іштей қуанады екенсін. Жауын-шашын бар, егін болса, тұтасып, тұнып тұр. Тек пісуіне

күн біраз ашық, жаймашуақ қалпында тұра тұрса болғаны.

Осында ойды ой жетелейтіні де белгілі жай. Мәселен, кешегі кеңес өкіметінің тұсында бір жылы құдай беріп, астық астасын шықса, келесі жылы онын болмай қалатыны, неге десеніз, ала жаздай аспанин нәр тамбай, жер-дүние күйіп тұрып алатыны жиі кездесетін. Сейтіп, құрғақшылықтан бір жыл бір жылға ұксамай, бар мен жок алма-кезек тұсуши еді. Әзір, шүкір... Тәуелсіздігімізді алып, ел болудың қамын құйттегелі табиғаттың осы бір «мінез» де бізге жақ. Ауа райы қытымырлық танытып, астық болмай қалған жылдар алі бой көрсете қойған жок.

Осы ойдың құшагына ене бергеніміз сол еді, ой-шүнқыры көп дала жолы тағы біртонқеткізіп, жұмсақ орындығымыздан көтеріліп барып төмен түстік. Жолшыбай солай. Жол алыс әрі жайсыз-ақ. Бір көліктे отырган үш-төрт адамның менен басқасына әрине, мұның бәрі бұрыннан мәлім. Өйткені, олар кезінде осы Ұялының өзінде көзін ашып, он-солын таныған жандар. Көлігіміз селкілдетіп, бір көтеріп тастаған сайын жол туралы сез қозғамаудың езі мүмкін емес сияқты.

— Грейдер жолды КамАЗ жүк көліктегі ерсілі-қарсылықтынап, әбден бұзып тастаған. Жаздың өзінде жүре алмайсың. Ал, қыста қар алып, қатынас тағы үзіліп қалады, — дейді Қанат «осыдан басқа амал жок» дегендей, алдымыздығы ту-ту көюкиекке сінетін ойқышойқы кара жолдан көзін айырмай.

— Құданың құлдіреті, ертеде бір асфальт жол тарту ойға келмеді ме еken? Бертін тұрмыс түзеліп, ел еңсесі көтеріліп, осыған қанша мүмкіншілік болды. Бірақ, басшылар ойламағаны да...

Бұл енді қасымыздығы әңгімелеге қосылған үлкеніміз Мәкенін сезі. Ол да мына жолдың жанға батқанынан айтады да. Әйтпесе, кім білсін, басшылар ойласа ойлаған шығар. Онда да көп жағдайда қысқа жіп күрмеуге келе берді ме?!

Осылай әр жайдың басын бір шалып отырганымызда, анадайдан шоқ ағаштың етегіндегі Ұялының да біраз үйі көзге жарқ еткен. Жо-жоқ, оған дейін айтпақшы, бүтінде жер бетінде қалмаған Бұланбай ауылының жұртынан, ондағы ата-бабалар бейіті жатқан қорымнан өткенбіз. Аруақтарға бет сипап тұрып, олар туралы, енді өшкен түтіні қайта көлбемес қазактың осындағы жүзделеген ауылдары жайлы қоса мұнаю да бұл өмірдің зандалығы екен. Ер жеткен-нен есеп-қисап саласында жауапты қызметтер атқарып, кейін жасы

келгенде дінге бұрылып, арғы жылы Меккеге барып, қажы атанаң келген Қалел Асқаровтай текті ақсақалды да білетін едік. Жігіттер бұл ауылды сол кісінің елі дегенде, еріксіз тағы ойландық. Жалғыз кеше ғана емес, мектебі жабылып, бүгінгі күні де тарал жатқан ауылдарды, ертең алда-жалда жолымыз түсे қалса, «ананың, мынаның елі еді» деп, тағы да мұнға батып тұрамызың-ау...

Ал, бұл кезде жаз көші кетіп бара жатқанымен, сәскеден ауған күннің әлі де болса ыстық демі шарпыған Ұялы таяқ тастам ғана жерде тұр еді. Біз қанықан әңгімeden кейін шынында қасиетті, ки-елі ауыл бұл! Жынындағы төбесі көрініп тұрган Жарқын ауылында ең алдымен, алаштың арысы, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасов туған. «Елім», «қазағым» деп жалындағы жүріп небары 33 жыл ғана өмір сүріпті. Осы аз ғұмырының ішінде тындырып кеткені қаншама. 1995 жылы бұрынғы Кекшетау облысының тұсында осы Жарқында есіл ердің туғанына 95 жыл толуы салтанатты жағдайда аталаң өтілген тағылымды тойды біз де білетінбіз. Сол тұста Смағұл Сәдуақасовтың есімі Кекшетау ауыл шаруашылығы институтына беріліп, оку орнының алдында ескерткіш мүсіні орнатылған. Ұмытпасақ, біз келе жатқан осы Ұялы орта мектебі де асыл ағаның атын иеленген. Өйткені, шағын ауыл санатындағы Жарқынның өзінде алаштың ардақты перзентін мәнгі есте қалдыруға лайық көпшілік орындардың жоқ екені жүргітка аян-ды. Енді осының бәрі ойымызыға оралып, сол ауылдың жағдайын сұрап жатырызы.

— Бір-ақ көшесі қалды, — дейді бұған Мәкең осы маңайдың жайжапсарын бір адамдай білген соң.

Едәуір жерден ат терletкен Ұялының да қотанына кіріп келеміз. Бұрын өзің аяқ баспаған жаңа ауыл да жаңа кітап секілді. Ішінде не бар, қызық па екен деп беттерін параптап, қолыңа алған кітапка да үнілесің ғой. Бейтаныс ауыл да солай. Қандай ауыл, несі бар, несі жоқ? Осы саулалар қызықтырмай қоймайды. Ә дегенде көзге түскені ауылдың жасыл желеқке малынып тұрганы. Сонау тың игеру жылдары құрылған шаруашылықтарда осылай болушы еді. Тал-терегі кекке бойлап, қотандағы үйлерді бір көрсетіп, бір көрсетпей тұрган Ұялы да бізге осынысымен сол тұстағы ауыл екенін айғактап бергендей. Оны тәртіппен орналасқан көшелерінің түзулігі, сонау елуінші-алпысыншы жылдардан келе жатқан саман үйлер мен атышулы «Тұргын үй-91» бағдарламасының арқасында

салынып қалған бертінгі үйлердің аралас жымдасты да растап тұр. Тек сыртынан міні жоқ бұл ауылдың да бүтінгі қазақтың көп елді мекендеріне тән оргак мұнын ә дегеннен-ақ андан қалдық. Олай деп отырганымыз, иелері анда-мында қоныс аударып, терезелері үнірейіп, бос тұрган үйлер мұнда да баршылық болып шықты. Эне, тегі, бертін салынған мына үй де соның кебін киіп, қалқиған қабыргасы ғана қалыпты.

— Үйлер босап қалған екен, ә?..

Еріксіз аузымыздан шығып кеткен осы сөзге бұл күнде жауап та біреу сияқты.

— Әсіресе, жастар жағы көшіп жатыр. Өзіміз көрген жол қатынасы, жұмыссыздық соған әкеп тіремей қоймауда.

Әрине, мұның бәрін қаламға іліктірмей, осы жазғандарымызға тек жақсылықты, сәулелі, шуақты істерді ғана арқа етуге болар еді. Бірақ, өмірдің шындығынан аттап қайда барасын. Өзіміз «жет-сек» деп жүріп, акыры, міне, келіп қалған Ұялы да бізді осындаи бар-жогымен қарсы алып, оның өзге ұлттар кетіп, енді тек қазақтар ғана қалған «қазаки тірлігіне» де бойлап ене бергенбіз...

3. ЖАҚСЫЛЫҚ ЖЕРДЕ ҚАЛМАЙДЫ

Өзіміз әдейілеп ат басын тіреген осы ауылдан біздін іздеғеніміз әрине, алдымен, Мираш аға іздері. Ептең өмір, еңбек жолымен та-нысып, көзі тірі замандастары, басқа да аралас-құралас жандардың жақсы-жақсы лебіздеріне қаныққалы тап бір туыстай болып бара жатқан осы бір ағаның ауылын көріп, одан да сыр андау, шыққан, алған асу-белестеріне үңілу бізге де бір парыз сияқтанған да тұрган. Рас, айту бұған ұсыныс Мираганың балаларынан болғанымен, өзіміздің де ішкі ойымыз еді бұл. Енді міне, сол адамның жастығы, азаматтық қалыптасу кезеңі, қалған өмірі де зырлап ете шыққан Ұялы... Өзі сағындырып, көзге көрінбегенімен, ғұмырының кесек-кесек белігі не тұтастай тізбегі осында жатқандай. Эне, немересін жетектеп қаз-үйректерінің сонынан жайлап басқан ана бір қартың сияқты біздің ағамыз да жаз күндері мына көшелердің бойымен сан шаруаға талай өткен шығар. Таңертең ертемен мек-тепке, өзінің сүйікті жұмысына асықкан табанының ізі де жатыр ғой осы тастақ жолдардың үстінде. Иә, бір адам үшін қуаныш пен қайғыдан өрілген бұл өмір ауылда өтеді, бір адам үшін ол келіп-келіп қалада түйшікталады. Солай демекші, біз де бүгін дәм жазған

күні абзал азамат өмірінің шұғыласын сол алтын бесік – ауылдан іздеп келіп тұрмыз.

Бұл жолы да қызық... Қызық дейміз ғой, бірақ, әріден таразыласаң, осында да бір ой жүгіртер мәністер жатқан тәрізді. Әйтеүір, не керек, бұл Ұялыда да алғаш жүздескен адамымыз басқа біреу емес, ауылдың имамы болып шықты. Оны жігіттер көшеде көліктен түсегендегі қалысып, қаумалап сәлем берген отағасының бірден мешіт туралы бастап кеткен жаңалығынан андадық. Өзі сондай көңілді-ак. Жүзінде де, сөзінде де әне-міне біткен бір игі іске соншалықты разылық бар. Сойтсек, Алла үйіне биыл біраз жөндеу жасалып, кем-кетігі түгенделіп қалыпты. Кілемдерді тазалап отыруға еден сыптырушыға шаң сорғышқа дейін әпердік деп күледі. Осынау жайдары шыққан сөз арасында міндепті түрде екі есім де катар айттылып қалады. Айттылауы да мүмкін еместей. Әйткені...

– Аманжол Атығожин 100 мың теңге берді. Өзін Қайраттан 75 мың теңгенің құрылыш материалын әкеліп бердін. Раҳмет бәріне, құдайдан қайтын, – деп тебіренеді молдекен.

Әрине, қолында мүмкіншілігі бар жігіттер тәубасын ұмытпай, еліне осылай көмектесіп жатса, ол да абырой. Осы ауыл кезінде Мираш мұғалімді білуші еді. Адамгершілігі, кісілігі үшін қадірлеп, сыйлаушы еді. Кейін осы үйдін балаларын білді, қазір де біледі. Солардың ішінде «Қайрат» десеніз, осы Ұялыда сірә, елең етпейтін үлкен-кіші жоқ. «Әке көрген оқ жонар» демекші, Мираганың бұл ұлы құдайға шүкір, өз талабы, өз еңбегімен ел сыйлар үлкен азаматқа айналды. Алақаның ашып емес, жұма ұстаса, әркім өзі біліп, өзі қойып жатқан бұл заманда кім кімге кінә артқандай. Жо-жоқ, жөн-жобадан аттай алмайтын есті ұл туған ауылның мешітін былай қойып, ауданның да мешітін ойлады. Ойлайды да, көмек қолын созады.

Талшықта салынып жатқан жаңа мешіт құрылсызы жыл артынан жыл өтіп, ұзап барады. Эрі осыған жаны қиналып, әрі ер-азаматсыз бұл сауалты іс бітпейтінін түсініл, 1,5 миллион теңгені соған аударғаны да осыдан кейін жай емес. Мана ауданның имамы айтқандай, жүрегінде имандылық, қайырымдылық нұрының бары. Дегенмен, жағдайы, қалтасы көтеретін басқалар да ара-тұра аудан, ауылдарының осындағы мұқтаждарына карасып қойса, солардан не қалғандай. Бұл да жаңағы молдаларымыз кей-кейде

амалсыз ауызға алған наз дейміз бе, азырақ шер дейміз бе, орынды әңгіменің бір үшігі да. Ал, әзірге Қайратқа сүйсініп отырған маңайдағы шалдарға келсек:

— Мираштың баласы жарады, — деп қауқылдасады. Білмейтіндердің сұрайтыны:

— Қай Мираш?..

— Әлті Ұялыда мұғалім болған Мираш ше?! Нагашысы атакты Қажым Мұсіпов.

— Е, тегінде жатыр екен гой өзінің...

Осының бәрінен кейін біздіңде ойланғанымыз, осы сапарымызда алғаш тоқтаған жеріміздің екеуінде де әуелі алдымыздан Алланың ақ адап уағызын уағыздаушы имамдарымызды жолықтырганы қалай? Әлде, жаратқан ием разылықтан осы қадамымызды өзі қолдап, осылай болуга нәсіп етті ме екен?! Бұл да осы елде жүріп, көкірекке кенет сау етіп, өз-өзінен келіп қалған бір толғаныс еді. Иә, жақсылық жерде қалмайды. Оны жүрт естиді, Алла қолдайды. Тек жұмыры басты пенделер, біз соған көбірек ұмтылсақ болды...

4. ИЗГІЛІК ИЗДЕРІ

Айтып, көкірек зерденізге құя түсер кісісі болса, Ұялы да сізді өз тарихы мен жақсы-жайсандастына ұйытар ауыл екендігіне осы жолы көзіміз анық жетті. Жоғарыда осынау құнарлы топырақтан шыққан Алаш қайраткерлерінің бірі Смағұл Сәдуақасовты алдымен ауызға атуымыз да тегін емес. Осы елдің тұмасы Смағұл ағамыз да бүкіл қазақтың мактандышы мен рухани тірегіне айналғалы қашан. Халқымыздың осы бір біртуар перзенті туралы білгісі келген адам оның 95 жылдық мерейтойында филология гылымдарының кандидаты, бүгінде марқұм болып кеткен Батырхан Дәрімбетовтің күрастыруымен Алматыдан шыққан қос томдық шығармалар жинағына үнілсе де жетіп жатыр. Онда Смағұлдың елін, жерін сүйген аскак жүргегі саяси макалаларында, әңгіме-хикаяттарында болсын, атойлап соғып, Алашына бар маҳаббатын төгіп тұр.

Шындыққа ырық бермес солақай саясаттың кесірінен көп жыл есімі атаусыз қалған биік тұлға енді туған халқымен мәңгілікке бірге. Мына кіндік қаны тамған туған жерінде жүріп, ең әуелі соған қуанасын, соған шукіршілік дейсін. Қазактың Смағұлдай жарық жүлдизын туғызған киелі жер одан кейін де құтсыз болсын ба. Екі майданның ері Қажым Мұсіповпен Ұялының, Ұялымен

сол Қажекенің бағы жанғанын да көрді бертінде мұндағы ел. Сөйтіп, кеймана халқының болашағы үшін Алаштың құрескери шыққан ауылдан жарқырап Социалистік Енбек Ері де шықты. Кім біледі, біреулер осы арада сәл-пәл жершілдікке бұрып, Смағұл ағамыздың туған елі Жарқын да, Қажым ағамыздың кіндік қаны тамған топырағы мұлдем басқа ауыл, бүгінгі Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданына қарасты Алабота (қазіргі Аққұдық) қой дер. Жоқ, олай ойлаган қателеседі. Түсінгенге екі арасы тиіп тұрған бір ауыл, бір бауыр Ұялы не, Жарқын не?! Өздерінің атын шығарып, данқын асырған Қажымдай басшысын да ұялылықтар өзге ауылдан деп пендешілік ойға кияр ма. Осының бәрі бір ұғым, бір мән болып, біте қайнасып кеткелі қашан.

Арасында біз білмес талай мықтылар етуін өткен шығар. Алайда, қотаны мен қолат-қойнауында ізі де, ісі де қалған сол жайсандардан Ұялының республика қолемінде танылған тағы бір азаматы шіркін, Ахметжан Қазымбетов еді-ау. Балуандардың балуаны. Боз кілемде ол белдескенде қарсылас шыдамаган дейді. Құрестен талай Олимпиадалық ойындардың, элем, Европа біріншіліктерінің жеңімпаздары мен жүлдегерлерін тәрбиелеген КСРО және Қазақстан Республикасының енбек сінірген жаттықтыруышысы Петр Матущактың Алматыдағы «Рауан» баспасынан 1992 жылы орыс тілінде жарық көрген «Батыры на ковре» атты кітaby бар. Онда атақты бапкер күш алыбы Қажымұқан атамыздан бастап еліміздің ең тандаулы деген 30-ға тарта балуаны жайлы жеке-жеке сыр шертеді. Сондай жан толқытар естеліктерінің бірі Ахметжан ағамызға арналған. «Ол әсіреле, арқадан асырып лактыру әдісін тамаша орындаушы еді. Оны мұлтіксіз қолданатыны соншалық, көптеген таза жеңістеріне сол арқылы жететін», «Қазымбетов менің ойымша біздің техникалық жағынан ең шебер балуандарымыздың бірі еді». Мақаланың эр жерінде келтірлген осы пікірлер-ак Ұялыдан түлеп ұшқан асыл азаматтың кім екенін баршаға жазбай танытып тұрған жок па.

Алланың жазуымен эттеген, ғұмыры тым қысқа болған сол Аханнан тірілерге, соның ішінде жерлестеріне қалған аманат енді тек аяулы есімінің ұмытылмауы болса керек. Ұл ретте, 2005 жылы әйгілі балуанның туғанына 70 жыл толуына арналып Қызылту жерінде өткізілген үлкен турнирдің бас-аяғы осы ғана болмай, алда да өз жалғасын таба берсе, құба-құп.

Сонымен, көне көздердің есінде әсіресе, 1956 жылғы мол астығымен қалған тын және тыңайған жерлерді игерудін тұсында Ұялыға да ана жақ, мына жақтан біраз адам ағылғаны анық. Ел тарихына жаңа бетбүрүс болып қосылған осы ірі өзгерістердің арқасында бұл ауылдың да кезінде жете дамып, өркенде, шоқтығы биіктей түскені көрініп тұр. Сіра, еліміз өз алдына тәуелсіздік алғаннан кейінгі өзіміз «өтпелі кезен» деп атап журген күні кешеге дейін орыс, неміс, басқа да ұлт өкілдерімен бірге өмір сүріп, қоян-қолтық бірге отыруы қазағымыздың кез-келген өзге ауылдарында, ұялылықтарға да жаман болмағанға ұқсайды. Ауылдың ескелең мәдениеті мен түрмисы соны айғақтап, ана үй, мына үйден кешегі немістерге тән ұқыптылықтың табына шейін аңғарылып қалады әлі.

Енді мұнда ол ұлт та, басқалары да жоқ. Көбі тарихи Отандарына кетіп, кейбіреулері басқа жерлерге қоныс аударып, бар тізгін өз қазағымызға тиген. Әрине, солай болды еken деп дүние дөңгелегі тоқтап қалмайтыны белгілі. Қазір де сол баяғы көз үйренген тірлік, енді өз тағдырына өзі ие, өзі жауапты қазақтың мына нарық табанының астында жанышылып қалмайын деген бекем бел буысы. Негізгі тіршілік көзі – малмен отырған ел осы күндері шөбін жинап, картобын қазып, басқаға бұрылуға мұршасы да жоқтай.

Бүгінгі кей киыншылықтар өз дегенін істемей қоймай, жұрт әлі де біртіндең көшіп, қозғалып жатқанымен, ауылдың етек-жесінің жинақтығы, кешегі элеуметтік-мәдени сан құрылыштың шама келсе киаратылмай, талан-таражға түспей аман тұрғаны ұнады бізге. Әрине, бұл – осыған бас-көз болып отырған жергілікті билік органдарының арқасы ма дедік іштей. Жалпы, шындықтың өзі салыстырудан туып жататын болған соң, кейде бірнәрсеге шыдай алмай, қалай таңырқал жібергенінді де білмей қалатының бар. Бір қызығы Ұялыда да бірер мәрте өзімізben солай болды. Көп жерде баяғыда-ақ ұстаганның қолында, тістегеннің аузында кеткен, бертін жаңа жобамен салынған, сол ушін де ішің үдай аштын қос қабатты бала бақшалары ше? Мұнда оның қоршауы да қисаймай, сол күйі тұрғанын көргенде:

– Оу, мына бала бақша қалай аман қалған? – дептіз әлгі айтқан танданысымызды жасыра алмай. Аузымыздан өзіміз де байқамай шығып кеткен сол сауалдың жауабын да әлгі жерде мэн-жайды білетін Қанат өзі беріп жатыр:

— Аға, біздің Қайрат Қекшетау облысында ең жас ПМК бастығы болып тұрғанда, ауданда біраз құрылыштар салды. Соның екі-үшеуін жарғак құлағы жастыққа тимей, туған ауылы осы Ұялыда да жүргізді. Бірі сол кезде окушылар сыймай бара жатқан соң салынған орта мектептің қосымша гимараты. Қазір керісінше, бала саны кеміп, қос қабатты қандай үй сол қалпында бос тұр. Ал, мына бала бақша да әйтеуір, киын тұста аман сақталып, бірінші қабатында бүтінде ауылдық әкімдік, байланыс бөлімшесі сияқты қызметтер отыр...

Іэ, жұмыс бабымен жол жүріп кетіп, елде болмай шықкан ауыл әкімі Ғибрат Ожановты үл ауданда сөзге тартудың сәті түсे қоймағанымен, елдің өз көрінісі-ақ біраз жайды анғартқандай еді. Атам қазақ «қанына тартпағанның қары сынсын» деп жатпай ма кейде. Жо-жоқ, олай емес, Ұялының жігіттері тегі, өзіне тартып тұрады. Біз сөзіміздің басында іргедегі Үлланбайдан деп жатқан Қалел ағамыздың ұлы, осы өнірде кешегі кенес заманында «Өндіріс» кеншарын басқарып, іскерлігімен көзге түскен Амангелді Асқаров та ауданда тендерді жекіп алып, Ұялының қотанына жұмыртқадай қылыш жаңа ауылдық дәрігерлік амбулатория үйін салып тастантты. Кез тоқтар әдемі қызыл кірпіштен өрілген үл шағын болса да әсем гимарат ендігі арада жаңа заманын жаңа құрылышынан хабар бергендей. Осыдан кейін шүкір, күні кешегі халі мүшкіл ауылдарымызда да құрылыш қайта жандана бастағаны-ау, шамасы. Әрі «бет көрсе жұз ұялады» демекші, оны өз ауылышын жігіті салып жатса, сапа жагы да жаман болмас деген ой түйдік бұдан да.

Осындай эсерлермен әлі ауыл қотанында жүрсек те, көніл шіркін, осы сапарымыздың басты себепшісі Мираш ағамызды көзі қөрген, одан қалды, елдің жогарыдағыға қосымша, өткен-кеткен тарихынан да аздап сыр шерте кететін жаңа кейіпкерлерімізге асыгады, соған алып-ұшады. Сондайда Мираш мұғалім, ауыл жайлы біле түскіміз келген бізге сол замандастарының сөздерінің де тап бір саф алтындағы көрінері ойға алған шаруамыздың дұрыс бітуіне алан ниетімізден шығар, бәлкім. Әлбетте, сәлден соң өзіміз осы бір мақсатпен әдейілел ат басын тіреген Негмет Сыздықұлы аксақал да соны түсінгендей:

— Қарағым, Мираш алтын еді ғой, — деп тамағын бір кенеп алып, өзі күткен сөзін бастады. — Қамшының сабындағы мына қысқа тір-

ліктө екеуміз өте қадірлес, сыйлас болдық. Аккөніл, кішіпейіл, сегіз қырлы бір сырлы, жігіттің төресі еді...

Негмет ағамыз осылай Қызылтудың топырағында бірге оқып, бірге өсken сыныптасты туралы әнгіме тиегін енді ағыта бергені сол еді, осы сәтте бір бүйірден шыдай алмай сөзге бәйбішесі, Нұрә анамыздың да қосыла кеткені:

— Біз де мына шалымыз екеуміз Мираш пен Қайыркеш сиякты бір-бірімізге ғашық болып қосылғанбыз, шырақтарым. Сосын тағы бір айтатыны, менің өзім де 10 бала туып, тәрбиелеген Батыр ана-мын. Оның алтауы үл да, төртеуі қыз. Алды 46-ға да келіп қалды. Ол кезде Мираштар кеп болса, айна 150 сом алған шығар, біз де әрі кетсе 110-120 соммен осы балаларды бағып-қағып, жеткіздік қой. Тек араларында сыйластық болсын, құлындарым. Қалғанын Алла тағала өзі-ақ біртінде бере жатады. Осы сыйластық, түсіністіктің бәрі Мираш пен Қайрыкеште өте зор еді. Сосын гой, оның балаларға да дарып, әрқайсысы жарасып, бір-бір үй болып отырғаны.

Көпті көрген, көкірегіне көпті түйген мұндай ардақты аналар сөзімен қалай келіспессін. Расында, тіршіліктің мәні – сыйластықта, бір-бірімізге деген ақадал риясыз көнілде гой. Бірақ, біз қазақ кейде соны ескере бермейтініміз бар. Біреу ілгері басса көре алмаймыз, сонына шам ала жүтіреміз. Ара-арасында біздің қолқалауымызбен өзі білеттін, өзі естіген осы Ұялының өткеніне қарай ойысқан Негмет ағаның мына бір ауынан шыққан сөз де бізді солай тітіркендіріп жіберген:

— Өзінің Мираш жиенін қатарға қосқан атақты Қажым гой. Қажым осы ауылдың да атын бүкіл Одакқа шыгарды. Ал, 1952 жылға дейін бұл Ұялыда 18 жыл бойы Мәсәліма Әлин басқарма болып тұрды. Ақыры, «шаш ал десен бас алған» сол тұста біреулер оны көрсетіп жіберіп, сottалып тынды.

«Апырай, э» дейміз бұған осынша уақыт бойы колхоз басқарып, елге енбегі сіңген адамның ақыры келіп еріксіз табан тіреген жері абақты болғаның ақылға сыйдыра алмай. Алайда, мұны түсінбейтін несі бар дейді осы арада тағы да бір ішкі ойымыз. Ол түгілі кеңес өкіметін өз қолымен құрысқан, оған имандай сенген кешегі қызыл сұнкар Сәкендер де атылып кеткен жоқ па жазықсыздан жазықсыз сол сталиндік зұлматта.

Софысқа дейін-ақ колхоз атанған Ұялының тарихын бір кісідей көніл зердесіне түйіп алған Нығаң әнгімесіне одан әрі де құлакты

жіті түре түсеміз. Айталық, ауылдың «Ұялы» деген атауының өзі маңайдағы ағаштарда ұяның көп болуынан алынганы да қызық дерек. Атам қазаққа шіркін, өзі жүрген жеріне ат қою үшін сол жердің бір ерекшелігі жетіл жатқан фой.

— Осы елдің егіні, малы жақсы өніп-есіп, бір ауданды болмаса да, жарты ауданды асырап тұрды, — деген қария сезінде қалай сенбессін мұндайда. Ауылга бақ пен дәүлет дарытқан басқармалардың атақтысы Қажым Мусіпов болса, осы күнгі белгілі балуан Мәлгаждар Омаровтың әкесі Омар Бейсенбаев, Мәңке Әлин, Ахмет Кәрімов, тағы басқалары да ферма менгерушісі, бригадир, басқарма қызметтерін атқара жүріп, осы елдің өркендер, өсуіне шыбын жанын аянбаган екен. Мәселен, соңғы аталған Аханды алсақ, бертін 1962 жылы ауыл шаруашылығы саласында қол жеткізген жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін сыйлыққа ол кезде ілгүде біреудің көзі көретін «Волга» жеңіл автокөлігін мініп, кейін омырауына Ленин орденін таққан белгілі адам болған көрінеді. Інісі Дәйкен Кәрімов те коммунист, елге еселі енбегімен аты шыққан жан.

«Ауылында қартың болса, жазылған хатпен тен» деген де рас ау. Енді бір мезетте сұхбатгасымыз көніл зердесінде жатталып қалған бірер цифрмен сол кездегі «Ұялы» колхозының жетістіктерін де көзге елестетіп откен. Ал, ондай табыстар жоғарыда да анғартып откениміздей, бұл шаруашылықтың үлесінде әр жылдары аз болмаған.

— Қашшама қара мал, 800 бас жылқы, 35 мың гектар жер, 8 бірдей егіс бригадасы бір колхоздың тақиясына тар келген бе?! Содан 1963 жылы осы бізден өз алдына «Тельман» кеншары енші алып, бөлініп шықты. Өзіміз қашан кеңес өкіметі құлап, нарық киыншылықтарына келіп тірелгенше, бұрынғы саясаттың шылауымен XXII партсьезд атындағы кеңшар болып қала бердік. Негізінек, елді Виктор Николаевич Омельченко, Владимир Лукьянович Малый сияқты басқа ұлт өкілдері басқарып, ертеден келе жатқан аты да, бағы да бар шығар, ауылымыз өспеді демейміз, есті. Тұрмыс ауырлай бастаған осы бертінгे дейін қотанымызда 400-дің үстінде үй болғанының өзі неге тұрады?! Бірак...

Иә, «бірак» деген өкініштен бұл арада да құтылып кете алмайтынымызды ақсақалдың осы бір сэт өзімізге не айтпақ болған сыңайынан да сезе бергенбіз. Ол – кезіндегі жөн-жосықсыз ат-

тандаумен елдің, жердің тозуы ғой. Көніл бөліп, мән бермегінен басқаны былай қойып, осы маңайда да қашшама қазақ ауылы жойылып кетті, қашшада ата-баба бейіті соқаның тісіне легіп, жермен-жексен болып қалды. Көз көріп, көнілдің бір түкпірінде жүрген соң, қартың соган да қынжылыс білдіреді.

Осы Ұялы онда «Социализм» колхозы. Ал, жаңында «Жанатұрмыс» колхозы болды. Бүгінде оның да жүрті ғана бар. Елжас, Төрекелді, Саға, біз айтқан Бұланбай, Қожагелді... бәрі де жер бетінде қазір жоқ. Ал, бір кезде солар айнала ауыл мен ауылды, тілек пен тілекті қосып, көз қуантып тұруышы еді... Ендігі үміт әрине, тәуелсіз елдің болашағында. Осы Ныған, бұдан әрі де өзіміз сейлесіп, әңгімелескен Мираш мұгалімнің ауылдас ағалары Рахым Ауганов, Қайыргелді Шахметов аксақалдар да бүгінде серіктестік, шаруа қожалықтары болып бірнешеге бөлініп кеткен, бір шеті Шортаннан «Богви» фирмасына дейін келіп, жер дәметіп жатқан Ұялының ертеңіне аландамай қоймайды. Қазір әйтеуір, ауылды қарамағында 13 мың гектар егіс алқабы бар «Бұланбай» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрған осы елдің азаматы Аманжол Атығожин басқарып отыр. Жұырда лизингке немістің «Класс» атты екі жаңа комбайнын сатып алған. Бұдан басқа да тырмысыптырбанып, 150-300 гектар аралығында егін егіп, соган өз күндерін көріп, бала-шагасын асырап отырган фермерлер қарасы мұнда аз емес көрінеді.

— Аға, мына ініңіз де солардың бірі. Аздап жерім бар, мал ұстаймын, — деп құледі енді бір сәт өзіміз дастарханындағы ақ адап дәміне тоқтаган Дәулет ініміз де бізді манадан дегбірсіздене тосып жүрген көнілі енді ғана орнына түскендей болып. Иә, экесі Мираш, анасы Қайыркештің осы елдегі қара шаңырағына бас-көз болып, туған Ұялыдағы Мұсіповтердің тұтінін әрі қарай сөндірмей отырган он баланың алтыншысы Дәулеттің өзі де, Галия келін де осы жолы бізге жас болса да жөн білген қонақжайлышымен, шаруақорлығы, кішіләйіл мінезімен ұнағанын несін жасырайық.

Осы үй, осы аулада көз алдымызға ағамыздың жансыз суретінен көрген жарқын бейнесін, анда-мында жүрген елгезек жүрісін елестетеміз. Жаңа атына ауылдастары, әріптестері де жылы сөздерін аянбаган ардақты ұстаздың басты мұраты осы ауылда адал өмір сүріп, жас үрпакты, өз үл-қыздарын тек жақсыға тәрбиелеп, адамдықтың, кісліліктің биік өресінен жетелеу ғана болды-ау. Енді

міне, соны білетіндер де жыр қылып, бізге сырдай шертіп жатыр. «Жақсының өзі өлсе де, ісі өлмейді» деген шынында, осы да.

Алтынбесік – ауыл мен оның жайсаң адамдары. Бірі бүлемірге келеді, бірі кетеді. Солардан қалған қашшама ізгілік іздері көзі тірілер арқылы осындауда саналарда қайта жаңғырып, қайта құлағымызыға тап бүгінгідей сіне түседі. Кейінгіге шуак болып құйылған сол іздер біздің жадымызда ешқашан көмекіленбесінші!..

5. БАЛУАНДАР АУЫЛЫ

Қазақстанды, бұрынғы Кеңестер Одағын былай қойып, Монголия, Польша, ту-ту сонау Индия, Кубада талай дүбірлі халықаралық жарыстарда топ жарған Ахметжан Қазымбетов, жасынан жаңына қресті серік етіп, осы ағасының лайықты ізбасары бола білген Мәлтаждар Омаров тұрғанда, қазактың осы бір құтты мекенін бұлай демей көрініз. Мұнда тілті, ағын басып, есі кіріп, енді-енді ілгері талпынған баланың өзі мектепке бармай жатып-ак бір-бірін шалып қалып, белінен ұстай кетіп, қрестің әліппесін үйренетін сияқты. Мұны рас, бейнелеп айттып жатсақ та, осының өзінің кәдімгідей ез ақиқаты, ат басындаш шындығы бар.

Өйткені, жасынан ұмтылып, жасынан құлық қоймаса, қазақ қуресіне сол жоғарыдағы ағаларымыз қайдан, қалай келді?! Сан құлап, сан аунап тұрған тұған жер топырағы фой, оларға әу бастан осы жолды ынғайлап, пешенесіне бүйіртып тұрған. Бір гәп енде-ше, бұл арада, соның бәрін алдыңғыларынан бала екеш баланың да көріп өсуінде, сейтіп, қүйттай жүрегінде, енді-енді бүр жарған бала көңілі мен тұла бойында «солардай болсам» деген нәзік ойдың қылан беруінде.

Иә, Ұялы – шынында, балуандар елі. Атақты Қазымбетов, Омаровтар туралы бұрыннан білетініміз, осы жолы да көзben көріп, көңілге түйгеніміз бар, біздің бұған енді еш күмәніміз қалмағандай. Тілті, Мираған сабак берген, сол кісілер жүріп-турған мектеп жайлы жеке сөздің реті әлі келмей жатса дағы, күні бұрын айта кетейік, осындағы спорт залының өзінде қаз-қатар тәселген құрес кілемдері бұл ауылдың мандайына жазылған бір бақ осы балуандық екенінің айқын айғағы. Жазда басқа жердің мектебі бәлкім жабық тұрар. Ал, бұл ауылда олай емес. Балалар жаттығуга келеді, өзгесін ұмытса да, қурестен өздерін шындаш бе-руді ұмытпайды олар.

Ол ейткені, ұялылық жеткіншектердің ертеден қандарына сінген әдет. Эр буын есейеді, жетіліп, жан-жаққа қанат қағады. Ал, солардың балуандық өнерге деген сүйіспеншіліктері мектеп қабыргасында сол күйі қалып, өзіне басқаларды тартады. Міне, еткен мен бүтіннің сабактастығы. Бұрынғының көнермей келе жатқан үрдісі дейді мұны.

Жеңіл салмақта құлжаның асығында лыпылдал, қарсыласын олай да, былай да жыққан Мәлгаждар Омаровтың өзін осы Ұялыға жан-тәнімен берілген нағыз патриоттың өзі ме дерсін. «Мен ұялылықтың» деп тұратыны өз алдына, дүйім ел балуандар елі деген атакты баяғыда-ақ беріл қойған Қызылту өнірінде ең алғаш бұл өнер осы Ұялыдан бастау алған, содан қанат жайған дегенді нық сеніммен жеткізеді.

– Мен Қызылтудың бүкіл жігіттеріне де осыны айтамын, – дейді аудан орталығы Талшықтан өзімізбен бірге ере шыққан Мәкен бұл жолы да сол алған бетінен қайтпай. Кім біледі, кішкентайынан осы боз кілемнің басы-қасында жүрген жігіт қой, бұл жағынан бір білері бар шығар. Эйтпесе, жайшылықта күрестегідей алып-жұлып тұратын мінездің де адамы емес, артық сөйлеп қайтеді. Рассында, мынаны қараныз, балуан ағамыздың осыны дәлелдейтін әнгімелері де бірінен бірі асып түскендей. Эу басында Мәкеннің өз кіші Отаны, яғни туған жері – Сағадан шыққан Қайыржан Исиннің аты аталған. Сонау колхоз кезінде, Ахметжан Қазымбетовтен бұрын курескен кісі көрінеді. Руы – керей. Шағын да шымыр дәнелі, күреске ылғи үстіндегі жұқалау жүн шекпенімен шығады екен. «Оны неге тастамайсың?» дегендерге:

– Е, қарсыласыма ұстауга онай емес пе? – деп жымышп қана қуақы жауап беретін болса керек. Кіммен шықса да басты қаруы – аңдысын аңдып жүріп, онтайына енді кеп қалды дегенде ебін тауып шалып түсіру. Сабантой, ауыл-аймақ пен аудан арасындағы жарыстар дейсіз бе, сонысымен талай женіске жеткен. Осылай ел ішінде аты шыққан Қайыржанды сондай жерлерде сенім артып, колхоз атынан Қажым Мұсіповтің өзі күреске салып отырса, осал болмағаны да, сірә. Мұның бәрін өз әнгімесіне:

– Бұл кайта біреу-міреуден осы күрес өнерін үйреніп, ешкімнің алдын көрмегендегі табысы. Ал, ондай бапкерден өтсе, шығар биігі қандай болар еді, – дегенді қосып қойған сол Мәкеннің өз сөзі де растайды.

Расында, шыны сол. Осы Қайрекенің ұлы Серік те әке жолын қуып, жасынан күреспен шұғылданған. Жаттықтырушысы – Мәлгаждар Омаров. Содан 1980 жылы Оралда Кенес Одағының Батыры Садық Жаксығұловтың құрметіне өткізілген турнирге қатысып, барлық қарсыластарын тізе бүктіріп, жеңімпаз атансын. Онымен бірге осы Ұялыдан сол турнирде неміс баласы Яков Гросс та ешкімге дес бермей, КСРО спорт шеберінің нормасын орындаған көрінеді.

Бұл бастаудың әріден бастап, сез ретінде қарай беріге кетіп жатқанымыз гой. Әйтпесе, осы Ұялыда елуінші жылдары біз айтқан Қайыржан Исиннің мерейі үстем болып тұrsa, 1960 жылдан 1964 жылға дейін Ахметжан Қазымбетовтың жұлдызы жарқырайды. Оның ел, Одақ біріншіліктері мен халықаралық турнирлердегі жеңістері жайлы хабарлар туған топырағы – Жарқын мен Ұялыға да бірінен сон бірі жетіп, ел ішін қуантып жатты. Тіпті, сол жарық жұлдызы туған жер аспанында әлі де сол қалпы сөнбей, жарқырап қалып қойғаны шүбәсіз.

Бұдан кейінгі алпысыншы жылдардың соны мен жетпісінші жылдардың басы да боз кілемде ұялылық балуандардың үстемдік етуімен ерекшеленді. Енді Сага, Жарқын ауылдары мен Ұялының өзінен шыққан Балташ Мұхамеджанов, Амангелді Балмұқанов, Әнәс Сагитов сияқты жастардың да кезегі келіп, еркін және қазақша құрестен аудан құрамасының негізін бірінен бірі өткен солар құрайды. Сол тұста дес бергенде, Қызылту өнірінде осы құрестің өзі де барған сайын бұқаралық сипат алып, №1 спорт түріне айналғанын қалай айтпассыз. Бұған әрине, жол ашып, ауыл ауылда ондаған балалардың боз кілемге бет бұруына тұрткі болған сол бүкіл қызылтулықтардың мактандыши Ахметжан агалардың жеңісті жолдары мен қазақша құрестен Социалистік Еңбек Ері Қажым Мусіпов атамыздың атындағы жүлде үшін осы өнірде өте бастаған республикалық турнирлер еді.

Онда да ұялылықтарды курсес пірі Қажымұқан бабамыздың азуағы қолдаудай қолдап, жоғарыдағы жігіттердің бәрі де 1968 жылдан 1972 жылға дейін осы жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болып үлгереді. «Үлгерді» деп айтуга ғана онайзау, әйтпесе, жыл сайын Қазақстанның барлық облыстарынан палуандар келіп отырған турнирде ешкім де намысты қолдан онайлықпен бере қоймаған. Әйткенмен, не керек, шеберлік те,

туған жердің топырағы да көмектескен шығар, сол белдесулерде көкшетаулықтардың, соның ішінде қызылтулықтар мен осы үялыштың шоқтығы әрдайым биік болды да тұрды. Кейін үзіліп қалған сол турнирдің жеңісті нұктесін ақыры, 1973 жылы жазғытұрым агаларына тартып, тағы да осынау Ұялышдан шыққан мықтылардың бірі Мәлгаждар Омаров қойған-ды.

Осыдан кейін... Иә, осыдан кейін тағы да еріксіз ойланып қаласын. Алла тағалам бір нәрсенің өзін көспінбей үйіп-төгіп беретін бір жерлер болады. Ол осы күресті алсақ, мұндауда ойға бірден сап ете түсегін Қарағандының Жаңарқа өнірі, біздін Қызылту... Бұлар тап бір балуандық өнердің Меккесі сияқты. Қазакқа бұл жағынан бергені де, құдай бұйыртса, берері де көп. Өйткені, атақты Байшолақовтар, Қазымбетовтер шыққан киелі топырақтан осы қазақ деген халық аман болса, тағы бір дүлдүлдер неге шықпасын. Шығады эл...

Осы өзіміздің Қызылтуда кейінгі жылдары күрестің барлық түрі тез дамыған Амангелді деген ауыл бар. Сексениңші жылдары онда боз кілем үстінде ақ тер, көк тер болып, балаларға білгенін үретуден жалықпаған Марат Жармаганбетов атты танымал бапкердің жаттықтыруышылық қарымын да өз көзімізben бақылап, кейін өзімен таныс-біліс болып кеткенбіз. Сол Амангелдіні де, қалыптасқан өз күрес мектебі бар аудан орталығын да есепке алғаның өзінде, бәрібір Мәлгаждар ағамыз айтса айтқандай, бұл күрестен Ұялышға тен келер ауыл жоқ-ау. Неге десеніз, мұнда осынау берік дәстүр әріден келеді.

Соның бәрін толық қамти беруді енді қағаз беті көтермесе де, сонау алпысынышы жылдардың ортасында грек-рим күресімен аты шыққан осы ауылдың тағы бір бел баласы, спорт шеберлігіне кандидат, марқұм Қайыргелді Әлдуовты да қайда қоясыз? Ал, өзі Мираш ағамыздай ұстаз, кезінде пединститутты бітірген Тайбасар Азмагамбетов ага ше? Қазір зейнет демалысындағы бұл кісі де боз кілемдегі тартысты белдесулерін бәлкім, сағынар. Әлде еркін күрестен облыста «түйе балуан» атанип жүрген баласы Қанаттың жетістігіне «тәубе» деп, соган риза көнілмен отыра ма?!

Осылай Ұялыштың балуандары туралы сұрай берсөн, ести берсөн, сөздің бір ұшы сонау Қарағандыға да кетеді. Қазақша күрестен кешегі айла-тәсілі, қарымы мол облыс чемпионы, бүгінгі полиция полковнігі Сабыр Ешетов, басқалары да талай жарыста алдымен,

кіндік қаны тамған осы ауылшының, оның акжарқын да еңбеккор адамдарының үміті мен намысын арақалағаны шын. Кейбір кезкөргендер ессе алғанында, Мираған да күреспен түбегейлі айналыспағанымен, оны жігітке аздық етер жеті өнердің біріне ба-лап, жас кезінде кей замандастарымен белдесе қалғанда, бәрінен бұрын сол азamatтық мұратты биік қойғанына шубә бар ма?!

Осы қаныққандарым, осы ой-толғаныстарымнан кейін мен де шынымен, батар қүннің шапағы көюжиегін алқызыл нұрга малған мына Ұялының балуандар ауылы екеніне күмәнсіз сендім. Оны жан-жүргіммен сезу үшін әлгінде мектепте жаттықтыруши Жанболаттың:

– Балалардың кейбіреуін үйлерінен шакырта қойсам қайтеді. Жалғыз мен емес, қаласаныздар, өздері де сіздермен әңгімелесе қойсын, – деген ұсынысының да қажеті болған жоқ. Құр тек-ке әуреге салудың не керегі бар. Тіпті, қасымызда тұрған мына Қанат Мирашұлы да мектепте оқып жүргенде осы күрес секци-ясына қатысып, бір-екі рет жүлде алып, қолы сынғанинан кейін ғана оны амалсыз қойып кеткен. Ендеше, осыдан соң бұл Ұялы шынымен, балуандар елі. Осы ұғымның аясына бүтінгі бұл жазғанымызда аты аталғандары да, аталағандары да сыйып кетері анық. Қазақтың шалғайдағы осы бір ауылшында тап қазір күрестен аудандық жасөспірімдер және балалар спорт мектебі филиалының жұмыс істеп тұрғаны де тегін дейсіз бе. Балуандар елінің ертенгі болашағы мен үміті ғой ол. Қоштасарда:

– Солай ма? – деп Жанболатқа қарап едік, жауап та нық шықты:

– Иә, солай, аға!..

6. СЫР ТОЛҒАҒАН СУРЕТТЕР

Сол күні кезек мектеп мұражайына да келді-ау. Оқу жылы әлі басталмаған. Мұғалімдер демалыста, балалар каникулда. Сондықтан, езіміз Миша аға өмірінің өнегелі іздерін іздел қелген мектептің іші-сырты тым-тырыс. Тек жүйрік көніл ғана өткеннен сыр аулап, білімге жол салған қара шаңырактан ұстаз ұлағаты мен тағылымын іздейді. Өзі кетсе де, ол із бәрібір осы төрт қабырғада барышылық. Өйткені, жақсының жер бетінде қалдырған жақсы іс-тері ешқашан өшпейді. Жұзденген шәкірттеріне ізгілік нұрын сеуіп кеткен ұстаздың енді екінші мәңгілік өмірі басталған. Ол қандай

емір деменіз. Кешегі алдынан оқыған оқушылары, ұрпактары, былайғы жұрт ұмытпай естеріне ала жүрсе, мәңгілік өмір сол.

Қазір де мектепте сабак жүріп жатса, Мираш Мұсіповтей ұстаз туралы біраз пікірлер естір едік. Ол әрі жанды, жайлы, жылы пікірлер боларына шұбә жоқ. Өйткені, бұл кісіні білетіндер өз әңгімесін ә дегенде сол сүйсінуден бастайды да жақсы іс, жайсаң мінездерін тізе отырып, солай ризашылықпен аяқтайды. «Сен осылай айт» деп бұл арада біреу ауызға салып жаткан емес. Адамның өзі со-лай болғаннан кейін ол жайлы елдің пікірі де екі кетпейді. Сондай әңгіменің бір шетін бізге осы Ұялы мектебінің қазіргі басшысы Шәймерден Қайыржанов та суыртақтап шығарар еді. Бірақ, оған мүмкіншілік жоқ, себебі, бұл азамат та бүгін қалаға кетіпті.

Сондайда мұнда осы тарихи-этнографиялық мұражайдың барының өзі үлкен олжадай. Ол Мираш аға, басқа туралы сыр шерте ме, әйтеуір, қалай болғанда да, осы ауылдың жақсылығын, өткен дерегін алдына жаяры анық. Кілті жетіп, бөлме есігі ашылғаннан кейін біз де сол жәдігерлермен ынтыға сузындағандай болдық. Бұл ретте, мұражайдың өз төрінен алдымен, осы топырактың сүйікті перзенті, алты алаштың аятулы арыстарының бірі Смағұл Сәдуақасовқа орынберуі де өзбасымызға әбден тустанған. Смағұл атындағы мектептің мұражайында ұрпактарына ұлті-әнегесін дарытып, бәрінен бұрын осы асылымыздың өмірі қамтылmasа қалай болғаны?! Шығармалары, Мәскеуде қызмет етіп жүргенде түскен суреттері... Сарғайып, көнерсе де құндылықтарына сез бар ма!

Осының бәріне дұрыс-ақ деп риза көnlіміз келесі бөлімге дең қояды. Оның да тақырыбы жанға жылы, жүрекке ыстық. Шынында, әркімнің ауылы өзіне алтын бесік емей немене. Сол алтын бесіктің қай кезеңінің де басты қаһармандары – осы елдің ыстығына күйіп, суығына тоңа білген адамдары. Мына суретке олар тың игеріп жүріп, боразданың бойында түсіпті. Ал, мынада шаруашылық клубындағы салтанат, еңбек озаттарын құрметтеу. Бұл кәдімгі маңдай тердің өтеуін Алла беріп, адал еңбектің багы жанып түрған кез. Осының бәрін Ұялының тағы бір мактандыши, Еңбек Ері Қажым Мұсіповтің үлкен портреті де занды түрде толықтыра түседі.

Мұражайдагы қалған «Отан үшін от кешкендер», «Ұстаздық еткен жалықпас», «Мектеп – кеме, білім – мұхит», «Шығармашылық – әркімнің жан байлығы», «Ұлттық киім» бөлімдері де сізге қазақ

деген ұлттың, оның дархандығы да, даналығы да мол осы бір ауылының тарихынан көлемді сыр шертіп бергендей. Мына тұрган қол диірмен, көненің көзіндегі басқа да кейбір ескі бүйымдар жуырда Түркияға барып келген бір жазушы ағамыздан өзіміз естігендік мына бір жайды да еріксіз есімізге түсіріп жібергені. Өзімізді «ата жұрттымыз» дейтін ондағы бауырлардың қай мекемесіне бас сұқсан да, жаналарымен бірге, бұрын пайдаланылған осындағы көне тұрмыстық заттар да тұрады екен. Мұның мәнісін сұрай қалсан, «бұл еткен тарихтымыз, оны ұмытуға болмайды» дейтін көрінеді түрік ағайындар. Міне, түп-тамырынды, кешегінді естен шығарма деген осы. Ал, осылайша өз қадірін білген елдің ертеңі де еңсөлі, нұрлы болары сөзсіз.

Енді бір сәт көзіміз қабырғадағы осы мектепте еңбек пәнінен сабак бере жүріп, өмірден erte кеткен Дәлелхан Ертісханұлының жарқын бейнесіне түсіп, көз алмай тұрып қалыпты. Домбыра, сыйызыға дейін өзі жасап, ойнай беретін бесаспап шебер сонау 1993 жылы-ақ алғашкы көштің бірімен ата мекенге ансал жеткенімен, бұл бақыты, бұл қуанышын ұзаққа жазбай, мейірімсіз ажал 2001 жылы арамыздан жұлып алғып кеткен. Сол марқұм Дәлелханның ұлы Айболат осы Ұялы орта мектебін «Алтын белгіге» бітірген білімді де талантты жастарымыздың бірі. Бүкіл ұялылықтар оны осы күні орынды мақтан тұтады.

Әрине, негізін осыдан бес жыл бұрын жергілікті ұстаз Манарбек Қойшыбаев қалаған мұражай осындағы-осындағы қырларымен кеңілге қонарлық-ақ. Тек оның басы-қасында жүрген адамдарға жанашырлық тұрғысынан бір құлаққағыс, осы жәдігерлердің қатарынан кезінде осы мектептен шыққан жалғыз орденді мұғалім Мираш Мұсіпов сияқты бүгінде арамызда жоқ ардагер ұстаздардың да өнегелі еңбек жолдары жеке сурет, бірер мағлұматтармен арнағы орын алса, құба-құп.

Иә, өзіміз аз уақыт болсақ та, көніл қылын осылай қозғаған Ұялы әсерлері қайтар жолда да сезім пернелерін қалғытпай, жиі-жі қозғаумен болған. Өнегелі ұстаздың елінің абзал бір азаматы ретінде қалыптасып, жас үрпақ болашағы үшін аянбай тер төккен, тамырын теренге жайып, есіп-өнген құтты топырағынан алған әсерлерімізді меніңше, бір сөзбен Ұялы ұлагаты деп білсек, жен сияқты. Сол байламға тоқтап, ұзын ойдың ұшығымен қазактың әсі бір тексті ауылының тағы да бір кешегі, бүгінгісін шоламыз.

Тарихқа көз салсак, еңсөлі үлдарының ізі әне, сайрап жатыр. Тұғастай Алаштың қамын жеген Смағұлдай есіл ерлердің жөні бір басқа. Екі майданың да ері Қажым, күш атасы Қажымұқаның ізбасары Ахметжан балуандар да күнде туда бермес. Соңда да өз органдың әлі де болса, Мираш Мұсіповтай жана заманның жаңа тұлғалы ұстаздарын, нар азаматтарын шығарып, сен жер бетінде мәнгі мұқалмай да шайқалмай тұра бер, қазактың бір Ұялысы!

Көкшетау-Талшық-Ұялы-Көкшетау

МУРАЖАЙДАҒЫ ҚОС ОЛДА

Жылдар көшіп, өмір өтіп, уақыт өз дегенін істей береді. Кеше бар, бүгін жоқ адамның да сонын әсерінен бара-бара есімі қөмексленіп, ауызға анда-санда бір алынары біз ашып отырған жаңалық емес. Тағдыр солай. Адамдар кетеді, орнында жас ескіндей жаңа үрпақ бүр жарады. Сөйтіп, кешегілер бүгінгіге жол береді, осылай замана үршығы алма-кезек зыр айналып, зырлай түсуді ғана біледі.

Мұның бәріне қонуің, қөндігүң де табиғи занылық. Сөйтіп жүріп әсіресе, жер бетінде барлық адамдардың есімдері сактала бермесе де, тым болмаса, белгілілерінің аты-жөндері жадымыздан шықпаса дейсің. Бұл арада, әрине, әркімнің өзіне қымбат аяулылары туралы сөз басқа, әнгіме бөлек.

Сонымен, жақсыдан бір дерек қалуы керек қой деп біз де ойланып-толғана келе Қажым Мұсіпов жайлы бүгінгі Ақмола (бұрынғы Көкшетау) облыстық тарихи-өлкетану мұражайына телефон шалғанбыз. Сейтсек, үмітіміз алдамапты. Өнір шежіресін өн бойына сыр қылып өріп, талай үрпаққа тарту етіп келе жатқан кәделі орында ондай деректер бар екен. Осыны ә деп естігенде, алдымен соган қуанып, сосын «ол қандай құжаттар?» деп көргенше алаң болғанымыз тағы ақиқат еді.

Енді міне, сол мұражайдамыз. Рас, уақыт еншісінің алға тартар бір жанды дәлеліндей, іші-сырты көне тартқан бұл мекеменің сізге ұсынар қылыш-қылыш жәдігері жетіп артылса да, қызметкер қарындасымыздың сәл тостырып барып, қолымызға ұстараткан жұқа папкісі біз үшін осы бір сәт солардың бәрінен де қымбат көрінгенін тәлптіштеп жатудың қажеті бар ма. Неге десеніз, бұл

өзіміз аңсал, іздел келген Көкшенің тау тектес бір асыл перзенті, Социалистік Еңбек Ері Қажым ағамыз туралы біле түссек, қаныға түссек-деген мағлұматтар емес пе. Сондай алышп-ұшқан көнілмен папкідегі конверт біткенді имене ашып, ішіне зер салып едік, көбі абзал жанның әр жылдардағы фотосуреттері болып шықты. Негізінен өндірістік жоғары көрсеткіштері үшін Социалистік Еңбек Ері жоғары атағын алған және зейнет демалысына шықкан сон түскен сол суреттерінен ага омырауындағы Ленин ордені мен «Орақ пен Балға» алтын жұлдызы мен мұндалап ерекше көзге шалынады да, кезінде адал еңбектің адам мұратының, адам бақытының неғізгі бір өлшемі болғандығын жазбай танытып жүре береді. Осы отырғанда дәңгелек жұзді, қалың шашты, қыран қабак, кой көзді ағаның келісті түр-тұлғасына да көз алмай қарап, үнсіз сырласа бергің келетіндей. Көпті көріп, жақсы-жаманның өткелінен кеп өткен жанның тілті, зейнет жасында да сізге өз қатарларынан жастау болып көрінуі ненің құдіреті екен?! Ойланып-толғана келе жүзіндегі байыптылықтан, жан-дұниесінің кеңдігінен хабар беретін жылылық пен сабырлылықтан ба дейсін.

Біз үшін мұражайдығы Қажым Мұсіповке арналған осынау папкіден тапқан тағы бір олжамыз – кезінде бұл кісінің осы мекемеге өз қолымен жазып берген өміrbаяны еді. Үш беттен тұратын өміrbаян 1969 жылдың 14 наурызында, яғни, асыл аға елге сінірер еңбегін сініріп, зейнет демалысында жүргенінде жазылыпты. Сонында қызылдар тәңкерісінен бұрын тұған жанның жазуы маржандай, ол аз десек, орысша сауаттылығы да мұншама жоғары болар ма. Әрбір сезі, әрбір сейлемі қолмен қойғандай нақты да жатық. Қолға алған бетте-ақ олай-бұлай көз жүгіртіп, осыны пайымдап үлгерген біз енді сол өміrbаянды зер салып оқи бастадық:

«Мен Қажым Мұсіпов 1912 жылы қазіргі Көкшетау облысының Қызылту ауданындағы Алабота ауылында дүниеге келдім деп жазыпты онда Еңбек Ері. Әкем Мұсіп Жаулин орташа шаруа, 1919 жылы қайтыс болды. Содан жетімдіктің зардабын тартып, анамның қолында тәрбиелендім. Ол кісі 1956 жылы көз жұмды. Бірге тұған екі үлкен ағам бүгінде Қызылту ауданының Жарқын ауылдық Кенесіне қарасты XXII партсъезд атындағы кеңшарында тұрып жатыр. Екеуі де зейнеткер, Ұлы Отан соғысының ардагерлері. Бір ағам бірінші топтагы соғыс мүгедегі. Өзім үйлі-барапандымын, отбасымда 11 адам, соның ішінде 9 бала бар.

1928 жылы комсомол қатарына өттім, ал, 1939 жылдың маусымынан бері партия мүшесімін. Партия қатарына Қызылту аудандық партия үйіміндегі кабылданым. Отбасынан және тұстараптынан ешкім сотқа лекпеген, партиялық-комсомолдық жазаға тартылған смеスピн».

Өмірбаянының басында осыны жазып келген абыз алғанда әрі енді рет-ретімен бүкіл еңбек жолын тізеді. Одан бұл кісінің 1930 жылы өзі туып-өсken Алабота мектебінде оқығаннан кейін Петропавл уезі Қызылту болысының №7 ауылдық Қенесінде хатшы болып істегенін, одан соң тегі, зеректігінен болар, Қарағанды облысы Қызылту аудандық ВКП(б) Комитетінің іс басқарушылығына жоғарылатылғанын көреміз. Ал, 1935-1938 жылдар аралығында Ақмола қаласындағы жоғары ауыл шаруашылығы комсомол мектебінде оқыған. Бұдан әрі Қызылту аудандық комитетінің бірінші хатшысы, осы ауданда жер бөлімінің бастығы...

Ел басына күн туып, неміс-фашист басқыншыларының бейбіт халқымызға тұтқындан шабуыл жасауы ғана Қажым Мұсіповті осы иғлікті жұмысынан қол үздіріп, жаудан кек алуға қан майданға асықтырган. «Отан үшін отқа түс күймейсің» деген нақыл сөздін өзі осынау ержүрек қазаққа қарата айтылғандай-ау деймін. 1942 жылдан қашан Ұлы Жеңіс күні келгендеге оқ пен оттың астында жүрген шыбын жаны әйтеуір, ажал атты қатал үкімнен аман қалыпты. Бірақ, өз қара басы үшін сол қанды қасап кезеңнің оңай соқпағанын әрі қарай екі майданның да ері өз өмірбаянында көз алдымызға былай елестетіп етеді: «Өзім 1942 жылы соғысқа кіргеннен қашан 1945 жылы жауды женгенше екі рет жарапанды, бір рет ауыр контузия алдым. Майданда көрсеткен ерліктерім үшін екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталып, 17 рет Жоғары Бас Қолбасшының алғысына не болдым».

17 рет! Қазақстандағы тың эпопеясының басты қаһармандарының бірі Қажым Мұсіповтің қан майданда да қасиетті елін, жерін зұлым жаудан қорғаудан қасық қанын аямағанын осы алғыстардан-ақ көре берініз. 1-ші Украина майданындағы 52-інші Армияның 24-інші атқыштар дивизиясында взвод командирі болған есіл ер соғыстан кейін де бейбіт еңбекке бірден орала қоймай, туған жер құшагына тек 1946 жылдың күзінде ғана табантірейді. Жоғарыдағы Сталин жолдастың 17 алғысына қарап-ақ, оны Отан алдындағы

перзенттік парызын адал орындаған өз кезі, өз заманының қас батырларының бірі деуге әбден болар еді.

Алайда, тағдыр осы бір адамга одан кейінгі тың және тыңайған жерлерді игеру дәуірінде де ел алдында ерен еңбегімен жарқырап көзге түсуді жазғанын атам қазақ айтатын бармақтай баққа қоса, таудай талапқа да балаған жөн шығар. Өзінің өнегелі де өрісті еңбек жолындағы осы бір шырқау шынға дейін Қызылту аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, осы ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы сияқты тағы бірқатар биік лауазымды қызметтерден өткен Қажым аға бұдан әрі де өз өмірбаянында тың және тыңайған жерлерді игеру басталған 1954 жылы СОКП Орталық Комитетінің белгілі қаулысына сәйкес отыз мыңыншылар қатарында «Ұялы» колхозына басқарма төрағасы болып барғандығын жазады.

Араға үш жыл салып, осы шаруашылықта ғой. Қажым Мусіповтің жұлдызы онынан туып, атак-даңқының бүкіл елімізге жайылғаны. «Колхоз экономикасын көтерудегі зор жетістіктеріміз және егіншілік саласындағы толымды табыстарымыз үшін 1957 жылдың 2 қантарындағы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен маған еліміздің бір топ озат ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің қатарында Социалистік Еңбек Ері жоғары атағы беріліп, Ленин ордені және «Орақ пен Балға» алтын медалі қоса тапсырылды. Сол сияқты, сыйлыққа арнайы «Победа» женіл автокөлігін алтуымды да үлкенінен кішісіне дейін бүкіл шаруашылық еңбеккерлерінің мәндай тері мен табысы деп есептеймін». Дәл осы тұста бар атак-абыройды бір өзіне телімей, елдің де еңбегін ұмытпаған аға бойындағы қарапайымдылықты айтсайышы. Сөзі жалаң болмауы үшін осы арада іскер басшы өзі жазған өмірбаянына колхоз жетістігін де сала-сала бойынша жіктеп тұрып саралап келтіре кетеді.

Мәселен, 1954 жылы шаруашылықта небары 1565 гектар ғана егістік жер болса, араға үш жыл салып ол 15600 гектарға дейін өседі. Ірі қараның өзі 400, қойдың өзі 1800 басқа көбейіп, астықтан сол 1956 жылы гектарына 21,5 центнерден онім алынады. Сөйтіп, колхоздың жылдық таза кірісі 12 миллион 600 мың сомнан асып түседі. Мүмкін, қазір бұл цифrlарға ауыл шаруашылығының жағдайы мәз болмай, оның үстіне өткеннің бәрі құбыжық болып көрініп тұрғанда тереңдеп мән бермеуіміз де мүмкін. Ал, ол тұста

бұл дегенініз адал мандай тер, істі жете білумен ғана келіп, бүкіл елді елең еткізген үлкен еңбек нәтижесі еді.

Ендеше, аға тараپынан осынау толымды көрсеткіштер жолында қажымай-талмай күн мен түн қатудың лайыкты өтеуі болғаны анық ол шырқау атақ! Егде тартып, зейнеткерлікке иек артқан жасында өзің кешкен ғұмырдың мәсінде өтпегеніне бір марқаю да бақыт екен ғой дейсің осы өмірбаянның аяқ жағына да көз сала отырып. Оны Қажым ағамыз: «Сонғы төрт жылда Карл Маркс атындағы кеңшарда мен жетекшілік еткен мал шаруашылығы саласы да табысты салага айналды. Сол үшін 1966 жылы жоғары жақтағы басшылардың үйғарымымен маған алты айлық жалақымның мөлшерінде 1110 сом ақшалай сыйлық берілді. Ал, 1968 жылдың 1 шілдесінен бастап жасымның келуіне байланысты КСРО Министрлер Кеңесі Одактық дәрежедегі дербес зейнетакы тағайындалды», – деп ағынан жарыла бірақ қайырыпты.

Міне, өнегелі ғұмыр иесі өз өмірбаянның көңілі тола осылай тұжырымдаган. Ендеше, еліне елеулі, халқына қалаулы осынау жанның көзі тірісінде бар санағы өмірін кейінгілерге қолмен қойғандай аманаттап кеткен бұл құркатаң мұражайдагы өзіміз тап болған үлкен олжадай көрсек, несі мін?! Жақсылар екі келмейтін өмірді осылай жасап, елі, халқы үшін шуғын осылай текпес пе. Сондай жанның қолында өсіп, тәлім-тәрбисін көрген Мираш аға да неткен бақытты еді, шіркін.

Осылай ойлағанымызша болған жоқ, әлгі бір мезетте бізді өз бөлмесінде жарқын жүзбен қарсы алып, қолымызға ағаға қатысты осынау папкіні ұстаратқан бейтаныс қарындасымыз:

– Аға, сіз Қажым атамыз туралы деректер жинап жүрсіз бе? Мениң есімімді қойған сол кісі ғой, – деп қалғаны.

– Міне, қызық! Қалайша ол кісі сенің есімінді қойып жүр? – деп жатырмыз әлгі жерде өзіміз күтпеген бұл сезге шын таңданысымызды жасыра алмай.

– Солай, аға. Біз бір үйде төрт баламыз. Қажым ата болса, жалғыт менің ғана емес, үйдегі тағы екі бауырымның да атын қойған...

Мәссаган! Шынында да, мұның өзі қызық болып шыққанына сөз бар ма. Жақсыны жазамын, дерегін біліп, өміріне қанығамын десен, осылай алдыннан бір шапағатынан сон бір шапағаты қылаң бере беретіні Алланың да жәрдемінен бе екен, ә. Жаңағы сөзүн құлағымыз шалысымен, мұның бәрі қалай болып, қалай қойғаның

білгенше асыққанбыз. Соны Бибігүл қарындастырылған да түсініл, ә дегеніше мән-жайды жеткізіп, ұғындырып жатыр. Оның бәрін ести түсіп те, ойдан ой түйесін. Адал, кимас достықта шекара жок деген осы екен-ау, шынында.

– Менің әкем Бейсенбай Қожабекұлы Топанбаевтың туған жері Семей. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде осы жақта практикада жүріп, Қажым ата екеуі кездесіп қалады да бір-бірімен агалы-інідей сыйлас болып кетеді. Келе-келе мұның бәрі үлкен достыққа ұласып, әкем Енбекшілдер ауданы Казгородок ауылында тұрып жатқан жерінен осы кісінің қолқалауымен 1969 жылы Қызылту ауданының Ақтүйесай ауылына көшіп барады. Сол жерде сырттай Омбы мал дәрігерлік институтын бітіреді де, өз мамандығы бойынша еңбек етеді. Содан екі үй бір-бірімен тонның ішкі бауындағы тіпті жақын болып, осы аралас-құраластықтың арқасында әкем жарық дүниеге келген әр перзенттінің атын тек өзі жақсы көріп, сыйлаған Қажым атаға қойғызысы келеді де тұрады. Бір жағынан папам мұны бүкіл елге танымал үлкен кісі, ертең балаларым да осындай болса екен деген жақсы ырымға балағаны да анық. Сонымен, Қажым ата әр жолы әкемнің меселін қайтара алмай, менің атымды Бибігүл деп қойса, бір інім, бір қарындастымын өсімдерін Мұратбек және Бибінұр деп қояды. Бұл күнде осының бәрін мақтан тұтып, біз үшін орны бөлек осы үш жанның да аруағына кір келтірмеуге тырысып жүріп жатырмыз. Өйткені, әкем небары 38 жыл жасап, ерте қайтыс болса, анам Нагиманың да өмірден өткеніне биыл 4 жыл, – деп сөз аяғын амалсыз мұнды сезімге әкеп тіреген Бибігүлге тілекtestігімізді білдіріп, орнымыздан да тұрганбыз. Әркімге де ғибрат боларлық қандай әсерлі әңгіме. Атағы аспандап тұрса да, қарапайымдылығынан танбаған, достықка берік Қажым аға-ай! Жақсыны тани біліп, сол жолда кіслілігі мен кішілігінен жазбаған Бейсекеннің де кіршіксіз көңіліне не дерсіз.

Өз қолымен жазылғандықтан да, Енбек Ерінің бір артық-ауысы жок осы бір өмірбаяны, әрі жан-журегімізді елжіреткен екі адамның достығы мұражайдан кенелген қос олжамызға айналып, көше бойында тебіреніп бара жатырмыз.

Қайырбай ТӨРЕГОЖА.

Көкшетау қаласы.

ҚЫРАН БИЛКЕ САМҒАЙДЫ

Қазақ совет энциклопедиясындағы мәліметтерге зер салсақ, тың және тыңайған жерлерді игеру басталған 1954 жылы ғана елімізде жоспардагы 13 миллион гектардың орнына 19 миллион гектар жер жыртылып, жаңадан 90 кеңшар бой көтерген екен. Қазақстанға комсомолдық жолдамамен 350 мың қызыжіт көмекке келіпті. Алғашқы екі жылда ғана республикамыз жаңадан 122 мың трактор, 26 мың астық комбайнын және 22 мың жук автокөлігін алған. Осы энциклопедиядағы бұдан аргы деректер де осал емес. Мәселен, 1954-1974 жылдар аралығында Қазақстанда барлығы 25,5 миллион гектар жер игеріліп, одан 438,2 миллион тонна астық ендірілген көрінеді. Осынау астықтан түскен таза пайда 6,1 миллиард сомды құраған екен.

Ал, енді тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде жергілікті цифrlар не дейді? Ресейдің Омбы облысымен шектесіп, бүкіл кең жазық даланы алып жатқан шалғайдагы Қызылту өнірі де осынау тың эпопеясы кезінде ұлы бастама дүбірінен дүр сілкінген еді. Сол кезде әндептіп, дабылдатып бұрынғы Қекшетау облысына табан тіреген 120 мың алғашқы тың игерушілердің тең жартысына жуығы осы жаққа бет алған көрінеді. Сейтіп, сол кезде облыстағы қазіргі үш-төрт ауданның жерін алып жатқан осынау ең ірі ауданда бұрын соқа тісі тимеген 180 мың гектар тың жер игеріліп, алғашқы өз нәтижесін де бере бастаған. Осылайша қысқа мерзімнің ішінде қазақтың киелі бір өнірі саналатын Қызылту жерінің де шартарапқа кеңінен аты шығып, құт дарыған өлкеге айналды десе болады.

Олай деуге тағы бір берік негіз, 1954-1955 жылдар аралығында облыста жаңадан барлығы 54 кеңшар құрылса, оның 20-сы осы ауданнның үлесіне тиғен екен. Осы екі жылда аудан бойынша дәнді дақылдар егісінің көлемі 410 мың гектарға жеткізіліп, мемлекетке 18,5 миллион пүт астық тапсырылғанын да айта кету керек. Сол кездін, тіпті, бүтіннің де өлшемімен алғанда өте зор жетістік болып табылатын бұл табысқа тың игерушілер қатарынан тағайындалған аудан, шаруашылық басшылары А. Иванов, В.Окунев, Моргун, Яворский, Масалкин, Вагин, Козинец, В.Зуб, Г.Крылов. В.Савченко және тағы басқалары мол үлес қосса, олармен бірге өзіміздің жергілікті жерде өсіп-жетілген білікті басшы кадрларымыз Корғанбек Кенжегарин, Қайырбек Жантілеуов, Шәкәр Махметов, Тұтар Бекмағанбетов, Сұлтанғазы Хасенов, Мұтәші

Сыздықов, Бүркітбай Батырханов, колхоз басқармаларының төрағалары Қажым Мұсіпов, Сұнғат Фалиев, Халит Сейдалин, Қали Қабжанов, Қазари Иманов, Мағзұм Сейітов, Сыздық Омаров та ортақ іске бар күш-жігерлерін салумен болды. Соңдықтан, тың және тыңайған жерлерді игерудін алғашқы екі-үш жылдарын қарастырып, 22 еңбек майталманына Социалистік Еңбек Ері жоғары атағы берілсе, солардың бел ортасында қызылтулық алтап азамат Қажым Мұсіповтің болуы да эбден занды еді. Айталық, сол 1956 жылы аудандағы «Ұялы» колхозының дикандары Отан қамбасына 1 миллион 200 мың пүттән астам алтын дән құйды. Бұл – осы төңіректе астық өсіруде бұрын-соңды болып көрмеген жоғары көрсеткіш еді. Соңдықтан, осы еңбек жаңып, колхоз басқармасының төрағасы, өзі де жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын Қажым Мұсіповтің омырауында осы өнірдегі алғашқы Алтын Жұлдыздың бірінің жарқырауы бүкіл Қызылту елінің лайықты мактанды сезімін туғызыды десек артық емес.

Осы бір тамаша женіс үшін дикандармен көктемнің қара суығы, жаздың аңызғақ алтабы, күздің толассыз қарбаласы мен қыстың қақаған аязында да алқап бастаныңда бірге жүріп, оларды өз жеке өнегесімен жігерлі істерге бастаған Батыр аға кейін де шалғайдары «Чапаев» кеңшарының директоры сияқты жауапты қызметтерді абыраймен атқарып, өмір бойы бар жан-тәнімен еліне адап қызмет етті. Соның ішінде әсіресе, облыстық, аудандық және селолық кеңестердің депутаты болған кездерінде сайлаушылардың әртүрлі аманаттарын орындауда да зор жауапкершілік пен табандылық таңытып, көпшілік сенімінен шыға білді.

Өзінің кіндігінен тараған бес ұлы мен төрт қызына үлгілі тәлім-тәрбие беруде де әке өнегесі ерекше. Соган орай, балалары шетінен енбексүйгіш, адап да қарапайым болып өсіп, дикан, ұстаз сияқты мерейлі мамандықтарды таңдады. Әсіресе, әке жолын қуған Қалиы осы дәстүрге берік болып, бұл күндері өзінің кіндік қаны тамған тұған жері Ақтүйесай ауылында жер емшегінен екі елі ажырамай, еселі еңбек етуде. Тіпті, ана бір жылдары ел іші не істерін білчей есенгіреп, жұрттың көбі жылы орнын сұытуға бет бұрганда да ол әкесінің өшпес ізі мен жарқын ісі қалған осы топырактан козғалған жоқ. Қайта әлі күнгө бойына біткен қайса ралықпен әтпелі заман қыспағына төтеп беріп, өзінің тегін жан емес, тек ті адамның үрпағы екенін дәлелдеумен келеді. Бұл ретте, соңғы

жылдардағы ауа райының құбылмалылығы да оны алған бетінен тоқтатып көрген емес. Әлдекімдер секілді «куанышылқ болады, шегіртке шығады екен» деген қауесеттен ықлай, жыл сайын 1 мың гектар жерге егін салып, соның бүйірған несібесін тере білуде.

Атам қазақ та осындайда «әкеге қарап туса игі, екे жолын куса иті» демей ме. Осы бір сөздің өзі нағыз Қалиға арнап айттылғандай. Қазір біреу олай, біреу былай деп жатқан тың және тыңайған жерлерді итерудін 50 жылдығы карсаңында Қали Қажымұлына «Осы тың туралы не ойлайсыз?» дегенімізде, әкесінен аумаған мол деңесін женіл қозғап қойып: – Жан әкемнің кеудесіндегі Алтын Жұлдызға қарап өскен, соның сыңғыры жастайымнан құлағыма сіңіп қалған мен тыңың тулегімін. Демек, «еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті» деген халық нақылы менің де жүргімнен берік орын алған, – деп қысқа қайырды. Сейтті де, қыранға ұксас қабагын, нұрлы жанарын беткейден есіп тұрган ерке самалға тосып тұрып калды. Бұл бәлкім, оның мына сайын даламен үнсіз сырласқаны, сыр андағаны шығар.

Іә, осы тұрысында өнегелі тәрбиесі, Жер-Ананың өзі шындаған мінез-құлқымен қатар, сонау 1982 жылдың қантарында қайтарынан сәл бұрын бар баласын қасына жинап алып: «Өзім де өмір бойы еліме аяnbай еңбек еттім, елім де осы мандай терімді барынша бағалады. Сондықтан, Аллага ризамын. Енді бұдан әрі атымның қалай аталары сендердің де ауыз бірліктеріңе, мына өмір толқынымен өздерінді қалай алып жүретіндіктеріне көп байланысты. Елді сүйіндер, жерді сүйіндер. Сонда ештегенеден кемдік көрмейсіндер, – деп ұрпағына айтып кеткен сол бір әке өсietіne ададығы да нық сезіліп тұр еді.

*Хафiz ХАЛЕТЖЫ.
«Бұқна!», 18 наурыз, 2004 жыл.*

АҚТУЙЕСАЙ АРЫСЫН САҒЫНАДЫ

1946 жылы қан майданнан елге кешігінкіреп оралған Қажым аға алда өзін не күтіп тұрганын жақсы түсінді. Соғыс енді ғана аяқталған ауыр шақ. Төрт жыл қырғыннан қатты құйзелген халық шаруашылығы зұлым жауды өз ордасында талқандаған Қажымдай

ержүрек жауынгерлердің Жер-Ананы аялай білер енбексүйгіш қолдарына өте-мәтे мұқтаж еді.

Кейін солай болды да. Соғысқа дейінгі жауапты басшылық қызметіне қайта оралып, Қызылту аудандық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасарлығына дейін көтерілген абзal жан осыншама ауыртпалықтан кейін ел түрмисының тузеліп, бері қарауына бар күш-жігерін салып-ақ бақты. Табиғатынан қындық дегенмен тайсалмайтын, көп мүддесін бәрінен жоғары қойып, сол жолда бір тыным таппауға бар асыл аға соғыста шындалған шар-болаттай мінезімен тек халықтың қамын жетін.

Содан да болар, 1954 жылы партия шакыруымен қатардағы колхоздың төрағасы болып барғанында алдымен, тың және тыңайған жерлерді игерудің елге экелер жақсылығын ойлап, соған сенді. Бүкіл Қазақстанды дур сілкінтекен осы бір ұлан-ғайыр іспен ол тұста әрбір шаруашылық, әрбір ауыл-селода да жұмыс көбейіп, бастан асып жатты. Бұрын турен тимеген мындаған гектар жерді соқа тілімен жыртып, оған ырыздық дәнін себу, тың итеруге келген халықты жаңа жерде дұрыс орналастырып, тиісті түрмистық жағдайлар жасау, бұл үшін әрине, кең көлемде тұргын үй және басқа да құрылыштарды жүргізу ен алдымен, жергілікті басшыларға зор жауапкершілік жүктеп, солардан үлкен қажыр-қайратты талап ететін. Оның үстіне тап сол тұста қазақтардың қолынан ештеңе келмейтіндей, көптеген аудан, шаруашылықтардың жетекшілігіне сонау партияның Орталық Комитетінен бастап тың итеруге келген өзге ұлт өкілдерін тағайындау үрдісі де кең етек алып, жергілікті ұлт өкілдеріне өздері жүрген азды-көпті осы қызметтерде намысты колдан бермеуге тырысып, сол жолда бар күшті салып бағуға тұра келгендігі де жасырын емес еді.

Соның бәрін жақсы түсінген Қажым аға да тың төсінде тек адамдар еңбегінің жануын ғана ойлап, қыруар маңдай тердің ерте-кеш пе, бір өтеуі боларынан үмітін үзбейтін. Олай дейтініміз, алғашқы бірер жылда тыңды игеру ойлағандай нәтижеге қол жеткізе қоймай, астық түсімі тым кемшін соғуы осы іске күмәндандушылар тарапынан әртүрлі пікірлер де туғызбай қоймаган-ды. Міне, кеңіл қобалжыған тап сондай тұста көптен күткен 1956 жылдың егіні өте-мәтे мол шығып, Көкшетау облысының бірден Отан камбасына 85 миллион пүт астық тапсыруы Мәскеуді де ерекше ризашылыққа бөлеп тастағаны айдан-анық.

— Экем өзіне сеніп тапсырылған кез-келген шаруаға үлкен жа-
улкершілікпен қарайтын, — деп еске алады бұл ретте, Еңбек
Ерінің өз жолын қуып, елде шаруа қожалығына жетекшілік етіп
жүрген ортаныш ұлы Қали. — Содан болар, ол бізді, балала-
рын да әрбір бастаған ісімізді сонына дейін жеткізуге үйретуден
жалақпайтын. Ал, өзі туган жері мен ескен ортасын, бар саналы
ғұмырын арнаған ауыл шаруашылығын шексіз сүйіп өтті десем,
артық емес. Партияға да барынша сеніп, қайда жұмсаса, сонда ба-
рудан бір тартынбайтын-ды. Соған орай, біздің үй-ішіміз әкемнің
жің қызмет ауыстыруынан, анда-мында көп көшіп, әр жердің суын
бір тататынбыз. Атап айтсақ, екі шаруашылықта басшы болған,
аудан деңгейінде басқа да жауапты қызметтер атқарған әкем соның
қай-қайсысында да жаман атын шығарып көрген жоқ. Қайта ол
барған жерде жұмыс жанданып, көрсеткіштер өссе түсетіні сол мен
айтқан қасиеттерінен болар. 1982 жылдың 8 қаңтарында тұра 70
жасында дүниеден өткен әкем өз өмірінің соңғы жылдарын Карл
Маркс атындағы кеншардың орталық консы Ақтүйесай ауылын-
да өткізді. Балаларының бәрі осында ер жетіп, бұл ауыл әкемнің
екінші Отанына айналып кеткенін сол кезде біз, ұрпақтары да
айқын сезінумен болушы едік.

Иә, осынау топырақта қазір де Қажым ағаның жарқын өмір ізі
сайрап жатқандай. Оның көзін көрген, ақжарқын даусын естіп,
жақсы істеріне куә болған ауыл тұргындары да осы бір аяулы
жанды ұмытпақ емес. Өзара әнгімелерінде, көшілік жиындар-
да, мектепте өтетін ерлік, еңбек сабактарында жиі-жиі еске алыш
отырады. Осы елде орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабак береге-
тін қызы Мәрияш, дән өсіріп, Жер-Ана ырыздығын терумен келе
жатқан ұлы Қали да әке атына кір келтірмей, ардақты есімді ая-
лаумен келеді.

Айтты-айтпады, бүгінгі өскелен ұрпақты әлі де жетіспей жатқан
патриотизмге, отаншылдыққа тәрбиелеуде елін шын сүйіп, сол
үшін от пен суға түсуден тайынбаған Қажым ағалардың өнегелі
өмірі нағыз үлгі емес пе. Ол кісінің бойындағы қажымас қайрат.
таудай талап, алдына биік мақсат, зор мұраттар қойып, соған
табандылықпен жете білуі, осы мысалдармен тәрбие алсақ, кімің
жігер отын беріп, қанат бітірмес?! Бар саналы ғұмырында халыққа
қалтқысыз қызмет етуді өзінің басты парызы деп түсінген аб-
зal аға жастарды да қолынан келгенше осыған үйретіп, мәдени-

көпшілік, спорттық, басқа да шаралар болсын, бәрінің де бел ортасында жүретін.

Бұл ретте, 1968 жыл елімізде Ленин комсомолының 50 жылдығына арналған Бұқілодактық спорт ойындары жылы болып жарияланып, сонын шеңберінде Қызылту жері қазақша күрестен Социалистік Еңбек Ері Қажым Мұсіповтің жүлдесі үшін респубикалық турнир өткізгені де ел өміріндегі үлкен бір естен кептес оқиғага айналып еді. Оған республикамыздың сол кездегі барлық 15 облысынан командалар қатысып, құрамында Соғымбаев, ағайынды Балмұқановтар. С.Қалиев, А.Жәніев, Әбілдин сияқты белгілі палуандар бар қызылтулықтар да боз кілем үстінде жеке өнер көрсетіп, былайғы халық, жанқүйерлер де бір жасап қалғаны бүгінде тарих. Сол жарысқа Алматыдан даңқты балуан жерлесіміз, «Қайрат» респубикалық - селолық ерікті спорт қоғамы Орталық Кенесінің төрағасы Ахметжан Қазымбетовтың өзі атсалысып, арнайы қатысқаны да турнир шоқтығын одан бетер көтеріп, Қажым ағаның жүргегін үнемі елжіретіп, толғантумен болған-ды. Ауыл спортын дамытудағы жетістіктері үшін мұның алдында осы спорт қоғамының құрметті мүшесі болып сайланған абзал жан сол күндері өз еңбегінің жемісін тағы бір терең сезінгендей болып, сол үшін марқайғаны да анық. Кейін бұл турнир қатарынан бес жыл бойы үзбей өткізіліп тұрды.

Оны есіл ер арамызда жоқ қазіргі уақытта да жыл сайын демей-ақ қояйық, тым болмаса, екі жылда бір дәстүрлі түрде ұйымдастырып тұрсақ, бұдан ұтпасақ ұтылmas едік. Өйткені, көпке ой саларлық, кімнің кім екенін білгізерлік осындай мазмұнды іс-шаралар арқылы ғана өткенімізді ұмыттай, есте ұстай түсеріміз ақықат.

Әне, анау жатқан Ақтүйесайға көз салып, кең алабын бір шолып өтінізші. Ағаны әлі де аңсан, сағынып тұрғандай-ау, шіркін, құт мекен!..

Бибінүр ТОПАНБАЕВА.

Ақтүйесай ауылы,
Үәлиханов ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

ӘЛІ КҮНГЕ ЕЛЕҢДЕЙМІН

Иә, мен әлі күнгө елеңдеймін. Ол елеңім – кешегі өткен күніме бір сәт көз жіберіп, сонау балалық, жастық шақтарымның тәтті де қимас кездерінен өзіме қымбат, жақын бейнелерді іздеуім. Ол бейнелер көп еді... Өз әкем Қажым, анам Қорлан, Мираш этәйім, елдің «қызымы» деп емірене тіл қататын небір игі жақсылары, басқа да туыстарым мен бауырларым. Бәрі де уакыты келгенде, бізді тастап кете барды. Тек иман-жақсылығын берсін!

Қызылтуда өз отбасымызда 1948 жылы туған ағам Талғаттан кейін екінші бала болып дуниеге келген маган ес білгеннен жақсы жандардың, тіпті, үйімізге келіп-кетіп жататын үлкен қызметтегі адамдардың тізесінде отыру, солардың қасында есу бақыты бұйырыпты. Мен туғанда әкем әлі аудандық жер бөлімінде істесе, шешем мектепте сабак береді екен. Кейін өмір біздің тірлігімізді жақсы жағына құрт өзгертіп, аяулы әкеміз тың және тыңайған жерлерді игеруге қосқан зор үлесі үшін 1957 жылы Социалистік Еңбек Ері атагын алғаннан кейін бүкіл елімізге, Қекше өніріне белгілі құтты шаңырактың бірі болып шыға келдік. Соның арқасында жоғарыда да анғартып өткенімдей, үйіміз әкемнің жұмысы, еңбек жолы туралы білгісі келетін журналистер, басқа да осы жаққа жолы түскен қонақтар дейсіз бе, кісіден бір босамай жататын. Кейде жан-дүниесі кең, түсінігі мол әкем ондай жандарды үйден бір шыныаяқ шай ішкізбей не бір қондырмай жібермей, өзі де бәйсек болып жататын-ды.

Рас, әкеміз Социалистік Еңбек Ері екен деп елден ала бөтен шалқып-толқып тұрган кезіміз жоқ. Ондай артық дәүлетті ата-анамның өздері де суқаны көп сүймейтін. Халық арасынан шыққан қарапайым жандар ондайға қызыққан ба?! Әрі ол түстің тұрмыс та жұпыны, жұрт барға қанағат деп, адад еңбектен басқа ештеңені ойламайтын. Әйтеуір, ішер асымыз, киер киіміміз бар Қанша атақты болсын, осыған шүкіршілік еткен әкем одан да ои басқарған шаруашылық, қол астындағы адамдар жағдайын бірін ші кезекке қойып, қолдан келсе солардың мұн-мұқтажына кебірең көңіл бөлуге тырысатын.

Мұның бәрі сонау бала кезімнен зердемде қалып қойған өшінде суреттер ғой. Есейе келе өз көнілге түйгендерім, ата-анам, үй ішіміз жайлы өз аңғарып-пайымдағандарым бар, осының бәрі де қазір сыртқа лық етіп актарылып шыққысы келіп тұр. Мәселең

соңау енді-енді ес білген кезімнің өзінде әке-шешем сөз арасында еміреніп-еркелетіп отырып, «сенің атынды білесің бе, Мираш ағана ұксас болсын деп Мәруаш қойдық» дегенді жиі ауызга алатын. Осыдан-ақ, жасынан өз қолдарында өскен Мираш этәйімді (мен ол кісіні өмір бойы осылай атайдынын) нағашыларының, ягни, менің ата-анам мен басқа да туыстардың қалай жақсы көріп, қалай сыйлағандарын анғара беріңіз. Тіпті, кейінгі сіңлілерімнің де аттары осы ізben кетіп, Қарлығаш, Мәрияш, Ғалиш атанула-рында да осы бір қазаки туыстық үрдіс пен құрметтің ықпалы жатқандығы анық.

Иә, тағы бір қызық, өзің күнде өз үйінен көріп жүретін адамының басқа үйдің баласы болуы да мүмкін екенін біз сол жас кезімізде тіпті, мүлде білмеппіз де. Оның бәрін кейін түсіндік қой, ал, ол тұста Мираш этәйіміз біздің шаңырактың ең үлкен тұңғыш баласы сияқты еді. Әлі есімде, жазда университеттегі оқуынан каникулға келгенінде чемодан сияқты ауа кіріп тұратын тесіктері бар кек жәшікпен кеседей-кеседей Алматы аэропортын экелетін. Исі аңқып тұратын әлгі қып-қызыл алманы сүйсіне жеп, бала біткен мәз боламыз.

Мамам өзінің бар саналы ғұмырында ұстаз-тәрбиеші болған адам. Қызылтуда тұрганымызда біздің үйде алыс-жақындағы ағайын-туыстарымыздың кем дегенде 5-б баласы оқып, осы анамның қолынан білім алды.

— Соның ішінде ең зерегі, білімге құмары Мираш этәйің, — деп өле-өлгенше айтып отыратын марқұм шешем. Біз отбасында 9 баламыз. Солардың ішінен этәйім елден ерекше мені жақсы көріп, ылғи «Мәкө» деп еркелетіп отырушы еді. Соған орай, мен де ол кісіні өте сыйлас, өзімнің қымбат бір бауырым деп білетінмін. Айтып-айтпай не керек, көпшіл, ак көңіл, ашық-жарқын, қаралайым да елгезек, «өзім» деген кісіге кон етін кесіп беруге бар, кішіпейіл, үлкенте құрмет, кішігে ізеті дайын тұратын, әзілқой этәйіміз қалай сыйласаң да, ол құрметке лайық-ты.

1956 жыл. Қайыркеш тәтем біздің үйге келін болып түсті. Папам өзіміздің «Ұялы» колхозында басқарма. «Сол жылғы астықтың шығуын-ай» деп отырады әлі күнге ауылдағы үлкендер жағы. Содан күзгі жиын-теріннің бәрі жақсы аяқталып, Отанға астық тапсырудан шаруашылық алдыңғы орындардың бірінен көрініп, қыста әкей Социалистік Еңбек Ері жоғары атағын алды. Қайыркеш

тәтем болса, келгенине бірер ай ғана. Мұндауда «келіннің ағынан, қойшының таяғынан» деген бар емес пе. Экем тәтемді қазақтың сол сөзіне орай қатты сыйлап, «құтты келін болды» деп, аузынан тастамай қашан кез жүмғанша жақсы көріп өтті.

Оған өзім талай күэ болған мына бір мысалды көлтірсем де жеткілікті. Қыс-жаз демей, кейде елге – Ұялыға келе жатамыз. Ауылға жақындағанда шешем міндетті түрде әкемнен «Қайда түсеміз?» деп сұрайды. Соңда әкемнің айтатыны «Мираш үйі тұрганда қайда барамын. Қайыркештің шайын ішіп, сосын туған-туыстарды жата-жастана аралармыз». Ал, сөйткен папамның осы Ұялыда сол кезде екі бірдей туған ағасы тұрады. Жок, оларға бармай, Мираш этәйімнің үйіне түседі. Бұл әрине, түсінгенге, сол туған бауырларын тәмендету емес, этәйім мен тәтемді ерекше жақсы көруі, солар отырган шаңыракты сыйлауы еди. Әрі бұл түсіністік пен сыйластық екі жақтан да бірдей болатын. Мәселен, этәйім ешқашан ол кіслердің алдынан кесе-көлденең өтпей, папамды «ағаттайлад», мамамды «аптайлад» тұратын.

Кейін мен де бой жетіп, сол бір жаңда Көкшетау сауда техникумын экономист мамандығы бойынша бітіріп, жолдамамен Ұялыға келдім. Аға-тәтем үй іші түтел мәре-сәре. Этәйімдар сол жылдары бис байлагап, қымыз ұстайтын. Кешкे үлкен-кішіміз, бәріміз кезектесіп, піспе шелек пісеміз. Бұл үйде тұнжырап, бір-біріне «ішімдегіні біл» деу жоқ. Әр кеш көнілді. Қымыз ішіп, ойнап-күліп, дастархан басындағы жақсы әзіл, жарасты пейілмен біразға дейін жатпай жүріп аламыз. Этәйім болса, ондайда әрқайсымызға да жылды сез табады. Бізді қызық бір оқиғаларды айтып күлдіртеді, тәтемізді еркелетеді. Шіркін, енді бір сэтте бәріміз есік алдында отырып, жаңдың тымық эсем түнімен тыныстайтын сол бір ұмытылmas күндер де келмеске кетті-ау, дейсін осы күні сағынып.

Кейін жиірек сырқаттанып, ауруханада жатып жүрсе де, онысын білдіртпей, ақжарқын жүргуге тырысатын этәйім. Ал, менің анам болса, осының бәрін уайымдап: «е, Алла, Мираштың алдында ал мені, ал, оған гұмыр бер, балалары да әлі жас қой» деп тілегенде, көзіне тамшы жасқа дейін келіп қалатын. Сол тілегі ақыры, не көрек, қабыл болып, мамам этәйімнан тұра бір жыл бір ай бұрын 77 жасында дүниеден өтті.

Сөз сонында Алла тағала осы қимастарымыздың бәріне иман байлығын беріп, жатқан жерлері жарық, тұпырақтары торқа,

жандары жәннэтта болсын дей келе, Қайыркеш тәтем мен ба-
уырларыма, бүкіл іні-қарындастарын эке орнына экедей, өз
камкор қанатының астына алып отырған Қайратжан мен келінім
Қарлығашқа зор деңсаулық, мол бақыт, өмірдің бар жақсылығын,
қызық-куанышын тілеймін.

Мәруаши ОМАРОВА.

Талшық кенті,
Аюдар ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

БАТЫРЛАР БОЗ КІЛЕМДЕ *

Менің боз кілемдегі батырларымның бірі Ахметжан Қазымбетов еді. Еркін күрестен КСРО құрметті спорт шебері және классикалық күрестен спорт шебері, Қазақстанның он дүркін чемпионы, ауыл спортшылары арасындағы КСРО чемпионы, Индия мен Монголиядағы халықаралық турнирлердің жеңімпазы Ахметжанның балалық шағы Қекшетау облысы Қызылту ауданының Ұялы ауылында өтті.

Ол жастайынан анасынан өз арғы атасы Жұніс туралы көп естіп есті. Әсіреле, жас баланы мұндайда ата-бабаларының күресті жақсы көріп, тәнірекке белгілі балуан болғандары қатты қызықтыратын. Ондайда кішкентай Ахметжан өзі де сол кісілерге ұқсан балуан болғысы келіп, неше түрлі арман, қиялдарға берілетін. Оның бұл арманы көршілес Омбы қаласында цирк балтуандарын, олардың өнерлерін көргеннен кейін тілті, ұлғайғанын айта кету керек. Осыдан соң ол өз достарымен әлгі балтуандардан көрген кейбір күрес әдістеріне дейін қайталап, аталарап, жадындағы балуан болуға әбден бекіне түскен сыңайы бар еді.

Бұл жолда әсіреле, оған ауыл-үй арасында өзі талай тамашалап жүрген қазақша күрестен өтетін белдесулер ерекше әсер ететін. Барлық көргендерін жадында сақтап калуға тырысқан Ахмет-

* «Батыры на ковре» кітабынан аударылып беріліп отыр.

жан мұның пайдасын өзі үлкен спортқа келген алғашқы бетте-ақ жақсы сезінді. Өйткені, мұндай психологиялық дайындық осы жолға аяқ басқан кез-келген талапкерде кездесе бермейтіні бар-ды. Ал, онымен қаруланғандарға күрес сияқты көп қажыр-қайрат пен төзімділікті талап ететін спорт түрі сәл де болса женіл түсетін.

Сонымен, орта мектепті бітірген А.Қазымбетов Алматыға келіп, Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына окуға түседі де, бірден күрес секциясына жазылады. Ол секцияға сол кездегі танымал жаттықтырушылардың бірі Александр Самсонов жетекшілік етуші еді. Ол бастапқыда Ахметжанға сенімсіздікпен қарайды, тіпті, алғысы келмеген де сынай танытады. Содан кейін барып қана:

— Жарайды, әлжуаз екендігіне қарамай, байқап көрейін. Мүмкін, женіл салмақта сенен бірдене шығып қалар, — деп сәл көнілденіп, боз кілемді нұскайды.

Осылай тынымсыз құндер де басталады. Құндіз институтта сабак, кешке қарай жаттығулар. Оку мен спортты қатар алып жүру Ахметжанға оңай соқпайды. Оның үстіне ауылдан келіп, орыс тілін жете білмеуі де аудиториялар мен жаттығуларда кын тиіп, сәл-пәл көнілін жабырқатып қояды.

Алайда, ол қатысқан алғашқы жарыстардың өзі осы бір қагілез баланың болашағы зор екенін ангартқандай, ол үшін женіспен аяқталады. Қазымбетов — чемпион! Мейлі, әзірше Алматы қаласындаған, өзімен күрес өнерін жана бастағандар арасындаған женімпаз болсын, бірақ, бәрібір чемпион. Жас талапкердің жігерін жәни түсken бұл табыс шынында, ол шығатын үлкен бінкітің тек басыған еді.

Қазымбетов бол кілемде өзінің табандылығымен ерекшеленетін. Әсіресе, өзі мұлтікізі орындағын арқадан асырып лактыру әдісімен талай балуанның жауырынын жер қаптырган Ахметжан осы жеңіс жолында шаршап-шалдығуды білмейтін.

Институтты бітірген соң балуан жігіт өз туган жеріне кетіп, Кекшетау облысы Қызылту ауданындағы «Чапаев» қой кеншарында агроном болып енбек етті. Мұндай танымал маманды ауыл шаруашылығы саласында да үлкен қызметтер күтіп тұрғаны айқын-ды. Бірақ, соның өзінде оның бойында бәрібір спортқа деген сүйіспеншілік басым түсіп, үйренген Алматыға қайта оралады. Әрі жай оралып қана қоймай, бірден жаттығуларға қайта

кірісіп, кезекті жарыстарда тағы да Қазақстан чемпионы атағын жеңіп алады.

... Ахметжанның еңбексүйгіштігі талайды көріп жүрген біздің өзімізді таңқалдырушы еді. Ол спорт залында шабыттана тынымсыз тер төгіп, күрестің айла-тәсілінің өзін бытай қойып, оның бір элементтің жұз рет қайталайтын. Техниканы жетілдіру жөнінен сағаттап жұмыс істеуге бар-ды. Шаршап-шалдығусызы, бал жинаятын ара секілді техникалық әдістерді табандылықпен грамдап ұштап, айталақ, сол арқадан асырып лақтыру арқылы жеңбейтін балуаны қалмайтын. Менің пікірімше, ол еліміздегі ең техникасы шебер балуандардың бірі еді.

Ержүректілігі және төзімділігімен қатар, мінезінің жұмсақтығы, адамдарға қайырымдылығы жағынан да оны ең адамгершілігі жоғары жандардың қатарына қойса артық емес. Командалас жолдастары да сондай азamat ретінде білетін. Міне, осынау қасиеттерімен дараланған Ахметжан Қазымбетов, сөз жоқ, казақтың маңдайына біткен тамаша балуан. Оның қолынан келмейтін күрес әдісі жоқ-ты. Күрделі жағдайлардың өзінде сыр бермей, табысқа жететін. Әттен, осындай балуанның бүгін арамызда болмауы өкінішті-ақ.

*Петр МАТУЩАК,
КСРО және Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген жетекшіліктерінің
Қазақстаниң еңбек сіңірген мәдениет қызметкери.*

Алматы қаласы

МЫҚТЫЛАРДЫҢ ІЗБАСАРЛАРЫ

немесе қазақ спортында өзіндік орны бар ұялылықтар

КСРО халық әртісі Ермек Серкебаев, Қазақстаниң Халық жауышысы Сәкен сері Жұнісов сияқты өнер мен әдебиет санлактарын, Қажым Мұсіпов, Қибадат Оразалин, Есілбай Қадірәлин, тағы басқа да еңбек ерлерін берген қасиетті Қызылту топырағы боз кілемде нағысты қолдан бермеген атақты палуандарға да кенде емес. Жалпы, бұл елді күні бүгінге дейін палуандар елі десе, осы

ауданының бұрын XXII партсъезд атындағы кеншарына қараган Ұялы ауылын да жүрт күрестен екі бірдей Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген жаттықтырушысы шыққан ақжолтай ауыл ретінде мақтан тұтады.

Әрине, қала емес, бір ауылдан осыншама танымал бапкерлердің жарқ етіп көрінуі, оған ілесе бірнеше спорт шеберлерінің тәрбиеленуінің өзі кісі қызығарлық құбылыс екені анық. Соның бәрін таратып айтып бере алатын адам сәтін салып, жанымызды отыргасын да, көптен «сөйлессек» деп жүрген кейіпкеріміз Мәлгаждар Омаровқа кей сауалды төтесінен қоямыз. Бұған сасатын Мәкен жоқ, тегі, ауыл, аудан мен облыс, одан тысқары жерлердегі өз спорттық жолының бәрі тап бүгінгідей көз алдында тұрса керек.

– Өзім жасымнан көк шөбінде күресіп өскен біздің Ұялы ауылынан палуандардың көп шығуының, керек десеніз, бүкіл ауыл осы күрес өнерімен «ауыруының» өзі тегін емес, – деп жылы жымышп сезін әрі сабактайды. – Ес білгеннен осы Ұялыда не жеткілікті, әуелі қазақша, одан басқа күрес түрлерінің қыр-сырына үйреткен ұстаз-бапкерлер жеткілікті еді. Мениң өзімнін, маселен, алғашқы жаттықтырушым марқұм Хасен Оразбаев болатын. Институтты жаңа бітіріп, тарих пәнінен сабак беріп жүрген кезі. Сол кісіге келіп күреске жазылдым да, осы жолдағы алғашқы қадамымды бастап кеттім. Кейін тағы да өз ауылымыздан шыққан Амангелді Балмұқанов, ертерек өмірден өткен Қайыргелді Алдуов секілді ағаларымда жаттықтым. Көрдіңіз бе, аядай бір ауылдың өзінде қанша бапкер?! Бұл – елдің бақыты гой. Үйретер ағалары барда, қазақтың қара домалақ балалары спорт үйірмелеріне қалай бармасын?!

Дәл осы сезімді бастан менің өзім де кештім. Ал, спортпен айналысад балакандар көп болғанда, араларынан бірі болмаса бірі топ жарып, асудан асуды алары талай дәлелденген жағдай. Ұялыда да әлі қүнге солай болып келеді. Алдымен, жарқырап Ахметжан Қазымбетов ағамыз шықты. Бұл – 60-ынышы жылдардың бедері еді. Қазақша күрестен Қазақстанның 10 дүркін чемпионы. Еркін күрестен КСРО ауыл-село спортшылары біріншілігінің жеңімпазы. Кейінгі алған атақ-дәрежесі, атқарған қызметтері де осал емес. Еркін және классикалық күрестен Бұқілодақтық дәрежедегі төреші, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Әттең, ғұмыры

қысқа болып, «Кайрат» республикалық селолық ерікті спорт көзімі оргалық Кенесінің тәрағасы қызметінде жалындан тұрған шығында ауыл спортшыларын Молдавияға жарысқа апарған жерінде кеңеттен көз жүздө.

Осы асыл ағаның ізін ала жоғарыдағы Амангелді Балмұқанов, міркүм Балташ Мұхаметжанов, Әнес Сагитовтар да бірінен соң бірі қатарынан республикалық турнирлердің жеңімпаздары мен жүлдегерлері атандып жатты. Бұған қоса, ұзын-ырғасы 9 адам – облыс чемпионы. Осыдан кейін Мәлгаждар ағаның өзінің де кіндік қаны тамған Ұялы ауылын палуандар мекені демей кер. Ал, сол туған жерінің абырайын осы спорт түрінен біздің кейіпкеріміз қалай асқактатып еді?! Бұл да сүйсіншіпей қоймайтын табандылық, боз кілемдегі аңы мәндай тер мен екінің біріне бұйыра бермейтін қанысyz шеберлікпен келген.

Женіс сонымен ғана келетінін Көкіпенің қаршыға тектес сары баласы үлкенді-кішілі талай жарыстарда топ жарып тұрып шубесіз дәлелдеген. Елде қарсылас қоймаган балан жігіттің мектеп бітірғендегі арманы да біреу ғана еді. Қайтсе де, Алматы дене тәрбиесі институтына окуға түсіп, осы күрестің майын шаққан палуандық оперге төтеден жол сала беру. Кімнен үлті аламын дейтін емес, қуылдас Ахметжан ағасы күрестегі тәбе бидей атақ-абырайы біраз жерге жетіп тұрған. Ол кездің арманшыл, патриот жастары мұндаиды қалт жіберсін бе?! Жалғыз бұл емес, талайы «әлгі оқу орны қайдасын?» десін. Шіркін, солай күрестегі кереметтігімсін көпті еліктірген Ахметжан ага-ай! Өзі кеткенімен, шәкірттері, слідің жүргегінде өшпес есімі қалды.

Осының бәрі, біздің ойымызша, ұстазы туралы көп толғанған Мәлгаждар ағаның бет-әлпетінен оқығанымыз гой. Ал, өзі бағы шығар, сол аңсап барған институт қабырғасында КСРО-ға енбек сінірген жаттықтыруыш Е.М.Чумаковтың өзі болмаса да, шәкірті Ласкар Асубаевтың қарамағына түседі. Сейтіл, айналдырыған екі жыл ішінде қазакша күрес пен самбодан КСРО спорт шеберінің нормасын орындал, осы спорт түрінің екеуінен де институт мақтандышина айналып шыға келеді.

Эрине, енді бұл жөнінен онсыз да шешіліп көп сөйлей қоймайтын кейіпкеріміздің аузынан қысқа ғана деректерге қанығып, қолда бар құжат, медальдарын ғана тамашалаганымызбен, жан беріп, жан алысатын күрес өнерінің аты күрес өнері гой. Абайсызды жол

бергізіп алған бір айла-тәсіл мен қас-қағым сәт белдесу тағдырын шешіп жүре беретін аңы өкініштер онда да аз ба. Бір жақсысы, женіл салмақтағы, ата-баба аруағына сыйынып, шыршық атып, лыпyp тұратын Мәлгаждардың өз басында ондай өкініштер аз болды да, көбінесе бұл жағы қарсыластарының еншісіне тиіп жаттын. Әсіресе, ретін тауыл ішке кіріп кетіп, әріптесінің аяғынан сыйымдай тартып, боз кілемге алып ұратын, ол болмай жатса, жаттығуларда әбден ақ тер, көк тер болып, сілесі шыққанша қайталай-қайталай бүге-шігесіне дейін менгеріп алған басқа бір әдістерге салып, белдесу тағдырын қайткенде де өз пайдасына шешіп тынатын бұдан бапкерлердің күткені аз емес-ті.

Бірақ, Мәлгаждардың өзі де мойнына талай таққан медальдың да екі жағы бар сияқты, спорт та кіл женістерден тұrmайды еken. Оның да тәтті минуттарымен бірге, өз бұлтарыс-бұраланы, жүйкені езіп жіберер өз әділетсіздіктегі болатынына сан көзі жетті. Әсіресе, Грузияның Гори қаласында 1971 жылы самбодан болып өткен жоғары оку орындары арасындағы КСРО біріншілігіндеге сол кезде Одаққа аттары шығып жүрген өзбекстандық А.Маймұрадов, белоруссиялық Эйдельман, кілем иелерінің өзінен Лашха секілді төрт бірдей мықтыны женіп тұрып, төрешілердің бұра тартуынан финалға шыға алмай қалуы жігерін жіпсіз байлаган да кезі болған. Осы жолғы женіс тұғырының үшінші сатысынан көрінетін жетістігін келесі жылы Қарағанды қаласындағы КСРО космонавт-ұшқыштары Г.Добровольский, В.Волков, В.Пацаевтың құрметіне өткізілген Бүкілодактық турнирде тағы қайталады.

Бұл кезде самбодан Қазақстан біріншілігі мен универсиада сияқты бірнеше ірі сайыстардың женімпазы М.Омаровтың есімі өз салмақ дәрежесі бойынша республикада таңдаулы самбошылардың бірінен аталатын. Онымен бір мезгілде, қатар айналысқан қазақша куресте де қадамы жаман болмаганын мына бір эпизодтың өзі-ак жақсы аңғартқандай.

1970 жылы Семей қаласында Бүкілқазақстандық мерекелік XXI жазғы спартакиада өз жалауын көтеріп, онда Алматы қаласының намысын осы Мәлгаждар да қоргады. Сонда қарсыластарының бәрін женіп, актық белдесуге кейін самбодан әлем чемпиондары ағайынды Байшолақовтарды тәрбиелеп шыгарған атақты Диқанбай Биткезовтың шәкірті қарағандылық Тұрар Түлебековпен шыққаны есінде.

— Сол кездің өзінде Диқанбай ағамыздың Жаңарқадағы палуандық мектебінің едәуір қалыптасып қалған кезі. Тұрар Түлебеков мен үшін бұрын белдесіп көрмеген жаңа есім болатын. Бірақ, бұған дейінгі кездесулерінде шымыр күресіп, қарсыластарына бет қаратпағанын білетінмін. Самбода көп мәселені шешетін қайсарлық, әріптесіңің мысын басып, оза кимылдау ғой. Жаттықтырушыларымның қайрай түскен ақыл-кесеі де дем берді ме, сол Түлебековты үшінші минутта-ақ айламды асырып, таза женіп кеттім. Енді бір уақытта өз-өзіме келсем, коп терлеп, арқам да қыза қоймапты. Кейде солай бір тегеуінді кимылдың бәрін өз орнына қоятыны бар еді, — дейді Мәкең сол спартакиададағы чемпиондығын еске алып.

Боз кілемдегі осы жеңістері кейін М.Омаровқа Қазақстан құрама командасының салында әртүрлі оку-жаттығу жиындарына қатысып, осы Қекшегаудың өзінен бүгінгі облыс экімі, самбодан КСРО біріншілігінің жеңімпазы Мәжит Есенбаев, спорттың осы түрінде айттарлықтай жетістіктері бар Қанат Ахметов сияқты жігіттермен қоян-қолтық араласып, бірге жүруіне мүмкіндік бергенін қалай айтпассыз. Одан бері де жылыстал біраз жыл өтті. Қазақша күрестен Қекше топырағынан шықкан тұнғыш әрі күні бүгінге дейін жалғыз Қазақ ССР-інің еңбек сінірген жаттықтырушысының бүкіл саналы өмірі әлі күнге жаставынан өзі сүйген осы күреспен біте қайнасып келеді. Кеziңде осы ұлттық спорт түрінен облыс құрама командасына дейін басқара жүріп, бір өзі отызға тарта спорт шеберін даярлапты. Бір азаматқа бұл аз ба?! Осы кезеңде талай шәкірттері республикалық, одан үлкен додаларда топ жарып, жүлдегер атанып, баяғы өзінің жолын қайталағаны өз алдына бір абырой. Оны қойып, өз ұлы Сүйіндіктің 2001 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Темірлан селосында болып өткен Қажымұқан атындағы республикалық турнирде өз салмақ дәрежесі бойынша бірінші орынды еншилеп, спорт шебері атагын алғанын да біреу білсе, біреу біле бермейді.

Соның өзінде көпті көрген Мәлгаждар ағаның облыстағы бүгінгі қазақша күрестің дамуына көnlі толар емес. Спорт функционерлерінің әлі де осы ұлттық спорт түрінің алға басып, жер-жерде жаппай өріс алуына барын салар түрі жоқ. Соңдықтан, бүгінде көзі тірі болса 70-ке толатын кешегі атақты Ахметжан Қазымбетовтай, тіпті, соған жедекабыл палуандар бұл топырактан шықпай келе жатқалы қашан.

— Ең аяғы, қазір бізде облыстық қазақша курсес федерациясының езі құрылмай отыр. Енді бұдан былай жоғары жақтағылардың облыс құрама командасын «жарна төлемейсіндер» деп жарысқа жіберулеріне дейін негайбыл, — деп қынжылатын Мәкеннің айта берсе, сол жолы біз бірнеше жан қысылып-қымтырылып отырған жайсыз баспасынан да көңіліміз құлазып шыққан едік. Біздің алдымызда гана қалалық әкімдіктің арнайы комиссиясы «авариялық жағдайда» деген қорытынды да шығарып кетіпті. Басқа жерлерде бәлкім, еліне елеулі еңбегі бар мұндай спорт сандактарын төбелеріне көтеріп, тиісті қамқорлық жасар ма еді?! Ал, бізде...

Ақыры, не, керек, атақты палуанның расында, Ақмола облысында бабы болмай, жерлестері коярда-коймай ол тұған топырағы Қызылту жаққа шақырып алды да кетті. Қазір Мәкең Ақжар ауданының орталығы Талшықта Солтүстік Қазақстан облыстық ұлттық спорт мектебінің жаттықтыруышы. Бір жылдың эр жақ, бер жағында ел-жұртқа еңбегі де әжелтіңдер көрініп жатыр. Талдықорғанда өткен мектеп оқушыларының спартакиадасында шәкірті Қымбат Сәрсекеева еркін күрестен үшінші орынды жеңіп алса, Айдана Өтегұлова да алғашқы бестікке енді. Қазір филиалда самбо бөлімшесін ашқалы жатқан танымал жаттықтыруышы алдағы күзде бұйырса, осы өнірдегі халық ағарту ісіне өзіндік Ұлесін қосқан орденді ұстаз Мираш Мұсіповтің тұғанына 75 жыл толуы құрметіне үлкен турнир өткізудің де қамымен жарғақ құлагы жастықта тимей жүр.

Иә, Мәлгаждар Омаровтай Қажымұқан, Балуан Шолақ бабаларымыздың ізбасарлары күнде туда бермес. Сондықтан, қамшының сабындағы мына қысқа өмірде олардың дұрыс қадіріне жетіп, дер уақытында еңбегін бағалай білген де жөн ғой, шіркін!..

Көкшетау қаласы.

ТЕКТИЛПКТЕН ТУҒАН ОЙ

Атамыз қазақта жалғыз маған емес, басқаларымызға да өте ыстық көрінетін екі туыстық жолы бар. Ол бірде-бір ағайынымызды айналып өтпейтін нағашы-жиеннің жылы қарым-катынасы. Бұл өмірде жиен барда нағашының бары, нағашы барда жиеннің бары сірә, екінің біріне мәлім жағдай. Тұған елімізде қанша қазақ

Бір болса, олар да бір-біріне нағашылы - жиенді. Шет елдердегі киндастарымыздың арасы да солай. Шіркін, он-солын пайымдаған жаңға осы бір туыстыққа не жетсін. Нағашының әрдайым жиен деп сөндеп, ақсап тұратыны, қолынан келген көмегін аяnbай, көнілі соның үстінде болатыны сияқты, жиен де осы бір жақындықтың қілдіріне жетпей тұра алған ба. Кейде бір көк дөнендей алыш-үшкін ұшқыр көнілдің ойын-тойларда, былайғы жерде де осы туыстықтың ғажап бір іірім-тылсымдарына жете бойлай түсіп, риҳаттана күй кешетіні бар. Сондайда сонау ата-бабамыздан келе жатқан қанымыздығы осынау қасиетке мың мәрте шүкіршілік демеске лажын жоқ.

Иә, мұны айтқызып, қос ішекті домбыраның күмбір үніндей жаңымды төгілдіріп отырған менің аяулы да ардақты Мираш ағама қатысты жайлар гой. Мираш аға! Бұл есім мен үшін әлі күнге жақсылықтың, жан жылуы мен мейір-шапагаттың шырағындаі болады да тұрады. Ол кісі маған жасы үлкен болса да жиен, мен жасым кіші болғанымен нағашы едім. Бірак, соқтықпалы да соқпақты мына өмір жолында өзімнің үлкен ағама айналып кеткен осы бір аяулы жанды басқа емес, біздің шаңырактың толықцанды бір мүшесі ретінде сезінгенім ақыкат. Өмір бойы, тіпті, ол кісінің өзі арамызда жоқ осы күні де солай.

Ал, мұның бәрі сонау ел басына күн туган 1942 жылы бастау алған еді. Ол кезде аға бар-жоғы 10 жаста гана екен. Он-солын алі жете тани қоймаган жас баланы жылап-еңіреп, соғысқа кеткен үш ұлының сонында зарлап қалған шешесіне береді Назым ана. Сондағысы анама қолғанат болсын, жадау көңілін жұбатсын деген ой. Мираш аға сол үмітті актап, бүкіл соғыс бойы жақсы-жаманды нағашы әжесімен бірге көріп, елмен бірге үш ұлды да аман-есен қан майданнан тосып алады. Содан өздері жоқта шешелерін жалғызыратпаған акжолтай баланы жақсы көріп, көңілдері слжірегендері сондай, нағашылары қайтіп аналарына бермей, өз тәрбиелерінде алыш қалады. Осылай Мираш аға біздің үйге әбден сіңісп, бел баласындаі болып жүре береді.

Ал, енді нағашы әжесі де «құлындал» құрақ ұшып отыратын сол жиен аға өсе келе кімнің қолында болады, кімнің көмегі мен онегесін көреді деген сәт туындағанда, әрине, таңдау менің әкем Қажымға түскен. Өйткені, ол кезде ел ісіне араласып, басшылық қызметтерде жүрген, көрген-түйгені мол, әрі жасыратыны жоқ,

ауылдағы өзге бауырларына қарағанда қолы да ұзын әкемнің мұндай мүмкіндігі мол еді. Кейін расында да солай болып, Мираш аға біздің әкейдің қолында оқу бітіріп, институтқа түсті. Одан әрі Қайыркеш женгейге үйленіп, тойын біздің үй жасап, басқа бас, малға мал қосылып, дегендей үйлі-баранды болып кете барды.

Осының бәрінде нағашысы емес, тұған әкесіндей болып кеткен менін әкемнің еңбегі өлшеусіз екендігін Мираш аға да өмір бойы жақсы түсініп, сол үлкен кісілерді тек қана сыйлап, қадірлеумен өтті. Нағашысына жиенінің көнілі солай болса, өзі өсіріп, жеткізген туысына әкемнің көнілі де одан кем түскен бе. Оның да осы үй десе жаңы белек еді, қат-қабат шаруадан қолы бір қалт етсе, тоғыз баласының көлікке сыйғандарын мінгізіп алып, «Ұялы, қайдасың?», – деп тартып отыратын. Сонда әжептәуір естияр кезіміз, әкем Мираш аға мен Қайыркеш келінің есіктен кірген-нен өздері деп құрақ ұшқанын, «жиені» деп төккен тер, артқан үміттің акталғанын көріп, осы аз уақытта кәдімгідей арқасы кеңіп, арқа-жарқа болып, дем алып қалатын.

Әрине, әкей сол кездегі үкіметтің ең жоғары марапатына ие болып, Социалистік Еңбек Ері атанып, атағы елімізге кеңінен тарап тұрғаннан кейін Мұсіпов фамилиясының өзі осы әuletке қараған әркімге де атан түйедей үлкен жауапкершілік жүктейтіндігі айтпаса да түсінікті еді. Соны Мираш аға да өз өмірінде терең сезінген болуы керек, әкемнің көзі тірісінде, одан кейін де бұл атқа титтей кір шалдырмады. Қайта үнемі абырай биігінен көрініп, Мұсіповтердің бірі ауыл шаруашылығынан атақ-данқын шыгарса, екіншісі білім саласынан орден алып, әulet атын асқақтата түсті.

Осы күні ата-анадан өнеге алған балалар да солай, әр салада жемісті қызмет етіп, тек жақсы жақтарынан көрінуде. Солардың екі-үшеуі ғана әкелерінің атын жоқтатпайық деп Мирашев болып жазылғаны болмаса, қалғандары түгел Мұсіповтер. Демек, олардың жақсы ісін естіген ел Мұсіповтердің ұрпақтары деп біледі, кешегі Қажымдардың өнегелі жолын енді кейінгілері жалғастырып келеді деп түсінеді. Әрине, бұл үшін Мирашына, оның балаларына әкемнің аруағы қүні бүтінге дейін риза екенине сез жок. Даны қазағымыздан сез қалған ба. Баяғыда балалығынды сағынсан ғана нағашы жүрттыңа бар дейді екен. Бұл тегі, қай баланың да балалық бал құндерінің біразы аунап-кунап нағашысының ауылында өтетіндігінен айтылса керек. Менің Мираш жиен ағам

да солай соғыс үдеп тұрған 1942 жылдың киын күнінің бірінде нағашыларының шанырағының табалдырығын аттады да, сонда бала болып қалып қойды. Бұл – ол кісі үшін жаман болған жоқ, үлкен, ұлағатты жандардың тәрбиесін көрді, сонау әке жағынан да өзінің Жанан бабасы осал болмаган азамат мына ұбақ-шұбақ өмір кошінің өзіне бұйырған сыбагалы аралығын тектілікпен мәнді де мағыналы жүріп етті. Ендеше, менін Мираш ағам жайлы осы бір азды-көпті жан сырымды осы ағаның тектілігінен туған ой деп түсінсөніздер, оны өзіме қуаныш санаң едім.

*Қали MUSPOV,
шаруа қожалығының жетекшісі.*

Ақтүйесай ауылы,
Уәлиханов ауданы,
Солтүстік Қазақстан облысы.

Шежірелі сыры мал бұл көне елді мекен мен білім ордасының, негізін ұлагаттың үстаздың, өз атта-бабасы, экелі-балаы Жанан би мен ыбырай қалған.



Жұз жылдан астам тарихы бар мұндай ұлттық, мектеп Омбының бұлай қойын, қазағымыздың, өз жерінде де көп кездесе бермейтіндігі анық.



Менің, экем, алаштың, козі амық, зиялы арыстарының, бірі Қошке (Қошмұхамбет) Кеменгеровтің, Бекназарбет (Бекім) деген ағасы Мираштың, экесі Хамзахметтің, Элжан атты аласына үйленген.

Үшінші бөлім
ОМБЫ ЖЕРІ, ЖАНАН ЕЛІ



ТЕГІН БІЛГЕН КЕМ БОЛМАС

Қазақтың ежелгі ата қонысы Омбы өнірінде ескінің көзіндегі әлі де атаулары сол бұрынғы қалпында сақталып қалған қазақ ауылдары барышылық. Солардың ішінде әсіресе, Шарбақкөл ауданындағы Ескі Жанан (Старый Жанан) ауылының алар орны ерекше деуге болады. Өзінің алғаш негізі қаланғанына 2006 жылды табаны күректей бір ғасыр толған Томар орта мектебімен, әсіресе, осында білім алғып, кейін қазақ елінің өсіп-оркендеуі үшін көп енбек сінірген ірі мемлекет және қоғам кайраткерлерімен аты алысқа тараған бұл елді мекен күні бүгінге дейін жұртшылық аузынан түспей, айрықша күрметке ие болып келеді.

Бұл күнде қотандагы орта мектеп екінші жұз жылдыққа аяқ басса, Ескі Жанан ауылының алғаш ірге көтергеніне одан да көп уақыт өткен.

Осы орайда, бүгінге дейін Омбы төңірегіндегі қазақ ұлтының, соның ішінде қазақ зияллылары мен басшы азаматтарының өсіп-жетілуінде шешуші орын алатын кейбір іргелі елді мекендердің тарихы қалың көшпілікке онша мәлім еместігі де айқын. Эрі олар әлі күнге өз қандастарымыз тұрып жатқандығына орай, белгілі бір деңгейде зерттеп, арнайы сез козғауды қажет ететін-ліктен, бұл кітапта Мираш ағамыздың шыр етіп дүниеге келіп, кіндік қаны тамған тұган топырағы – Ескі Жанан ауылы мен ондағы Томар орта мектебі туралы да арнайы әңгімелеп өтуді жөн кордік. Оның үстіне бұл тарихы бай, шежірелі сыры мол коне елді мекен мен білім ордасының негізін ұлағатты ұстаздың оң ата-бабасы Жанан бидін ұрпақтары қалағаны және ауылдың күні бүгінге дейін сол аузы дуалы, зерделі жаннның есімімен штаталатыны да осындағы бір ізгі ойға жетелей бергені анық. Со-

нымен, қазактың осы бір қасиетті елі жайлы қолымызда бар де-
ректер не дейді? Енді аз-кем соған токталайық...

XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың басында қазақ халқы жонғар шапқыншыларына қарсы жанқиярлық күрестер жүргізіп, осынау жеңісі де, жеңілісі де аз болмаған қанды шайқастарда елдік пен ерліктің шынайы үлгісін көрсете білді. Бұл ретте, жонғарларды кері асырып тастау үшін халқымызда кей жағдайда күш те жетісе бермеді. Мұндайда ел игілері қазаққа көршілес Ресейдің көмек-қолдауының жонғар басқыншылығынан құтылудың күйн екен-дігін жақсы түсініп, осы елге қосылғаны тарихтан белгілі. Сол-ақ екен, өз топырағында жерсіз отырған орыс шаруалары біртіндеп кең-байтақ қазақ жеріне лап қойды. Олардың соңынан байлық қуған орыстың бай-помещиктері де ең бір шұрайлы жерлеріміз-ге көз сұғын қадап, қайтсе де соны қолдарына алып алуға барын салып бақты. Көп ретте, олардың бұл жымыскы ойлары жүзеге де асып, қазақ ауылдары тайлы-тұғымен амалсыз өз жерлерінен тықсырылып, патшаның зымиян саясаты қара шекленділердің ен даламызға бойлап енуіне қолайлы жағдайды туғыза берді. Осы тұста Орта жұз, оның ішінде Атығайға жататын Әжімбет ауылдары Көкшетау уезін мекен еткенімен, жоғарыда айтқан орыстардың тықсыруынан Көкшетаудың солтүстік-шығысина қарай ойысады.

Алайда, нақты қайкезде екенібелгісіз, әйтеуір, осы жағдайлардың бірінде Әжімбеттің өзі қайтыс болады да, кейін Жанан би мен оған қараган ауылдар Жолдызек бойымен әрі көшеді. (Қызылжардан Ертіске дейін созылған көлдер тізбесі осылай аталаған). Ақыры, олар қазіргі Омбы жеріндегі Степной мен Марьиновканың екі ортасындағы Құлтума деген жерден басты тұрақ тауып, жаз айла-рында бүкіл әuletімен осында отырады. Ал, қыста Баққала (Степ-ное) мен Байқаланы (Мельничное) қыстап, Қасқыр аталағын ор-ман-тогайдың бойын мекен етеді. Осы арадан орыс мұжыктарының тегеурінімен Бесқызға (бұрынғы №42 көңілардың бөлімшесі Ров-ная Поляна) көшкендерімен, онда да көп тұрақтай алмады. Сөйтіп, тағдыр тәлкегімен қыста Айбейісте орнығып, жазда Шарбакқөлді, яғни, қазіргі Борисовка мен Шарбакқөлдің арасындағы Жылтыр көлі аталағын Ашықөлді жайлап, үнемі көшіп-қонумен келген

шүйлдар ақыры, жер үлесінен көбірек қамтып қалу үшін Томар деген жерге түбегейлі тоқтапты. Өз атауын «нұлы, сұлы, томарлы» ұғымынан алған осы арада бір-бірімен іркес-тіркес төрт ауыл: Жанан (екінші атауы Жайық), Елшібай, Айбас және Аққиік ауылдары ірге тебеді. Осы ауылдардың бәрі де айналасына сезімен, ісімен де үлгі-өнеге, айбар болған Жанан биді бас тұтып, соның айтқанынан шықпаған. Ал, өз заманының дәулетті адамдарының бірі ретінде мал-дүниесімен де аты шыққан Жанан би болса, кейін болыстыққа сайланып, өз беделін одан сайын нығайта түседі. Онер-білімге жақын тұрған оның баласы Ыбырай болыстың салуымен шамамен, 1906-1907 жылдары Жанан ауылында осы тоніректегі алғашқы төрт жылдық мектептің негізі қаланып, балалар оқуға тартыла бастайды. Содан 1916 жылға дейін үздіксіз жұмыс істеген мектеп қазақтың көптеген көзі ашық, көкірегі ояу зиялышарын тәрбиелеп шығарады. Халқына осылайша білім шамын жағуға талпынған Ыбырайдың өз әкесі Жанан би жиырмасыншығасырдың басында, 1906-1908 жылдар аралығында қайтыс болған. Қазір Ескі Жанан атауын сақтап қалған осы ауылда оның тікелей ұрпақтарынан Қажығали Махамбетов пен Есләм және Сапарғали Ыбыраевтар ел қатарлы аман-есен тұрып жатыр.

(Томар орта мектебі тарих үйірмесінің мүшесі, 9 сынып оқушысы Күләш Бокбаеваның «Ескі Жанан ауылының құрылу тарихы» атты зерттеу еңбегінен, 1966 жыл).

Ел аузынан жеткен деректер ертеде шамамен 1760 жылдары қырғыз бер қазақ рулары жер мәселесі үшін жиі-жій қақтығысып, сондай бір ұрыста Қошқарбай есімді қазақ батыры қырғыз колбасшысының Басын атты ұлын қолға түсіргенін айфактайды. Оны өзіне бала етіп асырап алған үлкен ру басы Әжімбет әлгі бала он үшке толып, отау иесі атанғанда қазақтан қыз алып беріп, алдына салған малы, жері, бірнеше күтүшілерімен жеке үй қылыш шығарады. Кейін осы Басыннан Құнтуар, Құнтуардан Жанан туяды да, негізін Әжімбеттен тараган Бозай, Бердалы, Елшібай, Жайық балалары құраған ауыл осы Жанан ауылы аталады. Қазір бұл елді мекен Омбы облысы Шарбаккөл ауданы «Изюмовский» кеңшарының Ортақшыл бөлімшесі болып табылады.

Жананнан келесі ұрпак – Ыбырай, ал, Ыбырайдан – Хамзахмет, одан – Есләм, Сапарғали, Мираш. Өз заманының алдыңғы қатарлы адамдарының бірі болып, ел арасында билігімен аты шықкан Жанан би шамамен он тоғызыныш гасырдың екінші жартысы мен жиырмасыныш гасырдың басында өмір сүрген. Ел ішінде мынадай да аныз болған. Қазақтардың қолына түскен бала Басынның анасы ұлын іздел келіп, өзімен жіберуді өтінеді. Бірақ, бұдан келесі жақ бас тартады. Сонда баласына қысастық жасамай, дұрыс тәрбие беруді ұнтаған ана оның алтыныш атага дейінгі ұрпағы ел басқарып, халыққа сезі өтетінін де қатар болжаған дейді. Расында, артынан солай болып шығып, ұрпақтары би, болыс болғанына қарағанда онысы қате кеппесе керек. Алтыныш атадан қосылатын Сапарғали Ыбыраев та көп жыл бойы сол Жанан ауылында бөлімше басқарып, ауыл шаруашылығын дамытуға қосқан елеулі үлесі үшін 1977 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған. Тек ерте, 1986 жылы қайтыс болды.

Жалпы, ел ішінде алғырлығымен ерте көзге түскен Жанан би жиырма бес жасында болыс болып сайланып, беделі тез өсे түседі. Соған орай, ауылдың бұрынғы Жайық атауы бірте-бірте Жанан атауына көшеді.

Бұл ауыл қазіргі күйінде осы Жанан, Айбас, Қопа, Бірлік ауылдарының тұрғындарынан 1980 жылға қарай қалыптасты. Әйткені, олардың бәрі 1953 жылы Шверник атындағы ірілендірілген колхоздың құрамына біріккен болатын. Ал, 1957 жылы колхоз «Изюмовский» кеңшарының бөлімшесі болып қайта құрылды. 1970-ші жылдардың орта кезінде бұл бөлімше заман ыңғайына қарай Ортақшыл деген жаңа атауға ие болды. Осы ретте, жанандық ер-азаматтардың кешегі ел басынан күн туып, ер етігімен су кешкен ұралып соғыс жылдарында да Отан үшін жанқиярлық ерліктің үлгісін көрсетіп баққанын айта кетек. Сол қаһарлық күндерде бұл ауылдан да қан майданға 150-дің әр жақ, бер жағында азамат аттанып, солардың 80-нен астамы сол от-жалиннан оралмады.

Солардың ішінен эсіресе, ауыл тұрғындары Белоруссиядағы «Женіс» партизан отрядының мүшесі, кейін кенес әскерлерінің құрамында Берлинді алуға қатысқан Мәжит Дағыров ағамызды ерекше мақтанды. Ол кісі соғыстан кейін Томар ауылдың Кенесінің төрағасы болып, одан соң 15 жыл бойы мектепте қазақ

тілі мен әдебиетінен сабак берді. Соғыс жылдары зұлым жаумен шайқаста көрсеткен ерен ерлігі үшін бірінші және екінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендері, «Ерлігі үшін» медалін омырауына таққан абзal жан 1982 жылы 21 наурызда өзі еңбек етіп, бүкіл санағы өмірін өткізген туған ауылында қайтыс болды.

Сондай-ақ, Ұлы Жеңіске өз үлестерін қосқан ержүрек майдангерлердің қатарында Мырзагәрім Баяғанов, Еслем Ыбыраев, Жұніс Сәрсенбаев, Есім Бәйкенов, Ахмет Исин, тағы басқа да соғыс ардагерлерін атауға болады. Мәселен, Мырзагәрім ағамыздың омырауында бейбіт күнде Қызыл Жұлдыз, бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендері жарқыраса, елде меканизатор болып істеген, жауынгерлік ерлік жолы бірінші дәрежелі Данқ, бірінші дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордендерімен аталып өткен Еслем ағамыз да екі майданның ері деуге тұрарлық өнегелі өмір сүрді. Өкінішке орай, бұл жандар қазір арамызды жок. Алайда, олардың артында ұрпақтарына ұран болып Отанға деген сүйіспеншіліктері, мәнгі өшпейтін ерліктері қалды.

Қазір ауылымызда 100 қаралы үй бар. Нарықтық қатынастарға көшпей тұрып, қотанымызда өз клубымыз, кітапханамыз бен дүкеніміз болды. Осы ретте, біздің Жанан немесе Ескі Жанан ауылымың тарихын өзіміздегі Тұмар қазак орта мектебінің тарихынан бөліп қарау мүмкін емес. Бұл білім ордасы шынымен, бүкіл жанандықтардың мактандыши. Тіпті, жалғыз біздің ауыл тұрғындарының емес, бүкіл омбылық қазактардың да мактандыши десек артық емес. Өйткені, жұз жылдан астам тарихы, өз есу, өрлеу жолы бар мұндай ұлттық мектеп Омбыны быладай қойып, қазағымыздың өз жерінде де көп кездесе бермейтіндігі анық. Енлеше, ол туралы аспай-саспай, сонау әріден жеке әнгіме қозғаудың да әбден қисыны келіп тұр.

Бұл ретте, Ескі Жанан ауылымында алғашқы мектептің қалай пайда болғандығы жөнінде ауылдың көне көз қарияларымен әңгімелесіп, солардан суыртпақтап сыр тартуға тұра келді. Сейтіп, Бағдар Сәрсембаев, Айтбай Смагұлов, Тоқмағамбет Ысқақов, Теміrbай Дағыров, Фабдолла Исин, Мәжит Дағыров, Мырзагәрім Баяғанов сияқты біраз карттармен кездесіп, кеңінен пікірлесу барысында бізді қызықтырыған біраз жайлар да мәлім болды.

Айталық, Омбы өніріндегі қазақ балалары алғаш рет орысша сауат ашуға XIX ғасырдың орта кезінде дең қойған екен. Омбы халық мектептері инспекциясы сол тұста қазақ ауылдарында алғашқы орыс мектептерін ашады. Ішкі есептері бойынша орыстандыру саясатын көзделген жергілікті әкімшіліктердің зымян әрекеттеріне қарамастан, бұл мектептердің қазақ жүргіштылығын орыс мәдениетіне жақындастыруда прогрессивтік рөл атқарғанын айта кеткен жөн.

Біздің Томар немесе Ескі Жанан ауылында алғашқы мектеп шамамен, алғанда, 1906-1907 жылдары болыс болып, осы елді басқарып тұрған Ыбырай Жананұлының бастамасымен ашылған. Ол мектеп үйін балшықтан кесек құйып, өз қаржысына салдырыған. Мектеп тым кішкентай, әрі сыртқы пішіні де тақа асып тұрмағанымен, жақын ауылдардың қазақ балаларын өзіне тартып, оларға окубілім үйретудің алғашқы қарлығашына айналған. Мектеп алдымен орысша, одан кейін орысша-қазақша мектеп аталып, қанша айтқанмен, қазактар арасында білімді мұғалімдер жетіспегендіктен, негізінен, оку пәндерін орысша жүргізуғе мәжбүр болған көрінеді. Мұнда Кожахмет Кәкеновтың алғашқы мұғалім болғаны көне көздердің айтқанымен осы күні нақты анықталып отыр. Ол өз заманының білімді, мәдениетті адамы болған. Бұл дәрежеге жетуіне Омбы мұғалімдер семинариясын бітіруі көп септігін тигізсе керек. Кезінде 1936-1937 оку жылдары оның қолынан Таврический ауданы Әміре ауылындағы Стаканов жетіжкілдік мектебінде менің өзімнің де дәріс алғаным бар. Ол тұста мен 6 сыныпта оқытынымын. Көпті көрген ұлағатты ұстаз бізге бір мезгілде орыс тілі мен қазақ тілінен қатар сабак беретін.

Кожахмет Кәкеновтен кейін Ыбырай салдырыған мектепте 1919 жылға дейін оқытушылар А.Бородин, Н.Смородин еңбек етті. Одан соң қайта жаңартылған мектеп үйінде Өсербай Сәбиев орыс тілінде балаларды оқытып, Теміrbай Дайыров, Жұмағұл Мұсақаев, Мұстакым Төлебаев, Тоқмағамбет Үсқақов, Эбдірахман Дүйсекеев, Ыбырай Мырзаболатовқа хат танытып, өмір жолын нұсқайды. Әрі қарай мұндағы ұстаздық тізгіні бұрынғы ақ гвардияшыл офицер, ұлты татар Тұлғұловтың қолына тиеді. Ол 1919 жылы қызылдарға тұтқынға түсіп, бала оқытуға Шарбаққөл ауданында қалып қояды. Бұл осы мектепте оқуды 4 сыныпқа дейін орыс тілінде жүргізген өз заманының сауатты адамдарының бірі

еді. Оның алдынан Кенжебай Макин, Фазыл Кәрібжанов, Айтыбай Смағұлов, Габдолла Жакин, Мәжит Дағыров, Хамар Рамазанова, Жұніс Сәрсембаев, Олжабай Макин, Балта Нұрпейісов, Кажымұқан Махамбетов және тағы басқалары білім алады. Солардың ішінен Кенжебай Макин кезінде Павлодар облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына дейін көтерілген адам. 1960 жылдың жазында қайтыс болды. Ал, іскерлігі мен абыройы тіпті асып, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының тәрағасы дәрежесіне дейін өсken көршілес Айбас ауылының тұmasы Фазыл Кәрібжановты да сүм ажал сол 1960 жылдың тамызында ортамыздан алып кетті.

1926 жылдан 1931 жылға дейін, яғни, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру тұсында Томар мектебінде Боранбай Жазыбаев пен Орынбай Дербісов ұстаздық етті. Оку орнының өзі Қопа ауылындағы орташа шаруа Қабышке Бейіскеңовтың үйінде орналасты. Алайда, бұл жағдай ұзакқа бармай, мектеп артынша өрт шығып, жаңып кетеді. Сонда да бір құлтарлығы, оку процесі тоқтатылмай, балалар сабактарын Қопа және Айбас ауылдарындағы мүмкіндігі бар-ау деген үйлерде кезектесіп жалғастыра береді. Онда негізінен, окумен ұл балалар қамтылып, қыздар өте аз болады. Себебі, олар коленермен айналысып, киім-кешек тігіп, сол уақыттың салтымен аналарының жаңынан ұзап шыға алмайды. 1932-1934 жылдары Томар мектебіне енді Оспан Махметов, Байқадамов, Айтке Тоқпаев сияқты жаңа оқытушылар легі келіп, Кеңес өкіметінің іргетасы бекіп, нығаюымен мектеп жұмысы да жаңдана бастайды. Атап айтқанда, 1935 жылы облыстық оку бөлімінің қаржысына Айбас ауылында бөренеден жана мектеп үйі салынып, арада үш жыл өткенде оның жаңынан саманнан тағы бір қосалқы мектеп үйі бой көтереді. Сөйтіп, сол уақытқа дейін төрт сыныптық болып келген мектеп енді жетіжүлдүкка айналады. Осында Сыздық Райисов, Маға Исин, Қам Әбдірахманова, Жұмагұл Бокбаев сияқты ұстаздар енбек етіп, оларға білікті педагог Орынбай Досжанов басшылық жасаган.

1941 жылы неміс-фашист басқыншылары елімізге тұтқылдан шабуыл жасап, зұлымдықпен басып кіргеннен кейін біз сөз етіп отырған Томар мектебінің жағдайы да бапты болмаганы айдан анық. Бұрынғы оқушыларының көбі «Барлығы Жеңіс үшін, барлығы майдан үшін!» ұранымен ер-азаматтардың орнына кол-

хоз жұмысына араласып, мектепте бала саны өте аз қалды. Оның үстіне «жығылғанга жұдырық» дегендей, 1942 жылдың жазында осы төңіркete үлкен су тасқыны болып, одан Айбас ауылды да шет қалған жок. Соның салдарынан мұнда біраз үйлер, соның ішінде мектеп гимараты да іsten шығып, бала оқыту амалсыз кеzektesіп Жанан ауылындағы үйлерде жалғастырылды. Өйткені, соғыс кезінде жаңа мектеп туралы ойлау қаперге де кірмей, ел тек Женістің қамымен болғаны аян. Сол күткен жаңа мектеп Есқi Жанан ауылына 1945 жылдың жазында келді. Ел көптеп-көмектеп, асар жасаған, үкіметте қол ұшын берген жаңа мектеп құрылышы Ұйғарған уақытында аяқталып, сол бұрынғы Томар жетіжүлдек мектебі атауын қайта алды. 1943 жылдан 1949 жылға дейін осы окуорныңда басшы болып Жұмағұл Бокбаев, оку ісінің менгерушісі болып Сәлім Кәрібжанов (бүгінгі мемлекет қайраткері Жәнібек Кәрібжановтың экесі — құрастыруышыдан) үздіксіз енбек етті.

Бұдан әрі шамамен, 1950 жылдан бастап жетіжүлдек мектеп орта мектепке ойысып, енді Томар қазақ орта мектебі деп атала бастайды. Одан алғашқы түлектер 1953 жылы қанат қағып ұшып, одан бергі жылдары көрші ауылдардан оқыған окушылардың есесінен мектепте бала саны біртіндеп арта берді. Онымен бір мезгілде материалдық-техникалық база да нығайып, ана тілінде оқытатын мектеп білім беру жағынан төңіректегі орыс мектептерімен деңгейлес болады. Ол әрине, әуелден қалыптасқан окуорның өзіндік кейір жақсы дәстүріне де байланысты еді.

Соғыстың ауыр жылдарында мұнда Махмет Төлебаев (1942-1949 жылдар), Жұмабике Бектұрова (1942-1946), Құсни Рамазанова (1942-1945), Мұхамедияр Жантілесов (1942-1945), Хайролла Ахметов (1942-1943) сияқты ұстаздар жемісті енбек етсе, 1950 жылы тарих пәнінен жоғары білімді педагог Шотке Аушахметов директор болып келді. Ал, мектептің оку ісінің менгерушісі Сәлім Кәрібжанов осы қызметінде одан әрі де үздіксіз қала берді. 1954-56 жылдары мектеп директорлығына жоғары білімді математик Бөлекан Сапарғалиева тағайындалып, онымен бірге осы кезеңде Есім Бейісенов, Бейсен Бұлхайыров, Жұмағұл Бокбаев, Төкен Жетпісов, Хамит Төлеуов, Құдайберген Эйтенов, Бикен Бектасова, Сара Яппарова, Екатерина Ивановна Мукабинова, Нина Иосифовна Ворожбит, Эмен Шәймерденов, Сейфолла Керейбаев, тағы басқалары қоян-қолтық енбек етті. Осы ара-

да ойлап отырсақ, мектептегі мұғалімдер кадрларының бірсыбыра молдығынан-ақ, бұл оку орнының өз заманында Омбы еңіріндегі іргелі білім ошактарының бірі болғандығын жазбай аңғару қын емес сияқты.

1956-1957 оку жылында мұнда мектеп директоры тағы ауыстырылып, осы жауапты қызметке Омбы педагогикалық институтының түлегі Исахан Оспанұлы Сатыбалдин тағайындалады. Мамандығы бойынша тарихшы ол содан Томар орта мектебін қашан зейнет демалысына шыққанша, 1981 жылға дейін үзбей басқарып, білім ошағының дамып-нығаюына зор улесін қосады. Оған оку ісінің менгерушісі ретінде қол ұшын беріп, көмектесіп келген Алаштың белгілі аристарының бірі, отызыншы жылдардың нәубетінде «халық жауы» атанып, жазықсыздан-жазықсыз атылып кеткен Қошке Кеменгеровтің немересі Нарманбет Хошмағанбетұлы Кеменгеров басшылық тізгінін ұстаған мектеп те кейін жаман болмады. Ол осынау педагогикалық ұжымға 1981-1989 жылдар аралығында жетекшілік етті. 1973 жылы Омбы педагогикалық институтын бітірген оның ұлы Ризабек Нарманбетұлы Кеменгеров та осы білім ордасында орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабак беріп келеді. Ол бүгінге дейін Ресей Федерациясының білім беру ісінің үздігі атанып қана қоймай, кандидаттық диссертациясын да сәтті қорғап ұлгерді. Сейтіп, қазірдің өзінде білім беру саласындағы жоғары жетістіктері үшін осы құрметті атақты алған және «Құрмет Белгісі» орденіне ие болған әкесі көтерілген биікке таяп қалды десе де болады.

Енді аз-мұз осы қара шаңырақта ширек ғасыр бойы мектеп директоры болған И.О.Сатыбалдиннің да енбек жолына тоқтала кетсек, осы кезеңде оның алдынан 682 мектеп түлегі үлкен өмірге жолдама алыпты. Осы түлектердің 150-ге жуығы жоғары оку орындарын бітіріп, осы саладагы көп жылғы мінсіз еңбегі үшін бұл ұстаз да екі мәрте РСФСР Білім министрлігінің құрмет грамотасымен маралатталып, білім беру ісінің үздігі атағын иеленген.

Осы арада тағы да аздап кейін шегінсек, 1959 жылы «Украина-3» киноқондырығысына дейін сатып алынып, алғаш рет білім ошағында оку фильмдерінің көрсетілуіне қол жеткізіле бастады. Киномеханиктің міндетін мұғалім Бейсен Бұлхайыров атқарып, көпшілік сенімінен шығып отырды. 1960 жылы ауылдағы тұнғыш теледидар да осы мектепке сатып әперілді. 1957-1958 жыл-

дар аралығында саманнан интернат пен оқу шеберханасы үшін қос бірдей қосымша құрылтыс салынып, ол үшін мұгалімдер мен оқушылардың өз күштерімен 60 мыңданадан астам кірпіш соғылды. Сөйтіп, бұл интернатта көрші ауылдардан 40 үл мен қыз білім алғып, олар «қайда, қайтіп оқиды?» деген мәселе туындалады.

60-жылдары мектептің материалдық-техникалық базасы одан әрі нығайтылып, «Изюмовский» кеңшары әуелі «Зис-5», кейін «Газ-51» автокөліктерін берді. Бүкіл мектеп ғимараттары, оқу-тәжірибе участкесі көлемі бір шақырымнан асатын ағаш шарбақпен қоршалып, айналға көшеттер, жеміс-жидек ағаштары отырғызыла бастады. Осылай мектеп ауласы аз жылда жасыл желекке бөленді. Бұл жұмыстардың бәріне биология пәнінің оқытушысы С.К.Кәрібжанов жетекшілікетіп, оның басшылығымен көкөніс және взге де дақылдар өсіру жөнін тәжірибе аландары үйымдастырылды. Сөйтіп, оларда мектеп оқушылары пайдалы жұмыстарға тартылып, өмірлік бағыт-бағдар ала білді.

1960-1961 жылдары бұған дейін өз шәкірттерін қазақша оқытып келген білім ордасы орыс тіліне көшे бастап, сол жылы-ақ бірінші орыс сыныбы ашылды. Онда Омбы педагогикалық училищесінің түлегі Шәрипа Тәшімова сабак беріп, бұл үрдіс кейін үлгаймаса, тарылған жоқ. Жалпы, сол тұста бел алған қасаң саясатқа орай, Омбы облысындағы қазақ және татар мектептерінде ата-аналардың түлегімен оқу процесінің орыс тіліне көшіріле бастауы алдымен 1955-1956 оқу жылында қолға алына түскен еді. Өйткені, таза қазақ тілінде білім алған балаларының Ресейдегі жогары және орта арнаулы оқу орындарына окуға түсулері кындалап, соның шет-жағасын көрген қазақ ағайындардың бұлай істемеске басқа амалы да калмаган-ды.

Бұл екі ортада сонау 1945 жылы тапшылық жағдайда асығыс-үсігіс салынған бұрынғы мектеп үйі әбден ескіріп-тозуға айналып, ақыры, болмаған сон ауыл адамдары 1964 жылдың 24 маусымында осы мәселені оң шешіп беруін сұрап, сол кездегі КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Н.С.Хрущевқа арнайы хат жазуға мәжбүр болады. Обалы нешік, Үкімет басшысы тараپынан көп ұзамай жергілікті билік органдарына тездетіп жаңа мектеп құрылышын жүргізу жөнінде нұсқау түсіп, соның алдындаған осы қызметке келген халық депутаттары Шарбаққөл аудандық Кеңесінің төрағасы Гордеев пен оның орынбасары Константи-

нов жоғарғы жақтын бұл шешімін бұлжытпай орындай білді. Бұл жаңа мектеп ғимараты 1965 жылы бес құрастырмалы үйден салынып, өзіне алты сынып кабинеті, зертхана, кітапхана, буфет, мұғалімдер және мектеп директоры бөлмелерін біріктірді. Сондай-ақ, сумен жылтырылатын жеке жылу жүйесі іске қосылып, оқу екі ауысыммен жүргізілді. Жылы да жарық жаңа мектеп үйі ұстаздар мен оқушылар көнілінен шығып, осы игі жаңалықпен сол тұста ауылдың еңсесі көтеріліп, бір көркейіп қалғаны да айдан анық еді.

Ол кезде Ескі Жанан ауылы қарайтын «Изюмовский» кеңшарын Филипп Никитич Демченко басқаратын. Ол мектепке жаңа «Т-40» тракторын бөліп, құрамында жоғары сынып оқушылары бар мектептің өндірістік оқушылар бригадасы мал азығындық қызылша өсірумен айналысты. Оның тұнғыш жетекшілерінің бірі Жанан бидің тікелей үрпағы, 7 сынып оқушысы Қайыржан Сапарғалиұлы Ұбыраев болды. Ал, аталмыш бригададағы жалпы басшылықты мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есім Габдоллаұлы Бейіскенов, сондай-ақ, Сұннат Сыздықұлы Райысов жүзеге асырды. 1972 жылдың қантарында шаруашылықта басшылар ауысып, бұрынғы директордың орнына кейін ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты атағын қорғаған Леонид Гаврилович Карчевский келді.

Сейтіп, бірінші рет көшпілік өз басшыларының аузынан «мектеп біздің балаларымыз білім алтын алтын ұя, біз міндетті түрде оған көмектесуіміз керек» деген жылы сөзді естіді. Кейін бұл уәде нақты жүзеге аса бастады да. Әсіресе, сол 70-ші жылдары ауыл мектебіндегі мұғалімдердің тұрмыстық жағдайларына ерекше көніл бөлініп, сегіз пәтер салынды, бұл пәтерлер жазғы канкул күндері шаруашылықтың көмегі арқылы мұғалімдердің өз күштерімен тұрғызылып, нәтижесінде Болат Ұбыраев, Мұхаммед Үсқақов, Физзат Райысов, Сұраған Мәженов сиякты бірсыныра ұстаздар жаңа үйлерге кірді. Ал, 1975 жылы тағы да сол Л.Г.Карчевскийдің бастамасымен ауылда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының қаржысына жаңа екі қабатты енсели мектептің іргетасы қаланып, ол тез арада салынып бітті.

Оған құрал-жабдықтар сатып алуға да сол кездегі кеңес акшасымен 10 мың сом қаржы бөлініп, біраз қолайлы жағдайлар жасалғанымен, мектептің өзі тиісті жобамен емес, әкімшілік

кенесін лайықтап салған ғимарат еді. Сондыктан, онда 10 сыйнып кабинеті, мұғалімдер, пионер бөлмелері, кітапхана, асхана және оқу шеберханалары болғанымен, әлі де болса, кабинеттердің жетіспеуі, спорт және акт залдарының жоқтығы оқытудың кабинеттік және бір ауысымдық жүйесіне көшуге мұрсат бермеді. Алайда, соған карамастан, тұгастай педагогикалық ұжымның еңбек етуі мен окушылардың сапалы білім, саналы тәрбие алуштарына ендігі жерде бұрынғыдан анағұрлым қолайлы жағдайлар туғызылып, оның қайтарымы да күнделікті жұмыстан жақсы көріне түсті. Мәселен, бұрынғы мектеп уйі маңайдағы ауылдардан, тіпті, көршілес Марьянов ауданының Тілеген, Вишневка, Кегентай сияқты елді мекендерінен балалар келіп оқитын интернат болып қайта жабдықталып, білім ордасының өзі осы төңіректегі байырғы да іргелі оқу орны атағын одан кейінгі жылдары да жақсы үстап тұрды.

Алайда, бертін мектептің орыс тіліне көшуіне байланысты оған маңайдағы бастауыш және сегізжылдық мектептерден қазақ балаларының келуі азайып, мектепте окушылар санының жылдан-жылға кеми бастауы оқу-тәрбие процесіндегі басты проблемаға айналды. Егер 50-жылдардың екінші жартысында мұнда 8-9 және 10 сыныптары қатарынан екі-үш сыныптан болса, 70-жылдарға қарай әр сыныпта бала саны жиырмадан аспайтын болды.

Оның үстіне соңғы кезде Қазақстанның өз тәуелсіздігін атуы Омбы жеріндегі кей ағайындарымыздың да өз тарихи Отанына, ел ортасына оралуына түрткі болып, осыдан да мектептегі окушылар қатарының біраз кеми түскен жайы байқалуда. Бұл үрдістің өзі шынын айтқанда, алғаш 1968 жылы басталып еді. Сол кезде жергілікті билік органдарының төрешілдіктері мен әділетсіздіктерінен Ескі Жанан және Айбас ауылдарынан бір мезгілде 25 отбасы Қазақстанға қоныс аударып, мектепте бала саны бірден 40 окушыға қысқарған-ды.

Осылай бірте-бірте 100 жылдық тарихы бар Томар орта мектебінің шағын комплектілі мектепке айналуы оны орта мектептен сегізжылдыққа түсіру мәселесін де туындастып, әсіресе, бұл үшін Омбы облыстық білім басқармасы бастығының бұрынғы орынбасары Мироненко секілді шенеуніктер барлық амалды істеп баққаны да елдің жадында. Бірақ, соның бәріне сыр алдырмaston негізін сонау аумалы-төкелі заманның өзінде Жанан бидің бала-

сы Ыбырай қалаған Томар мектебі осы төнірекке білім мен ізгілік нұрын сеуіп, халқымен, елімен әлі де бірге жасасып келеді.

Тіпті, осы күні басқа елдің еншісінде қалғанымен, әр жылдары қабыргасынан туған ұтты үшін жан-тәнімен аянбай қызмет еткен небір сандактар шыққан, сейтіп, өз атымен де, затымен де қазақтың қазақтығын танытып, сол үшін де кеп білім ордаларынан шоқтығы биік тұрған бұл мектепті өз алдына бөлек бір құбылыс десек те артық емес. Бір өзі халқымызға сонау Фазыл Кәрібжанов пен Кенжебай Макиннен бастап Жәнібек және Қайрат Кәрібжановтарды, Балташ Тұрсынбаевты, Қызыр Жұмабаев пен тағы басқа да белгілі тұлғаларды берген алтын үя, ұлағатты ордага төрткүл дүниенің әр бұрышында жүрген талай тулектер алып-ұшқан ыстық көңіл, іңкәр сағынышпен жыл құсындай орала берері, аңсарлары ауа берері хақ!

(Томар орта мектебінің бұрынғы директоры Исахан Сатыбалдиннің жеке мұрағатынан, 27 мамыр, 2003 жыл).

P.S. Осы жазбада және кітаптағы басқа да кейбір естеліктерде Ескі Жанан ауылшының тарихына байланысты ата таратуда аздаған айырмашылықтар кездеседі. Оны сол қалпында ұсынып, білетін оқырмандардың өз төрелігіне қалдырық.

БІР АУЫЛ, БІР БАУЫР ЕДІК

Ежелден қазақтың ата қонысы болған көршілес Омбы облысында өзіміздің Қызылжар, Қекшетау жерлерімен шектескен Шарбаққел ауданына қарайтын Жанан ауылы бар. Бұл ауылдың өзі өткен жиырмасыншы ғасырда «Қырық үйден шықсан Жанан бар, Жанан барсаң не арман бар» деген мадактауға да іліккен іргелі ел болатын. Ауылдың атын иеленген сол Жанан атамыздың өзі кезінде осы өнірде болыс болып атағы шыққан кісі. Кейін Кенес заманында ол қасиет үрпактарына да дарып, Ыбырай, Хамзахметтер де басшы болған адамдар.

Әрине, бұл арада егер тарих ізімен келсек, Атығай ішіндегі Бағыстан тарайтын Әжімбет пен біз сөз еткелі отырған Мираштың экесі Хамзахметке дейін бірнеше ата бар. Бұл туралы жерлес ақын-жазушы Тортай Сәдуақасовтың «Ел мен жер» кітабында да

айтылады. Мәселен, Әжімбеттің Елшібай, Бердалы, Бозай, Жайық атты балаларын алып қарасақ, Омы топырағынан шықкан белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Фазыл Кәрібжанов және бүгінде басшы қызметтерде жүрген осы әулеттің басқа да ұрпақтары түп-негізін осылардың ішіндегі Бозайдан алады. Ал, Жайықтан Құнтуар, одан Басын, Басыннан Жанан, Жананнан Ыбырай, Ыбырайдан Мираптың экесі Хамзахмет тарайды. Сол Хамзахмет кешегі аумалы-тәкпелі заманда ауылнай болып, ел басқарып жүріп жазықсыздан-жазықсыз 37-інің құрбаны болып кетті. Сондықтан, Мирапқа осал болуды әу бастан Алланың өзі жазбағандай. Ол тұрған Ұялы ауылы мен Жанан ауылының арасы сондай қашықта емес, 90 шақырым, сондықтан, зайыбы Қайыркеш екеуінің елге жи қатынасып тұрғанын жақсы білемін. Ал, сен мейлі алыс, мейлі жақында бол, өзіңің ата-бабаң жатқан тұған топырағынды ұмытпау, ондағы ағайын-туыспен араласып тұру менің өз түсінігімде нағыз білер адамның ісі.

Осы орайда, Мирап туралы мынаны да айта кетпей болмайды. Менің экем, алаштың көзі ашық зиялды арыстарының бірі Кошке (Қошмұхамбет) Кеменгеровтің Бекмагамбет (Бекім) деген ағасы Мираптың экесі Хамзахметтің Элжан атты апасына үйленген. Ол кісіні асқан кісілігі үшін бүкіл маңайы ерекше жақсы көріп, «Тәтті апа» деп атаған екен. Осыдан-ақ бұл әулеттің тегін әulet емес екені тағы да көрініп тұр. Осылай өзіміз бір ғасырдан астам құдандалы, әрі бір елден болғандықтан, көрген жерде бір-бірімізben өмір бойы ерекше сыйласып өттік. Соның ішінде сонау ертеден бері ұмытылмай келе жатқан ескі туыстықтың жөні бір бөлек кой. Елдегі әртүрлі қуанышты, қайылы жағдайлар, басқа да себептер бар, анда-мында ұшыраса қалсақ, қашанда шұрқырай амандастып, ол маған, мен оған шын жүректен тілекtes болып жатушы едік. Ондайда мені Мираптың ақжарқындығы мен түсінік-пайымының молдығы баурайтын.

Оның үстінегі ағасы Сапарғали да менің замандастым. 1956 жылдан 1984 жылға дейін, яғни, қашан бақылық болғанша екі үйдің біріндегі араластық. Кезінде осы бір аяулы азаматтың қазасы жаңыма қатты батып, ақырғы қоштасу сапарында қабірінің басында мына төмендегі жыр жолдарын арнап едім. Мен үшін бұл үш ағайынды жігіттің бәрі де қымбат болған соң, Мирап туралы естелігімде осы өлеңді де толық келтіре кетейін:

Қош бол, Сапарғали, қадірлі туыс,
Апырай, ажал жетіп, бітті ме тыныс?!

Шынымен қара жер болып жатамысын,
Ендігі мекенің қабір-куыс.

Улкенге іні, кішіге аға едін,
Жасынан басқардың елде жұмыс.
Ақылыңды алғандарға айта білдін,
Алдың ашық, жерінде толып ырыс.

Халқыңа Сапарғали керек едін,
Пананда саялайтын терек едін.
Амал не, жүрек тоқтап, жұмылды көз,
Әркімге қарасының көмек еді.

Қапаланып қамығуда міне, халқын,
Айрылып азаматтан қадірлі, алтын.
Керкейіп үрпактарың сонынан ерген,
Қайырлы болсын еліңе сенің артың.

Орнын толмас әманда Сапарым-ай,
Селдіреуге айналды ма қатарам-ай.
Ойламадық істің бұлай біз боларын,
Осылайша мезгілсіз күн батарын-ай!..

Қош бол, замандастым, қадірлі ерім,
Қоштасуда сенімен бүкіл елім.
Ақырғы айттар құдам, ақтық сөзім,
Жайлыш болсын бүтін кеп жатқан жерін!

Міне, өлең де, түбі сүм ажалмен тұйықталатын өмір де осы.
Бүгінгі әңгімеге езек болып отырған Мирашпен де кайтыс боларынан 4 ай бұрын сол ағасы Сапарғалидың баласының құдалығында ақырғы рет дәмдес болғанедім. Науқастанып жүргеніне қарамастан, әулеттің улкені ретінде бас көрсетіп, бұрынғы әзіл-қалжынынан таймай, құдасын құдайындау сыйлап, аталақ жана шырлық сөзін айтып отырды. Арасында өмірлік жан серігі Қайыркештің жасаған уколын алып, «Осылай жүре берсем де өмірге ризашылық етер

едім» деп мына жарық дүниеге құштарлықпен айтқан бір ауыз сөзі күні бүтінгідей есімде қалып қойылты. Амал не, бұл-Мираштай асыл азаматпен соңғы дидарласуым болды. Сол бір актық лебізі Сәуле туысымның кезінде өзі бұл өмірден өтерінің алдында жазып кеткен мына бір шумақ өлеңін де еріксіз еске түсіреді де тұрады:

Өмір, елім қатар жүрген екі сөз,
Өмір тәтті жұмылғанша екі көз.
Өмір ашы, жастар ерте өткенде,
Кәрілікке келіп қалған шыдал төз.

Өзінің бар саналы ғұмырын ұстаздық жолға арнап, жүздеген шәкірттер тәрбиелеген Мираштай жаны жайсан, білімдар жанның өзі өлсе де есімі, ісі өлмейді деп есептеймін. Ол сиякты білім бағының қамқор бағбаны атандып, осы саладағы жемісті еңбегі үшін омырауына орден таққан атақты ұстаздар көп емес. Әкелерінің осы өнегелі өмір жолын соңында қалған ұрпақтары, соның ішінде ұлken ұлы Қайрат лайықты жалғастыратынына сенімі мол!..

*Нарманбет КЕМЕНГЕРОВ,
Тұмар орта мектебінің бұрынғы директоры,
Ресей Федерациясы білім беру ісінің үздігі,
«Күрмет Белгісі» орденінің иегері.*

Кекшетау қаласы.

САҒЫНДЫҚ АТА, ӨЗІНДІ!

*Омбы туган жеріміз,
Жанан біздің еліміз.
Рұымызды сұрасаң,
Атыгай –ата тегіміз.*

Қайран, уақыт! Байқатпай, бағдарлатпай лезде өтеді де кетеді екен. Осы ыбырай әuletтіне келін болып түскеніме де табаны күректей 39 жыл болыпты. Қарап отырсам, осы уақыттың ішінде осы әүлеттің өзінен талай адам о дүниелік болған екен. Атап ай-

тсам, қайын аталарым Есләм, Сапарғали, Мираш, үлкен атамыз Қабдолла, енелеріміз Жәміш, Бақытжан, Күлке, қайын сінлілерім Шәрипа және Жұмабике, бәрі де қара жер құшағында жатыр. Осы орайда, олардың жарқын бейнелерін тағы бір есіме алып, жандары жәннатта болсын дегім келеді. Өзім екі әке (Сарсенбай, Балкен), екі шешенің (Батима, Қалимаш) тәрбиесінде болдым. Сегізінші сыннып бітірген соң физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор. Қайыржан Бекішұлы агамыз мені Целиноградқа алып кетті. Содан осы уақытқа дейін Елордамыз Астана қаласының түрғыны болып, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі қызымет істеп жатқан жайыл бар. Жолдасым Жұмабек екеміз Айгүл, Мейрам, Сәуле сынды балаларды тәрбиелеп, келініміз Лираның жылы қабағын сезініп, немерелеріміз Аймира, Айжан, Самал, Илиясты есіріп, ел қатарлы тірлік кешудеміз. Олардың алды студент атанып та жатыр. Осы үшін Аллаға мың бір тәуба деймін.

Ыбыраевтар әuletіне келін болғаныма да ризамын. Өйткені, марқұм қайын аталарым елге еңбектері сіңген, ете сыйлы, көпке сөзі өтетін, көш бастаған азаматтар болды. Атамыз Есләм соғыс ардагері, одан қалды білікті механизатор болса, Сапарғали атамыз ұзақ жылдар бөлімшे басқарып, ел ағасы атанды, ал, Мираш атамыз ұлағатты ұстаз атын өмір бойы абыраймен алып жүрді. Мен өзім ер мінезді болғаннан шыгар, енелерімнен де аталарымды ете жақсы көремін. «Сыйға сый, сырага бал» демекші, аталарым да мені сол үшін келін демей, үнемі «қызығы» деп көтермелеуші еді. Ел билеген атамыз Сапарғали біз жолдасым екеуміз ауылға бара қалсақ, бала сияқты алдымыздан анқылдап қарсы алып, жақсы сый-құрметтің көрсетіп, қайтарымызды азды-көпті тынын-тебеніне дейін қалтамызға салып жіберетін. Міне, біздің аталарымыз осындаі көпке үлгі болатын ерекше жандар деп шаттанатынбыз, мақтанатынбыз.

Өкінішке орай, Мираш қайын атамды бергін келе ғана білдім. Себебі, бұл кісі жастайынан туған нағашысы, Социалистік Еңбек Ері Қажым Мұсіповтың отбасында тәрбиеленген екен. Соған байланысты басында ол атани көре алмай, «қандай жан екен?» деп жобалаумен жүрдім. Тек есімде қалғаны, марқұм ұлы әжеміз, Назиқа (аталарымыздың анасы) жаз туса, «Миражаным демалысқа келеді» деп асыға күтіп отырушы еді. Назиқа әжеміз денелі, сұлуша

келген, ұқыпты, таза, ұнатқан адамын жаңын беріп сыйлайтын, ал, ұнатпайтын адамын есігінен де қаратпайтын өктемдеу, тұра кісі болғанын өзім көзіммен көрдім. Немерелері Қайырбай, Қайыржан, Қайратты өте жақсы көріп, жаңы қалмай маңдайларынан сүйіп, жылы-жұмсағын, май-қаймағы мен қымызын алдарына тосып отырушы еді.

Сол әжеміздің арадақты ұлы Мираш этәйімді қашан көремін деп жүргенде, бір күні үйде телефон шылдыр етіп, тұтқаны көтеріп едім, әр жағынан:

— Айналайын, Гүлбаршын, амансындар ма, қалдарың қалай?,
— деп бір ер адам жал-жағдайымызды сұрай бастады. Мен де сәлемдесіп:

—Бұл кім екен?,—деп сұрасам:

—Мен Мираш этәйінмін гой,—дейді.

Содан не керек, «Қайратымды окуға әкелдім» деп ол кісі біздің үйге түсіп, жақсылап танысып, кеңінен бір әңгіме-дүкен құрған болатынбыз. Содан бастап қарым-қатынасымыз жақсарып, той-домалақ бола қалса, бізді қалдырмай, тіпті, мені әрдайым бетке ұстап, балалардың тойларын «өзің басқар» деп тізгінге дейін беріп қоятын.

Әлі есімде, Магжан деген баласының құдалығын өткізіп, тойды дүрілдетіп жүргізіп жатсақ, бір құда «әйел басқарған тойды өмірімде бірінші рет көріп отырмын» деп өзінше менсінбей шреноңді. Сонда атамыздың ақылдылығы соншалық, жаңыма ақырын келіп, «өмірде ақымақ адамдар жетіп жатыр, ақымақпен ақымақ болма, тойды жалғастыра бер, айналайын» деп құлағыма сыбырласын. Ақыры не керек, сол арада мен де абдырамай, өзімді-өзім қолыма алып, таң атқанша тойды ойдағыдан жүргізіп, ара-арасында әлгі «ақын» құдаға да азын-аулақ әзіл өлең шығарып, құдаларды риза етіп шығарып салдық.

«Әзілің жаражасса, атанмен ойна» демекілі, Мираш атамыз үлкенмен үлкен, кішімен кіші болып, не нәрсенің болсын ретін келтіріп, әңгімемен ойнал-куліп отырушы еді. Бірде менен «Гүлбаршын, айналайын, сен неге біздің атамызды атап алып, этәйләйсің?» деп сұраганы бар ғой. Әлгі жерде мен де саспай «аттарынызды өмір бойы ұмытпау үшін» деп жауап қайтардым. Иә, өмір лезде өтіп кетті, бірақ, атамыздың артындағы шырағы сөнген жоқ, құдайға шүкіршілік, балалары есіп, үлкен азамат бол-

ды. Ортамыздағы Қайыркеш әжеміз де «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, бүкіл әuletіміздің үлкені болып отыр. «Ағайын тату болса, ат көп, абысын тату болса, ас көп» дейді қазақтың тағы бір мақалы. Сол сөздің растығындей, абысындар тату-тәтті өмір сүріп жатқан жағдайымыз бар.

Менің ойымша осы аталарымыз өлген жоқ, өйткені, арттарында қалдырған өшпес іздері жатыр. Мираш атамыздың да 19 немересі, екі шебересі (Ерсұлтан, Мирас), біздей келіндері тұрғанда өлді де-уте бола ма?! Рас, армансыз адам болмайды. Осы тұрғыдан алғанда, аталарымыздың ғұмырлары қысқа болды, бірақ, соның өзінде бұл өмірде айтарлықтай іс тындырыды. Енді тек ол кісілердің көрмеген жасын, қызық-қуанышын ортамызда отырған ақылшымыз – енеміз көрсін. Мен ақын емеспін, алайда, ұстаз адам сегіз қырлы, бір сырлы болуы керек дей келе, төмендегі жыр жолдарын арлы да ардақты Мираш қайын атама арнаймын:

Бәрінен де біз үшін,
Қымбат тұлған, атажан.
Өзіңе арнап жыр жаздым,
Келіндердің атынан.

Сағындық ата, өзінді,
Күлімдеген көзінді.
Тебіреніп тыңдайтын,
Ұлағатты сөзінді.

Есімде менің, есімде,
Қыркүйектің кешінде.
Бір күрсініп, бір толқып,
Тойды аштыңыз шеіліле.

Сырқатынды сонда да,
Білдірмедің өзгеге.
Құліп-ойнап, жарқырап,
Болдың үлгі біздерге.

Алдайды екен адамды,
Мына жалған, тегінде.

Алпыс бесте сөндініз,
Біз жыладық егіле.

Сонда дағы бар дейміз,
Сізді мынау ортада.
Аман болсын ұрпағың,
Әр күн менен әр таңда!..

*Гүлбарышын ЫБЫРАЕВА,
Л. Гумилев атындағы Евразия ұлттық
университетінің оқытушысы.*

Астана қаласы.

ҚАРАЛЫ КЕЗЕҢ ҚАСИРЕТИ

1937 жылы Омбы өніріндегі Ыбыраевтар шаңырағыны да
айналып өтпеген еді

Бұл туралы ойлау да, жазу да ауыр. Өзініз көз алдыңызға елестетіп көрініші, ел алдында, мемлекет алдында ешбір жазығы жок адамды құндердің күні «халық жауы» деп алып кетеді де, акыры, түбіне жетіп тынады. Ол түбіне жету дегеніміз атып, белгісіз бір орга көме салу не болмаса, Сібірге ит жеккенге айдал, сол жақта зықысын шығару. Осылай Қазақстаннан да сонау ойранды отызыншы жылдары миллиондаған адам сталиндік зұлматтың кесаптына ілігіп, «жаптым жала, жақтым күйеге» жем болып кете барды. Олардың алдыңғы қатарында ұлтының ілуде бір туар ұлқыздары тұрғанын осы күні көпшілік біз қайталамай-ақ, жақсы білері анық.

Іә, сол зобаланда әркімнің соңынан шырак алып түскен НКВД бір жау керіп, көлденен екі түртпектеп, қазактың кең далисында «шпион», «бай-құлак», «ескінің құйыршығы» жок ауыл қалмауга айналған-ды. Ондай «кінәлілерді» жер-жерде жаппай етек алған репрессия сойқаны ежелден қазақ жері болып саналатын Омбы өнірінен де көптеп тауып, оларға да адамның ойына кіріп шықпас неше түрлі жалған айыппен аты шулы үштік өз дегенін істеп жатты.

— Жариялышың лебі ескен тоқсаныншы жылдардың басында өзіміз Омбы облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасы мұрагатының материалдарынан шет-жағасын көріп қалғанымыздай, 1937 жылдың 28 тамызында мұндай кезек менің атам Хамзахмет Ыбыраевқа да жетіпті, – дейді бұл ретте бізben әңгімесінде осы кісінің немересі Қайыржан Ыбыраев. — 1890 жылы туған атам ол кезде 47 жаста екен. Шарбаққөл ауданындағы өз атасы Жанан бидің атымен аталған ауылда «Оргақшыл» колхозы жетекшілерінің бірі болып жұмыс істеп жатқан. Күн бата інірде НКВД жендеттері сау ете түсіп, «сен тұтқындалдың» деп әй-шәйға қаратпай, іргедегі аудан орталығына ала жөнелгенде, артында қалып бара жатқан 33 жастағы әжеміз Назихага, балалары: он бес жасар Еслэм, тоғыз жасар Сапарғали, жеті жасар Мираш пен бір жастағы Гүлбарышынга:

— Жыламандар, мені білмей әкетіп бара жатыр. Ертең жібереді, — деп жұбатып кете барған.

Шынында да, бүкіл елді жайлай бастаған репрессия дүмпуі бұл ауылға да жетпейді емес, жетіп, көнілде аздал қобалжу, аландau болғанымен, сол соққының қай жақтан, қалай келгенін өзі де сезбей қалған болуы керек. Ал, бұл тұста бәрін санада салмақтап, бажайлаған адамға ұлттың ең бетке ұстар қаймақтарын шешкестей солдырып жатқан мынау зұлматтың Ресейдегі қазактарға да қоса ауыз салып, жолындағының бәрін жайпап, аударып-төңкеріп келе жатқаны ешбір құпия емес еди.

Бірақ, қайран, азаматтар сеніп қалды ғой. Олар сол сенген өкіметінің өздерінің бәрін сонау ата-тегінен қопарып, сыртынан «мынау олай, мынау былай» деп ерте тон пішіп, таңбалап қойғанын қайдан білсін. Сенген қызыл сұңқар Сәкендей-ақ болар. Кеңес өкіметінен шыбын жаңын аямай жүріп, жазықсыздан жазықсыз ол да атылды. Қанды қасалқа айналған Омбының түрмесінде халқының арыс ұлы Кошке Кеменгеров те кетті. Ол осы зұлматтың басы болса, тағы осы өнірден 64 қазақ алдын ала, қасақана тағылған айыптың құрбаны болып, бәрі де ату жазасын арқалады. («Степные заговорщики», Вениамин Самосудов, «Омбы үні» газеті, №2 (12) наурыз, 1994 жыл).

— Солардың бірі біздің атамыз Хамзахмет, — деп мұнаяды Қайыржан аға осы орайда. — Басында не жазығы барын білмей, осы зобалаңға сенбей кеткен оны да ең ауыр жазаға кес-

іп, сол 64-тің кебін кигізген. Шіркін-ау, соны естірткенде ғазиз жаны қалай күйініп, қалай аласұрды екен?! Келіп-келіп осыған әкеп тіреген тайқы мандай-ай! Эйтпесе, мына біздің, құдай берген балаларының қызығын көріп, немерелерінің шашынан сипап, өзіміз көзіміз көрген кейбір қариялар секілді көзі тірі жүрер ме еді бертінгे дейін.

Бәріміз мұндайда осылай армандаимыз фой. Бірақ, тағдырдың сзызығынан қайда асасын? Оның үстіне көлденең келген кесапат, жайсандарды құртып-жою науқаны сол мелшерлі ғұмырдың өзіне аямай күрт балта шапса.

— Караптан қарап, бір-ақ күнде осылай жарынан, экеден айрылу онай ма?! Сол әкеткеннен атамыз өзіндей өзге де сормандаған жандармен бірге Омбы түрмесіне қамалып, артынан жылап-сықтаған әжеміз естияр балаларымен шамасы келгенше барып тұрған. Алайда, кейде апарған тамағын, киім-кешелігін алуын алғанымен, өзіне жолықтырмай, әуре-сарсанға салумен болғанын көзі тірісінде жаңары жасаурап айтып отыратын. Кейін атамыз сол кеткеннен оралмай, сүйегінің де бір жерде қалғанын ішіміз сезгенімен, осының нақты бір дерегінен ұстап, анық-қанығын білу біз үшін арман еді. Ақыры, ана бір жылдардағы жариялылық лебімен жоғарыға соны жазып, іздестіруімізге байланысты қолымызға мынадай хат тиіп, тым құрыса, көнілімізді азырак орнықтыргандай болдық, – деп Қайрекең өзімізге қарай бір парап қағазды ұсынды. 1991 жылдың 12 мамырында 10/35-П-7879 нөмірімен Омбы облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасының бөлім бастығы Г.Н. Ичетовкин қол қойып жіберген бұл хатта:

«**Құрметті Қайыржан Сапарғалиұлы!** – деп жазылыпты. – Сіздің атаңыз Хамзахмет Ыбыраев 1937 жылы 28 тамызда контрреволюциялық қызметке катысады деген айыппен тұтқындалып, сол жылдың 17 қарашасында бұрынғы Омбы облысы ішкі істер халық комиссариаты басқарамасының үштігімен ату жазасына кесілген. Үкім 1937 жылдың 20 қарашасында Омбы қаласында орындауга келтірілген.

Жерленген жері құжаттарда көрсетілмеген, алайда, сол жылдары атылғандарды негізінен, Жұмысшы-шаруа Қызыл Армиясының 20 жылдығы атындағы көшениң соңына қарай көмгегі белгілі. Содан бері қаншама уақыттың өтүіне орай, бұл араға қазір жаңа құрылыштар салынып кеткен.

Атаңыздың қазасының нақты себебі көрсетілген күәлікті Шарбаққөл аудандық азаматтардың хал актілерін тіркеу орнынан (ЗАГС) аласыздар, ондай хабарды біз ол жаққа жибердік.

Қамауга алу барысында атаңыздың дүние-мұліктері тәркіленбекен.

Сібір әскери округі Әскери Трибуналының 1957 жылғы 13 тамыздағы №776 бұйрығымен Хамзахмет Ыбыраев ісінің құрамында қылмыстың жоқ болуына байланысты акталды.

Ақталуы туралы анықтама қажет болған жағдайда Новосибирск қаласындағы Сібір әскери округінің Әскери Трибуналына өтінішпен хабарласа аласыздар, тек онда міндетті түрде біз айтып отырган ұйғарымның нөмірі мен жылын, айы, қунін көрсеткендерініз жөн болады.

1955 жылғы №1655 КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысына сәйкес балаларының бірінің әкесінің қамауга алынғанға дейінгі 2 айлық енбекақысын алуға құқығы бар. Бұл жөніндегі өтінішке актау туралы анықтаманы, әкеніздің өлімі туралы күәліктің нотариалдық кеңсемен күәлендірілген көшірмесі мен бұрынғы жұмыс орны туралы анықтаманы қосып, осы төлемді жүргізу үшін құжаттарды Шарбаққөл аудандық агрономеркәсіптік бірлестігіне тапсыру қажет. Сізге атаңыздың қайғылы қазасына байланысты көніл айтамыз.

Ақталған репрессия құрбаны Хамзахмет Ыбыраевтың бұрынғы жұмыс орны туралы анықтама осы хатпен бірге жиберіліп отыр».

Міне, өткеннің ойраны үшін кешірім сұрағандай болған хаттың дәлме-дәл толық мазмұны осы.

– Қайғырдық, қапаландық, жүрегіміз аунап түскендей болды. Өмір бойы ерінің шанырағын шайқалтпай, балаларды жалғыз өзі өсіріп, жеткізіп, атамыздың түк кінәсі жоқтығына, жалған жаланың құрбаны болып кеткеніне титтей шұбә келтірмей өткен әжеміздің, үлкен ұлы Еслам ағатайымыздың, өз әкеміз Сапарғалидың көзі тірісінде осы хатты көре алмағанына өкіндік. Керсе ғой, арқаларынан сол қайғының біраз жүгі женілдеп, бірде болмаса бірде сондарынан ілеспей қоймаған «Халық жауының жары, баласы» деген қаңқу сездер былай қалып, көнілдің кірбінің бір жуар еді-ау. Ал, енді өз колыма

тиген осы құжатты көп ұзамай, Ұялыдағы экесінен 7 жасында қалған кеңже ұлы Мираш этәйіма алып барғанымызда, оқыған күйі тұнжырап үн-тұнсіз отырып қалды. Жаңағы бізді көргендегі алып-ұшқан көnlі еп-сәтте басылып, қасында өзі еркін жүре алмаған экеге деген запыран сағыныш сыртқа лық етті ме, жанарынан тамшы жас бүкіл бет-аузын қуалай төмен сырғып бара жатты, – деген Қайрекен біз ләм-мим деп ештеңе сұрамаған осы жайсыз әнгіменің де соңғы нүктесін өзі қойды. – Атам қазақ «бұлінгеннен бұлдіргі алма» демей ме. Атамыздың екі айлық жалақысына да ешқайсымыздың дәтіміз бармады. Қымбатымыздан артық па дедік те қойдык...

Арғы ата-тегі, экесі ел қамын ойлап, есті сөзі, игі істерімен аты шыққан, елде мектеп ашып, білім шырағын жаққан ір-гелілер қатарынан болғандықтан да, отыз жетінің зұлматында ардакты есімі «халық жауларының» тізіміне тез іліккен Хамзахмет Ыбыраевтың елуге де жетпеген аянышты тағдыры міне, осылай түйықталған. Ендеше, сол қаралы кезеңнің қасиеті ұрпақтарының жүргегін әлі де ауыртып қоятыны шындық.

БІЗ ДЕ ЖАНАН ЕЛІНЕҢБІЗ

Иә, солай. Мен де Ескі Жанан ауылышынанмын. Қазақтың талай марғасқа азаматтары шыққан киелі топырақ бұл. Мираш этәйлармен біз бір атадан – Жайықтан тараймыз. 1970 жылы осындағы Томар орта мектебін есімі бүгінде Көкше өніріне белгілі азamat Уәлихан Мәлгаждарұлы Сағалбековпен бірге бітіріп шықтым. Кейін Уәкең ғылым докторы, Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің бірінші проекторы атанип, ел мерейін өсіре түсті.

Ал, ол кезде Уәлихан досым Омбы ауыл шаруашылығы институтына окуға түсті де, мен арман қуып Челябі облысы Троицк қаласындағы авиациялық училищеге кеттім. Окуымызды бітірген соң екеумізді тағдыр қайта табыстыруды. Мен Омбы авиациялық училищесінде нұсқаушымын да, ол өзі оку бітірген институтта оқытушы. Сол тұста мұнда Томар орта мектебінің тағы бір мактандышы, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Жәнібек Кәрібжанов та мұғалім болып істейтін.

Кейін ауылдағы карт әке-шешемнің жағдайына байланысты қаладағы осынау жұмысымның бәрін тастап, жұбайым Күләш, қызым Махабbat, ұлым Асан бар, елге көшіп келдік. Алдында Омбы институтында оқытушы болған Мұрат Сәрсембаев ағамыз біздін шаруашылықта парторг. Сол кісінің жетекшілігімен комсомол ұйымын басқарып, одан соң жұмысшылар комитетінің төрагалығына сайдандым. Ауылдағы бас көтерер тірекіміз Сапарғали аға (ол кісіні ел іші көбіне Сапар деп атайды) қайтыс болып, көңіл жүдеп жүргенде Шарбакқөл аудандық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Георгий Павлович Щеглаков кабинетіне шақырып алып, «Ал, енді келіссен де, келіспесен де, Ортақшылға (Жананға) ағаның орнына белімше басқарушысы сен боласың» деді. Үлкен кісінің сөзінен асып қайда баrasын, бұл жұмыста Сапар ағамдай істей алмайтынымды сез-сем де, үнсіз келістім...

Шіркін, Жананымның ақ жүрек асыл азаматтары-ай! Ісімен де, сөзімен де өздерінің кім екенін, тектіліктері мен терендіктерін таныта жүретін сол абзal ағалардың қаншамасы қазір қара жер қойнында. Сонау киелі бабалардан қалған сарқыт еді, қазыналы қадір-қасиеттерінің жалғасы еді. Енді қайтып келмейтіндіктерін білейік те, қазір ортамызда жүрген қалғандарына шүкіршілік етейікші.

Елде жүрген баламыз. Еслем мен Сапар ағаларымызды күнде көріп, кез үйренген бізде шетте ол кісілердің тағы бір бірге туған бауыры бар деген ой қайdan болсын. Осы білместіктің түйінін бір күні «Ұялыда Мираш атты ағаларың тұрады, біз үш ағайындымыз да, ішіміздегі ең кенжеміз сол Мираш» деп Сапар ағаның өзі тарқатты. Содан жақсы ағаны ауылға келгенде анда-санда сәлем беріп, көріп жүрдік. Ал, жақын танысып, ішкі жан сарайын барлауым, кісілігіне тәнті болуымның реті кейін түсті.

Ол кезде ауыл шаруашылығы өндірісінің озаттарына жеңіл көлік кезекпен беріліп тұратын. Содан бір күні сондай көліктің бірі Сапар ағама да бұйырып, қуаныштан маған да «Мираштың үйіне барамыз, жүр» деді. Екі ара жұз шақырымдай жер, «Ұялы, қайдастың?» деп тартып кеттік. Сондағы ағасының осы бір жетістігі үшін Мираш этәйіміздің қуанғанын-ай. Тәтеміз Қайыркеш те дастарханға барын әкеліп тегіп, жаны қалар емес. Қой да сойылып, қазан бұлк-бұлк қайнап жатыр. Әрине, қонақжайлышык

пен бауырмалдылықтан алдына жан салмайтын қазакқа мұның ешқайсысы да таңсық емес қой. Осындай жағдай, осындай қошемет екі үйдің бірінде де кездесіп жатады. Бірақ, сол жолы және одан кейін де мениң бір байқағаным – Мираш ағаның қай кезде де өзін осылай бір қалыпты ұстаяу. Яғни, ол кісіден туыстарды қарсы алуда, ойын-тойда біреулердің қызық-куанышы үшін бір ауыз сез айтып, тілек көтеруде, я болмаса, басқа бір танымайтын үлкен ортага кезігіп қалуда да жасандылықтын бір ізі байқалмай, ылғи табиғи қалыппен бекем үйлесетін іс-эрекетті аңғарушы едік. Яғни, сез де шын жүректен, көніл де солай ашық. Біреуге олай, біреуге былай екі түрлі қарап, өз пайдасына қарай тірлік ету болмысында жоқ еді. Жен-жобаны жақсы білетіндігі Алла берген сұнғылалығынан, оқып-тоқыған білімділігінен бе дейтінмін.

Жасыратыны жоқ, ол кезде санамыз заманың теріс идеологиясымен уланған біздің бәріміз атеист едік те, Аллаға, дінге онша құлыш қоя қоймайтынбыз. Осы күні біразы молда болып жүрген мұғалімдерге де жазық жоқ, партияның оң қолының бірі болған сон, олар да осы қатардан еді. Бірақ, соның өзінде іштей сенім дегеннің болуы да әр адамның көркі екен. Осыны мен бірде Мираш ағамның бойынан анық байқап, өзімше қатты ойланып қалғаным бар. Ұмытпасам, жана ғасырдың басы – 2000 жылы ғой деймін, өзімізге қараған туыстар елге, Сапар ағаның ұлы Қайролланың 40 жасқа толған қуанышына жиналдық. Ол кезде Жезқазганда құрылышта жүріп жатқан Қайрат жолшыбай біздің үйге соқты да, бәріміз Ұялыға келдік. Келсек Мираш ағалар жоқ, біздің алдымызға ғана Ескі Жананға, тойға жүріп кетіпті. Содан ағайын-туыстар, бәрі жан-жақтан қызыққа деп ат басын тіреген ауылда қуаныштың орнына сүйк ҳабар алдымыздан шыққаны ғой.

Біз енді келіп тоқтағанымызда, экелеріміз бірге тұған Темірғали деген ағамыз қайтыс болып, өмірден өтіп кеткен екен. Әлгі жерде бәріміз қайғы жұтып, томсырайдық та қалдық. Бір-бірімізге қамығып көніл айтып жатырмыз. Сондағы Мираш этәйінің тебіреніп тұрып:

– Мынаны қарандаршы, құдіреті күшті Алла неткен көреген, бәрімізді жан-жақтан Темекенді оң жаққа қойып, топырақ салуға осы қазаға қалай жинаған, осыны қалай білдірген, ә, – деп таңтамаша болған сезі әлі құлагымда. Өз басым әлі күнге сондағы біздің ойымызға да келе қоймаган сол жайды ағамыздың ішкі

жан-дуниесінің қалай тез сезіп, топшылай қойғанына қайранмын. Мұның бәрі тегі, адамның қандай уақыт, қандай кеңістікте өмір сүрмесін, құдайын ұмытпауынан болса керек.

Осындаға тағы бір айтпай кепсеуге болмайтын жағдай, өз басымның 1992 жылы Омбыдан ата жұртқа көшіп келуіме де бірден-бір себепші болған осы Мираш этәйім мен ол кісінің үлкен ұлы Қайрат дер едім. Өйткені, екеуі де анда-мында кездесе қалғанда «елге қоныс аударсайшы, қашанғы шетте жүре бересін, Қазақстан өз тәуелсіздігін алып жатыр, осындаға келмегендे қашан келесін» деп қайрай түсетін. Содан дәм тартып, жогарыда айтқан Үэлихан досым, тағы бір жолдасым, қазір университетте кафедра менгерушісі болып істейтін Жұмабай Әленов үшеуміз Қекшетау қаласының іргесіндегі Шагалалы ауылына біржола ат басын тіредік. Қекейімізде шынында, «еліміз азаттықта қолы жетті, біз де бір жағынан шығысып, кемектесейік» деген жарқын ой. Әрине, мұндағы ағайын-туыс бұл қадамымызды өте-мәте құптал, куана қарсы алды. Әсіреле, өзі осы көші-конымыздың басы-қасында болған Қайрат келесі күні-ақ бірден көлік жіберіп, ерулікке алдырып, ол жақты да қимай, толкулы жүрген көnlімізді ба-рынша аулап бақты. Ал, Мираш этәйіміз болса, жауған жаңбырға дейін жақсы ырымға балап, «бұл нұр ғой, еншалла, бәрі жақсы бо-лады екен» деп қояды.

Расында, осы айтылғанның бәрі келіп, ел ортасы бірге көшіп келген үшеуімізге де құтты болды. Әдегте, жаңа бір бастаған істің қынышылықтары да болмай қоймайтындығы түсінікті ғой. Бұл – өз басымызыңда да, сол кездегі ел басында да кездесті. Енді-енді өз тәуелсіздігін алған Қазақстанға әскери салада да оқыған-тоқыған офицер кадрлары жетіспей жатты. Сөйтіп, мен бұрын авиациялық училищені бітірген дайын маман ретінде Щучье аудандық әскери комиссариатына жұмысқа шақырылдым. Осында туған еліме жан-тәніммен қызмет етіп, кейін 1995 жылдың күзінде Целиноград аудандық әскери комиссары болып жоғарылатылдым. Сондықтан, осы күні зейнет демалысына шықсам да, тәуелсіз еліміздің өз де-рбес Қарулы Күштерінің қалыптасып, нығаюында менін де азды-көпті енбегім бар ғой деп есептеймін, әрі осыны мақтан тұтамын. Бұл арада, шеттеген келген бізді өзекке теплей, қайта бауырына тар-тып, осындағы жоғары сенім көрсеткен калың елім – орманыма рахмет!

Осылында келгелі өз жеке отбасымда да куаныштар болмай қойған жоқ. Бұрын қызынан екі жиен сүйсек, енді міне, биыл ұлымнан да Жаһангер деген немере көріп, мәре-сәреміз. Ендеше, осының бәрін ойлай келгенде, өзімді жатпай-тұрмай ата жұртқа жетелеген Мираш этейімә да қарыздар екенімді сезініп, жиі-жің «жатқан жері жәннатта болсын» деп қоямын. Әрине, жүргегімнің бір түкпірінде осындауда өзім туып-өскен Ескі Жананым да жүреді. «Біз Жанан еліненбіз!» деймін кейбір отырыстарда тұған жер құдіретін таңыта түсіп. Иә, Мираш ағамызың да кіндік қаны тамған Омбы топырағындағы осы бір танымал ауыл бұлай асқақтай сейлеуге әбден тұрады!

Қазікен ЖАҚИН,
запастагы подполковник.

Көкшетау қаласы.

АҒАЛАР САЛҒАН ЖОЛМЕНЕҢ

Ес білгеннен ойымда қалғаны, біздің Ескі Жанан ауылында негізінен, өзіміздің қазақтар тұратын. Әрине, Ресей жерінде орналасқандықтан, ауыл қотаны кезінде орыс, немістерден де кенде емес еді. Одан беріде әр одактас республика өз тәуелсіздігін алғып, үлкен «агайыннан» енші бөліскен өтпелі кезеңдегі ауыртпалық барлық аймақтарды да қамтығанын әркім осы күні жақсы біледі. Міне, сол кезден бастап біздің елді мекеннен де өзге ұлт өкілдері бірі Германияға, бірі Омбыға дегендей, жан-жаққа қоныс аударып, көше бастады. Осылайша бүтінгі Ескі Жанан өзгелер өз жолын тапқан таза қазақ ауылына айналды. Қазір мұнда шамамен, 100 үй бар. Ауылдың ерекше мақтанышы – талайды білімнің қия шынына талпындырған Томар қазақ орта мектебі. Тарихы жүз жылға кептетін бұл білім ордасында есімдері бүкіл елге мәлім талай қазақ зиялыштары білім алған.

Әр шогы, әр төбесіне қарап, ой толғайтын біздің қазак неге болсын, ат қоюға шебер той. Оны саясатпен де жиі байланыстырып жібереді. Солай демекші, біздің ауылдың да бір қара басында ат деген жетерлік. Оны Томар, Жанан, Ортақшыл деп те атайды. Бірақ, карттада Ескі Жанан (Старый Жанан) болып жазылады. Кейбір тарихи, деректі кітаптарда да солай. Маңайдағы Айбас, Бірлік секілді елді мекендері қазір тарап, жойылыш кетті не-

месе соның әр жақ, бер жағында түр. Осы ауылдардың қазактары қазір Қазақстанға, одан қалды біздің Ескі Жананға көшіп келіп, ауылымыздың іргесі кенеңе тұсуде. Бұл да жайдан-жай емес. Оның бір үшін қотанымыздың мектепте жатыр.

Біздің Ұбыраевтар әuletі үшін осындайда тағы бір қуанышты жағдай, біз сөз етіп отырған осы Томар қазақ орта мектебінің неғізін ертеде Жанан, Ұбырай аталарымыздың қалағаны. Әрі майдантер, әрі партизан Мәжит мугалімнен де бұл туралы кезінде біраз естігенім бар. Ол мектеп шағын саман үйден тұрыпты. Соны өз көзіммен фотосуреттен де көрдім. Қазір бұл оку орнында алтасына екі рет қазақ тілінен сабак жүргізіледі. Ұстазы мықты болмаса, алғыр шәкірттер қайдан шықсын. Біздің кезімізде де Томар мектебінде мектеп директоры Исахан Сатыбалдин, оку ісінің менгерушісі Нарманбет Кеменгеров, Болат Ұбыраев, тағы басқа ұстаздардың шоқтығы ете биік болып түрдү. Ата жұртпен де арада байланыс үзілмей, ана тіліміздегі мерзімдік басылымдарға дейін жүйелі келіп тұратын. Әрине, осы күні әр ел өз жолымен кеткен соң, бұлай деу кын. Кейде сағынышпен тұган ауылымызға бара қалсақ, мұндағы жұрттың тарихи Отанымен арадагы мәдени-рухани байланысқа сусап отыратынын да анғармай қоймайсың.

Енді ауылымыздың абзал үлкендері, ағаларымызға келсем, бәрі де жандары кен, жайсан әді. Өз экем Сапар 1928 жылы туған. Балалық шағы соғыстың ауыр жылдарымен тұспа-тұс келді. «Біздің де тылда үлкендермен бірге көрмегеніміз жок» деп айтып отыратын. Ауылда ұзақ жылдар белімшіп басқарушысы болып, ал-пысина да жете алмай, 58 жасында ерте дүние салды. Омбы ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Мамандығы зоотехник әді. Бір белімшешің тағдыры үшін жауап бере жүріп, бәрін де ақылмен істейтін. Артында ел-жұртты осы күнге дейін айтып отыратын жақсы ісі қалды. Біздерге әкелік қамқорлығы да өз алдына бір төбе әді. Анам Бақытжан екеуі 10 бала тәрбиелеп есіріп, ешкімнен кем қылмай, бәріміздің де өз қолымызды өз аузымызға жеткізді. 6 үл, 4 қыздың ішінде өзім екінші бала болғандықтан, ес білгеннен сол ата-анама қолғанат болып, үй шаруасын бірге атқарыстым.

Қазір елден жырақ жүрген соң, сол бір думанды, балғын шақты да сағынады екенсін. Ауылымыз да табиғаттың бір көрікті жерінде, қалың ағаштың ішінде тұр. Екі жағында екі көл. Шарбаққөлмен екі ара 12 шақырым ғана. Туыстық пен

бауырмалдылық қазақтың қанына сінген бір ізгі қасиеті болса, соны мен жасымнан өз әuletімізге қараган үлкендерімізден де қатты сезініп өстім. Әкем, оның екі бауыры – Есләм мен Мираш ағалар да бір-бірімен өте тату болып өтті. Соның ішінде өз әкем Сапар мен Мираш ағаның мінез-кулықтары бір-біріне өте ұксас болатын. Екеуі де салмақты, сауықшылдығы да бар, көпшіл, ақылға көбірек тоқтайтын жайсаң мінез иелері еді. Ал, үлкендері Есләм аға керісінше, қызбалау, ашуы тез келіп қалса да қайтымы жылдам, әділдікті пір тұтатын адамдар санатынан-ды. Сол үшін ол кісіні бәрі сыйлайтын, әкемнен бастап айтқанын бәріміз де заң көретінбіз. Өзі де мына қамшының сабындағы қысқа ғұмырдың жалғандығын біліп, «сыйлассан тірінде сыйлас» дегенді жиі-жій аузынан тастамай, есімізге салып қоятын.

Әрине, кіндік қаны осы жерде тамғанымен, жастай нағашыларының қолында есіп, сол жақта болған Мираш этейім да, егер ағалары бауырына тарта қоймаса, өзінің Ескі Жанандағы туыстарымен осылай тым жақын табыса алар ма еді, табыса алмас па еді, кім білсін. Өйткені, бұл өмірде басқа бір туысының қолында тәрбиеленіп, содан бір-біріне жатбауыр болып кеткен жандарды да көріп жүрміз гой. Ал, менің әкемдер бір сүйсінерлігі, Ұялыдағы інілерін ылғи жүрек түкпірінен шығармай, қолынан келгендерімен көмектесіп, сәл хабарын естімese аландап, іздел отыратын. Екі араның әжептәуір қашықтығына қарамастан, қолында күш-мұмкіндік болғаннан кейін әкем реті келсе, Мираш этейімнің шөп-сабанына дейін жеткізіп тастаушы еді. Неге десеніз, қысыжазы бала оқытумен жүретін інісінің мұндан шаруага кейде икемі, уақыты келе бермейтінін, келсе де, осындауда керек техника, тағы басқа қажеттерге қолы жете бермейтінін жақсы түсінетін. Ал, соның бәрін жоғары бағалайтын Мираш этей мен Қайыркеш тәтемнің біз барғандағы қонақжайлышы, құрак ұшып жандары қалмайтындығы, жалпы, жалғыз біз емес, бүкіл ел адамдарына деген ыстық ықылас-пейілдерін айтсайшы.

Әкелер, ағалар салған осы жол, осы татулық үлгісі бүгінде бізді, ол кісілердің ұрпақтарын да айналып өтпей, осы үш шанырактан тараган ұл-қыздар бір-бірімізбен тоның ішкі бауындај жарасып, бірге, қатар келеміз. Бұл жағынан шешелеріміз де әulet татулығын басты нысана етіп ұстап, ынтымақ-бірлік туралы ақыл-кенестерін бәрімізге аянбай айтып отырады. Соның арқасында «төртеу түгел

болса, төбедегі келедінің» жемісін өзіміз де көріп жүрміз. Бұл істе әсіресе, Мираш этәйіміздің үлкен ұлы Қайраттың қалған бауырларына деген жана шырлығы бір басқа. Әуелі ауылда, одан соң 21 жыл Омбыда ішкі істер органында қызмет істеген мені «елге неге келмейсін?» деп қоярда қоймай жүріп, ақыры, Қекшетауга көшіп келуіме, одан соң жұмысқа орналасып, бұл жакқа үйреніп, төселіп кетуіме бар жағдайды да жасады. Осындайда ойлайсың, ағалар салған жол, ағалар ту көтерген ынтымак қандай жақсы еді деп. Соны, біз де түсінгендіктен бе, балаларымызға дейін осы күні бір-біріміздің үйімізде қонып, ойнап-құліп журе береді. Құдайым, осы бір береке-бірліктен алда да айырмағай!..

*Қайролла ЫБЫРАЕВ,
«Қекше-Бур» фирмасының директоры.*

Кекшетау қаласы.

СОНҒЫ СӨЗ немесе орнында бар оңалар

Сонымен, ардагер ұстаз туралы баяндауымыз да аяғына таяп қалды. Ақжарқын азаматтың асыл қырларына бойлаймын деген оқырман кітаптан осы түргыда біраз мағлұмат алған сияқты. Өйткені, шын жүректен өрбіген ой-толғамдар мен естеліктерде Мираш Мұсіповтің өз көзі тірісінде «ұстаз» деген ардақты атқа кір келтірмей өтуі, өзі ортасымен сыйластыққа, түсіністікке неғізделген жылы қарым-қатынасы, адамгершілікке, ақыл-парасатқа бай мінез-құлқы өзінің діттегендей көрінісін тапқан деуге болады. «Орнында бар оңалар» демекші, енді біздің сез соңында арнайы тоқталғымыз келетіні, асыл ағаның артында қалған үрпактары.

Өзінің өмірінің бар мәнін осы бала деп білген, сол үшін де әуелден ұстаздық мамандықты таңдал, оны ғұмыр бойы жанына айнымас серік етіп өткен абзал жанның әрқашан мектеп пен үйдегі бала даусымен марқайып, күнделікті іс-қарекетіне содан күш-куат, содан нәр алғаны анық.

Осы орайда, сүйген жары Қайыркеш Әшімқызы екеуі тәрбиелеп өсірген он баланың үлкені Роза бүгінгі танда жұбайы Сейітқапар екеуі де темір жол саласында жолсерік болып еңбек етеді. Ләzzат

атты қыздары және биыл ата-аналарының жолын күшп, темір жол колледжін бітірген Ерлан, Нұрлан есімді егіз ұлдары бар.

Отбасындағы келесі бала Қайрат болса, Целиноград инженер-лік-құрылым институтын тәмамдағаннан кейін үлкен де мәнді еңбек жолынан өтті. Қазір Астанада бизнес саласында жұмыс істейді. Зайыбы Қарлығаш – медицина қызметкері. Екеуі үлкен ұлдары Дархан мен келіндері Индирадан Ерсұлтан есімді немере сүйіп отыр. Қыздары Әйгерім биыл орта мектептен соң жоғары оку орнына окуға түсті. Ал, кеңжелері Арайлым алтыншы сыныпта оқиды.

1964 жылы өмірге келген Қанат бұл шаңырақтағы екінші ұл. Ауылда еңбек етіп, біраз ысылған ол бүтінде Көкшетау қаласындағы «Көкше-Бур» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде участке бастығы. Омбы өнірінің қызы, келіншегі Ырысжан екеуі Дастан, Еркежан есімді екі баланың ата-анасы.

Мираш ағаның өзі көзі тірісінде Қанатынан кейінгі ұлының есімін ұлы Мағжан ақынның құрметіне Мағжан деп қойған екен. Кезінде Қотырқөл зоотехникалық-малдәрігерлік техникумын бітірген ол да қазір Көкшетау қаласында тұрады. Зайыбы Дәметкен қайын атасының ізін басқан ұстаз. Аружан, Аңсар атты бір қыздары, бір ұл бар.

Бұдан кейінгі қыздары Гүлмира бухгалтерлік техникумды тәмамдап, ата-анасы тұрган Аюқар ауданының Алқатерек ауылына тұрмысқа шықкан. Бүтінде өзі сонда бухгалтер, ал, жолдасы Балташ құрылышсы. Екеуі Назгул, Жанарбек, Мәлике есімді үш бала тәрбиелеп, есіруде.

Қазір Ұялыда еке шаңырағында отырған Дәuletжан сонда жер-ананың берерінен қол үзбей, фермерлікпен айналысада. Келіншегі Фалия Шоқан Ұэлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде сырттай оқиды. Қайыркеш апай бұл балаларынан да Айғаным, Әділхан, Диляра атты үш немере сүйіп отыр.

Сүйікті экесінің «Ақ қозым» деп еркелететін Гүлжанаты ата-анасының сенімін ақтап, екі бірдей жоғары оку орнын бітірген. Бүтінде Астанада Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының медициналық орталығында бас маман.

Мираш аға үй болғанын көре алмай кеткен ортанышы ұлы Жанат та бұл өмірде еке өснегіне адад. Қазір ол полиция аға лейтенанты. Анасына жоғары білімді Нағимадай келін түсіріп, үш

жасар Диас пен бір жасар Әміріне аталарының тегін, яғни, фамилиясын берген.

Кадыржан да келіншегі Менсұлу екеуі ел қатарлы бір үйдін түтінін түтетіп, Дулат есімді ұлдарын өсіріп отыр.

Ал, 1997 жылы әкесі қайтыс болғанда 10 сыныпта оқып жүрген ұлының кенжесі Бауыржан биыл жазда Қарағанды заң институтын бітіріп, полиция лейтенанты атануымен қатар, өз алдына отауда тікті. Бүгінде Көкшетау қаласының ішкі істер басқармасында тергеуші. Осы қуаныштан мерейі өскен Қайыркеш апай енді кенже ұлы мен келіні Айнұрды қолында ұстап, шаңыраққа түпкілікті ие қылмақшы.

Міне, келешекте Мираш аға мен Қайыркеш апайдың өмірін лайықты жалғастыратын ұл-қыздар, күйеу балалар мен келіндер, немере-жиен, шеберелер осы. Ендеше, оларға да ел мактаған, үлкен аталар аруағы риза болған осынау қадірлі де текті екі жанының өнегелі өмір жолын берсін деген тілекпен осы кітаптың да соңғы нұкtesін қоямыз.

МАЗМУНЫ

Алғысөз орнына	3
БІРІНШІ БӨЛІМ	
Тағым	5
Мираш аға туралы ой	7
Түсінісп өткен тағылымды жылдар	8
Көңілімде сол қимастық	19
Өртеңен өнген өндірміз	21
Тұыс болдық, дұрыс болдық	25
Жарқын ғұмыр жарқылы	29
Қайран, менің өз елім	32
Ананы ойлау - баланы ойлау	36
Мен үшін орны бөлек еді	39
Асылдың тұяғы	42
Тек жақсы сөз жарасады	43
Өмірден кетсе де, көңілден кетпейді	49
“Мирага” деп еркелеуші едім	53
Аятулы ұстаз, сыйлы әріптес	56
Жарқын жол	59
Жанының жылуын төккен	63
Білім бастаудында	67
Дәстүр жалғаса береді	70
Жадымда тұрар жанғырып	72
Біз саялаган саябақ	75
Незабвенный Мираш аға	77
Әке үмітін актау - парыз	78
ЕКІНШІ БӨЛІМ	
Ұялы ұлағаты	83
Бір сапардың айшыктары	85
Мұражайдагы қос олжа	106
Қыран бійкке самгайды	112
Ақтүйесай арысын сағынады	114
Әлі күнге елеңдеймін	118
Батырлар боз кілемде	121
Мықтылардың ізбасарлары	123
Тектіліктен туған ой	128

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ОМБЫ ЖЕРІ, ЖАНАН ЕЛІ	133
Тегін білген кем болмас	135
Бір ауыл, бір бауыр едік	147
Сағындық ата, өзінді!	150
Каралы кезең қасіреті	154
Біз де Жанан еліненбіз	158
Агалар салған жолменен	162
Соңғы сөз	165

ЕКІ ЕЛДІҢ ПЕРЗЕНТІ

**Кітап “Ақарман” баспа үйінде беттеліп, басылды.
Компьютерде терген Раушан Мырзалина**

Басылым 500 дана

**№ 578 тапсырыс
“Ақарман” Баспа үйі
Астана қаласы, Пушкин көшесі, 168/2,
тел/факс: 8 (7172) 295-107, 395-391
E-mail: idakarman@mail.ru**